
Л 2009
16099к

МҮТӘЛЛАП ҚАНҒОЖИН



Мен Мағжанның көшесінде тұратын

Л 2009/160996

Мүтәллап ҚАНҒОЖИН

Мен Мағжанның көшесінде тұрамын

Петропавл – 2007 ж.

84.5(2.122-1

ББК 84 (5 Қаз) 7-5
Қ 34
Т 2 Қанғожин М.
Өлеңдер мен поэмалар.
Петропавл. 2007 - 664 бет.

ISBN 9965-21-213-9

Бұл жинаққа автордың туған жер, өскен ел және оның кешегісі мен бүгінгісі жайында жазылған өлеңдері мен поэмалары еніп отыр.

Азаматтық тақырыптарға қалам тербейтін ақын егемен еліміздің беріктігін, халқымыздың бірлігі мен достығын жырына арқау етіп алған.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ
№ 0020101 7

к/т Қ 34

М 4702250202
00(05)-07


ISBN 9965-21-213-9

©Қанғожин М., 2007



Псков облысындағы Пушкиногорьеде 1944 жылы Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан бауырым Мүбәрактың аруағына арнаймын.

Автор.



ЕГЕМЕНДІК ҚҰТТЫ БОЛСЫН, ҚАЗАҒЫМ

Кейін қалып түнек түндер, мазаң күн,
Қырғын - сүргін, зорлық пенен тозағың.
Алтай, Арқа, Жетісу мен Атырау
Аспанында тігілді ту, қазағым.

Кейін қалып жүрек жыртқан мазақ үн,
Жанкешті өмір сүрген тірлік - азабың.
Ұлттығыңды, елдігіңді айқындар,
Егемендік алдың бүгін, қазағым.

Бастан кешіп не бір түрін жазаның,
Қайтып алдың мешітті де ғажабы.
Құшақ жайып, өз тіліңмен қауыштың,
Шырқашы енді әнұранды, қазағым!

Символындай әлемдегі тазаның,
Көңіліңнің мөлдірі деп қаламын
Өзге елдермен терезені тең етер,
Егемендік құтты болсын,қазағым.

ҚУАНЫШ

Кеудеме нұрлы қуаныш толып
Арқаның алып қыраны болып,
Самғадым-ау тау, даланың,
Көрі тарихты бедерін шолып.

Шарықтап ұштым,топшыны қақтым,
Зымырап көкте жұлдыздай ақтым.
Қорғасын бұлтты омыраумен ұрып,
Мойныма тамшы - маржандар тақтым.

Арманымды күнеске байлап,
Үміттің оты жанымда лаулап,
Ән-ұранымды құйылттым-ау мен,
Тыңдасын деп күміс күн жайнап.

Тыңдады әлем бостандық зарын,
Шаттық бар онда,шарпыған жалын.
Естіді әлем-Батыс пен Шығыс,
Ұлы даланың, Қазақтың барын.

Дауысымды Жиһанға бұрып,
Шалқып кеттім, дабылымды ұрып!
Өліп кетсем бе!
Иманымдай
Ән-ұранымды шырқап тұрып!

ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАНДА

Тәуелсіздік дегенді қиялдамас мен бе едім?
Егеменді ел болу бақытынан кенде едім.
Айқайлаймын шаттықтан, шықпайды үнім - өшкен бе?!
Сенерімді білмедім,сенбесімді білмедім.

Быт-шыт қайран жүрегім-паршаланды, жарылып,
Қайнап шыққан қаныма көкірегім қарылып...
Билегім де келеді,ойраңдаймын түйедей,
Секіремін, қу тыныс бара жатыр тарылып.

Күлімдейді күн, аспан, дала, қала-айналам.
Мына дүние неткен кең, неткен сәнді жайнаған
Желтоқсанның ызыған желі, сызы сөз емес,
Домалаймын мен-дағы итпен қарда аунаған.

Көзден жасты тыя алмай, жүгіремін, сабылып.
Жолыққанды құшамын, қалғандай бір сағынып.
Тасынғанда адамдар естерінен тана ма?!
Еркімді алды бойымнан, тылсым күштер жабылып.

Қазақиям жаңғырсын, жер-суына жан кіріп.
О, құдірет, елдігім болсын енді мәңгілік!
Тарихым мен тілімнің жолы ашылып, кесілген
Орындалсын арманым, жүрегімде жанды үміт!

ӨЗІҢМЕН АСА БЕРЕДІ ЕЛДІҢ БАҒЫ

(Қазақ елінің тұңғыш Президенті
Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа)

Қазақтың маңдайында жанып тұрған,
Жұлдызы өзіңсің ғой алып тұлғаң.
Халқыңды өрге сүйреп, шыңға бастап,
Елдігін барша әлемге таныстырған.

Алаштың жанындағы сырлы сезім, -
Өзіңе көрсетілген нұрлы сенім.
Көтерді ол хан тағына – ел бағына,
Даңқың аспандасын, нұр – көсемім!

Біреулер елдігіме болып ғажап,
Біреулер қызғаныштан көріп «азап».

Алдыңғы 50 елдің қатарынан
Көрінер кезің келді дедің – қазақ!

Елімді бастап кеттің қиындарға,
Өзіңмен алынбайтын қиын бар ма?!
Данагөй, данышпаным, ерлігіңді
Ешкім де тели алмас қиялдарға.

Он бес жыл бұрын ашып есігімді,
Армандап енгізгенсің осы күнді.
Халқым бай, елдің даңқы аспандап тұр,
Деп бүгін асқақтатам айшықты үнді.

Уа, менің Нұрсұлтаным - нұрлы шағым,
Өзің деп төгіліп тұр жыр бұлағы.
Мың жаса! – деп соғып тұр жүректер де,
Өзіңмен аса береді Елдің бағы!

АСТАНА

Қазақтың жанған жұлдызы –
Арқада туған жас қала.
Алаштың арда ұл-қызын,
Бөлейсің нұрға Астана.
Шапағын шашқан құлпырып,
Даланың атқан таңысың.
Халқыңның мұратқа ұмтылып,
Бұлқынған асқақ жанысың.
Бақыттың құсын аялап,
"Бәйтерегіңе" қондырдың.
Шаңырағыңды саялап,
Қанша ұлт, ұлыс жаңғырды!
Қазағың, орыс, көрісің,..

Масайрап бірлік, елдікке!
Жасампаз сенің әр ісің,
Пара-пар ұлы ерлікке!
Болғанмен қала талай бір,
Астанам сенсің ерекше.
Қайран қап саған қараймын,
Сәулетің, сәнің бөлекше.
Қазақтың құндылықтарын,
Бойыңа жинап дарыттың.
Даланың ұлылықтарын,
Жер-көкке түгел таныттың.
Елімнің арман, мүддесі –
Мәңгілік сенде өрілген.
Көшпенділердің үрдісін,
Бар әлем көрсін төрімнен!

ҰЛЫ КІТАП

Қазақтың өрлігімен.
Халықтың бірлігімен,
Намысшыл, ерлігімен,
Жазылған ұлы кітап.

Тілің де өлмейді деп,
Дінің де өрлейді деп,
Ұлттығың төрлейді деп,
Жазылған ұлы кітап.

Ешкім де жасқанбайды,
Жігерің тасқындайды.
Өнерің аспандайды –
Жазылған ұлы кітап

Кітапта жинақталған,
Дарқандық кіл мақталған.
Достығың жыр боп қалған,
Мәрттігің нық сақталған.

ЕЛ ҚУАНЫШЫ

Биік еді мәртебесі бұрын да,
Солтүстігім қуантты елді биыл да.
Алтын астық арнаменен тасқындап,
Құйылды-ау кеп қамбаға әр қиырдан.
Дәулет маршы ойнап кетті осылай
Диқан көңілі қалай шыдар тасымай.
Елбасының өзі келіп өлкеме,
Құттықтады қуанышын жасырмай.
Ел мен әкім қоян-қолтық табысып,
Бірлік, мақсат аясында қабысып,
Жолдыөзегім, Қызылжарым бұл күнде,
Қонды келіп маңдайына – бағы ұшып.
«Биохимді» кім естіген, кім көрген,
Зауыты да орын тепті бұл жерден.
Өнімі де таза, қалдық қалмайды –
Неше түрлі сала болып түрленген.
Бұл дегенің жеткен жеңіс тамаша,
Облыстың бағыты осы жаңаша.
ТМД-да жоқ ғажайып бізде бар,
Қайран қалам, көзім тоймай қарасам.
Неше жылғы толтырғандай олқымды,
Мешіт келді, көңіл - жүрек толқиды.
Тәуелсіздік тәубемізге келтіріп,
Имандылық туы көкте шалқиды.
Қызылжардың келтіріп ол сәулетін,

Баяндап тұр халқымның бақ-дәулетін.
Көк күмбезі көк тіреген киелі үй,
Сүйсіндірді мұсылмандар әулетін.
Мұндай мешіт Мысырда бар, Меккеде,
Мұны бірақ Қызылжарға көп деме.
Ел басына батаңды бер халайық,
Иман үйін салдырған сол, шет демей!
Бар тарихы өлкемнің де, елімнің,
Халқымның да, қазыналы жерімнің,
Сайрап кетер мұражайға енсеңіз,
Бүгінгі күн жетістігін ерімнің.
Ат шаптырым жерін алған қаланың,
Бұл мұражай - өркендеуі сананың.
Мәдениет, әдебиет айдыны ол,
Сусындайтын ата менен баланың.
Абылайды Қызылжарға жуытпай,
Ұлтарақтай жерді де оған бұйыртпай,
Бұл жер оның жері емес деп шулады-ау,
«Білімпаздар» әлдекімді ұлықтай.
Қызылжарда Абылайдың таңы атқан,
Ерлігімен елді өзіне қаратқан.
«Босағасын берік ет!» - деп қазақтың
Абылайды берген екен Жаратқан.
Ел басы да, ерлері де өлкенің,
Тіріптуде тарихымның өшкенін.
Тау басында Абылайдың Ақ үйі,
Әйгілейді өркенді Елдің өскенін!
Қасиеті бұл Ақ үйдің өзгеше,
Тағзым етед мұнда келіп ел неше!
Абылайын ардақ тұтқан ұрпақты,
Аруақ та қолдап жүрер ендеше.

ТУ ҰСТАУШЫ

Аспан түс туды лепіртіп көкке,
Ойнатып бара жатырсың.
Қызыға қарап құмартқан көпке,
Сен бүгін нағыз батырсың.
Көзіңнен ұшқын, жүзіңнен жайнап.
Нұр тамып, бойды балқытып,
Жігерің, күшің қазандай қайнап,
Көңіліңді асқақ шалқытып.
Соңында лек-лек толқындай халық –
Кернеген көше ағылып.
Астына тудың топтала қалып,
Шырқалды ән, дабыл қағылып.
Бақыттың жырын төгілген тыңдап,
Шаңқан аспан, жарық Күн.
Көтердің туды, бұлқынған, тулап,
Ары деп дана халықтың.

* * *

Нысанам деп, жұлдызым деп алдағы,
Туған халқы сүйікті Ұлын таңдады.
Қазақстан – болашағы баршаның,-
Еңбек, күшін аямайды бойдағы.

Баршамызға жаққан бақыт шырағын,
Баршамызға шашқан нұрлы шуағын,
Тәуелсіздік құтты болсын аңсаған,
Мәңгілік те, биік болып тұрағы!

15.12.05 ж.

ҚАЗАҚИЯ

Қазақия – Ұлы далам,
Думандатқан тойды ұнатқан.
Асқақ әні қабындаған.
Аспандағы айды аунатқан.
Сұлулары – асыл текті,
Көкте күнді ғашық еткен.
Сүйем деп ол ақша беттен,
Бұлтты қуып есі кеткен.
Тұлпарлары құс тістеген,
Асау желді болдыртады.
Күйі көктен бір түспеген,
Бар әлемді жаңғыртады.
Ала жібін аттамаған,
Көршінің де, өзге елдің де.
Дұшпан деп кек сақтамаған,-
Ақ ұсынған кезі келгенде.
Жаулар келіп «арсылдаған»,
Шабындығын таптағанда,
Сонда ғана, жарқылдаған
Найза қайрап,баптаған ғой
Қазақия – Ұлы далам.

АТТИЛАНЫҢ ҰРПАҒЫНА АМАНАТЫ

Шығыстанмын,
Күннен қызыл жаралғам,
Ақ нұрынан тал бойыма нәр алғам,
Арагуни толқынында тербеліп,
Сары желдей Сарыарқама таралғам.
Гималайдың келтірдім де тәубесін,
Дүбірлеттім қарт Альпінің кеудесін.
Остготтың сарайында сауық сап,
Көрдім бір сәт қуаныштың сәулесін.
Астымда атым ауыздығы қаршылдап,
Шапқанымда тұрды жауым қалшылдап,
Тәңірім! -деп құлап жатты алдымда,
Жеңілген ел иті де үрмей арсылдап.
Жеткенім жоқ бақытқа мен сонда да,
Өткенді енді қарт домбыра қозғама.
Жанкешті өмір қабырғама найза сап,
Толған-толған лақтырды оңға-солға да.
Ел шабуға қолға қылыш ұстаған,
Жиһангерлер әсте бақыт құшпаған
Зәрәзат боп бар тіршілік, құс екеш,
Құс та олардың аспанынан ұшпаған.
Сақтау үшін ұлттығыңды мәңгілік,
Көкіректі торламасын әңгілік.
Ел өресін еңбегіңмен биіктет,
Өнеріңмен дүниені таң қылып!

АРАҒҰНДАР- АРҒЫНДАР

Азия аспанын биікке көтеріп,
Атой сап, ұрандап,
Толассыз толқындар жайыла,
Көсіле шығандап,
Соңында будақтап,
Бұрқаған шаңдақты сүйретіп,
Ғұндер барады батысқа,
Даланың жотасын күйретіп.
Тұлпарлар бауырына қыр-қырат,
Төбелер тығылып,
Дүние ғұндердің - жеңімпаз күштердің
Алдында жатты үнсіз жығылып!
-Тоқтаңдар, Арағұн-Арғындар,
Бір сәтке бөгелгін.
Алдарың - қанды сел!
Сендерге қап-қара төнер түн!
«Каталаун» қырғынын салмаңдар,
Еуропа көз жасын арқалап.
Өшті ел, кекті ел сендерді арбайды,
Күні ертең тастайды жаңқалап.
Қан бөккен,зар шеккен адамдар
Тепкіге шыдамай булығып,
Ашуын жасын ғып,тасқын ғып,
Жаныштар сендерді - ту жығып.
Көз құрты түспесін Әулие Римге,
Арқаға қайтыңдар,бабалар!
Күлге орап кетпеңдер сәулеттің ордасын!
Сендерге жаманат жамалар.
Жібек жел еркелеп, төсінде ойнаған,

Сарыарқа - гүл жұмақ,
Азынап,аңырап,
Сендерсіз қаңырап,тұр жылап.
Тәңірдің бишігі,
Найзасы үшкірлі болғанша Арғындар,
Туған ел төрінде қызықтап,
Туған жер қойнында қалғыңдар.

ЕЙ, ТУҒАН ЖЕР

Ей, туған жер!
Өзіңе ұқсап
Жүремін деп қашанда,
Құшағымды,көкірегімді
Өмірге кең ашам да,
Бар дауыспен айқай салам
Көріңдер! -деп жанымды.
Шуылдаған орманым мен
Күлімдеген таңымды.
Қызықтаңдар,ей,тіршілік,
Кеудемдегі ақ гүлді,
Қызыл гүлді,сары гүлді,
Жанып тұрған ақ күнді.
Ей,туған жер,адамдарға
Берсем деймін барымды,
Жемісімді, жеңісімді,
Мөлдіреген арымды!
Тынымсыз боп жаратылған
Жүректегі дауылды.
Толассыз боп төгілетін
Өлеңімді - жауынды.
Ей, көріңдер бәрің тегіс

Жұлдыздарды жанымнан.
Жарқылдаған алаулы отты,
Күшті алапат қанымнан.
Мені қалай дел-сал етсін,
Бойкүйездік таптап басып,
Асау қаным өзендей нақ,
Арнасынан жатты асып!
Содан ба екен,еңбекшілмін,
О, алып жер өзіңдеймін,
Қол жұмыстан босамайтын
Көктемдегі кезіңдеймін.

ОТАНЫМ

Отан десем,ойыма
Оралады өскен жер,
Қайың-талдың кекілін
Сипай майда ескен жел.
Тақырда асық атысып,
Талай дауды шешкен жер.
Балақ түріп Балықты
Балдырларын кешкен көл.

Көз алдымда көлбеңдеп,
Қой күзеткен шақтар тұр.
Қошқар мініп сайысып,
Шаңға бөгіп жатқан қыр.
Көкіректен төгіліп,
Бала сезім жыр болып,
Бақытымды ең алғаш
Жер еді ғой тапқан бұл.

Отан десем, көңілді
Елеңдетер ауыл да.
Балақ түріп шабатын
Құйған жазғы жауын да,
Құрт-майларын алдыңа
Жайып салар қауым да,
Кетіп бара жататын
Қыздар кешкі сауынға.

Отан десем, есіме
Шалдар келер сөйлескен.
Отан оты сөнбесін,
Аман болсын ел дескен.
Отан десем, есіме
Сәби түсер шуылдақ,
Жігіт түсер есіме,
Қыр төсінде белдескен.

Отан десем,есіме
Келеді алып қырат-қыр.
Қырат-қырда қаптаған
Еңбек еткен трактор.
Отан десем,есіме
Түсер бәрі қалыстай,
Жүрегіме құйылып
Жылы-жылы шуақ бір.

Сен болмасаң Отаным,
Өмірде ұлың болмас та,
Өзің жайлы жыр басқа,
Өзің жайлы ән басқа!
Сүйем мәңгі ұлы Отан,
Және іштей тілеймін,
Дүниеде еш адам
Отансыз болып қалмасқа!

ҚАСИЕТІҢНЕН АЙНАЛАМ

О, менің кербез керілген,
Шабытты шалқар бай далам.
Өзім туған босағам,
Қасиетіңнен айналам.

Кіндігімді кескенде,
Топырағыңа қан тамған,
Құдіретті жер самалын,
Сіміріп келем әр таңнан,

Міндеттімін далама,
Борыш көп өтер мен бүгін,
Алып келе жатырмын,
Көл-көсір оның кеңдігін.

Алдымда алып сен жатсаң,
Көкжиектерге қол артып,
Мен үшін ұлы мәртебе,
Бәрінен де сол артық.

Төсіңде жүрсем, төбемде
Асқақтап кетер аспан да.
Бұлбұл болуға әзірмін,
Қойнауың шуақ шашқанда.

БИІКТІКТЕР ОТАНЫ

Нұр сипатты менің далам,
Биіктіктер Отаны.
Биіктерді күнестерге ол
Жалғастырып жатады.

Мұраттарды мұзарттарға,
Шырқата бір көтеріп,
Шат-шадыман, көсіледі,
Жазып тастап жотаны.
Менің далам заңғарларға,
Даңқ тағына шығарған.
Әл Фараби, Дулати мен
Кашқарилер – шырағдан.
Түнек түнді заманда елі
Танымапты ұлдарын,
Даналардың сырын менің
Далам ғана ұға алған.
Ұлдарының тағдырына
Тәрік бола беріпті.
Менің далам олар үшін
Сойқандыққа көніпті.
Қиянаттың қылышынан
Тілімденген жотасы.
Жауыздықтың қара өртінде
Қыры жанып келіпті.
Менің далам білмеген ғой,
Тұлдануды, кәрленіп.
Астан- кестен ашуланып,
Сайқалдарша бәлденіп.
Далбақтаған дарқан көңіл,
Қазақи ғой мінезі.
Ұл-қыздарын жеткізген тек
Қанат беріп, әл беріп.
Қалқақтаған баласының
Есендігін тілейтін,
Ата-анадай далам қолын
Жайып көкке тірейтін.

Биіктікке мұзбалақтай
Шықсын деді-ау бұлқынып,
Бүркесе де өзін көне
Дәуірдегі дүлей түн.
Бұл даланы аңғал, надан,
Дерсің мүмкін,қорласаң.
Сол қалпымен қанша ұлылық
Тудырған ғой,ойласаң!
Жыл он екі ай ән-базарда
Жүрер ең -ау егер де,
Ұлылардың туған күнін
Жеке- жеке тойласаң.
Қобызымен жарыстырып,
Дөңгелегін жылдардың,
Қорқыт отыр Алатауда
Мекендеген шыңдарды.
Сар даланың төл тумасы
Желмаясын желдіртіп,
Келешегі кең өлкемнің
Қабындатып жырларды.
Ой тамшысын сарқып беріп,
Сар даланың өзіне,
Тура айтыпты-ау қаталдығын,
Шал да өмірдің көзіне.
Шындықты әсте, шімірікпестен
Бетке айту да ерлік қой.
Өмір сонда бас иеді,
Ақындардың сөзіне.
Құлан дала ой баққышқып,
Тудырыпты ұлдарын.
Ой-санасы болмағанға
Қона бермес бұл дарын.

Көне дала ұйқылы-ояу,
Жатты десек момақан,
Ашыпты ғой әр ғылымның,
Би мағлұм тыңдарын.
Ұлылықтан ұлы туу
Керек еді Шоқандай,
Махамбеттей,Тәттімбеттей,
Күміс көмей Ақандай.
Аққу құсқа әнін қосқан,
Біржан,Үкілі Ыбырай,
Әлем көгін шарлап ұшқан,
Алып Абай, Мұхаңдай.
Менің далам ұлылығын,
Танытыпты осылай.
Ұлы ұлдарын атау қиын
Көкірек кере тасымай.
Құрманғазы күй тілімен
Кісен үзген оспадар.
Құрман күйін тыңдар ма адам,
Жүрек – жаны ашымай!
Нұр сипатты менің далам,
Биіктіктер отаны,
Биіктерді биіктерге ол
Жалғастырып жатады.
Мұраттарды мұзарттарға,
Шырқата бір көтеріп,
Шат-шадыман, көсіледі,
Жазып тастап жотаны.

ӘЛЕМДЕ ОРНЫ БАР, БІРІ АЛЫПТЫҢ

Ежелден тағдыр бізге нәсіп етті,
Қорлықты, бодандықты, қасіретті.
Сталин сойқанынан көрген зұлмат,
Бар сұмдық, бар қырғыннан асып кетті.

Оны айтсам сөз жетпейді,тіл кесіліп,
Тіпті де шықпайды екен үн есіліп.
Көзімнен қанды жасым сорғалайды,
Домбыра боздауымен бір көсіліп.

Үрей меңдеп, шошынып тіл қатпаған,
Адамды диірмендей ұнтақтаған,
Заман-ай сонша қаһар болармысың,
Жалының сыртқа теуіп бұлтақтаған.

Заман-заман деймін де, күрсінемін,
Түнек түтеп тұрыпты күнсіз елім.
Сары далада итиген бөрі мүжіп,
Аштық қырған қазақтың қу сүйегін.

Ұлттың гүлі өртенді не бір асыл,
Қыршынынан қиылды, не қыласың.
Қазақ өзін жалмады жалмауыз боп,-
Бауырын, ағайынын, тұрғыласын.

Жын болды ма, білмеймін, аң болды ма?!
Сығыр көзі жасаурап,қан толды ма?
Өз ішінен жау іздеп, жағаласты,
Есі кетіп, бастары даң болды ма?!

Солқылдап,өзімді-өзім тоқтата алмай,
Сыймай кетем әлемге әсте тардай.
Кей-кейде өзіме-өзім тоқтау айтам:
Тәуелсіз елміз ғой деп аты дардай!

Көңілге сол медеу боп, құп аламын.
Кеудемде жүрек тулап, қуанамын.
Жетерміз арманға да кейін тастап,
Батпанды қиындықтың бұралаңын.

Табы қалған қолында бұғалықтың,
Басынан не өтпеген бұ халықтың.
Не десеңде бұл қазақ осал емес,
Әлемде орны бар,бірі алыптың!

МЕН ТУҒАН ЖЕР

Бәрі бір емес, адамның қайда туғаны,
Қай жердің суы кір көйлегін жуғаны.
Балалық шақта балақ түріп, жүгіріп,
Қай даланың көбелегін қуғаны.

Өзім туған топырағында даланың,
Сіңген ащы тер исі бар бабаның!
Көктем сайын аңқып шыққан хош иіс
Бұрқыраған қымызындай сабаның.

Ескен желде дауысы бар ғұндердің,
Сел-тасқыны басып кетер үндердің.
Дұшпандарын шаншып қалған жебелер-
Қалампырлар, көкесі сан гүлдердің.

Балықты көл толқынданып,алқынған,
Жағаны ұрып,құм кемерге шарқ ұрған,
Махаббаттың отын ұрттап, өртенген,
Ақан атам көз жасы ғой сарқылған.

Сыр көп жатқан қасқа жолда бұралып,
Қоңыраулы керуен өткен шұбалып,
Ерке Есіл қастарға емес, достарға
Құшақ жайған, осы жолда құп алып.

Өзім туған қырдың күміс күні бар,
Қыздарының шаштарындай түні бар.
Қызылжарда Абылайға ұсынған,
Сарыарқаның жанып тұрған гүлі бар.

Аспаны ма? Аспаны да тым алып,
Қиырына қыран жетпес қиналып.
Тұс-тұс жақтан түйілгенмен күркіреп,
Бұлттар оны жаба алмайды жиналып.

ЖОЛДЫӨЗЕКТІҢ АҚ ТАҢЫ

Жолдыөзектің ақ таңы атады жай,
Қимай-қимай даламды батады Ай.
Өрілмеген, шашылып,сусылдаған,
Толқын шашын тарақтап, жатады сай.

Естілмейді мылтықтың шаңқылы да,
Жаралы қоңыр қаздың қаңқылы да.
Біздің жақта інген де боздамайды,
Аспан толып аққудың саңқылына.

Біздің жақта сәбилер жыламайды,
Шайқалмайды шаңырақ,құламайды.
Қырқаларда қырмызы гүл өссін деп,
Көлеңкелер далаға сұламайды.

Қой үстіне боз торғай жұмыртқалап,
Сүт пісірім таңменен ымырт тарап...
Дала, дала тосады күнге жүзін,
Сарыарқа саумалынан бір ұрттап ап.

САРЫАРҚАМ МЕНІҢ

Сары арқам менің,
Сағымды далам, өз елім.
Қырқаға шығам,
Сағынып, жанып өзегім.
Теңіздей егін
Көкжиек қуып кеткенде,
Келеді-ау, шіркін,
Жаңа бір әнді безегім.
Шырқаймын, пай-пай,
Қырда тұрып, шалқайып,
Көмейімнен де,
Бара жатқандай бал тамып.
Төбеммен көкті
Тіреймін, жүрек ойнақтап,
Құшақты жаям,
Әлемді алам айқарып.
Егін емес,
Көз алдымда көп халық.
Мені тыңдап

Тұрғандай тынып,тоқталып.
Енді, міне,
Қаумалап келе жатқандай,
Биікке мені
Көтеруге шақ қалып.

НӨГЕРБЕК - АТАМЕКЕНІМ

«О, Нөгербек», мен сенің тамшы қаның,
Майысып жаңа ер жеткен тал-шынарың.
Нәр татып, жұпар жұтып таза ауаңнан,
Ластықтан жанымды аршығанмын.

Шаттықтан шарап ішіп мастанбаймын.
Қайғыдан қара түнек жасқанбаймын.
Тірлікте бәрі дағы керек тегі,
Бәріне де кеудемді ашқам дәйім.

Алшаңдайтын қиындық қорысынан,
Арқаның мен кәдімгі бөрісі нән.
Дегенменен біреуге көз алартып,
Маған жат жұла тарту ырысынан.

Қорғаушым, қолдаушым да - адалдығым,
Белгісі адалдықтың - адамдығым.
Кешірім ешқашан да жасама сен,
Туған ел, сәл сезілсе жамандығым.

Албырттық артқа тастап,балалықты.
Сыйлапты уақыт маған ағалықты.
Қайсармын, қайыспаймын, қаймықпаймын,
Елім соққан құрыштан тағам мықты.

Қазықтай жерге енсем де бел ортамнан,
Түсірмен өмір жүгін жон арқамнан.
О,елім, қиыныңа жұмса мені,
Түлекпін өз қойныңда қанаттанған.

ҚЫС КЕЛГЕНДЕ АУЫЛҒА

Ақ бауыр бұлт түледі –
Ақ қауырсын – ақша қар
Биіктен сонау гуледі,
Жер оранды ақ шапан.

Қайда күңгірт, сүреңсіз,
Кешегі күздің шақтары?
Дала еді - кілем түрі өңсіз,
Қураған гүлдің шоқтары.

Беймаза жол қаңғырлап,
Арбалар «ойбай салатын».
Жүргінші біткен даңғырлап,
Ән десе мүлде жанатын.

Ал бүгін дүние жаңарған,
Жер де аппақ, аспанда ақ.
Ауылдар қайта жаралған,
Үйлер де барады аспандап!

ТӨРЕКЕЛДІ

Армысың ата мекенім,
Аршалы, қайың, құба тал?!
Шаттықты маған әпердің
Өмірлік бойға қуат-әл...

Самалға шешем тербеткен,
Құндақтап мені шуаққа.
Қойнында өскен терекпін,
Жапырақ жайып жан-жаққа.

Желпініп жасыл желекпен,
Көлінде қуың ән сапты.
Қара құр нуын күзеткен,
Думаның сенің аңсатты...

Байқамай бұрын жүріппін,
Жайнаған жасыл жаннатты.
Тулатып қанын жүректің,
Көңілдің құсын сайраттың.

БАЛЫҚТЫМ, МЕНІҢ БАЛЫҚТЫМ!

Тұңғиық аспан көгіндей,
Шалқыған шаттық көңілдей,
Ботаның мөлдір көзіндей,
Балықтым,менің Балықтым.

Аққуың сайрап сұңқылдап,
Үйрегің ұшқан сымпылдап,

Балығың ойнап бұлтылдап,
Балықтым,менің Балықтым.

Құмыңда сенің ақ қайрақ,
Ойындар қуған атойлап,
Балалық іздер тұр сайрап,
Балықтым,менің Балықтым.

Айдының сенің айналы,
Мөлдірліктің айғағы.
Бола бер дәйім жайдары,
Балықтым, менің Балықтым.

Жүзімнен сипап желің де,
Балығың ауда тебінді.
Тербейсің қалай сезімді?!
Балықтым, менің Балықтым.

Сырларын жұтқан талайдың,
Сыбызғы үнді ақ айдын,
Құштары ма едің ағайдың?
Балықтым, менің Балықтым.

Ойларды қозғап сан қилы,
Шағала қиял шалқиды.
Бұзбаспын асыл антымды,
Балықтым, менің Балықтым!

ҚАРААҒАШ

Қараағаш туған жер - ауылым,
Қараағаш - дарқан ел-қауымым.
Таң болып қалар ең бір көрсең,
Көкшенің тетелес бауырын.

Көк белес, нулы орман жан-жағы,
Ол қашан кемелге толғалы.
Төсінен ақ жамбы шашылған,
Шіркіннің базар-ау, бар маңы.

Самалы сергітіп жаныңды,
Ойнатад жүректе қаныңды.
Шырқап-ақ кетесің көктемгі
Көңілге қоныстап таң үні.

Жағаңа келдім мен таңдатып,
Алайын құмарды талдатып,
Күміс көл, айбындым,аяулым,
Суыңа қойған ба бал қатып!

Күміс көл, ақ бұлтпен арбасқан,
Жазбаған жырымсың - зор дастан.
Жағаңнан ән шертіп өтіпті,
Әнші Ақан,сері Ақан талмастан.

Жан-жағын думан ғып,әндетіп,
Өтіпті ол ойы ояу, жан мертік,
Құлагер қу басын құшақтап,
Аққу, қаз, тырнаңды жаршы етіп.

Ақанша алысқа қарадым,
Құмарта сіміріп таң әнін.
Кетемін қиялмен ілгері,
Қызықтап елімнің ғажабын.

ҮЙІМЕ

Кішкентай менің осы үйім-
Сәулетті сарай, кең жайылым.
Ертеңге отын тасимын,
Өршітіп нелер кенже ойдың.

Қадалып талай Айға анау,
Сырластым тәтті қиялмен.
Көңілім-көрік,ой-алау,
Желпиді бөркін қиялдың.

Мүлгіген үнсіз қабырға,
Бөлмеге тұнған тыныштық.
Сезімді шертіп сонарлы,
Жүректен туды жыр ыстық...

Қуаныш,қайғы кесесін,
Толтыра іштім осында.
Ғажайып түннің нешесін,
Өткіздім жардың қасында.

О, үйім, менің - Отаным,
Қойныңда құт бар - мол бақыт.
Өмірдің алтын оттарын,
Лаулатам сенде әр уақыт.

АҚ ҚАЙЫҢДАР АРАЛЫ

Ерке Есіл Арқа-аруы сылдыр қаққан,
Тентектік мінезі бар тезге батқан.
Ақ төсін таңғы арайға аймалатып,
Меруерт күлкісімен қырды оятқан.

Қу қонып, ну жиектеп жағалауын,
Қаз-қатар қаулай өскен бала қайың.
Жалт беріп өте шығад шәйі шалқар
Көтеріп күміс,оқа орамалын.

Ежелден елендетіп ел құлағын,
Шертеді нәзік күйін домбыраның.
Ұзаққа ұзатылған жас арудай,
Ойнайды ерке желмен орғып ағын.

Ақ қайың атырабы - оқалы орман,
Бойына бауыр басып бабам қонған.
Кереге- уық жонып құба талдан,
Алысқа көз жүгіртіп, ойға шомған.

Қатпарлы қия тасты белден басып,
Жер тоңын жібіткелі жолдар ашып,
Шөлдеген жан-жануар сені көріп,
Бас қойды дала кезген іздеп нәсіп.

Жасырып ішке түйген сырларың көп,
Жағаңнан керуен көшкен қырларға өрлеп.
Жарыңнан төне қарап мен де тұрмын,
Көне күн шежіресін тыңдаймын деп.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ
№ 00201017

Тасыңа жанып талай тай тұяғын,
Жүйріктер шапқан, тігіп қос құлағын.
Дүрліксе арыстан жал толқындарың,
Шапқын ба, тосын шыққан деп қаламын.

Киіпсің кезінде рас, мұздан қаптал,
Жойқын күш тұншықтырып, десе: «таптал»
Жұлындай омыртқаның ішіндегі,
Тіршілік өзегі боп таңды ақтар.

Тербетіп бойындағы тіршілікті.
Ағының алға асулап өршініпті.
Жағаңнан ер Қосайлар жауын қуып,
Құлшынып қызыл жарға ту тігіпті.

Ақ қайың-үкілі орман жайған қанат,
Сыңсиды жыр тартқандай айдан ғажап.
Жүректей тынбай соққан тар кеудеде,
Тулайды бура толқын жардан құлап.

Ежелден ел жайлайды қос қанатын,
Жағалай ұялы орман құс қонатын!
Жағада жалғасады жаңғырықтар,
Той-думан!..Бәйгеге жұрт қосқан атын.

Ән мен күй ақ қайыңдар аралында,
Ұшқан құс, жүгірген аң, маралың да.
Балғадай балықшының қарын үзіп,
Шоршиды жібек аудан алабұға.

«Алқағаш», «Аралағаш»,-аппақ орман,
Ырғалған айнымайды ақ маралдан.
Аралы ақ қайыңдар менің жұртым,
Қойнында туған талай аптап- арман.

Ақ жалды арнасынан-құлан қашып,
Уақыт зымырайды қылын басып,
Сырласып,сыбырласып ерке Есілмен,
Толқынға жүрегімді жүрмін ашып!

ҚАСИЕТТІ ҚЫСТАУЫМ

«Нөгербегім», аманбысың,туған жерім?
Бабалар орнын бағып тұрған белім.
Жапырағын қырға жайған қара орманым,
Қойныңда тулап барып,тынған желің.

Аққудай әсем көрік ақ қайыңдар,
Қыр қыдырып,қанат та қақпадыңдар.
Құнарлы жер,шұрайлы топырақтан,
Ұэамауға мәңгілік шарттарың бар.

Жусан, жуа, бетеге, жоңышқаңның,
Бұрқыраған исімен таныстамын.
Танысы не? құдай-ау, балғын шақтан,
Хош иісімен даламның табысқанмын.

Тербеліп тал бесікте «Нөгербектің»,
Іңгәләп, содан кейін, уілдеппін.
«Қопаның» қамысымен бірге ән айтып,
Көкіректі шаттық билеп, гүрілдеппін.

Тыныстап барқынымен «Балықтының»,
«Нөгербек» жатырмысың алып тыным?
Бабалар басқан ізін аялаған,
Қасиетті қыстауым, жарықтығым.

АУЫЛЫМНЫҢ АЙБЫНЫ

Кесіп өттім алдынан,
Көшеде қарттың аңдамай.
Шу ете түсіп қалды маң,
Басыла қоймас лаңдамай.

Үлкеннің алдын кеспейтін,
Әдеті бар ғой халықтың.
Дәстүрін әсте өшпейтін,
Бір сәт бұзып алыппын.

Ойлағаным сол еді,
Лапылдап жанып үндер де,
Әбестікті шенеді,
Суырылып тілдер де.

Ризамын жерге енуге,
Естігенше ауыр сөз.
Бармын елден жеруге,
Дайынмын қалуға ауылсыз.

Шақырып мені қасына,
Шал құлақтан жұлса ғой.
Қан құйылып басыма,
Бейшара жан тынса ғой.

Дегенімше қарт тоқтап,
Көзімнен көзін алмады.
Менімен кімді тұр шақтап?
Боздамай жан қалмады.

Жүгірсе ол таяқ ұмтылып,
Жонымды тосам,қашпаймын.
Ықынып, не бұлқынып,
«Лəм» деп ауыз ашпаймын.

Ұрса-ұрса екен қарт мені,
Неге тастай қатып тұр?
Ел ашуы-қорғасын,
Жүрегіме батып тұр.

Жетер енді, жарандар,
Оқасы жоқ,бала ғой.
Жайларыңа тараңдар,
Сен де үйіңе бара ғой.-

Деді де қарт жөніне,
Жүре берді аяңдап.
Көзім түсіп өңіне,
Тұрып қалдым аялдап.

Мейірім мен жылылық,
Қарт жүзінен төгіліп.
Тал бойыма жиылып,
Жүрегімде көміліп.

Бір қателік байқалса,
Мінезіңде, ісіңде,
Дүрлігетін ел қанша,
Тезге салу үшін де.

Қайда қазір нарқасқа -
Ауылымның айбыны,
Өнеге болған әр жасқа,
Ізгіліктің айдыны?!

ЕСІЛ БОЙЫНДА

Жамырап өрген қозыдай,
Алдымнан шықты толқының.
Жырым ба жүрген жазылмай,
Көтеріп қырға қолтығын.

Мен де бір құсың ұяңда,
Баса алмай жүрген аптығын.
Құя бер қуат құмарға,
Өзің боп ән-күй-шаттығым.

Орғисың өрге ойнақтап,
Жаңғыртып жар мен жазықты.
Ала алмай нәріңді оймақтап,
Болып та жүрмін жазықты.

Күмістей үнің сылдырап,
Тынымсыз әнге саласың.
Белінді нәзік мың бұрап,
Күлімдеп ағып барасың.

Айнала қоршап ақ толқын,
Көбігін шашты жарға аппақ.
Жаңағы шыққан тәп-тәтті ән,
Кетіп те қалды-ау, аулақтап.

Ойланып қап ем сол бір сәт-
Балалық кетті өзіңмен.
Бала боп тұру емес шарт,
Мәрттігім қалсын өзіммен.

ӘУПІЛДЕК

Қызықтап Балықтының әупілдегін,
Мен талай қайталадым,әупілдедім...
Күніне неше қабат тыңдасам да,
Құбылып естілетін әр күндегі үн.

Тыңдаушы ем демім тартып,тына қалып,
Жаныма сарқылмас бір бұлақ алып...
Қиналды-ау айдын көлді көтере алмай,
Деп кейде толғанушы ем, жылап анық.

Көл көркін қызғанғандай мың табалап,
Бір қаскөй күмпілдетіп су сабалап,
Ал кейде көлдің бетін, қамыс ішін,
Жаңғыртып тұратындай ит абалап.

Сыбанып ақ білегін,түріп балтыр,
Кір соққан келіншек пе суда жалтыр?
Жағада жалғызсырап өскен қайың,
Даусына әупілдектің әлі таң құр.

Мен де таң, мен де тұрғам қайран болып,
Көкейге сансыз балғын ойлар қонып..
Зор үнді әупілдекті алып қой деп,
Іздеуші ем қамыс көлді бойлай шолып.

Тағы да қарап тұрмын өріңе кеп,
Балықтым,әупілдегің көрінер деп.
Сағындым дауысыңды титтей құсым,
Өзге үннен жеке- дара өрілер көк...

Әупілдек ұқсамайды Тауысыңа,
Еш құстың даусы келмес дауысына.
Көл сәні ол, көл үшін тек дара туған,
Даралық әсемдіктің туысы ма?!

ҚЫРЫҚ ЖЫЛҒЫ ҚАЛПЫНДА

Құлан иек таң атып,
Сәулесі әлсіз қалтырап.
Орман күміс жалатып
Қойған дейсің, - жалтырап.

Қырық жылғы қалпында,
Жер аясы мен өскен.
Сиыр еріп салқында,
Барады асып белестен.

Желбіреген ақ тұман,
Қайыңдарды көлкелеп.
Жаңа оянып жатты маң,
Ұйқысынан еркелеп.

Мөлдір шық шөпке тізіліп,
Жердің бетін жасырған.
Көктен түскен үзіліп,
Жұлдыздай қырда шашылған.

Таң нұры жерге қаулаған,
Тыныштық әнін төкті ме?!
Құлынын шыққа аунаған,
Иіскелеп тұр көк бие.

АСАУ

Асауды арбады, алдады,
Ұмтылды жас жігіт жалына...
Қанша асау,
Қолда ойнап самғады.
Бәйек боп
Адамның бағына.

Не жүйрік өтпеген даладан,
Тайпалып жорғаның табаны.
Жұлдызға жымыңдап қарағаң
Жігітті тартады жамалы.

Аялап арқаның самалы,
Тарайды жүйріктің кекілін.
Жұмсартқан ақылдың амалы,
Дауылпаз асаудың екпінін.

Бас-асау әлі бар әлемде.
Беймаза, бейсауат лепірген.
Кім салмас ұлылық әніне
Өмірге еркелеп серт ілген!

Бөріктей дөңгелеп адыр, тау,
Созылып кейінде қалады.
Ақылдың иесі осынау,
Бақытқа жол тартып барады.

«ӨРНЕК» АУЫЛЫНДАҒЫ ЖАРТАСТЫ КӨРГЕНДЕ

Ауылдың алды жақпар тас,
Міз бақпай қалған мелшиіп.
Қалапты ірге қатарлас,
Осынау тасты ел сүйіп.

Қалайша сырын ақтармас,
Елпілдеп келген ұланға ол.
Қадалып қалдым қақпай қас,
Төсінен ұшар қырандай.

Жақындап келдім тұсына,
Жарына тұрдым сүйеніп.
Сүйсіне қарап сұстыға,
Сырларын ұқтым киелік...

Жылқышы ма әлде аязда
Күртікке малы омбығып -
Жылқыдан тартып жаны аза,
Жартас боп қалған домбығып?

Тұлпарын байлап ақырға,
Буырқанған төстеп күш-
Қорғаны болған батырға ел
Қойды ма әлде ескерткіш.

Соқты екен қанша дауылдар,
Шырғалап шыңды осынау?
Жеңісін тойлап қауымдар,
Қонды екен қанша қосындар?

Махаббат деген мықты ғой,
Ажалды жеңген алпауыт!
Жүрегін тосып шықты ғой,
Батырын елі қарсы алып.

Ғасырлар шөккен, ел бекіп,
Бұ да бір жердің шоқтығы.
Келемін мен де желдетіп,
Ұсынып жырдың шоқ гүлін.

Межесі биік мергеннің,
Жауға атқан оғы жебеден.
Қарт батыр саған қол бердім,
Арнайы іздеп кеп едім!

Тұлғалы екен тұрысың,
Бойыңда бұққан қайрат бар.
Кеңейіп бүгін тынысың,
Кейпің бар талай таңды ақтар.

АЛТЫН ҰЯМ - ҚАРААҒАШ

Қараағашқа «жабысқан»
Әлі қаңқу көп екен.
Онда өмірмен табысқам,
Одан артық жоқ мекен.

Туған үйім, ауылым,
Алтын ұям - Қараағаш.
Оның қарын, дауылын,
Қарсы алам шығып жалаңаш!

АУЫЛДЫ САҒЫНҒАНДА...

Ауылымды сағындым,ауылымды,
Ауылдағы тентектеу бауырымды.
Ойнақтаған құлынның қоңырауы
Күмбірлей ме, естимін қоңыр үнді.

Көкей күйін пернеге қондыратын,
Күмбірлетіп қара шал домбырасын.
Тәтті әуен бойды алып балқытатын,
Бабамның еске салып мол мұрасын.

Шайға отырар мезгілі бар ауылдың,
Естіледі ызыңы самауырдың.
Күрең шайдың иісі бұрқыраған,
Танауымды қытықтар... жанауым мұң.

«Соқыр теке» ойнайды балалар да,
Балалықты іздеген таба алар ма?!
Қызыл кеште қызарып әзілдейді,
Жеңгейлер құрыш тұлға ағаларға.

Шошалада ұйлығып түтін көшкен,
Шешем де ет ыстап жүр кеше кештен.
Бір омыртқа саған деп арнайы ілді,
Сүрдің иісі келеді желмен ескен.

Кеудемде жыр боп сезім ағылғанда,
Шырағы сағыныштың жағылғанда,
Тартып кеткім келеді-ау ауылыма,
Ауылымды өлердей сағынғанда...
Сағынғанда....

ӨСКЕН ЖЕР

Неткен көркем еді, шіркін, бұл аймақ,
Оның маған әр бұрышы ұнайды-ақ.
Жұпар иісті, балаусалы жонына
Жата кеткім келеді ылғи мың аунап.

Жетегіне жебеу болып неше ойдың,
Осы жерде етек жиып, есейдім.
Кей кездерде көл басынан кеш қайтып,
Ренжіткем үрейін ап шешейдің.

Осы жерде жыр қуалап, күй ұққам,
Балауса шақ қызығына құныққам.
Алғаш рет жүрегімді тербеген,
Әлі есімде сәулем айтқан сүйікті ән.

Үйренгенмін ауырлықты арқалап,
Осы жерде бойыма күш-әл тарап,
Осы жерде өксіп,мауқым басқанмын,
Осы жерден көрінеді шар-тарап!

АУЫЛДЫ ЕСКЕ ТҮСІРДІҢ

(Теміртасқа)

Босағамды аттағанда-ақ аңқылдап,
Көзіме оттай басыласың жарқылдап.
Науша шағым елес бере бастайды,
Көк айдынға қаздар қонып қаңқылдап.

Айхай айдын! Көкалалы көктемім,
Көңілде гүл,төккен нұрын көкте күн.

Сен әкелдің, қайран туған жерімнің,
Аунап асыр салған мамық көктерін.

Ой қуалап, ауыл ішін ақтаймын,
Қалай ғана ағайынға соқпаймын?!
Шеттегі үйдің терезесі алдында,
Өзім еккен қол бұлғайды ақ қайың.

Мектептегі өз үнімді тыңдар ма ем,
Көз алдымнан өтіп жатыр гүл дәурен.
Әлі тұр-ау дөң басында сары бала,
Сынық-сынық шаңғыларын бұлдаумен.

Жүгіріп жүр көрмей ана тынымын,
Көкірегіне басып хатын ұлының.
Оқып берші, -дейді әркімге,- майданнан
Ораламын деп жазыпты, құлыным.

Босағамнан енгенде сен жымиып,
Ауыл көшіп келгендеймін жиылып.
Жүрегімді елжіретіп жылы ағын,
Сезімдердің талшығына құйылып.

ДӘУЛЕТ ӘНІН КЕЛЕДІ ТЫҢДАҒЫМ ДА

Сыбдырлама көк талдар,көк теректер,
Сатырлатпа, қанатты көкте кептер.
Абалама қотанда көк төбеттер,
Жер-бесікте дән-бөбек қалғып жатыр.

Зымыран жел, жүгірме, суылдама.
Құрақ біткен көлдегі шуылдама.
Бал арасы тынымда, дуылдама.
Жер-бесікте дән-бөбек қалғып жатыр.

Тыным алсын әзір ол құндағында,
Сосын дүрлер торқалы қырда, мұнда.
Дәулет әнін келеді тыңдағым да,
Теңіз-егін тербеліп тұрғанында.

ҮШІНШІ МЫҢЖЫЛДЫҚ

Үшінші мыңжылдық деп атап сені,
Алыптай көрем, биік, атақ, шені.
Бұрынғы ғасырлардан заңғар да сың,
Ғасырлар атасы деп атау жөні.

Екі мың жыл зырылдап саған жеткен,
Екі мың жыл сәулесін саған төккен.
Екі мың жыл жан беріп жылуымен
Екі мың жыл дәнінен саған еккен.

Екі мың жыл қанымен қуатталып,
Екі мың жыл нұрынан шуақ та алып,
Екі мың жыл от құйып жүрегіңе,
Тарихыңнан жүрсің-ау сыр ақтарып.

Бар ғасыр сені оқытып, үйреткен ғой,
Тұрсын деп биіктікте күйректенбей.
Тұтылмасын күнің де, айың сенің,
Тіршілік қауласыншы гүл-көктемдей!

ДАЛАҢДЫ ЖАУДАН ҚОРҒА ДЕП...

Жаралғаннан күнелткен,
Шықсын деп үңгір-түнектен,
Берді Алла бізге киіз үй,
Нұр алсын деп күн-көктен.

Қосылып салған күнбе-күн,
Орманның, құстың тілдерін,
Домбыра берді бізге Алла,
Сайрат! -деп жел, су үндерін.

Даланың жолы ұзақ па?...
Түскен ғой жаяу азапқа.
Ат қанатың болсын деп,
Беріпті Алла қазаққа.

Дұшпанын жеңген зорға деп
Батырлар жатыр орда көп.
Бізге Алла найза беріпті,
Жеріңді жаудан қорға!- деп.

ҚАЗАҚ ДЕП ЖАЗДЫМ АТЫМДЫ

Биікті ұнатам, биікті.
Биіктік дегенің іңкәрім!
Басыма батасын үйіпті,
Бабалар сыйлапты тұлпарын!

Қанатты тұлпарым бұлт жарып,
Дауыл боп жөнелдім құйылып.
Күнес күн көгіне ол шықты алып,
Оқыдым аят – жыр сыйынып.

Қазақ боп өмірге келгелі,
Еркін-ақ самғауым шарықтап.
Тылсым күш бойымды кеуледі,
Күнменен тілдестім анықтап.

Нұр құйды жаныма жарық күн,
Қанымда оттарын ойнатып,
Қайратын берді ол алыптың.
Жүректе намысты қаулатып.

Құлақтан бастым да жасынды,
Тырп еткізбедім асқарда.
Қазақ деп жаздым атымды.
Мөп-мөлдір, аппақ аспанға!

ДАЛАСЫН ЖАУДАН ҚОРҒАҒАН БАТЫР

Терін де төгіп,
Қанын да шашып,
Төсін де сөгіп,
Жүрегін ашып,
Қорғаған жерін
Ұрпақтар үшін.
Сарп еткен ерен
Қайратын, күшін.
Бабалар – Жасын,
Көрмеген жасып!
Кесілген басын
Бауырына басып,
Ой-қырда тау боп,
Тізіліп жатыр,
Даласын жаудан
Қорғаған батыр.

ЖОЛДЫӨЗЕК

Жолдыөзек осы,
Көлдері күміс шашатын.
Аққудың әні
Айдыннан әрі асатын...
Самалын саумал
Сіміре бергің келеді,
Мөп-мөлдір.. жұпар..
Көкірегіңді ашатын.

Жолдыөзек осы...
Мотордың үні кернеген.
Тау-тау ғып дәнді
Жотасына артып,терлеген.
Станок біткен
Зіркілдейді ылғи дамылсыз,
Темірден түйін
Түйгендей әсем зерменен.

Жолдыөзек осы!
Бай өзек осы!
Гүл өзек!
Бақыты елдің, жәннаты жердің,
Нұр өзек!
Адамдар қолдан
Жасаған жұмақ-жерұйық!
Келіп көр досым,
Қонақжайлығы бір бөлек.

Жолдыөзек осы,
Ашулы боран, қары бар.

Мамырда майса, долана,
Жасыл талы бар.
Бәрі бар онда...
Ақ мамық болып ілінген
Көгінде бұлты,
Лаулаған күні тағы бар!

Жолдыөзек осы,
Қызылжары бар әйгілі,
Ақан мен Біржан
Жырлаған шаттық, қайғыны.
Жолдыөзек осы,
Жолыңыз түссе, досым-ау,
Тасынып жатқан
Мейірімі мен айбыны!

АЛЛАМ МЕНІҢ

Мен жетім боп өскенмін,
Қасіретті, қиындықты кешкенмін.
Қиналғанда тер моншақтап, малынып,
Алла деуші ем, тек өзіңе жалынып.
Тіршілікте қателігім көп болған,
Күпірлігім бар тайдырған ақ жолдан.
Біз бейбақтың таланына сорлаған,
Кез болды ғой шайтан заман, сор заман.
Әр шаңырақ өсіп жатты өзінше,
Біріміз ит, шошқа болдық көзіңше.
Мақұлықтың сөзін сөйлеп алжастық,
Істейміз деп ісін қанша дауластық.
Көңіл күпті, жүрегімде - шерменде,
Ойлап тұрсам, қанша күнә бар менде.
Қиянат та, қысастық та, күпірлік,
Толған екен бір басыма шүпірлеп.
Кешірілмес күнәні айтып осындай,
Жаным мұздап, тұра алмаймын шошымай.
Әр түрлі ойды өргіземін миымнан.
Аллам, мені жаратыпсың қиыннан.
Төзіміңе қайран қалам, Жаратқан,
«Мен» деп талай елді аузыма қаратқам.
Сол «менімнен» арыла алмай келемін,
Күнәм де сол, Жаратушым, не етемін?
Өзің берген кемшілік те, кінәрәт...
Ешкімді де керек емес кінәлап.

Қарсы болсам, кімге барып шағынам?
Тек өзіңнен табыламын, табынам.
Байлық, барлық, сұлулыққа құмарлық,
Кеудемде өсіп, оттай жанып тұр анық.
Аллам, мынау шайтан ісі емес пе?
Жүрегімнен жұл да лақтыр, келмеске.
Қан-жанымыз араласқан немені,
Өз қолыммен жұлып тастау келмеді.
Алла, кешір, күпірлік пе айтқаным?
Омыраулап, кейде тізгін тартпадым.
Ақ жолыңа тура түсір жетектеп,
Мендей фақыр бейбағыңды, тентектеу.
Тал бойымда кемшілік те көп екен,
Алла кешір, қиын күнде деме сен.
Жаратушым, жалынамын, жылаймын,
Марқадарды тек өзіңнен сұраймын.
Мейіріміңе бөле менің жанымды,
Ақ нұрыңа орайыншы арымды.
Ұзақ жолда қиындыққа тірелсем,
Демеушім де, қолдаушым да,
Ием сен,
Алла, менен рақымыңды аяма,
Жалын құшып тұрған жанымды аяла.

ТІЛЕК

О, Алла,
Қайғы-қасіреттен сақта,
Пәле-жаладан сақта.
Бітіспейтін
Дау-шайқастан сақта.
Жазылмайтын

Науқастан сақта.
Есепсіз шашылған
Байлықтан сақта.
Өте кеткен
Паңдықтан сақта.
Жақсылықты
Білмегеннен сақта.
Өсек өртін
Үрлегеннен сақта.
Шайтан аралаған
Төсектен сақта.
Жақыныңның қойнындағы
Кесектен сақта.
Имансыз жазылған
Заңнан сақта.
Жазықсыз төгілген
Қаннан сақта.
Әумин.

ЖАЛҒЫЗ СЕНСІҢ

Жалғыз сенсің,
Жер үстін де,
Жер астын да
Бағындырған күшіңмен.
Жалғыз сенсің,
Ғарышты да,
Алысты да
Табындырған ісіңмен.
Жалғыз сенсің,
Жаратушы ғаламды.
Жалғыз сенсің

Нұрлы жолға
Жетектейтін адамды.
Жалғыз сенсің,
Аллам менің,
Пендеңе иман үйреткен.
Нәзік жанын
Бұғаулаған,
Жамандықты күйреткен.
Жалғыз сенсің,
Есім қалмай
Қорқатыным, қалтырап.
Жай таппаған,
Жанымнан жас
Төгіледі тамшылап.
Сенен қорқам,
Қуа алмаймын
Жүректегі үрейді.
Сол қорқыныш
Күні-түні
Жан-тәнімді ірейді.
Өйткені мен
Кінәлімін.
Күнә деген зіл-батпан.
Сайқал тірлік
Шатағы ма?
Талай қорысқа батқам.
Тазарта алмай
Жанды ластан,
Дүбілумен лаңмын.
Қорықсам да, бір өзіңе
Кеше гөр! - деп,
Жылаймын.

Сенен басқа
Кім тазартар
Менің дақты арымды.
Сенен басқа
Кім түсінер
Менің отты жанымды.
О, жасаған, Аллам менің,
Екі дайда ақтағайсың.
Шыбынымды шырылдатпай,
Тамұғыңнан сақтағайсың.

ЖАЛБАРЫНУ

Алла, денсаулық бер,
Байлық бер.
Төрт құбыламды
Сай ғып бер.
Алла, адалдан бер,
Ақтан бер,
Шалқып жатқан
Бақтан бер.
Алла, ұлға
Намыс бер,
Қызға иман бер.
Жүрекке
Шаттық бер.
Шаңыраққа
Думан бер.
Атаға ұлылық бер.
Анаға кеңдік бер.
Алла, қазаққа
Бірлік бер,
Мызғымас елдік бер.

МҰХАММЕД ПАЙҒАМБАР

Жеті хат жер мен тоғыз хат аспан,
Сырын ұққан ғалымсың асқан.
Ғылымның шырқау шыңына қарай,
Имандылықпен қадам басқан.

Жүрегіңде жаралған мақсат,
Ислам дінін жаныңмен қоштап,
Нұрландың өзің, нұр шаштың көпке,
Адамзатты хақ жолына бастап.

О, Мұхаммед салолоху Ғалайһиссалам,
Іліміңді хош көрді күллі ғалам.
Қасиетті кітап Құран Кәрімнен,
Адамзатқа сөйледі Аллам.

Алланың сөзі - шалқыған айдын.
Маңызын өзің әлемге жайдың.
Сусындап елдер айдыннан мөлдір,
Пәктігін сезді жан менен бойдың.

Әлемде көп тіршілік, жаннан,
Алла өзіңді таңдап-ақ алған.
Данышпанмын, дегендер қанша,
Мойындап, саған тамсанып қалған.

Құран сөзін Пушкин - сабаз да,
Жалықпастан түсіріпті қағазға.
13 сүре аударыпты өлеңмен,
О, Мұхаммед, орыс үшін ол аз ба?!

О заманнан ғұламалар қақсайтын,
Еуропаны жойылудан сақтайтын,
Исламның діні деп,
данышпаны
Мұхаммед деп мақтайтын.

О, Мұхаммед салолоху Ғалайһіссалам,
Сол сөздерді ойыма алсам,
Шындыққа айтқан таңданбаймын,
Ал көрегендікке қайран болам!

Мұның бәрі сенің кенен ақылың,
Уағаздаған Құран Кәрім ғакілін.
Тіршілікті жаратушы бір Алла,
Адамзаттың сүйіктісі, жақыны.

Алланы сүй, жүрегіңмен, жаныңмен,
Қайнап аққан тамырдағы қаныңмен.
Аллаға сен, жаратушы бір өзі,
Құлшылық қыл, адалдықпен, арыңмен.

Алла! - десең, нұрлы самал еседі,
Шын жыласаң, күнәңді де кешеді.
Десең бізге, Алла сөзін жеткізіп,
Сонда шат боп, мәртебеміз өседі.

Адалдықта - адамдықтың асқары,
Адал елдің бұлт баспайды аспанын.
Әйел – ана ұрпағыңды өрбіткен,
Құрметте оны, үлгі тұтсын жастарың.

Бұзақы да, маскүнем де, нашақор,
Бала-шаға, от басына бәрі – сор.
Қоғамның да, адамзаттың азғыны,
Аллаға да күнәһәрлар, міне, сол.

Мұсылманға кеңес берген жүйелі,
Құран Кәрім ұлы кітап киелі.
Құрандағы әрбір сөзін Алланың,
Жадқа сақтап үмбеттерің, жүр елің.

Адамзаттың асқан ұлы Мұхаммед,
Ұлылардың ұлысы да Мұхаммед.
Алланың да елшісі осы – Мұхаммед.
Ғұламалар ғұламасы – Мұхаммед.

Алла сөзі – Мұхаммедтің ілімі.
Алла сөзі – Мұхаммедтің ғылымы.
Мұхаммедке тең келер жан тумаған,
Асып тұрған кемеңгерлік, білімі.

Қарапайым адамсың ба, ұлық па,
Мұсылманның бес парызын ұмытпа.
Бір- біріңнен артықтығың тағы жоқ,
Жібермеңдер кеуделікті ырыққа.

Бір-біріңді жарамайды кемсінген,
Күллі адамдар Алла алдында теңсіңдер.
Ата-ананы құрметтеңдер, күтіңдер,
Сыйластықпен адамсыңдар, елсіңдер.

Деген Алла сөзін Құран Кәрімнен
Адамдарға айттың жаның, тәніңмен.

Алла сақта үмметімді, өтінем,
Білместігін кешіре гөр кәріңнен.

Дейсің тағы о, пайғамбар, көсемім.
Іліміңмен таң боп атып, өсемін.
Ақылыңды алға салып әр қашан,
Мына өмірдің құпиясын шешемін.

О, Мұхаммед, сен туғанда қуанды ел,
Жаңбыр жауды, шөлін басты құба бел.
Гүлге оранды ой менен қыр, тау, дала,
Шырқап тұрды бұлбұл толы мына жер!

АУЗЫМ ЖАБЫЛЫП КӨРГЕН ЖОҚ

Біліп-білмей жасаған
Қателігімді кешір сен.
Өзіңнен кім бар
Аса алған?
Қолыңда бәрі – кешірсең.
Алла деуден ауызым,
Жабылып бір
Көрген жоқ.
Жүрек – мөлдір,
Жан – таза,
Адалдығым – ар туым.
Тірлікке мынау даңғаза,
Жырларым болар
Тартуым.
Ақындықты өзің сыйладың,
Есесін жырмен қайтарам.

Өзімді өзім қинадым -
Мұсылмандығыма
Не айта алам?
Аят-хадис қияндап,
Менен кетіп қалып тұр.
Хажылықты қиялдап,
Өтетін болдым
Жанып құр.
Дамылсыз айтып рахматын,
Өзің деп соққан жүрегім.
Екі дүние рахатын,
Көрсете көр деп жүремін.

МҰҢЫМДЫ ШАҒАМЫН

Алла,саған мұңым шағам.
Сайқал тірлік, сайқал заман,
Салып тырнақ жүрегіме,
Құтырындым жыннан жаман.
Көкірегіме құйын құйып,
Ақылымды кетті қуып.
Иманымды итше талап,
Күрең қаным шашылды, ұйып.
Бой жаза алмай, қансырадым,
Есім ауып, қалтырадым,
Сонда өзіңе жалбарындым,
Алла,сенен хал сұрадым.
Жаратқаным, жылап бақтым,
Көкірегіме тұмар тақтым.
Нұрыңды құй жүрегіме,
Аллам-ау! - деп безек қақтым.

Жүрген жерім-жолсыз,сорап.
Көргенімнің бәрі-сор-ақ.
Ташпих салдым мойынымa,
Алла, сенен иман сұрап.
Көпке дейін естімедің,
Енді бітті, өшті демім
Көз жұмуға шақ қалғанда,
Аппақ нұрлы есті лебің,
Есті лебің - түледі жан,
Тал бойымда дуледі қан.
Шығыс жақтан ыдыратып,
Батпан бұлтты түреді таң.
Қуанышым - қойынымда,
Міндет - жүгің мойынымда.
Мен азатпын, ел-тәуелсіз,
Аман қалдық жойылудан,
Шүкір, Алла, шүкір.

ҚАРИЯЛАР

Сөйлесе –сөйлесін тек қариялар,
Қариялар - шалқыған дариялар.
Тебіренсе-қозғайды тереңдерді.
Шайқалтатын шыңдарды тағы да олар.

Арғымақтар шапқандай сатырлатып,
Құба жонның құм,шаңын топырлатып,
Түйдектете сөйлейді-ау,тәңіріңнің
Төбесіне жай оғын шатырлатып!

ДОМБЫРА

Қу қарағай,
Тоқты шек.
Қолда тұрмай безектеп.
Тайпаңдаған оқта-тек.
Дауылдатқан жел өктеп.
Қызу жанды қазағым,
«Шәу-пәліге» басыпты.
Күйдің тартып «азабын»,
Санын соғып жатыпты.
Ақ сақалдар желкілдеп,
Қызған қызыл өңеш боп.
Қалпағын ап елпілдеп,
Аспанға атқан желең топ.
Қу қарағай,
Тоқты шек.

Мұңын айтқан бабамның,
Зарын салған анамның.
Сазын шырқап бар әннің,
Жырын төккен даламның.
Сырын ашқан ғаламның.
Қу қарағай,
Тоқты шек.
Қолда тұрмай безектеп,
Жорғалап, шауып-кезектеп.
Күй нөсердей шелектеп,
Төгіліп те, шашылып,
Теңіздей көңіл тасынып,
Аспанға айдай асылып,
Қу қарағай,
Тоқты шек.

БИШІ АТ

Өскенің Сәдуақасы деген атамыз жылқылы бай, әрі өнерпаз, сері кісі екен.Үйір-үйір жылқыларының түсі қара көк шұбар болыпты

Ақан сері Атығай ішіне келгенде, биші шұбар атымен жас Сәдуақасты қасына ертіп жүретін көрінеді.

Күйшінің домбырасы төкпелетіп,
Құйылтты әсем әуен жөппелетіп.
Қаз мойын, қамыс құлақ бір шұбар ат,
Тайпалып күймен билеп, етпелетіп.

Әсем күй асау да емес,арыны бар,
Күйініш, боздақ емес, сарыны зар.

Ойнақы сезімдерді сергітетін,
Жүректі шарпып қалар жалыны бар.

Күйшіден қандай бүкпе күй қалады,
Биші ат әуенменен ырғалады.
Елеуреп, елпілдеген жануардың,
Қасында сұлу әуен шырғалады.

Биші ат болмаған бір той қалмапты,
Сері жұрт өнеріне тоя алмапты.
Қайран ел Жолдыөзектің бір дөңіне,
Сонда да атқа ескерткіш қоя алмапты,

ҚҰДАЛЫҚТА

Ал, құда, шырқап жібер төкпелетіп,
Мына елді ала көрме өкпелетіп.
Тойда айтпаған ән-жырды қайда айтасың
Дауысың өрлесінші көкке жетіп.

Ән деген қуаныштың қанатындай,
Қауласын, самғай берсін және тынбай.
Қазақтың «ләбіз» деген дәстүрі бар,
Білдіргін томсарумен жай отырмай.

Шаттықтың буыменен шалқып, қаулап,
Тамырда, жүректе қан оттай лаулап.
Керімсал келіншектер-құдашалар,
Арқан ұстап келіп тұр ән-жыр даулап.

Ал, құда, «әу!»-деп жібер ең болмаса,
«Әу» демейтін қазақ жоқ шын зорласа.

Сом білек,сайтан ойын құдашалар,
Сүйреп кетер, төбеңе бұлт торласа.

«Ләбізін» шығармаған шынында түк,
Құданы сүйреп шықты қырындатып.
Құдашалар байғұсты жегіп алып,
Су тасып жүр шанамен сырылдатып.

Мәз болып бұл қызыққа, жымыңдасқан
Балалар шана толы шуылдасқан.
Тәкаппарлау болғанның той ішінде,
Құдашалар осылай «буын» басқан.

ЖІЛІК ҰРУ

Қыста соғым союшы еді ағайым,
Дүрілдетіп көршілерін, маңайын.
Сере қазы-семіздігі соғымның.
Таң қалдырған ауылдастың талайын.

Қысқы соғым-кіші-гірім той-думан.
Қашан елді ол қызығына тойдырған?!
Ағылатын ауылдастар,туғандар,
«Шеке беру» рәсіміне ой-қырдан.

Мұрт майланып, шалдар сөзге айналып,
Ақ әжелер отыратын жайланып.
Ауылдастар қолындағы мүжуір,
Сыбызғыға кеткендей де айналып.

Бара-бара көп бөлмелі үй ысып,
Қызық, думан жастар жаққа ойысып,

Жілікті де сындыруға сайланып,
Қыз-жігіттер өз-өздері сайысып.

Жілік еді толқытатын жүректі,
Өршітетін жанған қаудай тілекті.
Жастық шаққа қызбалық та жарасқан,
Ал жігіттер түрінбей ме білекті!

Жілікке ғой, кететін құштарланып,
Мазасыз кезектерін тосқан халық.
Бұл дағы бәйгеңізден бір кем емес,
Жел көңіл қазақ үшін тасқан анық.

Жалтылдап ақ білектер шам астында,
Бестінің жілігіне жанасты да,
Құрыштай шебер қолдар өргізді-ау кеп,
Өрлікті,ептілікті, жарысты да.

Ұрғанмен жиналғандар бір тынбастан,
Қолдан қолға көшті жілік сынбастан.
Бақ шолпаны жанса екен деп тілейді ел
Осындайда жарқ етіп бір түнгі аспан.

Бұла күшті жігіт пе, бұла күшті?!
Ел неге сонша бұған құрақ ұшты?
Ұрғанда тас түйілген жалаңаш қол,
Жілік қаққа бөлініп, бір-ақ ұшты!

Немқұрайды қалған бір жан жоқ мұнда,
Дуледі жұрт-бір дархан жүр от қанда.
Намысына тигендер сындырады-ау,
Атанның да жілігін бір соққанда!

БӘЙГЕ

Ащы айқаймен «Тарт!» деген,
Қосыла ұшты жүйрік ат.
Жата қалды шаң төмен,
Тұяқтан құйын бұрқырап.

Тізгінді тартса толғана,
Самғамай жүйрік тұрар ма!
Айызы қанып кең дала,
Айтқандай алғыс бұларға.

Тіктей түскен көп тұяқ,
Жеміріп жатты жер төсін.
Шаншылып көкке қос құлақ,
Күржитіп алды желкесін.

Келеді бала шапқылап,
Қос қолдап тартып тізгінін.
Шабысы қызған тас тұяқ,
Жұлып та жатты түз гүлін.

Үзіліп шығып тұманнан,
Келеді бір ат асыр сап.
Бұлттарды жарған қыраннан,
Аумады бала осы сәт!

АСАУДЫ ҰСТАУ

Мал да болса бәрін де түгел біліп,
Бойына біткен ақыл, жігер, қылық.
Көк бесті қырда жусап, түзде өретін,
Тимеген өмірінде жүген, құрық.

Елеуреп, ерегісіп, көзі жайнап,
Қайшылап құлақтарын,ыза қайнап,
Көргенде қуғыншыны құйынша ұшты,
Кең дала пана болмай жүрген жайлап.

Қаусырған құшағына құмақ дала,
Ұстауға сеп болмады суат та ана.
Ызыңдап құлағында жел суылдап,
Соңында қалды шаңы шұбап қана.

Алайда қалыспады жігіт тағы,
Ізін ол көк бестінің суытпады.
Бестісін астындағы борбайлатып,
Асауға аласұрып жуықтады.

Қуғыншы сәйгүлігін сабылдырып,
Бестіні босатпады қабындырып.
Жалына іліккенде қарулы қол,
Асауды алды күшке табындырып.

Қойған ба мына жігіт қаруын ап?
Адымын жаза алмады адуын ат.
Өзінен зор шыққанын байқағанда,
Басына тасып шықты қан дуылдап.

Екпін жоқ жіберердей тауды бұзып,
Момақан,туламайды ат қаны қызып.
Мықтының алдында әлсіз мықшиятын,
Япыр-ай, табиғаттың заңы қызық!

КӨКПАР

Кеудемде менің...
Тасытып сезім жатты әнін,
Бейне бір көкпар...
Жүректің тулап соққаны.
Кеудемде менің, білмеймін, дода басталды,
Шабытым тасып,
Мен үйде тыным таппадым!

Білмеймін қазір не болып жатыр ішімде,
Сом тұяқ менің кеудемді соққан
Күшінде!
Басталды көкпар,
Басталды шаңқай түсінде,
Шаңқай түс керек көкпарда жеңу үшін де!

Екіндіге аума,
Тас төбемдегі,оу жарық күн,
Әу баста сенен құштарлық отын алыппын!
Кеудемде менің
Көкпарым толас таппасын,
Жеңуім үшін от сезім керек,
Соны ұқтым!!!

КҮРЕС

Шуылдап дүрілдеді дүрмек қауым,
Күрес, күрес намыстың күрмеп бауын..
Балуандар ортада жүр жағаласып,
Өршітіп, екі жақтың үрлеп қауын.

Топ етті, тура келіп жамбасына,
Бөрідей түскен аңшы қамбасына.
Жығылған жер тістеді, күрсінді елі,
Оқыс түскен сүйекке таңбасына.

ЕРТЕГІ

(Ертекті көп білетін Тынымбекке)

Ертегі айтқан адамды,
Тыңдаушы едім жалықпай.
Ертегіде сырлар көп,
Түрмеуші ем құлақ, жаныкпай.
Қиялдағы ғажайып,
Елес емес, анықтай,
Бәріменен таныстай,
Болатынмын қанықтай.
Ертегінің «ерлері»
Ертіп мені кететін,
Аспанға ұшып,
Қыр кезіп, талай уақыт өтетін.
Жаз жайлауын тыныстап,
Қыс ақпанға жететін,
Оралушы ем сағынып,
Жұмақ боп үйім кететін.
Айхай, шіркін, ертегі,
Қалы кілем «ұшатын»,
Ертегі айтқан баламен
Қызық көкті құшатын
Сәттер менің есімде;
Төменде! - деп ұрсатын,
Ауылымның үстіне
Бас айналып, құсатын.

ДОДА

Ортада жатыр көк серке,
Қоршаған салт жігіттер.
Ұмтылып бірі тым ерте,
Ал кейі босқа үміткер.

Кім білсін кімнің маңдайы,
Жарқырарын сайыста.
Тартыстың көрген мың дөйін,
Көкпарға қазақ тым ұста!

...Үйрек ілген қырғиша,
Өңгеріп кетті боз атты.
Айқай-шу, дабыл тынғанша,
Көз көрім жерге заулапты.

Жалырылып шөп біткен,
Екпінімен жүйріктің,
Олжалы жігіт - көп куткен,
Тозаңнан шықты-ау - түнектен.

Бауырына аттың созылып,
Жазық бел еніп жатқандай.
Тұяқтарға қосылып,
Сары дала дабыл қаққандай.

Самалмен ойнап жал,құйрық,
Төгілтіп жібек таққандай.
Жанары жайнап, ат құйғып,
Аспанда жұлдыз аққандай.

Көкпарлы жігіт қауымнан,
Үзіліп алға атылды-ай.
Жаралы досын жауынан,
Алып бір шыққан батырдай!

КҮЙ

Сазды әуен шалқығанда, құйылғанда,
Бір жойқын ойнақ салар құйын қанда.
Ақтарған тылсым сырын тіршіліктің,
Бұл күйді тыңдаудан жан тиылған ба?!

Нөсер күй лақылдап кеп ақтарылып,
Сыбдырсыз тыңдағандай бақтар ұйып.
Күй тілі түсінікті көрі-жасқа,
Шалқыса дейтін: - қанат қақты ақиық.

Күміс күй сыбыр-сыбыр күй айтасың,
Тебірентіп, көңілдерді мұңайтасың.
Қамығып,қасірет құшып тыңдағанды,
Күлдіріп, қуантасың, тыңайтасың.

Шықпаған ағын күймен шың да қалмай,
Шиыр боп құба жон мен құм да шалғай.
Бақытты болашақпен тілдеседі,
Адамдар кейде өздерін тыңдағандай.

Қаныма, жаныма да араласқан,
Күйді өзім тәңір деймін анау бастан.
Ол маған сыр айтады таңғажайып,
Түнде ұйықтап жатқаныма қарамастан.

Жүректі қытықтайды,тербетеді,
Биікке арманымды өрлетеді.
Өз жаным өзімдікі болмай кейде,
Қияңқы күй мені бір ер де етеді.

Заула күй кемеріннен тасып, шалқып,
Жүгірген жылғаменен мыстай балқып.
Есіме түсірдің-ау жастығымды,
Махаббат толқынында жүрген қалқып.

Ғашықтық отына алғаш күйгенімді,
Әкелдің көңіліме сүйгенімді.
Сұлуды көз алдымда көлеңдеткен,
Айналдым, құдіретті күй көңілді.

Қос ішек баяу ғана қағылғанда,
Жанарда бір ақ сәуле жағылғанда,
Керме иық дала жатты шыққа оранып,
Омырауға ақық, моншақ тағынғандай.

Сыбдырлап ақ қайыңның жапырағы,
Сыр тыңдап Жолдыөзектің атырабы-
Ақ гүлдер, қызыл гүлдер жайлаудағы,
Көз тартып, қызықтырып шақырады.

Сөйле күй, шешен сөзден жаңылсын да,
Күрмеліп тілі, тауы шағылсын да.
Сөзбенен жеткізе алмас сезім оты,
Домбыра шанағында жағылсын да.

Қоңыр күй сені естимін бар алаптан,
Желден де орман кезіп бара жатқан.

Адамның сөзінен де, құс үнінен,
Аңнан да қырда күшік аралатқан.

Естимін найзағайдан жарқылдаған,
Сазыңды ақ бұлақтан сарқылмаған.
Тек қана сенің үнің мылтықта жоқ,
Бей уақта, көл үстінде шаңқылдаған.

АУЫЛЫМНЫҢ ШАЛДАРЫ

Ассалумағалекүм,
Ауылымның шалдары,
Деп әдейі келуім –
Сағыныштың салдары.
Сендер тұрған
Қарт бәйтерек
Жапырағы төгілген.
Көлеңкесін саялап,
Тыңда әуенін
Құлағыңды сал дағы.
Еті кеткен көзінің,
Жанарының
Жалыны бар, алау бар.
Қарағанда қияға,
Көріне ме екен
Белдеудегі жараулар?
Ұйқыдағы даланың
Дүрсілдетіп кеудесін
Ай тұяқтар,
Оятқаны естіліп,
Елестей ме екен

Көтерілген жалаулар?
Құқыл тартқан жүзіне
Нұр құйылып кей-кейде,
Ақыл құсын
Ұшырады-ау
Бостандыққа кең кеуде.
Сілең қатып күлесің,
Ілігесің
Қармағына бірде ойдың,
Артис, ақын... карттарға
Кім лайық тең деуге?!



ҚАЗАҚТЫ ҚОЙША ҚЫРЫП...

(Зұлмат заманның теперішін көп көріп, өмірден қыршын кеткен әкем Мұқамәдидің аруғына арнаймын)

Тамыздың ыстығын-ай ми қайнатқан,
Бұлт та айналып өткен-ау бұл аймақтан.
Голощекин һәм "кіші төңкерісі"
Қазақты қойша қырып, құмда аунатқан.

Жұпар иісін Арқаның көміп көптен,
Өлім иісі жер-көкті керіп кеткен.
1931 "Ақтабаннан",
Сорақы боп тарихқа еніпті өктем.

ҚАСҚЫР ТИГЕН ЖЫЛҚЫДАЙ...

Қасқыр тиген жылқыдай шұрқырағаң,
Босқан ел сары даланың шырқын алған.
Шаңқан үйлер жабылған түндіктері,
Жерошақта қазан жоқ бұрқырағаң.

Бұйым қылмай табанын тас тілгенін.
"Ішке" ұмтылды қазақтың бас білгені.
Балқарағай жаңғағы жан шақыртты, -
Бас қойып, іші жылып, аш күлгені.

СҰСЫҢНАН ҚОРҚУШЫ ЕМ...

Ғұмырын ұлы елді басқаруға арнаған,
Уақыттың тынысы сияқты ең талмаған.
«Тәңірісің» сен деуге аузым бармаған,
Сұсыңнан қорқушы ем «ағаш құдайдан» аумаған.
Ұстазым айтқан жоқ «құдай» - деп, кім десем?
«Ай» десем - ренжіп, мәз «күнге» теңесем.
Ол - әкең, ол - бабаң, ол нағыз күн көсем
Онсыз дүние қараңғы, «ұқ!» - дейтін білмесең.
Болмаса ол, құрдымға жұтылып тіршілік,
Көктем де келмейді, қайыңға бүр шығып.
Өрт жайлап даланы, аң мен құс түршігіп,
Қайғыға қамалад кәрі-жас күрсініп.
Қара аспан қақырап, құлайды жерге кеп,
Тартылып өзендер жүгірген елгезек.
Толады, тұнады, запыран - шерге өзек,
Ол өтсе өмірден, зар илеп ел біткен,
Мәңгіге шықтық деп, танылған - елдіктен.
Айрылып бірліктен, шыңдалған ерліктен,
Басшымыз «әперген» ада боп теңдіктен,
...Тіріміз әлі біз, көз салдық алысқа,
Қомдадық қанатты, самғадық ғарышқа.
Шақырып дос түгіл, дұшпанды жарысқа.
Қалсақ сәл, ренжіп, қол соқтық табысқа.
...Жигули артында шыныға жабысқан
Суретте мұртты отыр жарылмай намыстан.

АШТЫҚ

(Апамның көргенінен)

Айдала. Аңызақ.
Күн қақтаған тобылғы.
Бұта біткен тамызық.
Лап етердей қабығы.
Ирек-ирек сүрлеу-із,
Өшіп, кейде табылып.
Ып-ыссы жел гүрлеуік.
Боз далада шабынып.
Күйіп кеткен қияқ шөп.
Күйіп кеткен сырлы бақ.
Аптап, аштық қияс кеп,
Тіршілікті тындырмақ.
Тынды аштықтан тіршілік,
Қойдай қазақ қырылып.
Күн қып-қызыл түршігіп,
Жүзі теріс бұрылып.
Ей, жарықтық, жарық күн.
Бар әлем, дүние тәңірі.
Қырды өлімге қарық қып,
Тастау ма еді әмірің?!
Қыр қыдырған желге ұқсап,
Қазақ көшпелі ел еді.
Колхоз болып, жер құшты,
Арқада арлан желеді.
Қазақ деген момын ел,
Бар адамды дос көрген.
Қонаққа сый - бас берген.
Білдірмей бар-жоғын ол
Жорға мінген нұр толып,
Жер басқызбай аяққа.
Қарға адым жер мұң болып,

Тұр сүйеніп таяққа.
Кең жиһан, кең дүниеде
Сүйеніші таяқ па?
Бұзылды екен күй неден?
Таяныш болмай қазаққа.
Тонаудан басқа қолдау жоқ.
- Қырылдық-ау, қырылдық.
Бәрі бос сөз, алдау боп,
Заманға қандай ұрындық!
Өкініші жоқ қарт өтсе,
Қызығын көрген өмірдің.
Жасындай қыршын жас өтсе,
Аянышы кетпес көңілдің.
Қарамайды аштық тигенде,
Шетінен елді жусатып.
Топалаң дейтін күйге енді,
Бөбекті, жасты қаусатып.
Өкімет қайда кеше біз,
Төсімізді ашып қарсы алған?
Сталин қайда неше біз,
Бабамыз деп жар салған?
Бәрі де үнсіз. Тыныштық!
Өліктер құшқан даладай.
Қол созар кім бар ұлы іс қып? –
Кемсеңдеп қазақ баладай ...
Тамшы да құрып кеткен бе?
Тамбайды жасы көзінен.
Ұғынарлық жоқ еш пенде,
Күбір де жыбыр сөзінен.
Таусылып дәурен, не шара
Күш қуат, ұсқын қашты анық.
Қисая кетті бишара,
Бір өлікті жастанып.

ҚАЙДАСЫҢ, СІБІР?

Ауыл аман, үйде аман,
Кетілген емес бұрышы.
Құсы кеткен ұядан,
Аумайды, әттең тұрысы.
Ит жүгіріп ауылда,
Ұшпайды қарға үстінен.
Сытырлап тамбай жауын да,
Өлі тыныштық, күшті ме ең?
Тыныштық қандай үрейлі,
Күл қауып қалған ошақтар.
Қаншықтар қайда? Үр мейлі!
Тыныштыққа қарсы бол шоқпар!
Тірліктің белі күйреліп,
Сұрапыл тыныштық-мәңгілік.
Жан-жаққа аштық сүйреліп,
Ел тозып, кетті мәңгіріп.
Қызылжар - Көкше-хан жолы,
Теңкиген өлік-өлексе.
Тіршіліктің бар-жоғын.
Тану қиын керексе.
Далада аптап, күн жалын.
Күйдіріп шөпті, жерді де!
Қазаққа құдай тұлданып,
Бұйыртпай қойды-ау көрді де!
Өліктер қырда шашылып,
Оты өшкен көздер ашылып,
Көкжиекке анау ашынып,
Үмітпен қарайды асығып!
Талқыға қилы түссе де,
Ар биігін іздеген,

Тірліктің жібін үзсе де,
Үміттің жібін үзбеген,
Қайран бауырластарым,
Жұртыңды қайда тастадың?
Еліңді қайда бастадың?
Ел-жұрт көшіп қиянға,
Әшін, Томға, Үркітке
Сыймайтын іс қиялға,
Елден безу, үркіп те!
Бастары ісіп, іш кепкен.
Үрген қарын секілді.
Бойдан қайрат-күш кеткен,
Бақ сынауға ел бекінді.
Тірі қалса, тек тірі...
Талғажаулық табылса...
Қаһарлы еді көп түрі,
Алмасы жоқ жабылса!
Сібір, тайга ел-жұрттың
Көз көрмеген аймағы.
Аппақ қарлы Якуттың,
Бұзылмаған қаймағы.
Сәлем Сібір, Үркітім,
Сәлем орыс, якутым.
Голощекин үркітті,
Қазағыңның жоқ құты.
Қалды бәрі. Мықтылық –
Арын бермей өңгеріп.
Ит жеккеннен шықты жұрт,
«Естігенді көз көріп».
Әр томардың түбінде,
Әр бұтаны саялап,
Жатқанға жел күбірле,

Зиарат етші аялап.
Торғайдай боп томпайып.
Мәңгі қалған бауырлар.
Еске түссең – ортайып,
Көкірек жүгі ауырлар.

ӨРТТЕ ЖАНҒАН ҮМІТ

1930-31 жылдары Бейнетқор ауданына қарасты ауылдардың малын тігерге тұяқ қоймай сыпырып алып, белсенділер Смирново станциясына әкеліп сояды. Сөйтіп, бір жаққа жөнелтеміз деп темір жол бойына үйеді. Күннің ыстығына шыдамаған қыруар ет иістене бастаған соң, үстіне керосин құйып, өртеп жіберген. Бұрынғы Бейнетқор, қазіргі Аққайың ауданы қарттарының әңгімесінен.

Бейнетқордың бар малын
Сойып тастап, от беріп.
Орындады ол арманын
Бір үлкен іс өткеріп,
Керосинмен лапылдап,
Лаулап тау ет аулақта,
Шоқ-шоқ жалын жалындап,
Ұшып жатыр жан-жаққа.
Жандыр! – деді, ол жақты,
Елдің малын тартып ап.
Жауыздыққа қол соқты,
Жауыз жүзі жарқырап.
Бір тайпа елдің бар малы
Жанып тұрды-ау күні-түн.
Қазақтың алда арманын,
Өмірден қиды үмітін.

Аш ауыл үстін кезген-ді
Ет исі күйген, қоңырсып.
Көкірек хошын сезгенде,
Жан берді сәби ыңырсып.

САЛЫҚ

Төле! – дейсің салықты,
Қылқылдаудан айнымай.
Малдан қалған саулықты,
Жуырда алдың, қайным-ай,
Жоқ тігерге тұяқ та,
Не үшін салық төлеймін?!
Құдайдан да ұят та,
Шіп-шикі қызыл кедеймін.
Қырып алар қызылы
Жоқ қой алты баланың.
Көңіліңнің қыжылы
Зәріңдей-ау жаланың.
Жаяу қалды салқиып,
Ағаңның жоқ кергі.
Қора тұр, әне, аңқиып,
Мал екен ғой көрігі.
Не үшін салық төлейін,
Айтшы, ауылдың пысығы?
- Бас тартшы тек, көрейін,
Бар ғой ит пен мысығың.
Қысқарт қысыр сөзіңді! -
Көшкін, - деді ол Әмірге.
Өз итің қапса өзіңді,
Не дауа бар тәңірден?!

СОҒЫСТЫҢ ҚАСІРЕТІН ТАРТТЫҚ БІЗ ДЕ

Соғыстың зар-мұңынан уана алмай
Өксігімді кеудеден қуа да алмай,
Сең соққан балықтай боп келем әлі,
Жабысқан басымда бір дуа бардай.

Есемді алған қасірет, есемді жеп,
Еске түссе кетемін есеңгіреп.
Қайда жүрсем соңымнан қалар емес,
Соғыстың көлеңкесі, кеселі көп.

* * *

Қырық жыл қырғын біткелі жер бетінде.
Көне көз аз. Жас ұрпақ ер жетуде.
Сол бір қанды сұмдықтың табы әлі бар,
Байқап тұрсам өмірдің келбетінде.

Терезесін көңілдің талқан етіп,
Жүректі езген... соғыстың сойқаны өтіп.
Жеңіс күнге жетпеген кей қыршынның,
Шаңырағы құлады қайқаң етіп.

Әлі талай аналар боздағым деп,
Күңірентер даланы боздақ үн көп.
Көз жасына көмілген ауылдарды,
Ұмтылғанмын құшақтай жаздағым кеп!..

СОҒЫС ДЕСЕ, ДІР ЕТЕДІ ЖҮРЕГІМ!

Соғыс, соғыс, қасіретіңді көп көрдік,
Қазаны да, азаны да өткердік.
Қаршадайдан қабындырып өкпені,
Түзге шықтық қабымызды бөктеріп.

Тіршіліктің талдарына қарманып,
Шаттықты іштей тек жеңіске арнадық.
Қайыс бишік...
Маймақ өгіз...
Соқа айдап,
Мехнатыңа алдық әбден арбалап...

Соғыс десе, дір етеді жүрегім,
Зардабынан әлі де әлсіз білгім.
Әке, ағасы оққа ұшқандар бар болса,
Мен де достар,
Сол жетімдер бірі едім!

Суымапты үйден шығып кеткен із,
Келеді деп үміттіміз әкеміз.
О, уақыт, қандай жылдам жүрісің,
Әкесізбіз, енді өзіміз әкеміз.

«Көке !»- десе өзімізді бөпеміз,
Еленделміз ағайынды екеуміз!
Суымапты үйден шығып кеткен із,
Келеді деп үміттіміз әкеміз.

«ҚАРА ҚАҒАЗ!»

Соғыс жылы болатын жалындаған,
Шаңырақ жоқ жалынға шалынбаған...
Тарылмаған көңіл жоқ, еңсе түсіп,
Ел үстінде мұң бұлты қалыңдаған.

Елдің шығып кеткендей есі мүлдем,
Күнде қайғы қарайды есігіңнен.
«Қара қағаз» келетін зар жылатып,
Кей үйдің ошақ отын өшірумен.

Біздің -дағы босаға қақыраған,
Қара қағаз... тап болдық ақыры оған.
Соңғы хабар ағайдан келіп жеткен –
Қайтейін, жүрегіме ең жақын ағам.

Үміт те зор, сенбейміз өлді деуге,
Қу топырақ ағайды көмді деуге.
Көңіл айтып келгенді таяқтайды,
Байғұс апам, ызалы, шерлі кеуде.

Бұрышында кең үйдің қаңыраған,
Апам боздап түн бойы аңыраған...
Қораның төбесінде ит те ұлиды,
Бере салған сезімді тәңірі оған.

Ұли берді ол ағамды жоқтағандай,
Жас баладай жылаған, тоқтай алмай.
Қайран ағай жаралы жанталасып,
Қиналды ма қаруын оқтай алмай?

Шүйілді ме ол жауына қаршығадай,
Кеңірдегін езді ме қан шығармай?
Жігіттерін бастады-ау шабуылға,
Уралап, бойын жаза тал шынардай.

Жекпе-жек қаһарланып алысқанда,
Бүктеді ме жауын ол арыстандай?
Тулады ма жүрегі, оқ атқанда,
Автоматқа қос қолы қарысқанда?

Қарысты ма жау шептен өтпесін деп,
Қайран жерім қан жұтпай көктесін деп.
Ала құйын жанының түкпірінен,
Ағытылды-ау зұлымға кек көшкін боп!

Нені ойлады? Кім білсін, кімді ойлады,
Түтін жұтып, шаң қапқан күнді ойлады?!
Апам жүрді-ау қылаусыз көңілінде,
Көктем сайын бүр жарған гүлді ойлады...

Сары итіммен жарысқан қырға қарай,
Қырға қарай соңыма бір қарамай, -
Көз алдында келтірді-ау ағай мені, -
Бой көтерген інім деп - бір қарағай.

Елжіреді-ау жүрегі, елжіреді,
Жүрегінде ерлердің ел жүреді.
Айхай елім! – дегенде, жалын атып,
Тулады ма дүрсілдеп, кең жүрегі?!

Қорғасын боп жауына ол атылды ма,
Тереңіне теңіздің батырды ма,
Жауды қуып бара ма, түнді түріп,
Елдің таңын сөйтіп ол атырды ма?

Үш күн ұлып ит-тағы қара жойды,
Қара жойды ол – толқытып барады ойды
Балалық-ай, табардай ағайды іздеп,
Баурай берді үміт пен нала бойды.

САРҒЫШ ХАТ

Оқ пен оттан аман қап,
Жеткен майдан шебінен,
Сарғыш хатты амалдап,
Ептеп ұстап шетінен.

Оқып тұрмын толғанып,
Оқып тұрмын елжіреп...
Қан майданда ол қалып,
Сағынышы келді деп.

Оқып тұрмын ағайдың,
Жазған хатын шешеме.
- Есіңде ме ақ айдын,
Су тұратын көшеге?!

Көктемдерде мен сонда,
Жүргізуші ем «жел қайық».
Сен жекіріп келсең де,
Судан шықпай, «байланып».

Жүруші ем ғой, жүруші ем:
Белуардан малшынып.
Сен ұрысып, күлуші ең,
Қолыңда ойнап тал шыбық.

Жалқау ма едім кім білсін,
Есепке жоқ болдым ба?
Тәртіпті бол тым құрса,
Деп ұрысып салдың да...

Кейде сені мектепке,
Шақыратын мен үшін.
- Не айтамыз бұл тентекке,
Ұқпас білім мәнісін?!

...Кешір, апа, баланды,
Кешірерсің, түсінем...
Сағындым ғой даламды,
Өзің-дағы түсіме ен.

Автоматқа сүйеніп,
Кейде тыныс алғанда,
Жүрсің түске жиі еніп,
Айналып бір арманға.

Басталды атыс. Қан майдан.
Өлім - өмір белдескен.
Жауды соғып маңдайдан,
Ерлер мұнда ел дескен.

Жаным ана, ұлың да,
Емес қазір боз өкпе.
Қас дұшпанды бұрын да,

Тепкіледі өзекке!
Ел үшін оқ боратып,
Шырқап Жеңіс ұлы әнін,
Елді жаудан тазартып,
Жетер әлі-ақ ұланың!

САҒЫНЫШ

- Солдат!
- Солдат!
- Келе жатыр бір солдат!
Ойын тынды. Қыр үстінде тұр шаңдақ.
Кеудемде үміт тасыды-ай кеп,
Теңіз боп!
«Ағам шығар келе жатқан мені іздеп?!»
Ұшып келем қасқа жолды бетке алып,
Қан майданға, ол осы жолмен кетті анық!
Осы жолмен оралады деуші едім,
О, алақай!
Қандай мықты бұл сенім!
Зырлап келем,
Шеңгел, тасқа қарамай,
Тек қалмаса болды аяғым жарамай!
Алға ұмтылдым,
Алып-ұшып жүрегім,
«Келе жатқан ағам... ағам... білемін!»
Құшағына кірем барып, мен білсем.
Сағыныштың өртін солай сөндірсем.
Енді қашан,
Енді қашан жетермін?
Бір байқасам жылап келеді екенмін...

Көз алдымда сағым менен ырғала,
Әлденеше,
әлденеше, тұр қара.
Әлденешеу...
Әлденешеу бұл қара.
Енді міне,
Жалғыз ғана ...
Тұр дара!
Жо-жоқ!
Басқа жан екен мен көрмеген,
Құшақ жайып тұра қапты ол деген!
- Ағам қайда? – дедім оған,
Састым ба?
Ұмтылмадым,
Құшағынан қаштым да:
- Қан майданда ағайымды қалдырып,
Елге жалғыз келген кімсің қаңғырып? –
Сол кегіммен қарап қаппын.
Жалғыз-ақ көз!
Ежірейді өзіме.
Қарсы алдымда жалғыз көзді тұр құдай,
Енді қайттым?!
Енді қайттым, сұмдық-ай!
Кеберсіген еріндері дірілдеп,
Құшақ жайды ол әлсіз ғана күлімдеп.
- Келеді ағаң....
Келіп қалар күні ертең.
Мен де ағаңмын... құшағыма кір, еркем...
...Қайран солдат!
Түсінбеппін... Обал-ақ!
Жалғыз көзден тұрды жасы домалап!

ҚОС ҚАРЛЫҒАШ

Шешек атқан, шерулі өмірде бұл,
Өзекті өртер өкініш көңілде жүр.
Қыршын кеткен ағаның, қалыңдығы-ау,
Екеуіңді көрсем ғой өңімде бір!

...Қол ұстасып жүргенге ағайыммен,
Тамашалап қызықтап қарайын мен.
Еріп келем томпаңдап соңдарыңнан,
Ән әуелеп кеткенде талай үнмен.

Түсім екен көргенім, өңімде емес,
Бала екенмін, бір жақсы көзімде елес.
Қос қарлығаш секілді екеуіңді,
Көре алмаймын, қайтейін, өңімде еш.

БІР ҮЗІМ НАН ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Білмеймін қайдан келген, қашан келген?
Көрмеген жап-жас жігіт осы елден.
Кездесті үй алдында, қыс ішінде,
- Әй, бала, жүйрік, - деді сені желден.

- Жүгірші жалаң аяқ үйді айналып,
Нан берем, зырла, кәне, көр де ойланып.
Деп жігіт қапшығынан таба нан ап,
Басымнан асыра ұстап тұр жайланып.

Мен тұрмын нанға қарап, жігітке де,
Нан көру осы сәтте үміт пе еді?!
Төбемде күн жарқырап, нұрын құйып,
Басыма бақыт қонды-ау күліп тегі.

Соғыс жыл да іш кепкен қарамықтан,
Нан дәмін үлкен түгіл бала ұмытқан.
Алдай ма, мына жігіт қалжыңдай ма?
Ондай ойдан да аулақпын балалықтан.

- Бересің бе?! – дедім мен көзім жайнап,
Нан есімді алған ғой, ұштым заулап.
Бортылдатып аяғым шыны қарды,
Шауып келем, кебісім қалған аунап.

Титтей жүрек тулайды аласұрып,
Көкейде – нан! Келемін «жан ұшырып».
Мұздақ қар тілімдеген сирақтарым,
Ашып, үсіп барады, - қаны шығып.

Нан жеймін!- деп келемін тісім қайрап,
Нан! – дейді жүрегім де ішім қайнап.
Нан! Нан! - деп күбірлейді еріндерім,
Орғып келем оппадан күшім қаулап.

Сезінбей аяқтағы жараны да,
Айналып шықтым үйді, қораны да.
Тимейді тіске тісім, жіберіппін,
Мұрын мен көзден аққан сораны да.

Мәз-мәйрәм, жігіт күліп, шегі қатып,
Тамаша бір қызыққа қалды батып.
- Жарайсың ! Мынау саған, - деді ол маған,
Бір үзім нанды беріп бара жатып.

ҚОЛ ДИІРМЕН

Қарым талып барады, қарым талып,
Қол диірмен зырлатам барым салып,
Таусылды ма күшім де, қайратым да –
Қара тасқа маңдайдан терім тамып.

Бір көңілсіз диірмен жыр айтады,
Уыз сәби көңілді мұңайтады.
Боздақ үнге қосылам, мен де боздап,
Бір сарынды ол күніне мың айтады.

Кейіп кетем балалық шағыма бұл,
Назалымын диірмен сазына тұл.
Ыза болам әкемді ерте әкеткен,
Осқым келер ажалдың жағына бір.

«Өш, жетімдік, төбеңе, жасын құлап!» -
Деймін іштей, көзімнің жасын бұлап.
Майдандағы ағама өкпелеймін,
Тез келмеген фашистің басын бұрап.

Қол диірмен табандап, ауырлайды,
Күлдіретіп қолымды, жауырлайды.
Шаршап келген соқадан апам байғұс:
- Үккен ұның аз ғой, - деп «дауылдайды».

Бұл апамның емес қой «бақсылығы»,
Емес оның сезімге тапшылығы.
- Барлығыңа сенің де шүкіршілік.
- Алланың бір көрсеткен жақсылығы.

Деп сүйеді жүзімнен нарттай болған,
Дауылдаған, моншақтап терге шомған.
Екеулейміз, зырлатып диірменді,
Тірлік үшін үміт пен арман толған.

БОРАНДА

Боран ұйытқып,
Соғыс жылы қыс қатты.
Ауыл тау-тау қар астында қыстапты.
Жер астынан тесіп шыққан суырдай,
Әрең шықтық... ойынды да қысқарттық.

Биылғы осы қысыңнан да аспады,
Аға салған қора қирай бастады.
Ала сиыр ажалсыз-ау бейшара,
Қора астынан сытылып кеп қашқаны.

Жылайды апам ала сиыр аман деп,
Несібеміз үзілмепті балам деп.
Мен де шексіз қуандым-ау сол күні,
Той болғандай қан майданнан ағам кеп!

ҮЗІЛМЕГЕН ҮМІТ
(Баллада)

Толқиды жүрек бұлқынып,
Кеудеге сыймай жұлқынып.
Кейде баяу соғады,
Қалардай ғұмыр қырқылып.

Өшердей қазір тіршілік,
Бейкүнә жан түршігіп.
Арбадан түсіп байғұс шал,
Жүрелеп отыр күрсініп.

Кәрі жүрек талды ма,
Мұңға толып қалды ма?!
Көкірегің кернетіп,
Сағыныш у салды ма?!

Қос ұлы да өрімдей,
Көрген түстей көрінбей,
Сағындырды, сүйді ме.
Бөтен жерді өз жеріндей!

Сақалы желмен желбіреп,
Әжімді жүзі елжіреп,
Қиянға қарап отыр шал,
Көзінде жасы мөлдіреп...

Тынысы бір сәт ашылып,
Алқынған жүрек басылып.
Жинап жүр бөркін, қамшысын,
Көгалда жатқан шашылып.

Қаптатып басқа түнегін,
Шошытқан оны жүрегі.
Майданға кеткен ұлдарын,
Көріп-ақ өлу – тілегі.

- Сендерді көрсем арман да...
Болмас та еді-ау жалғанда.

Кеудем де отқа толғандай,
Өздеріңді еске алғанда.

Жүрек тулап дүрсілдеп,
Қалай ғана жүрсіңдер?
Мұз жастанып, қар төсеп,
Қалды ма екен құр сүлдер?!

Жау үміті солсын деп,
Жеріміз нұрға толсын деп.
Жалбарынам тәңірге,
Ұлдарым аман болсын деп.

Кәрілік, қайғы жүдетті,
Байқаймын науқас үдепті,
Тек жеңіс күнге құштарлық
Бергендей болды тілекті.

Күштерің жаудан боп үстем,
Оралыңдар жеңіспен!
Жер құнарлы, жыл жақсы,
Кеш қалмаңдар егістен... –

Жұмыстан қол үзбейді,
Шал одан бақыт іздейді.
Көңілге ол медеу іздейді,
Қайғыға дауа іздейді.

Майдан үшін дабыл боп,
Ел еңбекте, дамыл жоқ!
- Жауды жеңсек, дейді ол, -
Ниетіміз қабыл боп.

Майдан шықпай санадан,
Жанармай тартад қаладан.
Тұрмасын деп трактор,
Себетін дән көп далада.

Ұлдары жаумен күресіп,
Қарыс жер үшін тіресіп,
Жүргенде ол қалай отырсын
Қол қусырып сіресіп.

* * *

Күн де батты алаулап,
Батыс жақ тұр талаурап.
Әупілдек үні шығады,
Ұрғандай көлді сабаулап.

Батыс жанып тұрғандай,
Бетіне жалын ұрғандай,
Орман қызыл, шөп қызыл,
Қызыл бұлттар тұр маңбай.

Өгіз шөптен бас алмай,
Тоқтаған жерден аса алмай,
Жегулі қалпы оттап тұр,
Солығын әлі баса алмай.

Көңілде қайғы, мұң-қаяу,
Орнынан тұрды шал баяу.
Шым етті жүрек тағы да,
Тағдырда жоқ па, бар ма аяу?!

Кеудесін баса жұлқынып,
Қозғалды, көзі тұр тұнып...
Келе жатқан секілді,
Қос ұлы қарсы ұмтылып.

- Құлындар! Көрдім, жарады!
Қайғы-мұңым тарады, -
Деп қозғалған байғұстың,
Көзінен жас тамады.

- Ұлдарым келді жеңіспен!
Шақырам елді тегіс мен!
Бүгін той халқым, тойлаңдар,
Ертерек келіп егістен!

Осылай деп қуанып,
Бос үмітпен жұбанып,
Өзегі өрт шал өксіген,
Қайынды ұл деп тұр анық...

Қос қайынды тел өскен,
Құшаққа ап танған шал естен.
Тірліктен белгі жоқ жүзін,
Жөнелді сипап жел ескен...

ІЗДЕУ

Қырық жыл болып қалыпты-ау кеткеніне,
Қырық жыл ағам хабарсыз өткені ме?!
Қырық жыл іздеп таба алмай зарлап келем,
Көздің жасы қырық жыл бір кеппеді де.

Іздеудемін таңдарды таңдарға ұрып,
Кей-кейде шалдықтым да, таңдай құрып.
Іздеудемін от кешкен ағажанды
Батыр болған жауларды баудай қырып.

Он жетіде ұстаған алмас қылышын.
Іздеудемін ағамды жап-жас, қыршын.
Іздері бар, өзі жоқ өжетімнің,
Табармын деп келемін, қалмас тылсым.

Құшағында ойнатқан тай, баланы,
Іздеуменен саңдалдым тау, даланы.
Ағам қайда, сағындым, кәрі Кавказ? –
Деп едім таулар мен қаумалады.

Қыр баласы ол, емес-ті теңіз көрген,
Сонда да сұрау салам теңіздерден.
Өзің жеңіс әперген бүкіл елден
Бауырым-ау, қажыман сені іздеуден.

Естілер деп жаңғырық – ормандағы үн,
Шарлап келем орыстың ормандарын.
Дон даласын, Днепр, Балтық бойын...
Іздеу салып келемін сол маңдарын.

Табылар деп бір үміт маздай жанып,
Сенім күші бойымда қоздайды анық.
Құшағында тұрсам-ау бауырымның,
Сағынышты тарқатсам, боздап алып.

БІЗ КӨРМЕЙІК СОҒЫСТЫ

Соғыс деген бәлені естігенмін,
Көрмесем де қайғысын кештік елмен.
Қызыл аяқ... қарлы су... масақ теріп,
Санамызға бұл біздің өстіп енген.

Соғыс жылы балдырған баламын да
Көруге оны жазбапты таланымда.
Өгіз бақтым, соқа айдап, ерте есейіп,
Кеткеніме кейде таң қаламын да!

Көргенім жоқ соғысты – көргендерге,
Тыңдап өстім, майданнан келгендерді.
Қарсы алушы ек шуылдап бала біткен,
Қызықтауға фашисті жеңгендерді.

Ауыл қамы көңілде жүрді ме екен ?
Ұмыттым. Жүрегімде тұрды – мекен.
«Орда !» дейтін әкемнің шаңырағын,
Шайқалтпауға байладым белді бекем.

Соғыс десе жүрегім тулап қан да,
Жанып бара жатады у қапқандай.
Көз алдымда - еңіреп шал құшқан қыз,
Жастығы мен намысын ұрлатқанда.

Жетім қозы секілді жамыраған,
Жетімдер тек әр үйде қаңыраған.
Жұмыстан соң жесірлер ұзақ түнге,
Қол диірмен үнімен аңыраған.

Соғыс тажал қандаған ғасырларды,
Жалмаған теңдесі жоқ асылдарды.
Біз көрмейік «жұлдызды майдандарды»
Біз көрмейік төбеден жосындарды.

ҚАРА ЖОЛ

Қара жол бұққан шаңдағы,
Қайқайып шыққан ауылдан.
Қалпында әлі сондағы
Өзгермей жаңбыр, дауылдан.

Қала жақты бетке алып,
Созылып барып бел асқан.
Қасқа жол жайлы ой кетті алып,
Құшағын маған кең ашқан.

Уақыт жүйрік асықты,
Сүйрелеп көрлі түндерді.
Жол бойына шашыпты,
Көктем берген гүлдерді.

Қараймын жолға үмітпен,
Көңілде сола қоймаған.
Жүректі жеген күдікпен,
Арылып жаным болмаған.

Япыр-ай, неғып көрмеймін...
Бауырымды жолда бұл?!
Көзіммен қыр өрлеймін
Жоқ па екен қара алда бір?

Аттанып еді ол келем деп,
Көтеріп Жеңіс жалауын,
Қанша жыл бойы елеңдеп,
Жанымның күттім қалауын.

Күтудемін, күтемін,
Таусылмас менің төзімім.
Өзгертсе уақыт күрт өңін,
Таңыр ем нұрын көзінің.

Сөндірмей үміт шырағын,
Шығармай жолды басымнан
«Бауырым!» - деген бір-ақ үн,
Естісем деймін тосыннан.

Шаңдатып жолдың бел де өрін,
Оралса күй ғып маңайын.
Шинелінің жеңдерін,
Бұлғаңдатып ағайым.

КЕЛШІ, АҒА!

Жаңбырша бораған қорғасын,
Талайдың жарды ғой жүрегін.
Құлатып ағайдың ордасын,
Уақыт жұлды ерте тіреуін.

Шалдыққан өгізбен парласып,
Соқаны тартты анам зорыға да,
Қайғы мен өр намыс арбасып,
Тез тапты тірлікке жолды да.

Бәріне бейіл ғой шешеміз,
Күтеміз хабарын ағаның.
Шкафта тұр әлі кесеңіз,
Тай өсті сыналап сағағын.

Күрсіне бір жұтып арақты,
Отырар жеңгеміз кейбір күн,
Анашым түгесіп тағатты,
Күтеді ұлының келуін...

Бала едім бұғанам қатпаған,
Қайысты балдырған білегім.
Таңдардан іздедім ақ табан,
Жоқ әлі, жоқ ұлы тірегім.

Еркелеп мойныңа асылып,
Басайын сағыныш мауқымым.
Іркейін көз жасын жасырып,
Келші, аға! Тым болса, жарты күн!

КӘ,..КӘ...!

Соғыстан ел қажыған,қансыраған,
Талай бала жылаған, нан сұраған.
Жетімнің маңдайынан сипағанда ел,
Жанарынан қанды жас тамшылаған.

Автор.

-Нан үзіп лақтырамын саған қарай,
Көрейін нанға деген шамаң қалай?
Аузыңмен қағып алсаң, жей бересің,
Түсірме жерге үзімін, жаман бала.

Ересек қыз болатын мектептегі,
Бір мықтының еркесі,тентек-тегі.
Аш иттей бұраңдаған, маған айтқан,
Сөзіне қыздың көңілім елпектеді.

Қыз сөмкесі нанмен тек томпаятын,
Болған емес бір күні ортаятын.
-Ит болып, қақ! - деді қыз, - қағам! - дедім,
Атамның құны бар ма,шалқаятын.

Үзім-үзім нанды қыз лақтырып тұр
Менің нанға құмарым асқыныпты.
Бірі аузыма түспейді, қас қылғандай,
Қай пәле қуған менен жақсылықты.

Нан бетіме түседі, көзіме де,
Үйрене алмай,әлекпін, сезіне де.
-Мә! - демеді, кә! - деді бір кезде қыз.
Аузымда - нан, керегі өзіме де.

«Кә, кәлейді» қыз мұны қызық көріп,
Лақтырады маған нан бөліп-бөліп.
Тәсілденіп алдым да үзім нанды
Түсірмеуге тырыстым - өшіп-өліп.

Қыз сөмкесін, байқаймын, орталады.
Орындалып өзінің бар талабы.
Ішім жылып, маған да тоқтық енді,
Қыз тағы да «кә,..кә», - деп қайталады.

ЖҮРЕГІМДЕ - САҒЫНЫШ

Кеуде қағып, демеймін мен: ерледім!
Елмен бірге еңбектендім, терледім.
Ауырлықты, жақсылықты елменен,
Бірге көрдім - құлдырадым, өрледім.

Елмен бірге таңды көріп, қарсы алдым.
Тамылжыған таң нұрына тамсандым.
Тіршіліктің ақ сәулесі-ай, қымбаттым,
Жырға қостым, күйге қостым, ән салдым.

Жау оғынан елмен бірге қорықтым.
Жігерлендім, кейде, тіпті, торықтым.
Боздап жүріп, шырқап жүріп ерлікті,
Елмен бірге жеңіс күнге жолықтым.

Бұл жеңістің құны қымбат, ерекше.
Жолы, жөні, салмағы да бөлекше.
Әкемізді, ағамызды аяулы
Құрбан еттік жеңіске осы, керексе!

Емес әсте, бос айқай-шу, құр дабыл.
Жеңіс күнді тойлайды ел жылда бір.
Ал мен болсам, балықтаймын сең соққан,
Жүрегімде сағыныш жүр, мұң да жүр.

9.01.01 ж.

СҮЙЕНІШ БОЛДЫ ІНІСІ

(Бауырым Қизатқа)

Соғыс жылдың қысы да,
Ызғарлы еді сұсы да.
Отыны жоқ, оты өшкен,
Ошақты өлім құшты, - де.

Сиыр жегіп шанаға,
(Отын,отын - санада)
Аптайыма серік боп,
Шықтық үйден далаға.

Дөң астында - шоқ орман,
Күртік қарға оранған.
Ыза буған желменен,
Боран мұнда қамалған.

Дем алдырмай, ышқынып,
Соққан боран ысқырып.
Жан алғыш па! - деп қалдым,
Бұл сұмдықтан қыстығып.

Жуан ағаш кесетін,
Күш болмаса не етесің?
Балталап жүр аптайым,
Ақ қайыңның нешесін...

Орманнан бұл отынды,
Шығармақ боп бекінді.
Ағашпен ол жүре алмай,
Оппаға әбден отырды.

Кеудесінен қарға еніп,
Қозғалуға ол әл кеміп,
Тер ме, көздің жасы ма?!
Сорғаласын ал келіп.

Иығында отын сақтаған,
Қадаған көзін тап маған.
Аптайым қардан шыға алмай,
Жүректе үрей қаптаған.

Көңілден кетпес мұнар-мұң,
Алтыда сонда болармын.
Тырбаңдап бардым: аптай!-деп,
Ұшқыны атып жанардың.

Күртік қарға батпадым,
Шанаға із сап,таптадым.
Бір-бірлеп сүйреп ағаштың,
Бір шана отын артқамын.

Аптайым сонда жылаған,
Көзінің жасын бұлаған.
Қуанған-титтей інісі
Сүйеніш болып тұрды оған.

9.02.02 ж.

ҚАРА КЕМПІР

(Иса атамның бәйбішесіне)

Қара кемпір,қара кемпір қайыстай,
Қайғыға да қара емендей майыспай.
Тағдырына тәлкек болған қайыспай,
Тағдыр жүзін табанымен жаныштай,

Жүретін-ді, шарт буынып шапанын,
Қос ұлының тілеп сәтті сапарын.
Көкірегінде күркіреген жатар үн,
Көкірегінде алаулап бір батар күн.
Қаралы хат сындыра алмай сағын да,
Ұшыра алмай басындағы бағын да.
Өшіре алмай дулы дүбір шағын да,
Құлата алмай бал үмітті тағын да,
Мұңсыздай-ақ қайраттана күлетін,
Күлкісімен қасірет бұлтын түретін.
Күлкісінде сүңгі, семсер жүретін.
Жұрттың бәрі оның сырын білетін.
Қамқор,сүйеу болса да оған ел біткен.
Аяушылық сездірмейтін келбеттен,
Аяушылық білдіргенді ол елдіктен
Шығарардай улы үндерді селдеткен.
Ақ жаулығын жел жұлқыған түзетіп,
Маңдайынан қыстың ызғар сызы өтіп,
Өрімдердің шаңырағын күзетіп,
Күтуді әркез көңіліне мәз етіп,
Көз алдынан өмірінің жазы өтіп,
Тұратын ол қала жаққа қадалып,
Қала жақтан күтуші еді жаңалық.
Жаңалықта бола ма екен алалық?!
Құлазытып қойған көңілді алаң ғып,
Ашуланса ол шарт сынатын, пісіне,
Шыбық ала ұмтылатын кісіге.
Кектенбейтін ауылдастары ісіне.
Қаралы ана, онда жұрттың ісі не?!
Қарт ананың қылығын жоқ ел сөгер,
Кездескенге ол әмір етер: бел шөгер!

Арқасына отырып ап теңселер,
Жұлығына су тиер жер келсе егер.
Өзінің де алған соғыс мазасын,
Ел өткерді талай боздақ қазасын.
Жуып-шайып қарт ананың назасын,
Жеңілтпек ел күйінішін,азасын.
Азалыны,қазалыны ауылда
Еркелетті, еркінсітті қауымдар-
Аман тұрса,ағайындар,бауырлар
Сейіледі басқа төнген дауыл, қар.

КӨКТЕМЕДЕ САУЫҚ КЕШІ

Алуан нәзік күйлер құйып,
Құстар келді көктемді алып,
Сыбызғы әуен бозторғайлар
Шырқатады естен танып:

Құз-қияға, қырға келді,
Құс мәз-майрам ұя басып,
Тәтті әуенге мүлгіп енді.
Тұр табиғат құлақ асып,

Нажағайын, желін жұмсап,
Көктем өзі жарлық берді,
Жер түледі, жан шақырып,
Тірілтті бар жәндіктерді...

Бас асаусып арындады,
Кемерінен «Балықты» асып,
Сай-саланы аралады.
Ақ толқындар зайыптасып.

Сыбызғы әуен торғай әні.
Төңкеріліп тез оралды,
Бетховеннің асау күйі –
Еңбек күйі кезек алды.

Жолдыөзектің жағасында
Ән көктемі қолтығына ап,
Көңілімді алуан күйге
Тастады ғой толтырып-ақ.

Құстар, анау, сыңсып өткен,
Келді ме екен теңіз асып,
Көңіл күйін қозғайды бір
Жанға жайлы лебіз шашып.

Ойдан қағыс еткен емес,
Үміт шіркін ағамды әсте,
Жылы хабар көктем сайын.
Құстар маған әкелмес пе!?

Табиғатқа жан бітірген.
Күшті-ау, көктем құдіретің,
Тынған жүрек қайта соғып,
Жағар ма әттең ғұмыр отын!

Нажағайың, желің жұмсап,
Көктем ару, жарлық берші,
Бар еді ағам өткеретін,
Көктемеде сауық кеші.

* * *

ЗІКІР

(Марқұм Сүйіндік бақсының
аруағына бағыштаймын)

Қараағаштың қырық қызын,
Билеп алды бір шалық.
Біреу емес, мың шалық.
Домалатып, жүр шалып.
Бірі жұлып бұрымын
Бірі шайнап бармағын.
Ыңырсыған зарлы-ақ үн,
Ауыл-үйдің бар маңы.
Бет- ауызы тырналған.
Езуінде-жылы қан,
Құлағы да жырылған,
Сырғасы да жұлынған.
Өрім талдай бой жеткен,
Бір-бір үйдің сылаңы,
Кімнің салған лаңы?
Кімнің улы жыланы?
Арулардың жүрегі,
Кеудесіне сыймайды,
Асау тайдай тулайды,
Бұлқынудан тынбайды.
Жандарын жеп албасты,
Қайдан келіп жармасты?
Мазақ етті-ау қандасты.
Сұлуларды қан басты.
Өлім деген немене?
Бәле келіп буғанда,
Құлақта шулап тұрғанда.
Жын қақпанын құрғанда,

Топырлатқан қыздарды.
Жын дегенің осы ма?
Перғауынның досы ма?
Жамандықтың хошы ма?
Көргенімді бұлжытпай,
Қабылдаймын, аламын.
Мен ол кезде баламын.
Ақыл мен ойға шаламын.
Естері кірген шағында,
Бірін-бірі құшақтап,
Көздерден жас бұршақтап,
Тұратын қыздар сыр сақтап.
Бауыр етім езіліп,
Күйзелуші едім олармен,
Күйінуші едім олармен
Күюге бар ем олармен.
Зікір,зікір,зікір!-деп,
Тіл мен көмей бүлкілдеп,
Ауыл іші зіркілдеп,
Төңірек түгел дүңкілдеп,
Қараағаштың қырық қызы,
Атжалмандай шұлғиды,
Жорғадайын ырғиды,
Керіліп, кербез сырғиды.
Қуанды қыздар, қуанды ел,
Арылып бәле-науқастан
Дажалды жеңіп, айқасқан,
Жынды да жеңіп шайқасқан.
Сүйіндік!-деген айшықты үн,
Қалықтап тұрды ел үстін,
Тамам жұрт жылап көрісті,

Мықтыңмен жап-жас, келісті.
Жын ба, әлде, шайтан ба?-
Сүйіндік үзді қолқасын.
Өртеді мүлде жаңқасын.
Сүйіндік бақсы дегенде ел,
Ішкен асын қоятын,
Жалғыз атын соятын,
Ісіне тәнті болатын,
Өнеріне жаны тоятын.

ВЫБОРГ ЖОТАЛАРЫ

Выборг жоталары,
Тұтасқан қарағайлар,
Топырлап боталары,
Шұбырып барады ойлар.
Ойлардың жетегінде.
Келемін орман кезіп.
Кей-кейде кетемін де
Шығындап, жөннен безіп.
Блиндаж, окоп жатыр,
Алдымда-майдан ізі.
Кім екен? Қандай батыр?
Білсем-ау, қайдан өзі?
Қатты ұрыс, қайнаған қан.
Жылғаға жылап аққан,
Көк түтін, айнала шаң,
Қайыңдар құлап жатқан.
Жау ғана батыр жанға.
Көрінген кегі қайнап.
Жандәрмен атылды алға,

Қызыл ту көгінде ойнап.
...Өзіммен бірге өскен.
Қарағай арсыңдар ма?
Сындарлы ғұмыр кешкен,
Қайыңдар барсыңдар ма?
Қызылжар орманынан
Құс болып келдіңдер ме?
Жарасып ордалы маң,
Қалуға көндіңдер ме?
Қайыңдар батыл жандай,
Тек Жеңіс тілегі боп,
Қайыңдар батырлардай,
Кеудемен тіредің оқ.
Көпті ерлер Қызылжардан,
Елімнің атпалдары,
Жау шебін бұзып-жарған,
Выборг ақтангері,
Выборг ақ таңдары.

СОЛДАТ ҚАБІРІ

Бөтен елдің топырағын жамылып,
Жатыр солдат мәңгі ұйқыда жабығып.
Ол қазақтың батыр ұлы қаны ыстық,
Оянбас па туған жерін сағынып!

Фашистердің шеңгеліне түспеуге,
Жау ұсынған «бал шарабын» ішпеуге,
Ант берген ол шегінбеуге жарты елі,
Алға ұмтылды, алға қыран құс кеуде...

Қорамсақтан оқ жаудырды ол қанша,
Кек қамшылап көкірегін қорғанса.
Жауды өкшелей қуып барады тықсыртып,
Қуып барады күн ұяға қонғанша.

Жер пұшпағы өзі қорғап қалған сол,
Құшағына өр тұлғаны алды аршын.
Төлеп кетті Отанға айтқан ант-сертін,
Төлеп кетті азаматтық жарнасын...

«Туған жер!» деп бір шығарды өр дауысын,
Зор кеудесін басқанда зіл қорғасын.
Оянбас па елі-жұртын сағынып,
Бұл бір қазақ ерке бұлан – ардасы?!

Жер бауырлап құлап түсті талған соң,
Көкірегінен ұшты зулап көгаршын.
Көз алдынан өте берді дариға-ай,
Тәтті дәурен, жеткізбеген арман – шың.

ОН ЖЕТІДЕ ЕДІҢ

(Мүбәрак бауырыма)

Он жетіде едің, бауырым,
Он жеті-ақ жазды көріп ең.
Он жеті ғана көктемнің
Алаулы гүлін өріп ең.

Он жетіде едің, бауырым,
Есейіп кеттің-ау ерте.
Есею шаққа құлындай
Құлдырап жеттің-ау ерке.

Білдің бе екен, сездің бе,
Шалқалап айдың туғанын?
Бағыңа сенің күннің де,
Қан менен жүзін жуғанын?!

Айқасқа түстің тайсалмай,
Он жеті жаста едің сен.
Тойтардың сойқан апатты,
Бұзылмай жатыр еді сең.

Сағынам, сірә, сағынбас,
Жоқ шығар адам бауырын.
Жүзімді жасқа шылаймын,
Арқалап мұңның ауырын.

Жалғыздық еске түседі,
Өксімін жасты тия алмай.
Аттанар сәтте құшақтап,
Тұрып ең мені қия алмай.

Сарғайған сағынышымды,
Жоқтау қып айтам еңіреп.
Естімейсің ғой, бауырым,
Сен жатқан алыс төңірек.

...Қол бастап – шыққан дауысыңды,
Естімей қалдым, алтыным.
Ерлікке толы даңқыңмен,
Шығып жүр менің әр күнім.

ҚАРАЛЫ ХАБАРДЫ ШЕШЕМЕ ЕСТІРТУ

Сау ете қалып кешқұрым
Шым үйге біздің топ адам.
Көрмеген шалдар еш бұрын,
Келгені бар-ау қаладан.

Көңілдері неге басылды? –
Тілдерін жұтып қойғандай.
Кінәлі бәрі – осы үйдің
Сиырын ұрлап сойғандай.

Отырғандар тұнжырап,
Қабақтарын бұлт басқан.
Қимылдары да сылбыр-ақ.
Бозарған өң-түс қашқан.

Бір-біріне көз тастап,
Жер шұқылап, жалтақтап.
Күбіжіктеп кейі,тез қашпақ,
Қалақтай бастар қалтақтап.

Шешем байғұс ашулы,
Не болғанын біле алмай.
Қалтырап бірде шошулы,
Жиналған топты ұға алмай.

Көңілін жайлап қорқыныш,
Көбелек – жаны шырылдап,
Көкірегін меңдеп алқыныс,
Тарылып демі, сырылдап.

Сөз бастап кетті құйылтып,
Шалдардың бірі мақалдап,
Отырғандарды ұйытып,
Тақпақтап, сөзін мақамдап.

Жетіп тұр соғыс лаңы,
Әр үйдің отын өшіріп.
Өмірден өтіпті ұланың,
Ерлікпен бағын өсіріп!

Барлаушы болса керекті,
Жау шебінен «тіл» тартып.
Мергендігі еректі,
Көрмеген жауын бұлтартып.

Қолымызда өскен бала еді,
Азамат болды ашылған.
Тегінде батыр бар еді,
Ақырып жауын қашырған.

Айласын жаудан асырған,
Жолбарыстай ер екен.
Жауыздыққа ашынған
Намысты бермес ер екен.

Қырқылып түсті қыршыннан
Ұланы ауыл, Отанның!
Қан жұтып, міне, ыршып жан,
Жаза алмай қалдық жотаны.

Орыны толмас қаза бұл,
Қайысып қалды қабырға.

Анасың, қайғы азабын
Көрсең де жүгін сабырға.

Сабырлық керек мұндайда,
Десек те шыдам болар ма?
Құлағың сөзді тыңдай ма?
Сағыныш гүлі солар ма?!

Соғыстың өрті шалыпты,
Босағамызды аямай.
Ағайды ажал алыпты
Қыршындығына қарамай.

Жұбатқан елді жылаған,
Ақсақалдар да мықты еді.
Шаңырақты сонда құлаған.
Тұрғызуды маған жүктеді.

Қанатым әлі қатпаған,
Балапан едім онда мен.
Қайғыру да жат маған.
Шаттықты ғана таңдап ем.

Бір үйде, бүкіл атадан,
Мен қалған еркек кіндікті!
Ашатын менмін қайтадан,
Жабылып қалған түндікті!

Мен онда 6 жаста едім. Қаралы хабарды естіген шешемнің халі мынадай болатын.

Бетін осып тастады, бетін осып,
Шимандай! Күреңітіп қаны жосып!
Бөз көйлектің боялып омырауы,
Боздауына боздауын ел де қосып.

Азынады! Құдайдан қайыр аз да.
Ащы дауысы аспанды айырардай!
Ұлын апам жоқтады, құдайды да,
Қарғады, тоқтар ма енді бәрін қазбай .

Фашистерді қарғады, соғысты да,
Кегі де, ашуы да тоғысты ма?
Тағдырын да қарғады тұл боп өткен,
Көрмеген қуанышты, алғысты да.

Қанды жас, мен көрмеген бұрын-соңды,
Қанды бас, көзі іреңкі, жүзі солды.
Жұла берді шашын ол қан ұйыған,
Тастай болып қарысқан бұрым қолда!

Зарлады! Сай-сүйекті шымырлатты!
Үрейім ұшты, оллаһи, шынымды айттым.
Ащы даусы – ашуы, ызасы ма? –
Құлағымда әлі де шыңылдап тұр!

ЕСІМ ҚАЛМАЙ, ШЫР ЕТКЕМ!

Мен келгенде бұл өмірге шырқырап,
Қараағашта боран тұрған бұрқырап.
Шымшылаған аязы да бетімнен,
Шашымнан да асау желі жұлқылап.

Әкем байғұс ұл туды деп жар салып,
Елді жинап, қуанышқа мал шалып.
-Дауылда да той тойлайды бұл қазақ,-
Деді көкте бұлт басқан күн тамсанып.

Тағдыр менің келгенімді құп алып,
Байқауымша,қарсы алмаған қуанып.
Сталиндік теперішті көп көрген,
Әкем де озды жап-жас қыршын қиналып.

Қырғынды шақ талайыма жабысқан,
Ел де, мен де қажыдық қой соғыстан.
Пушкинді ағам қорғап жаудан Псковта,
Қасық қаны қалғанынша алысқан.

Жетімдіктің бар мақсаты: тұл етем!-
Бұл парнағың мені тосып тұр екен.
Шалғайыма ұмтылғанда ол пәлең,
Есім қалмай, жаным шошып, шыр еткем!

ОН БЕСІМ

Толқындай соққан жаға – тау асылып,
Жүрегім тулап жатыр аласұрап.
Тепсініп қабырғаны күйретердей,
Менсінбей он бесімді баласынып.

Егесіп, тағдырына тапсынатын.
Жүргенде табанынан от шығатын.
Жүзіктің көзінен де өткен он бес,
Япыр-ау қандай жүрек жатсынатын.

Қасірет, қайғы менен елді құрсап,
Тұрғанда өрт пен түтін жерді тұмшап,
Он бесті олқысыну мүмкін бе еді?
Жесір мен қартқа сүйеу болып тұрсақ.

Майданға аттанарда әкемізге,
Серт бердік жігіттерше кеше біз де,
Серт бердік – шаңырақты сақтаймыз,- деп,
Еш кірбің түсірмеуге шешемізге.

Айдаймыз, - дедік күшті байқап тағы.
Соқасын әкеміздің алқаптағы.
Күнұзақ егінді қыр аспанында,
Жас қайрат шырқап салған ән қаптады.

Пендеміз, емеспіз-ау құжыр бассыз,
Шындықтан қашып және құтылмаспыз.
Қорықтық, қиналдық та, қасірет шектік,
Оны айтсақ ел алдында ұтылмаспыз.

Өмірге ғашық өндір он бес деген,
Көзінде бақ жұлдызы елестеген.
Арманы – жеңіс күнге жетемін деп,
Бейнет жоқ белшесінен ол кешпеген.

Заманның толқынында аласұрды,
Кім оны балдырған деп баласынды.
Өмірдің өзі бапкер баулаған ғой,
Күреске тірлік үшін жарасымды.

ӨГІЗ БАҒЫП ЖҮРУШІ ЕМ

Өгіз бағып жүруші ем соқадағы,
Балауса бал құраққа Қопадағы.
Бусанған жер бұрқырап, көктем демін
Жаюшы еді алқапқа жотадағы.

Ымырт түссе, салқындап егісті аймақ,
Жұлдыз көкте өретін тегіс жайнап.
Жас жапаға аяқты жылтып тұрып,
Қиялдаушы ем нанды ойлап, жеңісті ойлап.

Ұшқыр қиял қанатын сабалайтын,
Әкені ойлап – мың қайғы қамалайтын.
Ойды бөліп, оқыстан қайран төбет,
Қоймай-қоймай қасында абалайтын.

ЖЕТІМЕК

Бақыт құсы ұшқанда басымыздан,
Естіп өскен сөз ғой бұл жасымыздан.
«Айналайын» дегенмен бірдей бізге,
Басқа сөз шықпаған соң қасымыздан.

Өзге сөзді айтпайтын жатсынғандай,
Үйме-жүйме жаудырып басқа ұрғандай,
Майданнан қара қағаз тап болса елге,
Сөгуші еді бізді жұрт қас қылғандай.

Қолпаштап, құшақ жайып, ақыл қалмай,
Фашистерді елге біз шақырғандай.

Ауылға аштық, зорлық, өрескелдік,
Әкеліп біз еңсесін жапырғандай.

Көтерем боп сиыры қыстан шықпай,
Сөз естіртсек шешеге сабақ ұқпай.
Бізді нұқып қалатын : «жетімек!»- деп,
«Жегенің қырсықтан жүр бойға жұқпай».

Қалқан құлақ, қазан бас, қылдай мойын,
Жетімдердің кім білер қандай ойын?
Көңілде – нан! Көкейде – жылдам өсіп,
Военкомға көрсетсе таудай бойын.

Көзге түрткі болғанша майдан барсам,
Майдан барсам, фашистке ойран салсам.
Бекен шал «жетімек» деп көп ұрсатын,
Есітіп ерлігімді қайран қалса!

ИНТЕРНАТТЫҢ ҚАРА НАНЫ-АЙ!

Интернаттың қара наны көкаяздау, соқталау,
Өзегімді отықтырып, өмірімді сақтады-ау.
Сен жайында сөз кестелеп, жыр тиегін ағытпау,
Обалдағы, ұят болар қасиетіңді мақтамау.

Кейде қышқыл, кейде кермек татыса да қара нан,
Қиын-қыстау шақта жанға нәр болуға жараған.
Адам болып жер басуға, бел асуға дем берген,
Өзіңменен мұраттарға сенімменен қарағам,
Айналайын, интернаттық , қасиетті қара нан!

НАН НЕ ДЕГЕН ДӘМ ЕДІ?!

Көктем туып, күн шашқанда нұр-шуақ,
Қалай жатсын қар астында қыр шыдап.
Қар суымен ел де шыққан алқапқа,
Бүрсең-бүрсең масақ теріп жүр шұбап.

Мен де келем етек-жеңді түрініп,
Аяғымды әзер басып, ілініп.
Талғажаулап, талдырмауға өзекті,
Су астынан дән іздеймін үңіліп.

Майдан жылдың ұзақ күтіп көктемін,
Асығушы ек сезінуге көк демін.
Көктем бізді жеткізетін масаққа,
Шапағатын аямайтын көкте күн!

Жер тырмалап жем іздеген тауықтай,
Бүкіл ауыл егінжайға ауыпты-ай.
Дәнге қолы жеткендерге үміт көп,
Олар үшін мына тірлік сауықтай.

Ойламауға ертеңді жоқ дәлелің,
Көңілдіміз, тіршіліктен дәмелі.
Жонарқаны күн қыздыра бастады.
Ішті жылтқан нан не деген дәм еді?!

ТҮСІМДЕ КӨРГЕН ӨГІЗ

Түсімде көрдім өзіңді,
Соғыс жылғы өгіз «аткүрең».
Жақындап маған, көзіңді
Алайттың неге? - деп күлем.

Нөгербектің шүйгінін,
Жалғыз жайлап жүр екен.
Жақсарды ғой күй бүгін,
Жасарды ғой бұл мекен.

Түсіме неге енді екен,
Күрең өгіз маңқиған?
Ұмытатын мен бе екем,
Сол жылдарды сан қилы?!

Түп жетекке жегіліп,
Тартушы едің соқаны.
Мұңды әйелдер егіліп,
Шырқамайтын жоқ әні.

Тұрушы едің ырсылдап,
Түгіңнен тер тамшылап.
Ренжуші ем, «құрсын» деп,
Айдаса әйел қамшылап.

Қозғалушы ең сонда сен,
Бұраңдатып жотаңды.
Табанкерең, жолда сен,
Қалдырмайтын соқаңды.

Қамшы тисе жауырға,
Желуші едің тайраңдап.
Саған мініп ауылға,
Бару қызық сайраңдап.

Үлкендерге көрінбей,
Істейтін іс бұл түнде.
Балалыққа берілмей.
Қоймайды екен бал күнде.

Шаңырақтай мүйізің
Жүрісіңнен шайқалып.
Астық тарттың күн ұзын,
Комбайннан найқалып.

Бункер дәнге толғанда,
- Асығатын жалғанда
Күнің бар ма, құдай-ай?! –
Комбайыншы шыдамай,

Деп налитын жеңгеме,
Сені айдаған асығып.
Жөнге көнер «пенде» ме ең,
Жылайтын ол ашынып.

Сен түсіме ендің де,
Бал дәуренді еске алдым.
Тағдырға ерте көндім де,
Базарымнан кеш қалдым.

Кеш қалдым ба, сап көңіл,
Ерте өсіп кеттім ғой.
Қара түтін, өрт - өмір,
Ортасында жетті ой.

Қара құрдай өргізем,
Сан ойларды миымнан.
Өгіз десе, өгіз ең,
Мойымайтын қиыннан.

Жонарқаңда тербеліп,
Жонарқаңда шаттандым.
Жонарқаңда өрленіп,
Өзіңмен қырға аттандым.

Жонарқаңды мекендеп,
Жонарқаңда қорықтым.
Жеңіс күнге жетем деп,
Сен де, мен зорықтым.

Зорықсақ та қиналсақ,
Бақыт күнмен көрістік.
Омырауым – жыр моншақ.
Жөнелдің сен өріске.

Бейбіт күнде сүйсініп,
Бақыт әнін шырқаймын.
Өгіз көрсем күрсініп,
Маңдайынан сипаймын.

МҮГЕДЕКПІЗ БӘРІМІЗ

Ауырудың құрсауынан шыға алмай,
Қиналумен келем әлі, ой, алла-ай.
Таңды таңдай,күнді күндей көрмеспін,
Тірлігімнен тынышсыздық жоғалмай...

Мен өмірге келген жылы іңгәләп,
Ел мен жұртты шырмап апты кіл азап.
Ауыл-үйдің бетке ұстарын-беделін,
«Жау» деп қырған Ежов деген бір кәззәп,

Үрей менен өлім қуған адамда,
Қандай ғана береке бар қоғамда?
Ашқұрсақтау сәби менің сорыма,
Соғыс келіп қан шашқан соң, оңам ба?

Қанды қарда жалаң аяқ жүгірдім,
Қанды түнде жұлдыздарға үңілдім.
Тағдыр маған сонша қатал болар ма?
Бірде құлап, бірде тұрып, бүгілдім...

Табанымнан қан сорғалап еңіске,
Құнар берді ол, бітік өсіп егіс те.
Қар үстінде егін соқтық - ел біткен,
Боздап жүріп, жетеміз деп жеңіске.

Оқ пен отты көрмесе де көзіміз,
«Нөгербекте» қорғадық ел шебін біз.
Маңдайыма мөрін басты уақыт.
«Мүгедек!» - деп, мүгедекпіз көбіміз.

23.02.02 ж.

БАЛҒЫН ШАҚТЫ АҢСАДЫМ

(Разиф Сұлтанұлына)

Ұйқы-тұйқы заманның
Қиқы-шиқы тірлігінен шаршадым.
Алғы күннен аз ба үміт?
Әйтеуір, мен балғын шақты аңсадым.
Разифпен қой күзетіп,
Жұлдыздарды қызықтадым
Қанша мың?!
Ақ жұлдыздар арман ба?
Қара көкте шашқан оттай самсады.
Қошқарына колхоздың
Мініп шаптым,
Сауыс болып көйлегім.
Ертегімен апамның түсімде мен,
Жауды жеңіп, ерледім.
Жалаң аяқ,жалаң бас,
Соқадағы өгізді айдап терледім.
Көзімді ойып, қолқа жарған,
Мөлдір тердің кермегін-ай,
Кермегін!
Төрт ауылдың шырағданы -
Қараағаштың сағыныппын мектебін.
Бабалардың үлгісімен,
Ұстаздардың білімімен
Мен осында көктедім.
Соғыс та өшті,
Көктедім де,таңға ұмтылдым,
Күнге қарай беттедім.
Қасқа бие арқасында жалбиып,
Білім іздеп,
Қараағаштан кеткемін!

ИНТЕРНАТ АСХАНАСЫНДА
(Еңбек мектеп-интернатына)

Интернаттың бір қанаты,
Кең бөлмесі - асхана.
Қақ ортада қайың стол -
Отыз қадам, жап-жаңа.
Төңірегі түгел бала-
Майдан жетім, ойлы көз,
Шүпірлеген ауыздармен,
Тек қалқиған бас қана.
Әрқайсында темір қасық,
Темір аяқ тарсылдап,
Асханаға «темір иттер»
Енген дерсің арсылдап.
Ыстық сорпа. Көкейде жоқ,
Басқа арман, басқа үміт.
Жаулағандай бойыңдағы
Бар ойынды, сырыңды ап.
Ас таратқан даяшылар -
Бала шынар делдеңдеп,
Жанарыма сіңіп мәңгі
Асхана да көлбеңдеп.
Аспаз апай, дәм тосушы ең
Мейіріммен, анамдай; -
Қалқам, бүгін мектебіңнен
Нешеу алып келдің? - деп.
Санамыз да сол бір жылдар
Ертеректеу жетіліп,
Бал дәуреннің көкжиегі
Бірте-бірте сетіліп,
Ересектер әулетіне
Ұқсап бақтық, ұмтылып.
Интернаттың шәкірттері
Алмаушы еді екілік.

ОҚУДАН ҚАЙТҚАНДА

Арба толы баламыз,
Арба толы көп арман.
Ауылды аңсап барамыз,
Ойнаймыз деп көгалда.
Сағынышы өршіген,
Жас жүректер дауылдай.
Қасқа бие тершіген,
Аяңынан жаңылмай.
Асықпайды ол тауысып,
Балалардың төзімін.
Олар ойша қауышып,
Ауылымен өзінің.
Кең жиһанға түр беріп,
Гүлді шөптер жайқалып.
Арба артында жүр еріп,
Бөрібасар найқалып.
Бос жіберіп делбені,
Шу-шулеуді қойды апам.
Мас қылғандай жер демі –
Көкіректе қоздап ән.
Шырқаймыз-ай, тербетіп,
Сары даланың күмбезін,
Сазымызды өрлетіп,
Қызықтырып күн көзін.
Қыстауына Ешкейдің
Иек артып қалыппыз.
Орындары ескі үйдің
Орманымен таныспыз.
Ауылымның түтіні,
Танауына келді ме?

Шымырланып бітімі,
Күрп-күрп басып, желді де,
Құлақтарын қайшылап,
Қасқа бие пысқырып,
Құйрығын да шаншып ап,
Кісінеді-ау ышқынып.

ДОСТАРЫМ МЕНІҢ

Көбелек қусақ бірге біз,
Жазылмаушы еді-ау, іргеміз.
Есілдің қайрақ құмында
Жатқан да шығар жүрген із.

Балалық думан тәтті кез,
Базары тарқап кетті-ау, тез.
Соғыстан соқыр келді әке,
Жанар боп жанды біздің көз.

Сөнген отты ошақта,
Тұтаттық титтей болсақ та.
Әке боп бүгін отырмыз,
Әкесіз мәңгі қалсақ та.

Ағаны ойлап аулақта,
Мұңаюшы едік кей уақта.
Шалғысын алдық пішенге,
Ілулі қалған шарбақта.

Арманым менің, құштарым,
Ұдайы бірлік ұштарым.
Қырандар қонған биікке.
Бауырым жазып ұшпадым.

САҒЫНЫП КЕЛДІМ

(Псков облысына қарасты «Пушкиногорьедегі» Мүбәрак ағамның зиратына барғанда)

Сағынып келдім мен сені,
Алыста жатқан бауырым.
Сағынды туған ел сені,
Сағынды өскен ауылың.

Шуылдап сәлем жолдады,
Қыстаудың қалың орманы.
«Қароба» шоқы жолдағы,
«Балықты»-көлдің бар маңы.

Бала боп, балғын жас болып,
Кетіп ең үйден, ауылдан.
Іздедім көзге жас толып,
Айырылдым-ау,-деп бауырдан.

Сұрапыл отты майданда,
Фашистке ойран салыпсың.
Өлтіре қуып хайуанды,
Ел үшін кегіңді алыпсың.

Ерлігің жайлы көрсеткен,
Бостандығы үшін халықтың,
Пушкиннің елі сен жеткен,
Тура өзі,-дейді алыптың.

Өмір бойы шешең де,
Сарғайып тосты жолыңды,
Мүбәрагым есен деп,
Жақсылыққа тек жорыды.

Өлімге қиған кім ұлын,
Оқытпай қойды аят та.
Аулада жүрді күнұзын,
Оқшауланып саяқтай.

Көзінің жасы сарқылып,
Жанарының оты өшті.
Мұң басқан жүрегі алқынып,
Бақилыққа ол көшті

«Мүбәрагым!»- деп еске алып,
Шырқайтын сенің жырыңды,
Алтайымды да кетті алып,
Қатыгез ажал-жырынды.

Сағыныш өртеп жүректі,
Мұң - тұман басты тұмшалап.
Ой деген жанды күйретті,
Батпандай басып жыл санап.

40 жыл бойы іздеппін,
Бауырым сені тынбастан.
Қыста кетіп, күз кеппін,
Бармаған жерім қалмастан.

Әкең менен анаң жоқ,
Бауырдан қалған мен ғана.
Әйелің де, балаң жоқ,
Іздеушің жалғыз мен ғана.

Тірліктің көрмей базарын,
Қыршын кеттің қиылып,

Қайғының тартып азабын,
Аллаға жүрем сыйынып.

Елім деп кеткен қиылып,
Жаның болсын жәннәттә -
Дейді ағайын жиылып,
Қолын жайып әр уақта..

А....П....А..!

(Бауырым Мүбәрактің рухына арнаймын)

Фашистерді тықсырып,
Шабуылдап солдаттар.
Жау үміті қырқылып,
Үрке қашты далбақтап.

Оқ боратып тынбастан,
Қазақтың қас қыршыны.
Дұшпандарға қара аспан
Түсіруге құлшынды.

Жасындай түскен түн-у көктен,
Жауызды талай жайратты.
Туған ел оны үйреткен,
Қаһарман бол деп қайратты.

Ұшып келе жатқандай,
Аруақтанып, ұрандай.
Тәтті сезім, бақ қандай...,
Жеңісті тойлап тұрғанда

Жас өндірге обал-ақ,
Ажалды оқ жетті ысқырып.
Иықтан басы домалап:
«- А... п...а...!» - деп қалды ышқынып.

Қазақтың қайсар баласы,
Құламады, - елді таң қылып.
Орыстың орман, даласы,
« А...п..а..!» - деп тұрды жаңғырып.

«А...п...а! - деп шыққан дауыстан,
Шайқалып кетті кәрі аспан.
Күңіреніп ауыл мұң құшқан,
Ащы үннен жеткен алыстан.

(Құдіреті ме екен Алланың),
Құлағына келді ананың,
Тосын дауыс, тосын үн -
Шырылы жас баланың.

Жүрегі сол сәт бұлқынып,
Кеудені тепті жұлқынып.
- Құлыным-ай, не болды?! -
Деп қалды ана ықынып.

НАН КЕЗЕГІНДЕ

(Соғыс жылдары Қызылжардың «Сталин» көшесінде «Торговый» деген нан дүкені болған)

Нанға тұрған кезекке,
Қайнаған жұрт безектеп.
Түн күзетіп, таң асып,-
Аштық тепті өзекке!

Таң атып, әй-жәй болғанда,
Дүкенге нан кеп толғанда.
Ашылды есік, лап қойды ел,
Басталды «майдан» сол маңда.

Айқай-шу да аспанды -
Шалқайта кере бастады.
Сығылған ел кезекті,
Сырнайдай ғып тастады.

Нан алатын кәртішке,
Ышқырында дамбалдың.
Кезегім де әр тұсқа
Бөлінді де - дал болдым.

Қысылған кемпір-шалдардың
Тірлігіне таң қалдым!
Кезекті тастап кейбіреу,
Ішінде төбелес, жанжалдың.

Кәртішкесін ұрлатып,
Зарлап жүр жанға мұң артып.
Қырқысып кейі шығады,
Бет, мұрынын қызартып.

Үйрендім бе екен осыған,
Қорықпаймын да, шошыман.
Күтіп отыр үйде апам,
Нан алам деп асығам.

Зырылдаймын безектеп,
Бас батпайды кезекке.

Нан ала алмай , япыр-ау,
Болғаным ба боз өкпе?!

Екі жігіт маған кеп,
Нан керек пе саған деп,
Аяқ-қолдан алды да,
Лақтырды мені самға деп.

Толғап-толғап атқанда- ақ,
Ұшып кеттім аспандап,
Топ еттім есік тұсынан,
Табанда - жұмыр бастар қап.

Нан алар тұсты болжап ап,
Төбелерде жорғалап,
Жеттім-ау нанға !
Ал бастар сыбап жатыр,
қарғап-ақ.

Қара нанмен қауышып,
Ол кеудеме жабысып,
Екеумізде - қырық аяқ,
Шаптық үйге жарысып!

ПУШКИНОГОРЬЕ ОРМАНДАРЫ

Ақ қайыңдар - ақ ормандар,
Ақ ормандар - ақ армандар.
Сендер - тірі , сендер - өмір,
Аппақ нұрдан жаралғандар.

Өмірге тым ғашықсыңдар,
Ақ жарқын да, ашықсыңдар.
Кәрі дала күмбезді көк
Биігіне асықсыңдар.

Аспанға асқақ қарайсыңдар,
Ай айдарын тарайсыңдар.
Біздерге ұқсап зор үмітпен
Жұлдыздарды санайсыңдар.

Жауын жастап құлағандар -
Кешегі ерлер, бұла жандар -
Бүгінгі орман ақ қайыңды,
Енді сендер құламаңдар.

ЖЕҢІС КҮНДІ ЕСКЕ АЛСАМ

Маужыраған мамыражай майдың күні,
Көз тартатын қыр менен ойдың гүлі.
Салтанатты, сәнді еді-ау ақ қайыңдар,
Сезілгендей бір думан-тойдың үні.

Сәске түс. Қара жолдың шаңын қағып,
Құйын ба,құйылады сағым ба анық?
Құлдырап көз ұшында оқтай зулап,
Бірде ақ, бірде қара ағынданып.

Ормандар орынынан қопарылып,
Дала заулап келе ме қотарылып?
Дүбір менен дауысқа бірдей шыққан .
Тына қалған сәтке ауыл ошарылып.

Әлсін - әлі қағылып аққу қанат,
Кім екенін ойланып таптым жаңа-ақ.
Ақ көйлек, ақ жаулықты Ғайни апам,
Құйғытқан ат үстінде –аққу ғажап.

-Жеңіс! Жеңіс! Туыстар жеңіс келді!
Мына хабар толқытты тегіс елді.
Сенерін де білмеді,сенбесін жұрт...
Бейбіт мекен дегенге жер үсті енді.

Жауыздықтың бомбасы жарылмайды,
Жарылмайды енді өмір тарылмайды.
Қой үстіне боз торғай жұмыртқалап,
Сәске түс-күн төбеден арылмайды.

Ауыл іші жыр менен дуға тұнып,
Шаттық дабыл аспанда ширатылып,
Апат соғыс мерт болған әбжыландай,
Ел үстінен құлады бұратылып.

...Нұрын көктен алтын күн шашып тынбай,
Жерім жәннәт өмірдің бақшасындай.
Кимешекте төгілген Ғайни апам,
Ортасында ұрпақтың – ақ шатырдай.

МЕН ДАЛАНЫҢ ҰЛЫМЫН

Қиырына жетем деп,
Қыран қанат талдырған,
Қия өрінен өтем деп.
Құлан табан алдырған,
Мен даланың ұлымын!

Көк аспанға – ғарышқа,
Арманыңды ұшырған,
Тұлпары әзір жарысқа.
Жер танабын қусырған,
Мен даланың ұлымын!

Күнге биік созылған.
Орманы нақ қолдардай,
Тарихы бар жазылған.
Бұраңы мол жолдардай,
Мен даланың ұлымын!

Ақыны жыр шалқытқан.
Сырлы самал ескенде,
Ақ маржанды толқытқан.
Дихандары төскейде,
Мен даланың ұлымын!

Ақ көңілмен келгенді.
Елі сыйлар бас тартып,

Дық сақтасаң кеудеңді.
Жарып өтер қасқайтып,
Мен даланың ұлымын!

ҰҚСАСТЫҚ

- Әй, көкесі, менің ботам.
Бидай өңді болады-ау.
- Бақыттымын!
Ұлым маған тартса, тіпті, жарады.
Лепірді әкем!
Шешем мені қос қолына қондырып,
Құмар көзбен, мейіріммен қарады.
Сол қарасын өз шешемнің
Ұмытпайтын болыппын.
Сол сөзімен өмірде мен,
Талай-талай жолықтым.
Сарыарқама табанымды,
Нықтап қойып көтердім,
Қос қолыммен бидайды,
Қызықсың деп жарық күн.
Аспаныма иығымды
Тіреп қойып,
Шарықтатам дәнді осы –
Бар тіршілік гимні де.
Әсем сазды ән басы.
Жаным толқып,
Жүрегім де тебіренеді,
Даламның,
Бидайына
Ұқсас емес пе екенмін-ау,
Мен осы?!

МЕН АҚЫНМЫН

Мен ақынмын,
Айқайлап айтсам мін бе, шындықты?
Онымменен өшірем басталар бір сұмдықты.
Өңез емес,ез емес, ұлыңмын бар өрлігім.
Қара табан құл емес, жетерлік те ерлігім.

Ақ сүтімен анамның ар, намысты тел емгем.
Адалдық пен шындыққа, қорғаушы боп келем мен.
Қай жағымнан шықса да, құйын салып лаңын,
Төс, құшақты керем де, қарсы қарап тұрамын.

Еркіндік бер елім-ау,тұлпардайын шабайын.
Қыранындай көгіңде қанатымды қағайын.
Қақпа мені ауыздан,еркін жібер ақынды,
Ей,туған ел, сен үшін алам талай ақымды.

Қабақ шытсаң бықсыймын, лапылдамай, шоқтанам.
Быт-шыт, күлім шашылып, қара жерге жоқ болам.
Ақыныңның ешқашан басылмасын көңілі,
Демеп жібер,онсыз да қиқы-жиқы өмірі.

МАҢДАЙДА БАҚ ЖҰЛДЫЗЫМ ЖАНЫП ТУҒАМ

Маңдайда бақ жұлдызым жанып туғам.
Аспанда ай сәулесі жүзім жуған.
Күмістей күн нұрына шомылғанмын,
Ал менен бақытты кім?-деп ем тұрған.

Бұлт басып,айдың бетін жасырмай ма?
Жел қуып, бұлтты қиян асырмай ма?
Бірде бетін беретін, бірде артын,
Өмір деген пәтшағар осындай да.

Құлындай құлдыраған жұртта қалып,
Жалғыздық уын іштім ұрттап анық.
Әкемді ажал алса қыршынында,
Отанын қорғады ағам оққа барып.

Мен өзі бала болып ойнамағам,
Ертелі-кеш өзен-көл бойламағам.
Жетім болып қалғаным қатты батты,
Туған күнді кей жұрттай тойламағам.

Мен содан өмір жолын тік бастадым,
Шерулі керуен ізін бір баспадым.
Айқындап өзім жетер мұратымды,
Ұмтылдым, еңбектендім, бір таспадым.

Сыйындым бір Аллаға, аруақтанып,
Балалық қалды сәтте-ақ, салмақтанып...
Қалмауға әкеліден, ағалыдан,
Бекіндім тастүйіндей, бармақтай боп.

Япыр-ай,еңбектендім,еңбектендім,
Жемісін еңбегімнің терлеп тердім.
Бейнетсіз өмір кешті демес ешкім,
Рахатын көріп келем кермек тердің.

ТҮСІМДЕ МЕН КЕЛЕМІН ШЫҢ БАСЫНДА

Түсімде мен келемін шың басында.
Айнала құз, үрей де жүр қасымда.
Шатқаяқтап,тәй-тәйлəп тоқтамаймын,
Асығам ба, жетуге тың асуға?

Зəре-құтым қалмайды: құлаймын!-деп.
Кеудеме сыймай жүрек тулайды үдеп.
Көз адымда-қым-қуыт кешкен өмір,
Қиын асу адымда – қинайды көп.

Қас-қағым сəт,бақыт па,жұлдыз болып
Жарқырайды,
басыма бұлбұл қонып.
Тамылжытып сайрайды ол,үзілдіріп,
Қуаныштан тұла бой балбұл жанып.

Жаңа ғана үрейдің құшағында ем,
Енді отырмын шаттықтың ұшағында.
Түс шындық па,көретін ұйықтағанда?
Ал өңімде – ойнаған бір сағымдай.

НЕ БОЛСА ДА БОЛАЙЫН ӨЗДЕРІҢМЕН

Кеудемде көгершіндер қанат ұрды.
Жаным шығып кетпей-ақ қалай тұрдым?
Мың адам жырға, маған қол соққанда
Омырауға көзден жас ағытылды.

Халқым менің жаныма қанат байлап,
Көтергенде, көрінді абатты аймақ.
Шырқап биік кеттім-ау, шырқап биік
Жердегілер байқалды шабақтай нақ.

Бұдан бұрын биікке шықпаған ем,
Биіктіктің әсерін ұқпаған ем.
Тым биікте желің де қатерлі екен,
Жердегі дауылдардан бұқпаған ем.

Қиян кету жарамас жер бетінен,
Алыс кету жарамас ел шетінен.
Алшақтатпа ортаңнан халқым мені,
Алшаңдап ортаңда өсіп, ер жетіп ем.

Не болса да болайын өздеріңмен,
Өздеріңмен кәдімгі көздерің - мен.
Шабыттанам бір ауыз сөздеріңмен,
Өліп кетем бір ауыз сөздеріңнен!
Не болса да болайын өздеріңмен.

ЖАРҚЫРАП ТҰРСЫН АСПАНЫҢ

Бір басым болса-дағы бақытсыз-ақ.
Ешкімге бармас едім бақыт сұрап.
Көкте күн, жерде жусан таныр мені,
Маңдайда жылтыраған жақұтсыз-ақ.

Мен елімнен таптым жыр, дастанымды,
Керек десең аяман жас жанымды,
Жарқыратып тұрсынша бақ шолпаны,
О, адамдар, көгілдір аспаныңды!

ҰМТЫЛАМЫН

Бақыттымын,
Қайғысызбын мен, достым
Күміс кірпік күні күлген
Жерде өстім,
Көкжиекке шынтақ артып,
Шалқайып,
Ақ аспанға аңырата.
Ән қостым.
Дүниені мен салған ән
Таң қылып,
Тау менен тас, дала жатыр
Жаңғырып.
Шолпыларын сыңғырлатып
Қайыңдар,
Шыр көбелек би билейді,
Сән құрып.
Сарыарқаға шат күлкілер
Төгіліп,
Маңғаз таң боп, келе жатыр
Сөгіліп.
Ұмтыламын, ойхой, мына биікке,
Ақ сұңқардай ақ бұлттарға
Көміліп.
Ұмтыламын, ақ маржандай жез мұртты,
Көкке қолын созған әсем
Егіндей.
Ұмтыламын, алып аспан күмбезін,
Биіктеткен Сарыарқаның өзіндей!

КЕЗДЕСІП ЖҮРМІН БӘРІҢМЕН

Кездесіп жүрмін бәріңмен, достар,
Алдымнан шығар кәрің бар, жас бар.
Ойлар да көп ортаға салар,
Жаңалық қанша, көп болып қоштар.

Ортаңда жүрмін көп сырға қанып,
Бәріңді біліп, бәріңді танып,
Қуаныштарың қуантып мені.
Төбем де көкке шақ тимей қалып.

Ән айтсаңдар қосылам шырқап.
Шанақтан күйді тасыта бұрқап.
Космонавтармен ғарышқа ұшам,
Астымда зырлап жап-жазық қыр ғап.

Жылы жүз көрсем сарқылмай тасып,
Көңілім өсіп, жарқылдай басып.
Әрқайсыңды құшақтап сүйем,
Қақпасын жанның аңқылдай ашып.

Жүрегімді алып, кеудемді жарып,
Сендерге берсем жылылық, жарық.
Ол тіпті, күн боп тұрмай-ақ қойсын,
Пайдасы тисін жұртыма жанып!

САПАРДА

Үлкен жолдың үстінде келем,
Тершіген денем, жорғаша желем.
Төбемде – күнім, табанда – жерім,
Даламда - әнім, шалқыған елім.

Жол деген ұзақ,бұрылыс қанша,
Ұмтылам алға,асығыс жанша.
Асығам соңау шың басын көріп,
Қойнынан ұшқан сағымдар өріп.

Ақ шалғын басын нысанаға алып,
Ентелеп келем, қуанып, жанып.
Шың алыс әлі, жол ұзақ, бітпей
Шегі жоқ бұраң созылған жіптей.

Шаршатар ма екен мені бұл сапар?
Жүрегім, жаным – шың басына апар.
Талмаса екен аяғым жолда,
Солқылдап табан, ісініп қол да.

Білгемін жолдың азабы молын,
Шаршадың отыр, - дейді бір зор үн.
Кетпейді даусы құлақты тесіп,
Аяған болып жанымда лесіп.

Бітпесе бітпес өмірдің жолы,
Созыла берер даланың жоны.
Боран да соғып, жаңбыр да жауып,
Жолшыбай шығар нелер бір қауіп.

Өзегім талып,өртеніп жүрек,
Қарайып көзім, сыздар да білек.
Жарқырап жанған жұлдызды биік,
Арман деп келем – бір қашқан киік.

Шың да тұр алда, жұлдыз да жанып,
Жетсем-ау деймін, күйініп, налып.

Жігерім құм боп, ақ таңым түн боп
Жүрмесін деймін, тұрсын жол гүлдеп.

О,қанат бітір, қолтықта өмір,
Қалдырма жолда,түнерме өңір.
Шалқардай шалқып,толқындай ойнап,
Өсе бер бақыт, асқарға бойлап.

СЕНІМІМ

Гүлді өңірдің,
Нұрлы өңірдің
Ұлы болғаныма мақтанам.
Есілдей сыңсып,
Сылдырап ақпай,
Күркіреп шапсам деп қалам.
Сарыарқаның
Болат тұяқ,
От жанарлы
Қыранындай қомданып,
Көк аспанға
Самғап ұшсам,
Жолдарым қалып ақ табан.
Шықпасын менің
Аузымнан жалын,
Бұрқырап та,атқылап.
Атақтылардай,
Мықтылардай
Орнамасын
Басыма менің бақ-жұмақ.
Ирани бақша
Есігі тас боп

Бекітілсе мәңгіге, тіпті, жабылып,
Ашамын оны
Жұлқылап, теуіп,
Ақ балтаменен шапқылап.
Еркін өстім,
Елігіп тартар әдетім
Биік мұратқа.
Сұрамаймын, қиналмаймын,
Тіпті, сол жақын, жырақ па?
Қанатымның
Астынан демеп,
Жетелейді сенімім,
Алыс та, жақын,
Шалқып та, маздап
Жанған үміт-шыраққа.

ДӘНДІ АЛҚАПТА

Тербеліп, тербеліп,
Дәнді алқап толқиды.
Даланы күй керіп,
Тасқындап шалқиды.

Шағылдар ойнайды,
Жонында егіннің.
Қызыққа тоймайды,
Нұры да бұ күннің.

Дихандар қолымен,
Өсірген егінге,
Күн ғашық жанымен,
Тегіннен тегін бе?!

Қызықтап белесті,
Өтсең дән тасқыннан,
Шараптан емес, тек
Нан иісі мас қылған.

КҮЗ ТОЙЫ

Қайыңдар алтын,
Теректер алтын жамылып,
Бидайық алтын,
Бетеге алтын тағынып,
Донала алтын,
Тары да алтын жағынып
Күз тойына
Барады бәрі сабылып.
Барады дала
Алтын таулар сүйретіп,
Жөңкілген бұлттар
Кетердей көкті күйретіп,
Диқандар да
Бара жатыр бұл тойға
Кең жиһанда
Дәулеттің күйін дулетіп!

АҢШЫЛАР

Қайқаңнан асқан арланға,
"Газикті" салдық аңыратып.
Тыныштық тұнған бұл маңға,
Қиқу мен шуды жамыратып.

Машина бозбен божылдап.
Бөрінің алдын кес-кестеп.

Жандәрмен ол да созылды,
Қашпасам тағдыр кешпес деп.

Құғын мен сүргін көргені.
Құқай бұл бәрі үйренген.
Орманды бетке ап өрледі,
Жан сақтап талай үлгірген.

Көкжал шапты көсіліп,
Бауырын бозға төсей сап.
Жер-көкті "газик" "көшіріп",
Құдық-ау қос жас "есерсоқ".

Жел көңіл шофер, жел өкпе...
Маған да тән бе, кім білген?
Жарқылдап жүру керек пе?-
Жүзімізде күн күлген.

Құтырынған қан бар ма,
Біздің де бойда ойнаған?
Шақырып шырқау заңғарға,
Тепсініп сірә, қоймаған.

Әйтеуір, дүбір, дүрбелең,
Жүрекке тыным бермейтін.
Жанымызда бір "бәле",
Жастық боп қанат сермейтін.

Желкілдеп өскен жал орман,
Ауылдың тура желкесі.
Енді де кетті маң арлан –
Соғатын болдық ертесін.

Халіміз құрып жаман-ақ,
Қиқулап өшкен дауыс та.
Қотанда иттер абалап,
Мөңіреді бұзау алыста...

ҚАРААҒАШТАҒЫ МЕКТЕБІМ

Мектебім менің – көкте Күн,
Шуағын құйған санама.
Мектебімде көктедім,
Ол пара-пар анама.

Әліп пен Әдепті үйреткен,
Өмірге ашып көзімді.
Талабымды ұштап,түлеткен,
Еңбекшіл етіп өзімді.

Қараағаштағы мектебім-
Еңселі білім сарайы.
Сол менің гүлді көктемім,
Бақытымның алтын арайы.

7.06.03ж.

ЖАЛАҢАЯҚ ТАҢ ТҰРДЫ

Жалаңаяқ таң тұрды,
Ұйқысынан оянған.
Жоңышқа иісі аңқиды,
Аппақ нұрға боялған.

Шілденің шығы төскейде,
Меруерттей жарқырап.
Шалғы түсті "Ешкейге",
Жалдап шөпті, шарқ ұрып.

Дамылсыз шалғы шыңылдап,
Шөмелелерді өргізіп.
Мен отырмын ыңылдап,
Қаламыма өлең тергізіп.

4.03.01ж.

БҰЛТ ТӨМЕНДЕПТІ...

Бұлт төмендепті
Аспан аласарып.
Байқап ем,төбем жетті,
Көтердім тұра салып.

Бұлт шырқап кетті,
Аспан шәйдәй ашылып.
Күн нұрын септі,
Жерге алтын шашылып.

ТЫҢ ИГЕРУШІ

(Құрманғали, Нұрман, Серғазы, Мұрат достарыма)

Тың жер менің Сарыарқам,
Алтын далам,туған жер.
Мен болғам жоқ самарқау,
Тыңға түрен салғанда ел.

Жеңіл болды дей алман,
Тың игеру, бауырым.
Көрінген жастар тек алдан,
Шешкен істің ауырын.

Түтейтін боран,түтейтін,-
Жер мен аспан астасып.
Қораны, үйді бітейтін,
Тыныштықпен қастасып.

Қамайтын құйын біздерді,
Көзімізді де аштырмай.
Құйрықпен сипап іздерді,
Ұлитын дауыл қасқырдай.

Артқа сап қыстың қыспағын,
Қуанушы едік көктем деп.
Келместей қырға қыс тағы,
Тұрардай мәңгі көкпеңбек.

Білсеңдер біздің жұмысты,
Жасырман,талай сорладық.
Жігерді,күшті ұлы істің,
Жолына ғана арнадық.

Машиналарды сүйредік,
Батпақтап күндіз,түн демей.
Белшелеп суға да үйрендік,
Жеңілдікті әсте іздемей.

Жеңіске қайрат-жігермен,
Еңбекпен жеттік - жұбаныш.
Алғашқы астық тиелген,
Керуен де болған қуаныш.

Аңызақ, кейде, аңызақ,
Шақырып тұрған аптапты.

Тілейтініміз жалғыз-ақ,
- Сел етші деуші ек алқапты.

Кей жылда жаңбыр шелектеп,
Жинатпайтын астықты.
Көтеріп жалды безектеп,
Желдеттік! Көр сен, жастықты!

Айхай! - дейтін жастық шақ,
Тыңменен тұстас келіпті.
Тыңгермін деп мақтансақ,
Соның өзі де көрікті.

Ескі альбомды қолға алып,
Суреттерге қараймын.
Базарлы шаққа таң қалып,
Сәулелі күнді санаймын.

Көп болған екен ондай күн,
Менде де, құрдас жастардай.
Бұл күнде қанат қомдаймын,
Жаңа бір ұлы іс бастардай.

ҰЗАП ҚАЙДА БАРАМЫН...

Қараағашым сен барда,
Ұзап қайда кетемін.
Күнді айналған шеңберде,
Жерге ұқсап өтемін.

Ақ қайыңды орманның,
Қойнауында ауылым.

Өткергенмін бұл маңның,
Жауыны мен дауылын.

Күнге арқамды тосқанмын,
Күймесін деп егіндер.
Аштықта «ішке» босқанмын,
Қырқылмасын тегім деп.

Іргесі елдің сөгіліп,
Кетеді-ау, - деп қайғырған,
Айтқазы, Баян жегіліп,
Соқамен жер айырған.

Солай қалған бес түтін,
Ауылымның орнында.
Бес түтінің бір бүтін,
Ауыл болып тұр мұнда.

Көзден кетті талайлар,
Ал көңілден кетер ме?!
Аталар мен ағайлар,
Елді иықпен көтерген.

Жас өкімет мүшесі,
Жамұқан елін ойлаған.
Қайсарды жұрт біледі,
Білімге терең бойлаған.

Самеке мен Өмірзақ,
Аңсап еді ел мұратын,
Еркелетпеген өмір деп,
Ауылыма күпті болатын.

Аралап өскен жерді,
Ауылыма барған сайын
Құмарта ескен желді,
Сімірем болмай тойым.

Балғын із сайрап жатыр,
«Балықты» ақ құмында.
Кептерімді көрдім ақыр,
Қанатын қақты қырда.

Көрдің де қуандың-ау,
Ақ кептер аспан асқан,
Мен дағы жұбандым-ау,
Шаттықтан көңілім тасқан.

Ел барсам зиарат етем,
Ата-ана аруағына,
Қыр гүлін жинап кетем,
Ауылдың «Ой» жағынан.

Түссе еске өткен күндер,
Жылаймын, бірде, күлем.
Айдаған өгізді үндер...
Құлаққа келді білем.

Таныс үн, бәрі таныс....
Сөйлескен, сампылдаған,
Үлкендер «кешкен алыс»,
Сұңғыла еді, аңқылдаған.

Иса мен Әубәкір шал,
Айырылған екі-үш ұлдан,

Олар да шын батырлар,
Жасымай биік тұрған.

О, сендер жыладыңдар,
Ел бірге күңіренді.
Жеңіс! - деп жұбандыңдар,
Жұбатып дүйім елді.

«Нөгербек» бозторғайы,
Ән салды, аспан өрлеп!
Қыр гүлі көз тартады,
Жайнайды, көрші-көр! - деп.

«Жәпекте» соқа айдаған,
Бәтимә тәтем бастап,
Сиырым сор қайнаған,
Аңызда бұзау тастап.

Ақсыз қап, ауыз кепті.
Құдай да қос қолдады.
Жаңбырсыз, аңыздатты.
Жер күйіп, дән болмады.

Бәрібір аман шықтық,
Аязды, долы қыстан.
Тіршілік мәнін ұқтық,
Соғыс жыл – жанды қысқан...

Ауылға барған бетте,
Достарды аралаймын.
Құшақты жайған сәтте,
Ғайып боп талай қайғым.

Мәз болып отырамыз,
Еске алып жастық шақты.
Думанға толтырамыз,
Ауылды – гүлді бақты.

Нысанам деп, жұлдызым деп алдағы,
Туған халқы сүйікті Ұлын таңдады.
Қазақстан – болашағы баршаның, -
Еңбек, күшін аямайды бойдағы.

Баршамызға жаққан бақыт шырағын,
Баршамызға шашқан нұрлы шуағын,
Тәуелсіздік құтты болсын аңсаған,
Мәңгілік те, биік болып тұрағы!

15.12.05 ж.

АУЫЛДАСТАРЫМА

Көрінбей кеттің демегін,
Менің ауылдастарым.
Жебеуің мен демеуің -
Қиянға қадам басқаным.

Ауылдастар, ортаңнан,
Ой өріп ұшқам,жыр қуып.
Сіміріп сәуле әр таңнан,
Жаныма сыйқыр сыр құйып.

Өздеріңмен бір кешкен,
Өмірдің жолына үңілем.
Шерулі,шулы сол көштің,
Суретін жазам түбі мен.

Шерулі көшті еске алам,
Өздеріңмен бастаған.
Көңілде жоқ та еш алаң,
Көкіректі ашып тастағам.

Сезімдер, отты сезімдер,
Ұялап еді жүрекке.
Қара емендей төзімдер,
Бойыма біткен –тірекке.

Өмірді бейбіт бейне гүл,
Көп күткен үміт шын иді.
Өрт жылғы үрей кейде бір,
Түсімде ит боп ұлиды.

Бәрі де тұнып көзімде,
Санамнан кетпей үзіліп.
Сендерге деген сезімде,
Қып-қызыл гүл тұр тізіліп.

«ЕШКЕЙДЕГІ» ШИЕЛЕР

Қып-қызыл шие үнді маржанындай,
Тұнып тұр-ау «Ешкейдің» орманында.
Жұмақтың шие бағы осы дерсің,
Мұрыныңды бір әдемі иіс жарғанында.

Жұлдызы түнгі аспанның құйылған ба?
Арайы таңның қызыл жиылған ба?
Шие боп мөлдіреген осыларға,
Құт мекен «Ешкейімнен» бұйырған ба?

Дәмі қандай, тіліңді үйіретін,
Алпыс екі тамырды идіретін.
Алыс кетсең – сағынып, сезінесің
«Ешкейдің» шиесінің құдіретін.

7.03.03 ж

ҚАРА ҚАЙЫҢ

Ақ қайыңдар айнала төңірегі,
Олар тұрған қоршаған өмір еді.
Ортасында қап-қара қайың көрдім,
Жап-жасыл жапырақтар төгіледі.

Діңін де,бұтағын да ыстағандай,
Қарамен боялғандай пұшпағын да.
Қап-қара қайың маған жыр айтатын,
Сыр төгіп Шоғырмақтың қыстауында.

Қайран ғап табиғаттың қасиетіне,
Бар деуші ем қайыңда да қасиет, ие!
Ұшына шыбығының ақтық байлап,
Тағы да келдім саған бас иіп, міне.

6.03.01

ҚАРА ҚҰРЛАР

Қара құрлар,
Жүрсіңдер ме әлі де?
Барсыңдар ма бәрің де?
Сендер тірі дегенге,
Сенбеп едім әрі де.
Жасаған-ау,
Бар екенсіңдер бәрің де.
Барқыраған «күзетшің»,

Даусын сәл-пәл түзепті.
Көздерің шоқтай болып ап,
Қағасың шаңын жер-көктің.
«Нөгербектің» қыратын,
Қанатпен сендер қыратын.
Думандарыңмен таңдағы,
Оянып ауыл тұратын.
-Тірі адамға көктем де,
Тағы келіп жеткен де!
Десетін ел көктемде,
Сендер ойнап кеткенде.
Қара құрлар,
Орманның әншілері,
Өнерпаз бишілері.
Бал күнді есіме сал,
Гүжілдеп әлсін-әлі.

7.03.01ж.

ТЫҢ

("Бригада баласы" атанған
Амантай Қайыржановқа ескерткіш)

Күркіреп аспан
Дүркіреп дала.
Шайқала қалды-ау,
Жер үй де жаңа.
-Дүние аунап
Бара жатыр ма?!
-Астапыралла!
Тұр, қатын, бала!
Үйқыға сергек
Қарт безек қағып,
Сөкетті мынау
Аллаға шағып,

Көшеден оттар
Терезеде ойнап,
Түнектей үйге,
Құйылды жарық.
Қапырық бөлме
Сәулеге толып.
Таң болған кемпір
Жүзі де солып.
Күңкілдеп, көрпе
Бүркене берді,
Аяздан жаңа
Келгендей тоңып.
Алақай, ата,
Тыңгерлер келген!
Сайрап тұр бала:
Естігем елден.
Тракторлары
Тұлпардай шығар,
Заулатар ма еді,
Көсілтіп өрден!
Жанары жайнап,
Жүрегі лаулап,
Шаттанып бала.
Секірді, аунап.
Дүбірлі тысқа
Желбегей тартты,
Жанында арман
Ұшқыны қаулап.

АУЫЛЫМ ҚҰРЫП КЕТЕ МЕ?!

Үмітім жанып, өшеді,
Ауылым қайда кешегі?
Сұрапыл күйі бүгінгі,
Көкірегімді теседі.

Таба алмай өскен үйімді,
Білсең-ау кешкен күйімді.
Асфальт жол бойы – тас-талқан,
Үйінді ғана, үйінді.

Таңырқамаймын, жылаймын,
Көзімнің жасын бұлаймын.
Елі көшкен ауылдың,
Жоқтауын кімнен сұраймын?!

Сұра, мейлі, сұра ма,
«Алқакөл осы,сұлама!»
Тағдырлар үзіп тамырын,
Ауылым құрып, тына ма?!

19 маусым 1995 ж.

АПТАП

Аптап тұр маздана,
Сағымын қалқытып.
Бозарған боз дала,
Шаңға аунап, шаң жұтып.

Моншадан шыққандай,
Қып-қызыл күн жүзі.
Ыстықтан құтқармай,
Гүлдерді қырмызы.

Қыраттар көлбеген,
Ұқсайды тандырға.
Дала тұр шөлдеген,
Зар болып жаңбырға.

Құс ұшты қанатын
Жалынға шалдырып.
Үкісін боратып,
Қамыс тұр әлі құрып.

Ыстық жел еседі,
Екпіндеп, жұтынып.
Ақша бұлт көшеді,
Кетем деп құтылып.

Түз қабақ түйіп тұр,
Күтпеген аптап бұл.
Айнала күйіп тұр,
Қыр төсін қақтап бір...

НАЙЗАҒАЙЛАР

Найзағайлар жарқылда да,
Күркіре.
Қара бұлттар қақырасын дүркіреп!
Бұлт бауырын сөгіп таста жайыңмен
Жаусын жаңбыр күні бойы сіркіреп.

Дала тойсын,
Дала бассын аптабын.
Балауса егін шығарсыншы қаптап үн.
Көкжиектен сыпыр қара қапталды,
Маңдайынан сүйіп қырдың ақ таңын.

ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСЫНА ОРАЙ

Қайта айналып келдік пе, қыстан күзге?
Әлде көктем келді ме іздеп бізге.
Аппақ мамық қар су боп ағып жатыр.
Қоңыр,қошқыл түске енген қала,түз де.

Табиғатқа не дерсің, күшті демей,
Мықтылығын танытып,өсті мерей.
Шалшыққа аунап, ойнаған торғайлардың
Шырылдауы-ай, шырқауы күшті көмей.

Қарашаның қары жоқ, қазы кеткен,
Қазы кеткен аймаққа сазы жеткен.
Үстімізден сыпырып күпімізді,
Желтоқсанның сүйе ме «жазы» беттен?

16.11.1999 ж.

ЖАЗ ДА ӨТІП БАРАДЫ

Жаз да өтіп барады
Қайыңның шашағы селдіреп.
Бөлтірік орманға қарады,
Қаншық тұр жүрегі елжіреп.

Көл үсті – Қызылжар базары.
Құс шуы – думаны бітпейтін.
Сарғыштау даланың ажары,
Күз бе еді, мақсаты діттейтін.

Аспан ба қыратқа еңкейген,
Бұлт па, әлде, төмендеп баратқан?

Бір салқын леп есті желкемнен,
Тітіретіп, қанымды таратқан.

Көңіл де құлазып,
Қосылды
Тырналар әніне көктегі.
Ойларым кейінге жосылды,
Гүлді іздеп «балғын шақ» беттегі.

6.10.1999 ж.

ЕСІЛІМ МЕНІҢ

Оу, менің күміс айдар көк Есілім,
Сібірдің сылдырлап кеп қақ есігін.
Ол қазір ұйықтап жатыр бөбекке ұқсап,
Рахаттап тыныштықтың ақ бесігін.

Ұйықтатпа, оят оны сылдырыңмен,
Қытықта, қойнына еніп, былдыр үнмен.
Сібірдің таңын суыр тұңғиықтан,
Ойнақ сал, құлын дауыс құлдырыңмен.

Аспанға қолын жайып жасыл құрақ,
Дүрлесін көде, жусан басын құрап,
Қара орман, жасыл тайга - ерекше өмір,
Аппақ қар, аязымен асыл бірақ.

Керемет қатал Сібір боранымен,
Сен талай кіреукесіне оранып ең,
Есіл-ау, қалайша сен шаттанасың
Алдыңда жатыр мұхит араны кең.

Алдында тұрса да алып аран ашып,
Зырлайсың ән-күйменен араласып.
Тұңғиық жоқ қылады-ау, сен шабасың,
Жолшыбай бір-бір гүлден ала қашып.

Әлде сен мұз құрсауын бұзып-жарып,
Түнекті түрмексің бе, қызып-жанып?
Арқадан сен апарған алау-оттан,
Терістік тершісін бір қызу алып!

ЖАҢА ЖАУҒАН ҚАР

Жыл өтті міне,тағы бір,
Тіршілік қуып мен келем.
Жауған қар - көңіл ағы бұл,
Жанымды сезім меңдеген.

Жауа бер ақ қар, жауа бер,
Ұлпалар қонып кірпікке.
Жұлдыздай жайнап, жана бер,
Жалтырап тау-тау күртікте.

Іздейін шатты күндерді,
Сан-саққа ойды жүгіртіп.
Жаңа жылғы түн келді,
Ойларға терең жүгінтіп.

Қар жауып тұр, қар жауып,
Далама пәктік төгіліп.
Сырғанақ. Шанам қалды ауып,
Күмп пердім қарға көміліп!

ҚАР КЕТКЕНДЕ

Қарды ерітіп, суды қуған дүрмекпен,
Тірі адамға келіп қалды гүл көктем.
Арқасы арса арық-тұрақ төрт түлік,
Трактор да шықты қырды дүрлеткен.

Сәскедегі күн күледі көңілді,
Қырат-қыр да алтын нұрға көмілді.
Етек-жеңін жиып іске кіріскен,
Шаруа риза: - ғажап! - дейді өмірді.

Жапырақ жайған ақ қайыңдар орманы,
Бала ақынның орындалған арманы.
Көктем жыры орман ішін жаңғыртып,
«Нөгербектің» күйге тұнған бар маңы.

Тіршіліктің қуанышы көктемгі,
Ән боп қалқып, күй боп шалқып кеткен-ді.
Көк керуендей көгілдір сең жөңкіліп,
Бір сәт Есіл арнасына кептелді.

Содан соң ол тасып берсін күркіреп,
Жоталы сең тасқындасын дүркіреп.
Жардан қарап: - Ит жеккенге сәлем айт! -
Деген қартта мұңды өкініш тұр түлеп.

НАУРЫЗ

Наурыз, наурыз,
Келеді шашып нұрын.
Әсемдіктің
Әлемге ашып сырын.
Жүректерді
Тербетіп сыбызғы әнмен,
Сезімдердің
Қытықтап, басып қылын.
Наурыз, наурыз,
Жаңару көктемі бұл.
Ерлігімді
Жырлаған көкте бұлбұл.
Өрлігіме
Күлімдеп биікте күн,
Бай далама
Толассыз төкті нұр-гүл.
Нұрлы наурыз,
Дүрлетіп бар аймақты,
Төгілдіріп,
Гүлдентіп сырнай бақты.
Асыл наурыз
Ақ орда сарайынан,
Аққу болып
Қанатын сабай қақты.
Сұлу наурыз
Жаралған сағыныштан,
Қуаныштан
Жүрегім алып ұшқан.
Сарыарқадан
Самсаған наурызды бұл -

Салтанатпен
Қарсы алып
Бағым ұшқан.
Наурыз, наурыз,
Туым бол көтерілген.
Жеңісіме
Салют бол - оты өрілген.
Әр адамның
Басында жұлдыз боп жан,
Мерей-бағын
Шаршама көтеруден.

ҰМЫТЫП КЕТТІМ ӨЗІМДІ

(Көктемде)

Күлімдеді қыр-қырат,
Қыстың тоны жыртылып.
Құлайды ойға шұрқырап,
Су сайлардан бұлқынып.

Көл ортасы көкшіл сең,
Шар айнадан аумаған.
Қамыс – күйші кешкісін,
Сырнай, қобыз ойнаған.

Жотасы жердің бұрқырап.
Шашына орман шолпы ілді.
Тай-құлын дөңде шұрқырап,
Тіршілік күйі шертілді.

Туғандай ғажап жаңа аңыз,
Кемесін тоқып қамыстан.

«Теңізші» бопты баламыз,
Толқынмен ойнап жарысқан.

Көңілі бұлтсыз аспандай,
Қуанса құс боп самғайды.
Жаңа бір дүние ашқандай,
Лепіріп жүрек лаулайды.

Базарлы көктем гу-гулеп,
Алды ғой жеңіп төзімді.
Жыр - арумен би билеп.
Ұмытып кеттім өзімді.

КӨКТЕМ ҮНІ

Күркіреп бұлттар,
Күркіреп өзен долданып.
Сапырып самал,
Шалқиды теңіз толғанып.
Шуылдап орман,
Сыңсыған сәтте қамыстар,
Жез қанат қыран
Саңқ етті бір сәт қомданып.
Естілмей жүрген
Дауыстар мың-мың ағылды,
Тұс-тұстан көкте
Көгершіндердей сабылды.
Тіршілік дауысы,
Өмірдің үні көктемде,
Естіледі екен дабылды!

КЕУДЕМНЕН ЖАНЫМ ТУЛАП АТЫП ШЫҒАР

Сыйлайды қанша ғұмыр өмір маған,
Қанша әуенімді айтамын қоңырлаған?
Сағатым санап-ақ тұр айнымастан,
Күндерді тыныш, думан, дабырлаған.

Есілім ағып жатыр сәніменен,
Балдай үн,күміс сылдыр әніменен.
Астында ақ жауынның қайыңдар да
Шомылып, жапырағы ойнап мәніменен.

Жол анау, шегі де жоқ, бұраңдаған,
Қаншасы кейін қалды - кім аңдаған?
Қай тұста тұйықталар менің жолым?
Ол қазір түлкі құйрық бұлаңдаған.

Қазақи бәз баяғы қалпында қыр –
Кең жайлау, қоңыр домбыра, саңқылдап жыр...
«Балықтым» күн қондырған айдынына,
Сұлудың жанарындай жарқылдап тұр.

Сүйемін десем, тіпті, ел әнтек ұғар,
Жүрегім Қараағашсыз қайтып шыдар?!
О, өмір, көрсетпе оның құрығанын,
Кеудемнен жаным тулап атып шығар.

ТАҒЫ ДА КӨКТЕМ КЕЛДІ

Тағы да көктем келді, көктем келді,
Құлпыртып, думандатып көк пен жерді.
Мен бүгін есіме алдым «Пушкин» үшін,
Көктемде көл-көсір қан төккендерді.

Көтеріп Жеңіс туын желбіретіп,
Көктем келді көңілді елжіретіп.
Аққудың сұңқылынан оянғандай,
Астында табанымның жер «дір» етіп.

Алғаш рет биыл күн күркіреді,
Қырдың қызыл гүлдері дүркіреді.
Бесті айғырдың үйірі үркіп еді,
Қарт жылқышы қобалжып: «Шіркін!» -деді.
«Е, Жасаған!» -деп кемпір күңкілдеді.

АУЫЛ ТАҢЫ

Тұратын ерте,
Шопандай сергек, жайдары,
Күн шықты ерке,
Желбіреп алтын айдары.

Шашылып ақық-
Құйылып сәуле ақ қарға,
Ілініп жақұт-
Қыраулы тылсым бақтарға.

Арудай аунап,
Ақ мамықтарда шаңқайып,

Керіліп, жайнап,
Ақ дала жатыр шалқайып.

Ауыл да аппақ,
Ақ бөрік киген үйлер де.
Түтіндер қаптап,
Самсаған көкке күйлердей.

Асқақтай ұшып,
Тіршілік сазы ауылдан,
Аспанды құшып,
Далама қайта ағылған!

ОРМАН ӘНІ

Арқаның қысы,қазақтың қысы - ақ қабақ,
Қалқыған орман-оранып алған ақ мамық.
«Үф!» еткен желмен төгіліп кетер күмістей
Даланы күйге кернемей қалай тоқтамақ?!

Мүлгіген қыстың сыры да маған танымал,
Онда бар әсем сұлулық адам табынар.
Онда күй бар,орманнан аулақ кетсең де,
Көңілің, шіркін, әуенін әркез сағынар.

АУЫЛЫМ МЕНІ ҚАРСЫ АЛДЫ

(В.М. Христевичке)

Ақ қайыңдарға тұнған жер,
Жыр болып қалған сан мақтап.
Қарсы алды мені туған ел,
Тайлы-таяғымен, қалбақтап.

Түнеріп тұрған бұлт көшіп,
Жарқырап, жайнап көк аспан.
Табиғатың да үндесіп,
Жүрекке жарқын жол ашқан.

Ауыл аман, ел аман,
Қуанатыным сол, шашылып.
Көңілдерінде жоқ еш алаң,
Ақжарқын жұрт та тасынып.

Шаттықтан қолын соқты анық,
Аудан боп,бүкіл ауыл боп.
Ойларым жүйрік кетті алып,
Жылдарға дүлей дауылы көп.

Ол жылдар балғын шағым да,
Қыр кезіп, масақ тергем мен.
Көлеңдеп арман сағымдай,
Жанымды жайсаң тербеген.

Азамат болып, ақын боп,
Келгенім бүгін еліме.
Сәбиі болмауға хақым жоқ,
Аунадым туған жеріме!

Сағыныш қандай тамаша,
Көкірегіме енді жамырап.
Тебіреніп тұрдым!
Балаша
Жылағым келіп, аңырап!

ҚЫЗЫЛЖАРЫМ – ҚЫМБАТЫМ

Сен маған күн болып та көрінесің,
Шалқыған жалқын болып өрілесің.
Көшеңде жымыңдаған түнгі оттармен,
Маржан боп көкірегіме төгілесің.

Егінді ақ толқында шудаланған,
Ақ желкен секілдісің қуған арман.
Достықтың, туыстықтың монументі,
Сен Есіл өңірінен туа қалған.

Арқаның жүрегі деп лүпілдеген,
Тыңдаймын тынысыңды әр күнде мен.
Қызылжар мәңгі жастық жәрмеңкесі,
Жағалай жасыл орман желкілдеген.

Ту тіккен Абылайдың Ақ ордасы,
Өнердің сан салалы "қағыбасы".
Шаттанам, Қызылжарым, болғаныма
Өзіңдей сұлу шәһар бел баласы.

ҚЫЗЫЛЖАРЫМ

(Қызылжарлық бауырым Қали Мұстафаұлына)

Қызылжарым,
Өзіңе арнап
Жыр жазбауға болмайды.-
Көмейіме ән,
Көкірегіме
Жыр құсы кеп қонбайды.
Жастығымның
Жәрмеңкесі,
Жас дәуреннің ауасы.
Лүпіл қаққан
Жүрегімнің,
Көңілімнің дауасы.
Тұңғыш рет
Еңбегімнің
Ләззатынан тұшытқан,
Алғаш рет
Махаббаттың
Шаттығынан ысып қан.
Бақытымның
Баспалдағын
Биіктеткен, өрлетіп,
Қалам бердің -
Қанат бердің
Қияндарға серметіп.
Қызылжарым,
Үш арысың,
Үш жұлдызың жарқылдап,
Нұр құятын,

Сыр құятын
Жолдыөзекке саңқылдап.
Ақ қайыңдар арасынан
Үш алыптың үнін естіп,
Қайталанбас,
Қуанышты сезім кештім.
Дулы күндер,
Думан күндер,
Мәңгілікке есте жүр.
Дүлдүл Ғафу
Қауым - көпке
Төгілтетін кесте-жыр.
Сәтті айлар,
Сәтті жылдар,
Өмірдің бір белесі.
Сәттіліктер
Қызылжарым,
Болсын бізде келесі.
Тәтті үміттен
Жұтып алып,
Болашаққа қараймын.
Бүгіннен де,
Қызылжарым,
Ертеңгің ғой арайлы!

ҚЫЗЫЛЖАРДЫҢ МЕДРЕСЕСІ, МЕШІТІ

Қызылжардың медресесі,мешіті,
Дегенді өзім көп ауыздан есіттім.
Олар қайда? Жерге сіңіп кеткен бе?
Бұл сауалды қоюға да кешіктім.

Өз-өзімнен үрейлендім, қорықтым.
Өзімді-өзім жедім, іштей торықтым.
Мешіт пенен медресені атасам,
Мынау діншіл, дейтіндерге жолықтым.

Сұқ саусағын шошаңдатып мен жаққа,
Нұсқағаны қатерлі еді бейуақта.
Сұқ саусақтың ұшыменен сонау жыл,
Есіл-сайда ұшқаны рас ел оққа.

Медіреседе әліппеміз жатталып,
Тарихымыз таңбаланған, хатталып.
Әл-Фараби баба үнін тыңдаушы ек,
Ғасырлардың тоң-томдарын ақтарып.

Айта алам ба деп онымен танықпын,
Жалайыр да дүлдүлі еді халықтың.
Ұлттығымды сол айтқанын ұмытып,
Бүгін тексіз, негізсіз боп қалыппын.

Елін тартқан мұраттарға жалындап,
Шәкірттер де талантты еді-ау, дарынды-ақ.
Ақан әні, Мағжан жыры талпынған,
Медреседен кең әлемге дабылдап.

Өмір легін өткізсе де күйбеңмен,
Қорқыт күйін қазақ мұнда үйренген.
Медреседен мектеп алған бар ұрпақ,
Арсыздықтан, бейбастықтан жиренген.

Жаратылып қан мен жанда қайнаған,
Медресемен өртелді тіл сайраған.

Белсендінің «білегімен» өткенді,
Дұрыс па өзі бүгін тұрып даулаған?

Дұрыс шығар тіріліткен де, өшкенді.
Дұрыс шығар жаңғыртқаным өткенді.
Тілім-пірім, самға дағы, саңқылда,
Сарыарқаға оралған гүл көктемдей!

Шындық дедік, бірақ оны жасырып,
Мәні,сыры енді келеді ашылып.
Мектептерім Абай тілін ағытсын,
Шоқанымдай мәртебемді асырып.

ҚАСИЕТТІ МЕКЕНІМ

Қызылжарым-қасиетті мекенім,
Сені айтса шалқып,тасып кетемін.
Жүрегімнің қызуымен ып-ыстық,
Тірлігімде сені жылытып өтемін.

Көгіңдегі күнің болып жанайын,
Әр үйіңе шапақ шашсын арайым.
Көк Есілдің көусәрі боп, шөліңді
Басайын да, сылқ-сылқ күліп, ағайын

Бабалардың тар кезеңде панасы,-
Қызылжарым, құт дарыған қаласың.
Жоқ-жітікті қолын бұлғап шақырған,
Қамқор қазақ болып мәңгі қаларсың .

ҚЫЗЫЛЖАРҒА ЖАҢА ЖЫЛ КЕЛДІ

Жаңа Жыл,саған жан жүрегімнен бар сәлем,
Тағатты сарқып,жыл бойы сені аңсап ем.
Шалқиды бүгін шаттығым күйдей төгіліп,
Сондай жақын, ыстық боп маған барша әлем!

Жаңа жыл қайран...
Болжаған жаңа уақытты.
Шашасың көктен аппақ қар-аппақ жақұтты.
Тәуелсіздіктің керуенін күнес биікке,
Бастаған дүлдүл Қазақиям бақытты!

Сылдырап көктен, ағылып күміс аппақ қар,
Жылт та, жылт дала шағады ғажап шақпақтар.
Қарлығаш қанат шыршалар көкте сән түзеп,
Балабақшада балғындар айтып тақпақтар.

Лепірген көңіл ұяңдығыңды баққан ба,
Жүздерді балбұл мейірмен сүйіп ақ қар да.
Шаттанды жүрек!
Бақыт құстарын алға сап,
Қызылжарыма Жаңа Жыл келе жатқанда!

ҚЫЗЫЛЖАРЫМ ЖАҢА ҒАСЫР КӨШІНДЕ

Қызылжарым ата қоныс, ақ ордам,
Сенен қазақ, қазақтан сен жаралған.
Берекелі дастарханнан сен жайған,
Қиын кезде ел қуат алған, нәр алған.

Құт дарыған қала екенің бізге аян,
Аллаға аян, жүз тілді ұлт - елге аян.
Киең сенің Абылай бабам Ақ үйі,
Мақтанышпен басымды ием, қол жаям.

Асанқайғы Жолдыөзекті аралап,
«Қызылжар!» - деп таяқ шанышқан даралап.
Ынтымақты, ырысты жер - мекен бұл!
Деп жөнепті Есіл бойын жағалап.

О заманда таңым тыныш атар деп,
Күтетін ел, Жармақ шауып, қатер көп...
Қызылжардан маңып шыққан қазақтар,
«Ит жеккенде» әлі де жүр «татар» боп.

Ершов көріп жәрмеңкеде ғажапты-
Бәйге, көкпар, айтысқа таң қалыпты.
«Тұлпар тайға» кейіпкер ғып алған ғой,
Ат құлағында ойнап өскен қазақты.

Жылғаның «Жиырма бесі» өріңде,
Асқақтаған, ойнақтаған төріңде.
«Күн баласы» көрді алыс-жақынды,
Самғап кетіп аппақ арман - көгіңде.

Қызылжарым - Ақан әні сыр тұнған,
Махаббаттың гүлзарына ұмтылған.
Орыс досың, татар құдаң мың жылдық,
Бауыр басып, болды өзіңде бір туған.

Иығыңда мың үміт пен мың арман,
Тәуелсіз ел қаласысың жаңарған.

Зымыраның зымырауын тоқтатқан-
Адамзаттың тілегіне қамалған.

Арқа тұтып, пана көрген ауылдар,
Қызылжарым кең қолтықсың, бауырмал.
Өзің жақтан есіп тұрар жылылық,
Ұмытылып үскірік пен дауыл, қар.

Мақтан тұтқан қанша сенің ұлың бар! -
Сәбит, Ғабит, Ғалым, Сафуан - ұлылар.
Кәкімбегің, Сәкен серің, Есләмің -
Бәрінің де бесігі сен - Қызылжар.

Қызылжарым атқан таңдай арайлап,
Шыққан күндей тұрасың сен алаулап.
Ән-ұраным қалықтаса алаңнан,
Кенекеңдер баратқандай жалаулап.

Шаттығымды жасыра алман, баса алман,
Егемен ел қаласысың жасарған.
Шағала үйлер, салтанатты сарайлар,
Аппақ күннің сәулесінен қашалған.

ҚЫЗЫЛЖАРДЫҢ ҚЫСЫ

Қызылжардың қысына
Қыс жете ме жалғанда.
Інжу ілген тұсына,
Күн күлімдеп қалғанда.

Төңірекке төгілген,
Аппақ қар ма, ақ нұр ма?

Аппақ таң ба сөгілген?
Ұшып келген ақ құр ма?

Әйтеуір көк аспаннан
Ақ жапырақ саулайды,
Қыс есігін ашқаннан,
Даламда ақ от лаулайды.

ҚЫЗЫЛЖАРДЫҢ ТЕЛЕСІНЕ

(Кәрібай ініме)

Бал дәуреннің қанып ішіп тұнығын,
Теледе өтті гүл-жәзира ғұмырым.
Арман,үміт, мақсаттарға жетелеп,
Өзіңсің ғой асқақтатқан тұғырым.

Журналис те, жазушы да, ақын да,
Ұлан байтақ ел-жұртыма жақын да,
Еткен өзің - Қызылжардың телесі,
Сен асқақта, сен өркенде, жарқылдап.

2000 ж.

ҚЫЗЫЛЖАРДЫҢ БАЗАРЫ

Осы күнде Қызылжарда баяғыдай базар жоқ,
Сел-тасқындай сапырылысқан – қалың нөпір – назар көп.
Қызба жұртым қайда кеткен қызықты да көрікті.
Алақандар соғылысып, жерге ұратын бөрікті.
Жарқылдаған, жалындаған қызыл-жасыл киініп.
Қыз-бозбала жүрмейтін бе май гүліндей иіліп.
Сары қымыздар сабаларда тасымай ма, төгіліп,
Иісіне Қызылжарым қалмайтын ба көміліп.
Базар қызып-дүрлегендей, гүрлегендей бар ғалам,

Болмайтын ба? Дабырласқан үндер өшкен, таң қалам.
Сата білген – саудагер деп, топайынан қақтық та.
Сата да алмай, сауда білмей қалғанбыз ғой ақтықта.
Қарттарым жүр өткендерін қымбатырақ бағалап,
Болашағын жастар арзан алуды ойлап жағалап.

ҚЫЗЫЛЖАРДЫҢ ҚЫЗЫҒЫ

Қызылжардың қызығы,
Таусылмайды ешқашан.
Тарихыңның үзігін,
Жетер еді еске алсам.

Жар басында ұлыған,
Қасқыр менен қара жел.
Жардың асты – жылынған,
Малын жайып барады ел.

Үйір-үйір жылқысы,
Бар байлығы атамның.
Айғырлары қырқысып,
Қожасы болмақ байталдың.

Тау басында қорғаны,
Петр менен Павлдың.
Қазылған терең ор маңы –
Жұртынан қорқып ауылдың.

Тұмсығын қырға қаратып,
Пушка тұр жардың басында.
Күркіретіп оқ атып,
Шошытқан елді расында.

«Кәрі» пушка әлі тұр,
Қызылжардың төрінде.
Оны құммен жауыпты,
Деді ме екен: «Көрінбе!»

Кім жапса мейлі о жапсын,
Көрінбесін сол көзге.
Далама: «қорқақ, мазақсың»,-
Деп айтпайды енді жан өзге.

ЖЕРІМЕ ЖАРМАҚ КЕЛГЕН

Жеріме Жармақ келген.
Жыланша арбап кірген.
Қазақша сайрап берген,
Сенгіш ел мәз боп күлген...

Бас тартып, қонақ етіп,
Қызылжар сөзіне «елтіп»,
Тойларға, думанға ертіп,
Іштегі сырын шертіп.

Кей үйге ол қона қалып,
Қазақтың қонағы анық.
Ел-жұртқа назар салып,
Астыртын санақ алып...

Жау Жармақ сырын ашты,
Оқ борап, зәрін шашты,
Сормаңдай қазақ қашты,
"Қар теңіз",... тайгаға асты.

“Доспын”, - деп сарнап, ерді
Елтітіп сенімге енді.
Қақалтып қанға елді,
Жайлады туған жерді.

Тоз-тоз боп қанша халық,
Жүректер паршаланып,
Жүдеп ел арсаланып,
Мәңгүрттік еңсені алып...

Сенімнің өшкен кезі, -
Танымай өзін -өзі.
Шұбарлау тіл мен сөзі,
Қазақтан қалған - көзі.

Татарша жырлап демде,
Орысша сөйлеп лезде,
«Сібірлік татар» болып,
Қазақ жүр «итжеккенде».

АҚЫННЫҢ ОЙЫ

Асаудай құрық көрмеген,
Ойнақтап өрге өрлеген.
Қырандай көкте шарқ ұрып,
Аспанға тыным бермеген.

Ақынның ойы еркін ой,
Баладай тәтті, ерке ғой.
Тас бұлақ болып сылдырлап,
Тіршілік әнін шертеді ол.

Ақынның ойы – сел-тасқын,
Күңіренткен жанын тау-тастың.
Атылмаған жанар тау,
Дүбірлетіп жатқан жер астын,
Ақынның ойы – еркін ой!

ҮМІТ ҮЗБЕН

Алла қазақ көңіліне берген сай ғып -
Жеріміздің үсті-байлық, асты-байлық.
Өз обалың өзіңе! - дей ме ол бірде,
Дәулетті игере алмай жүрсек, жайылып.

Ақ алтын ба, сары алтын, қара алтын ба!..
Белшемізден батыппыз - бар алтынға.

Былғанса да артымыз, қолда түк жоқ,
Қарын тойып, тірлікті жаңартуға.

Кетіп жатыр қиянға байлық бізден,
Қазақ аққан байлыққа көзін сүзген.
Обырлардың өңеші толар бір күн,
Бізге де жетер дәулет, үміт үзбен.

16 сәуір 1999 ж.

ҚОЙЫЛЫП ОРМАН ТҮНЕГІ

Қойылып орман түнегі,
Жапалақ кезген түн еді.
Ұйыған тылсым тірлікті,
Жаңғыртып біреу күледі.

Өліміңе де күледі,
Өлгеніңе де күледі,
Өлімтігіңнің үстінде,
Қалықтап ертең жүреді.

«Шошыдым» деуге арланып,
«Ғаламат!» - дейсің таңданып.
Қасыңда кім жүр? Білмейсің,
Ит тірлікпен алданып.

ҚҰЙЫН

Қорқытпа мені түнеріп,
Қарс жауып қабақты.
Бұлт жөңкілген үдеріп,
Жер кәдімгі абақты.

Көзге түртсе көрмейтін-
Тас қараңғы-тас түнек.
Үрейге әсте ермейтін,
Қайратым бар тас түлек.

Екпіндете шапқылап,
Жолдағыңды жоймақсың.
Биіктен жерді атқылап,
Мені мерт қып қоймақсың.

Жайдың тасы қолыңда,
Бұлт қамшысы тағы бар.
Міне басым, жолыңда,
Күшің жетсе қағып ал.

Көрсетпеске тырыстың,
Ақ сәулелі аспанды.
Бекерге тек қырыстың,
Дедің-ау:- мен жасқанды.

Өзіңнен де тентек бар,
Өзіңнен де бар мықты.
Қара жерден жентектер,
Лақтырғанмен не шықты?

Қара түтін, қара шаң,
Қою бұлтпен қолдасып,
Төңірекке қарасаң,
Жатқан майдан қандасып.

Жан ұшырып жылаған,
Сәбилердің зарлы үні.

Тамырымен құлаған,
Қайың да әсем қайғылы.

Сәбилерді шошытпа,
Қайыңдарды құлатып.
Шортандарды шоршытпа,
Теңіздерді тулатып.

Шайқалмайтын селт етіп,
Қозғалмайтын қайсар бар.
Долдансаң сен елп етіп,
Қайыспайтын жайсаңдар.

Сен өтесің шаңдатып,
Шөп біткенді жапырып.
Келе жатыр таң да атып,
Ақ күмістер сапырып.

ЗАРЛАП ЖЕТКЕН БАҚЫТЫМ

Қысқа өмірде қырық құбылған заманым,
Бірде тау боп,бірде құм боп қаламын.
Құбыланы Мәскеу тұстан болжасам,
Енді ғана Мекке жаққа қарадым.

Қысқа өмірде қырық құбылған заманым,
Бірде бие,бірде айғыр боп шабамын.
Діңкелетті-ау елді озбыр, обырлар,
Итше ұлып,қасқыр болып қабамын.

Қысқа өмірде қырық құбылған заманым,
Қыранша ұшып, жылан болып шағамын.
Тәуелсіздік! - Зарлап жеткен бақытым, -
Мен мәңгілік мұратымды табамын!

Маусым 2000 ж.

МЫНА ДҮНИЕ ЖАЛҒАН БА?!

Ей, мына дүние жалған ба?!
Күндізің түндей болған ба?
Көкорай шалғын солған ба?
Шілдеде қайың тоңған ба?
Қақырап аспан қалған ба?
Күңіренген тегіс шер маңда...
Жүректер шаршап, талған ба?
Байқаған мұны жан бар ма?
Бойыңды үрей алғанда,
Шырылдап шыбының шәрмәнда.
Үмітің күл боп жанғанда,
Өледі-ау тәтті арман да!

АҚЫР ЗАМАН ОСЫ МА?

Бұл заман қандай заман, сұрқы жаман.
Езуінен көбігі бұрқыраған.
Қайыстай қатқан қара кемпірлері,
Көшеде қолын жайып, қылқылдаған.
Бұл заман қандай заман, тұрқы жаман.
Басы жоқ, құр кеудесі қорқыраған.
Ер-әйелі маскүнем, мәңгүрт болып,
Тастанды сәбилері шырқыраған.
Бұл заман қандай заман, бағы жалған.
Жылусыз, суық жандар тағыланған,

Қол салып шешесінің қолқасына,
Ұл-қызы әкесінің жағын жарған.
Бұл заман қандай заман, ақырған аң,
Араны аузындағы шақырлаған.
Тас-талқан ауыл дауыл ұрғандай нақ,
Ақыр заман осы ма, ақыр заман?!

1994 ж.

ЖҮРЕК – ТЕҢІЗ

Жүрек деген шексіз теңіз тұңғиық,
Тұңғиыққа кім қойды екен түн құйып?
Толқын жапқан өжеттердің талайын,
Жағалауға жармасқанмен тым биік.

Тұңғиықта тұнып қалған шықпастай,
Талай кеме,сынып түскен шың-тастай.
Арпалысқан толқындардың бағытын,
Байқау қиын, ешкім бірден ұқпас та.

Көкшіл теңіз көкке шашқан көбігін,
Мені қайда апарасың сен бүгін?
Тереңіңе тастайсың ба тулаған?
Басайын деп бас асауын, желігін.

Асау теңіз толқындарын көкке атып,
Даңғазалап біреу күлді шек қатып.
Сықылықтап күлгені оның - мазағы,
Көкірегімде қалды менің кек қатып.

Кім болды екен? Жын болды ма, япырмау,
Жұмбақ күлкі дал ғып басты қатырды-ау.
Жо-жоқ! Таптым бағытымды. Күлгендер
Мені адасты, құрыды деп жатыр-ау.

Жүрек – теңіз, көгінде ойнап күн шығып,
Тұман, түндер тұңғиыққа тұншығып.
Ақ арманның ақ желкенін көтердім,
Айналайын, заулашы енді құлшынып.

АҚЫННЫҢ АРМАН ТОЛЫ ЖҮРЕГІМЕН

Күй төккен домбырадай күмбірлетіп,
Ақын өтті өмірден дүбірлетіп.
Ән-дуы таусылмайтын ақ қайыңдар
Мүлгіп тұр, үн шығармай күбір етіп.

Ақынның арман толы жүрегімен,
Тұрды ма бір тыныстап дүние кең?
Жыршысын қимай тұр ма, бұл тіршілік?-
Өмір кешкен солардың тілегімен.

БОРАН

Қар көрпесін қаққанда,
Бұрқылдатып кең дала.
Аспан жерге түскендей,
Тарыла қалды айнала.
Арыстандар ақырып,
Жекпе-жекке шыққандай,
Алай-дүлей бораннан
Ай қорғалып бұққандай.
Көк теңіздің көктемде
Көк сеңіндей сөгілген,
Қиыршық қар дүрмекпен,
Тентек желге жегілген.
Ішін тартып ышқынып,
Тырналайды түз қарын,

Жап-жалаңаш қайыңға
Көрсетеді ызбарын.
Ел ұйқыда.
Даланы боран кезді айналып,
Терезеге төніпті.
Ақын жігіт ойланып.

ТІРЛІГІМІЗ МӘҢГІЛІК

Абайым бар,
Мағжаным бар,
Олжасым бар
Деп жүрмін.
Масаттанам олармен
Қалмай, тіпті, дегбірім.
Мақтауға емес, мақтануға
Бұлар лайық тұлғалар.
Олар берген жыр мәйегі,
Жыр алтыны - тұнбалар.
Абай ақын пәлсәпәсін егіп еді
Адамдардың жанына.
Мағжан ұлттық рухпенен
Жалын құйды түркілердің қанына.
Анау Олжас
Әлем жұртын тебірентіп,
Жүректерге жол іздеді,
Жол тапты.
Жер жүзінің сырын тыңдап,
Тамыршыдай болжап тұр.
Абайым бар
Ақыл кені ағыл-тегіл,
Дариядай шалқыған.
Сол дариядан сусындаған,

Мейірі қанып, балқыған.
Көкейіне иман қонып,
Ғибадатқа бас қойған.
Алла! - деуге тілі келіп,
Азат болған басқа ойдан.
«Өзі де рас алланың,
Сөзі де рас», ей, фақырлар, адамдар.
Осы сөзде шындық бар,
Дұрыстық бар, жарандар.
Еңбек ету-мұратың!
Жарқырасын талайың -
Деген ұлттың пайғамбары,
Ұлы жүрек, жомарт жанды Абайым!
Алла ешкімді түу бастан-ақ
Жаман бол деп, найсап бол деп
Жаратпаған.
Жаман болсаң,кінәлі өзің,
Тал бойыңа пәктік рух таратпаған.
Көппен бірге боламын деп,
Көптің ізін шаламын деп,
Марғау жүріп басқаныңнан,
Өнеріңмен тамаша етіп,
Басқа жұрттан көш ілгері
Асқаның жөн.
Десе Абай: бірлік керек,
Татулық пен достық бөлек,
Әр қазаққа жетпей жатқан.
Ғұламаның көсем сөзі
Барша елді, дүниені
Көктей асқан.
Тұғырына созған қолың жетпейтіндей,
Абай биік мінберде.

Болашақты болжап,көріп,
Халқын бастап баратқандай
Ақ сәулелі күндерге.
Мағжаным бар,
Жарқыраған күннен туған,
Күнмен ғана үндескен.
Күннің нұрын, жердің нәрін
Бойға сарқып,
Қаламымен сөйлескен
Тұранның да түп қазығы
Сенсің алаш,сен қазақ.
Дүбірлеткен көк пен жерді
Скиф те сен, ғұн да сенсің
Малмен өрген сен қазақ.
Жарты әлемге жылқы жайып,
Көлдей саумал сапырғансың.
«Каталаун» жағасында
Еуропаға арыстандай ақырғансың.
Ерде отыруды үйреткенсің.
Еуропаның үзеңгі ілгізіп аяғына.
Шалбар киді ел сені көріп,
Жалаңбұт та ол баяғыдан.
Крестіде ұстатқан сен,
Ұлы Рим папасының қолына.
Қанша жиһаз, асыл тастар
Төкті ел сенің жиһангерлік жолыңа!
Бөрілі байрақ аспандатқан
Бабаң сенің ер түрік.
Сен де ер бол, сен де ел бол,
Көкіректегі құлдық мысыңды өлтіріп!-
Деп жастарға сенім артып,
Шақырды ақын бақыттарға армандаған.

Жастық па екен, күндей күліп,
Шымырланып, болашаққа қарманбаған.
Абылайдай айбарлы хан
Ел мен жерді
Дұшпандардан қорғап қалған.
Кене ханым
Қазағыма бостандық деп,
Жанталасқан, жауға өрттей
Ойран салған.
Қазақ ұлты, Қазақстан
Әлемдегі тәуелсіз ел
Қатарынан орын алды.
Ұлы Мағжан зарлап, жылап,
Көкірегінде шемен болған
Арман бүгін орындалды.
Олжасым бар, Абай, Мағжан
Ойын терең жалғастырған.
Батысты да, Шығысты да табыстырған,
Ара жігін жымдастырған.
Толғандырған әлем жайы,
Мазалайды жүрегін де.
Бар халықтың бақыты мен
Мамыражай тыныштығы - тілегі де.
Бәріне ортақ бұл жұмыр жер,
Жүзге бөліп,бөлшектеуді көтермейді.
Бар тіршілік төбесінде айналса бұлт,
Қасірет пен кесел дей бер.
Азбасын деп адамдар,
Тозбасын деп туған жердің топырағы,
Жерде жұмақ орнасын деп,
Талас-тартыс болмасын деп,
Жүрек қылын шертіп ақын отырады.

Адамдардың түрі басқа -
Қара яки, ақ, сары,
Бәрінің де орыны бар өмірдің кең төрінде.
Лүп-лүп етіп соғып тұрған
Ет жүрек бар олардың да бәрінде,
Сұлу сүйіп,бала өсіріп,үй болуды,
Ел болуды көксейді ғой әркім де.
Жұмақ пенен қуаныштан құрылса өмір,
Деп қиялдап әр пенде.
Ал жақсылық бұл тірлікте
Оңай келер іс емесін білгеннен соң адамдар,
Оған жету жолдарында
Қиын-қыстау өткелекті жеңуді де бағамдар.
Шыңғыс тауды тұншықтырып,
Уын төгіп, зәрін шашып мәңгілікке.
Тұз қаптырып Аралға да,
Империя тұмшап кетті адамзатты әңгілікке.
Қас жауына қарсы шапқан айдаһардай,
Ашу-ыза қабындап,
Әлем жұртын оятты да,
Ой салды, жырыменен дабылдап.
Жарылыстың тоқталуын,
Қырғын-қару жоқ болуын
Талап еткен асқақ үн.
Күллі әлемнің тебірентіп пендесін.
Қақыратты планета аспанын.
Ақын үні,Олжас үні
Тау қыраны секілді саңқылдайды!
Адамзаттың ар, ұяты ол,
Адамдардың бақыты үшін,
Олжас жыры сарқылмайды.
Абайым да, Мағжаным да,

Олжасым да көсемім!
Ұлылардың үлгісімен талпынамын,
Шыңдаламын, өсемін...
Қазақия көгінде асқақ
Үш жұлдызым тұрғанда әсем сән құрып,
Кең дүниеде сенің, менің
Тірлігіміз мәңгілік!

18 сәуір 2001 ж.

ТІРШІЛІК - МАЗДАҚ

Көгілдір көктем
Көк толқын болып,
Жүгірді қырға.
Құшағын ашып,
Қияндардан дабылы асып,
Шөптерге шықтан
Шырақтар тасып,
Қызғалдақтарды
Далама шашып.
Нұрымен күннің,
Әнімен құстың
Күбірлеседі ол,
Сырласып гүлмен,
Жаны сая тауып.
Қоңыраулы үнмен,
Саңқылдап жатыр
Қуаныш тілмен,
Орман мен көлмен,
Мақпалды түнмен.
Түнгі көкте,
Жұлдыздар самсап,
Айна көлді

Әймештеп, зерлеп,
Ай алтын найза
Толқынға сермеп.
Гимні түннің
Әлемді кернеп,
Тыныс ап дала
Жатыр-ау терлеп.
Шығыстан әне,
Таң қылаң беріп,
Қып-қызыл өзен
Ағылды көктен,
Далаға,тауға
Алаулар төккен.
Көзімде тұнып,
Шыққан күн күліп.
Ойлаймын тағдыр
Қимағандарды.
Адамға жарық
Сыйлағандарды.
Жан қылын қозғап,
Жылаймын боздап.
Шырқаймын,Күнім,
Шыға бер маздап!
Тұра бер маздап,
Тіршілік-маздақ!

ЕНДІ МАҒАН ЖАРАСАР

Күнде мейлі, күндеме,
Осы болды жеткен жер.
Өткен жолы гүл деме,
Батпақтап-ақ төккем тер.

Табаныма қадалды,
Сораптағы шөңгелер.
Ел қашан да адалды
Танып, ісін жөн көрер.

Жаңа жұлдыз ашам деп,
Ұмтылмаймын құлшынып,
Көлеңкеге қашам кеп,
Сәл ыстықтан тұншығып.

Енді маған жарасар,
Күйбең, қоңыр тіршілік.
Асу қуып,әрі асар
Құйрық, қанат тұр сынып

Уақыт па қартайған?
Мен бе, әлде, «аққудай?»
Көңілім бе ортайған,
Құмсағаттағы ақ құмдай?

Қара қосын сағынып,
Келсе кейде шабытым,
Қара өлең де сабылып,
Таба алмайды тағатын.

Қас қағым сәт, қас қағым,
Жүрек быт-шыт шаттықтан.
Көз алдымда - жас шағым,
Ойнап шықты, аптыққан.

Тақымында дүлдүлі,
Ауыздығын шайнаған.
Шашты ол маған қыр гүлін,
Құшақ-құшақ жайнаған..

10.09.01 ж.

ОТЫРАМЫН БАҚСЫДАЙ ЖЫНЫН АЛҒАН

Басымда дулар, шулар қабаттасып,
Бір ойымды бір ойым алып қашып.
Қолым жетпей бірінің шаужайына,
Жүруге де жарамай қанаттасып.

Отырамын бақсыдай жынын алған,
Бойындағы сиқуат, сыны жалған.
Өкпелеген баладай өлең деген,
Осындайда жоламай қырын қалған.

БЕЙІТ

Тірісінен де өлгенін құрметтейтін қазақтың,
Даласында бейіттер - салтанатты сарайдай.
Өрнектелген қабырға - өнерлі қол қашапты:
-Өмір, - депті, - қанбазар, нұр шуақты арайдай.

Тәттілігін тірліктің ұқтырмақ па бізге айтып? -
Түрлі - түсті сурет толғантады-ау көргенде.

Жарқ-жұрқ етіп күмбезде бір жоғалып, бір қайтып,
Үміт пе деп қаласың, шоқ жұлдыздар өргенде.

Жетпеді ме, жетті ме қиялдаған арманға?
Бұл бейіттің қожасы айтпайды енді жалғанда.
Кешкен ғұмыр жырдай боп, кестеленіп қалған да, -
Танысамыз тағдырмен біз бейітке барғанда.

ТОПЫРАҚПЫН

Топырақтан жаралдым, топырақпын, анам-жер,
Топырақсың өзің де деп шулайды анау жел.
Қақтадым ба қап-қара емшегіңді, аяулым?
Ер жетсем де еркелеп, ұлым деші, балам де.

Топырақпын, ал сонда, сүюді кім үйреткен?
Отан, ана, сүйген жар, елжіреймін үй, - деп мен.
Ұл-қызыма жанымды жайып салам мамықтай,
Дұшпандығы жақынның көкірегімді күйреткен.

Қайдан білгем қайғыны қара бұлттай қаптаған?
Әділдік пен шаттықты өмірді осы сақтаған?
Жер түбіне лақтырып жауыздықты, топырақ
Бола тұрып, неге мен тұншықтырып жаппағам?!

ҚЫРДА ҚАУЛАП КЕЛЕ ЖАТҚАН КӨКТЕМДЕЙ

Алғаш қырға шығуым-ау жайраңдап,
Туған үйдің төңірегін сайраңдап.
Тамашалап табиғаттың суретін,
Ұзақ күнге татылмай сүт, айран қап.

Есімде жоқ көктемде ме, жазда ма,
Дала гүлі жүз түрменен маздаған.
Ілінген күн ақ қайыңның ұшына,
Екіндіде құлап қала жаздаған.

Қайран қалып қатып қалғам, тосылып,
Жүрек сыздап, жүзімнен жас жосылып,
Қолдан түскен кеседейін күл-күл боп,
Дөңгелек күн сына ма деп шошынып.

Кекілімнен самал сипап өткендей.
Маңдайымнан жып-жылы леп өпкендей –
Жұбатты кім, нәзік жанды бөбекті? -
Қырда қаулап келе жатқан көктемдей.

ҚЫЗҒАНЫШ

Мінездердің ішіндегі сорақысы, жаманы,
Әй, қызғаныш, сенсің осы қаулататын жаланы.
Сен көтерген ту астында өшпенділік жанданып,
Өсек пенен сатқындықтың шамшырағы жанады.

Сен біреудің қайғысына рахаттанып, шаттанып,
Жотаңды да күйдірейтіп, ажарланып мақтанып,
Басқалардың бақытсыздығымен күн көріп,
Бұл өмірде көп мінезбен келесің бір сапта нық.

БИІККЕ ҰШ

Кеудемде сыймай тұрсың-ау,
Жүрегім тулап бұлқынып,
Күйрейді-ау қабырғаларым,
Толғасаң қайта жұлқынып.

Сабыр ет деуге тіл қысқа,
Қайрат – күшің тұр басым.
Жанымда дарқан жүгірген,
Жарқылдап, ойнап жүр жасын.

Көкірегімде күркіреп,
Толқындай толған тұрасың.
Жап-жақсы құрған арнаңды,
Көсілтіп қайда бұрасың?

Арманға бұрсаң арнаңды,
Еркімен шапсын аршындап.
Табаныңның астында
Таулар жатсын қалшылдап.

Көлеңдеп қалсын көңілдер,
Елеңдеп тұрсын ел біткен,
Қол соқсын саған бар әлем,
Жігер мен күшті өрбіткен.

Жылынып тоңы сібірдің,
Қаршагүл күлсін ақпанда,
Қиылып түссін топшыдан,
Құйын да қанат қаққанда.

Ал ұшсаң, шырқау биікке ұш,
Көз жаза көрме далаңнан,
Далаң-космодромың,
Солмасын әсте, санаңнан.

ДОСҚА

Салық еттің бетіме, жалғыз ғана мінімді,
Дені қалды ішінде – жеңілтпедің жүгімді.
Селсоқ жүрген дос па едің, жалған ба еді достығың?
Көңіл мұздай суынып, жүрек мүлде түңілді.

Бір басымда жүз түрлі болса, тіпті, кемшілік.
Сен арылтсаң солардан болмас еді-ау ерсілік.
Кесіп айтар шындықты ақ аспаһан болсаңшы,
Дос алдында қысылсам - өмір бойы кеңшілік!

ТҮН

Қара түнде қайнаған қара жындар,
Қара жындар қайдан бұл жаралдыңдар?
- Шырмауыңда қалушы ем үрейлі ойдың,
Қой күзете барғанда анау жылдар.

Қара жынды көргем жоқ өзім бірақ.
Атын естіп қорқушы ем, көзім бұлап.
Келіп қалды дегенде бой қалтырап,
Әлі есімде, жататын кезім құлап.

Қара түнде үрейлер қанаттанып,
Құбыжықтар тұрғандай қамап та алып.
Табиғат – ай түнді де жараттың-ау,
Жатпасын деп жүректер тағат тауып.

НАРЫҚ

Қайда кетпі барамыз, қайда кетіп,
Жалаң аяқ, жалаң бас дір-дір етіп?
Тәуелсіздік алғанмен, ағайындар,
Аңғалмыз-ау, сайламай бір-бір етік.

Жөн білетін бауырлар, жолға жетік,
Қайда кетіп барамыз, қайда кетіп?
Нарық деген қамытты киіп алып,
Ырғаңдайды мойнымыз қажау өтіп.

ҚОРҚА-ҚОРҚА БОЛДЫҚ ҚОЙ

Қорқа-қорқа болдық қой,
Айта алмай да шындықты.
Жалтақтаумен өлдік қой,
Не дейді? - деп сол мықты.

Құмақ едім санадан,
Жатып алған «құлдықты».
Келмей қойды шамадан,
Ұят,тіпті, сұмдық-ты!

28.03.02 ж.

АЙТАМЫН ДЕП ТУРАСЫН

Айтамын деп турасын,
Қосыла қалдым төтеден.
Байқамай оның « Бурасын»,
Соғуға тұрған шекеден.

Күтпеген оқыс соққыдан,
Ес ауып, кеттім қайқып бір.
Ұрысының түрі-жоқ қылам! -
Дегенді маған айтып тұр.

28.03.02 ж.

ЕЙ, БЕЙШАРА

Желкілдеп ақ жаулықтай желге ұшқан,
Елпілдеп жас байталдай қамшы қысқан.
Ой да жоқ, ақыл да жоқ, байлам да жоқ,
Қас пен досқа құшағын бірдей ашқан.

Ол – соқыр, болса да көз барма шара,
Бойда жоқ адамдықтан бір ишара.
Білместің жетегінде желдей есіп,
Орға түсем демейді-ау, ей, бейшара.

МҰСЫЛМАНСЫҢ

Көңілің ала, жаның сұм, жүрегің кір,
Мұсылмандық өзіңше тірегің бір.
Жасыл туын жамылып исламның,
Коммунист ең, қайтадан түледің бір.

Коммунист ең, енді сен мұсылмансың.
Әзәзілдік, жанжалға ысылғансың.
Жала жауып жақсыға-ысырғансың.
Орынынан құлатып орға, құзға,
Көрге итерген талайды «пысық» жансың.

Тап өзіңдей көбейді сұрқы жалған,
«Мұсылмандар» мешіттің шырқын алған.
«Құдайы үйді» жанжалдың оты орап,
Қызыл,жасыл,көк түтін бұрқыраған.

Арақ пенен аятты былғап ішіп,
Қара пиғыл,ойларың жүр жарасып.
Иман қашып қазақтан, қалар ма екен,
Қызыл мұрын шоқпардай тұрған ісіп?!

1999 ж.

КӨҢІЛІМ ДЕ СУЫНҒАН

Көңілім де суынған
Жүрегімде шулыққан.
Қабындаған қаңқудан,
Ызыңдаған шуылдан.

Ырылдаған иттерден,
Жыбырлаған биттерден,
Ығыр болдым, япыр-ай,
Қаймықпаушы едім «киттерден!»

28.03.02 ж.

МЫНА ЖҰРТҚА НЕ ҚЫЛДЫМ?

Мына жұртқа не қылдым, не істедім?
Жанжалдасып,бірімен керіспедім,
Бүлінгеннен бүлдіргі бөліспедім,
Ризығын ешкімнің жеп, ішпедім,
Мына жұртқа, япыр-ау, не істедім?

Ызаланған иттердей абаланып,
Таңымнан да тартады шабаланып.
Кейі сақ-сақ күледі - таба қанып,
Қой !-деушілер қалыпты-ау шамаланып.

ЖАҚСЫЛЫҚТЫ АЯМАН

Алла берген күш-қуат бар бойымда,
Ар,ақыл мен намыс бар ми-ойымда.
Ешкімнен де артық та емес,кем де емес,
Кісілігім осыған сай,тойым да.

Кеуде қағып, өз-өзімнен пісінбей,
Ірілікке шылбыр салғам - ісінбей.
- Мына байғұс жуас екен,-дейді жұрт,
Менің осы мінезіме түсінбей.

Тал бойымнан жақсылықты аяман,
Бар адамнан - үлкеннен де, баладан.
Дұшпаныма қажет болса көмегім,
Қол созамын келіп тұрса шамадан.

28.01.02 ж.

ОЛ ДҮНИЕДЕ

Ол дүниеде бар дейді тіршілік мәңгілік.
Сауық құрад деседі ондағылар сән құрып.
Кеткендердің ол жақтан оралмауы содан ба?
Думанды, әлде, қызықтап, қала ма екен мәңгіріп?

Көп жасаған айтатын,сүйектерін қаусатып:
Сауығың да адамды қажытад деп, шаршатып.
Ол жақтағы тірліктің басым болды-ау қызығы,
Төбелерін біреуі көрсетпеді - аңсатып.

Менің күнім барады екіндіге еңкейіп,
Көңіл шіркін,толқиды-бір серпіліп,бір кейіп.
Мәңгілік пен жұмақты айтсадағы қыздырып,
Секундтік те сәулені кете алмас ем мен қиып!

2000 ж.

ІЗІ СУЫП...

Жолдас та, дос та көп еді күні кеше,
Қауқылдасып тараушы ек күнде неше.
Құшақтар да жазылмай қалушы еді,
Ішкен асын қоятын Мүкең десе.

Мүкесі-мен, зейнеткер, емес бастық,
Алпысты да қаусырып, әрі астық.
Достардың да төбесі селдіреді,
Ізі суып жолдастың, ажырастық.

1998 ж.

АҒА, СІЗ НЕГІЗІ ТЕНТЕКСІЗ-АУ ДЕГЕН БІР ІНІМЕ

Тентек болам демеймін,
Тентек болу ойда жоқ.
Дөрекіге өгеймін,
Іздемеймін қайда?-деп.

Сүйкенбеймін ешкімге,
Өз-өзіммен боп жүрем.
Жалғыз болып өстім де,
Сонымды өзі хош көрем.

Саяқ шыққан киіктей,
Айдалада ойқастап,
Әңгімеге килікпей,
Келем көптен бой сақтап.

Ұлттығыма келгенде,
Тұра алмаймын жай қарап.
Тілге сойыл тигенде,
Шыға келем айқайлап.

Тентектігім осыдан
Басталады-ау, байқасам.
Намысымның қосынан,
Шыға сала айқасам!

12 маусым 2000 ж.

СОҢҒЫ ҚАЗАҚ МЕН БОЛАМ БА?!

Абай тілінде ойланатын,
Мағжанға ұқсап толғанатын,
Өз тілінде жазған атын,
Соңғы қазақ мен болам ба?!

Домбыраны күмбірлеткен
«Сары жайлауды» дүбірлеткен.
Қоңыр күйі көңіл ерткен,
Соңғы қазақ мен болам ба?!

Әміренің әнін тыңдап,
Балқып, шалқып жанын шыңдап.
Күрсінетін жүрек сыздап,
Соңғы қазақ мен болам ба?!

Сағынамын қамқор анам,
Туған ауылым, тұлпар далам.
Деп аңырап, айқайлаған,
Соңғы қазақ мен болам ба?!

Өз тілінде мұңын шаққан,
Шаттық құшқан, күлім қаққан,
Арман, үміт шамын жаққан,
Соңғы қазақ мен болам ба?!

Үнім шықпай кең ғаламға,
Тіл қызметін доғара ма?
Қазақы жүрек соға ала ма?
Мәңгүрт! Елдік жоғала ма?!

ШЫҒЫС ЖЫРЛАРЫНША

Найзағайдың қытығы кеп, шегі қатып күлгенде,
Қара бұлттың жылағаны-ай, жер жасарып, түрленді.

Жердің үстін тұмшап түнек, өшсе оның шырағы,
Періште де тамұқ отын қолына ұстап шығады.

Миллион адам ішінде жүрсеңде сен жалғызсың,
Миллион адам ішінде жүрмесеңде жалғызсың.

Жауың жалғыз болса да,қатер торын құрады
Досың жүзден асса да,аздық етіп тұрады.

Жақсылық пен тыныштыққа ұмтылады ақылды-ақ,
Үстемдік пен қақтығысқа тырысады ақымақ.

ЖАРҚЫРАТЫП ТҰРСЫНШЫ АСПАНЫҢДЫ

Мейлі мен болайыншы бақытсыз-ақ,
Ешкімге бармас едім бақыт сұрап.
Көкте күн, жерде жусан таныр мені,
Маңдайда жылтыраған жақұтсыз-ақ.

Жо-жо-жоқ, бас имеймін мың жығылып,
Алдында мықтылардың құлдық ұрып.
Қиындық қорысынан қыңқылдасам.
Аузыма қойындаршы құмды құйып.

Түк емес, ұсынамын бас бағымды,
Керексінсе қиямын жас жанымды.
Жарқыратып тұрсыншы бақ шолпаны
О адамдар, көгілдір аспанынды!

ӨЗ АҚЫЛЫМ ӨЗІМЕ ЖЕТПЕЙ ЖҮРІП...

Өз ақылым өзіме
Жетпей жүріп «еу!» - деген.
Ақыл айтам өзіңе,
Үлкенсініп кейде мен.
Сөйлеп кетем шешіліп,
Шешенсініп,тоқтамай.
Тыңдаған бол,
есіріп
Кетті, - деп іштей боқтамай.

УАҚЫТПЕНЕН ЖАРЫСАМ

Қайғы да кештім, қуаныш та өтті бұл бастан,
Тірлікте бәрі алмасып келед тынбастан.
Құшағымды ашып-ақ келем айқарып,
Өмір дегеннің құдіретінен кім қашқан.

Күлпара болған үміттің әсем сынығын,
Тереңнен іздеп, қармандым терең тұнығын.
Тамаша-ау, менің қасымда сайрап бұлбұл құс,
Төбемде күліп, нұрын құйып тұрды күн.

Асығам, шыным, уақытпенен жарысам,
Кейін қап кейде, мәреде бірге табысам.
Тұсыма келді замандастардың дүбірі,
Шын жүйріктерден, апыр-ай, қалай қалысам?!

САҚТАСЫН ТЕК БҮЛДІРГІШТЕН

Жусан иісі кеуде жарып,
Көңілімді шаттандырған.
Жүрер алыс сапарыма,
Қуанышпен аттандырған.

Қайда барсаң күліп тұрған,
Тіршілікке не қыларсың.
Ей, жүрегім, содан ба екен?-
Өмірге осы тым құмарсың.

Жұмыр басты құйтақандай,
Жақсылық ақ алсын меңдеп.
Жамандықты өртейік те,
Алып шығып қапқа теңдеп.

Мені көрген жынды дейді-ау,
Десе десін, барма шара.
Сахарада айқай салып,
Күлем өзім - мәра-сәра!

Күнді құшып тұрғандаймын,
Желге мініп, зуылдатып.
Әзіл айтып ормандарға,
Күлдіремін шуылдатып.

Риза боп жымыңдайды,
Әжім жүзді жер - апам да.
Қызыл құрай жүз құбылтып,
Ән шырқайды кең жиһанда.

Ойланатын жәй-ау бұл бір,
Кіммін өзім, күлдіргіш пе ем?
Кім болсамда болайыншы,
Сақтасын тек бүлдіргіштен!

КЕШЕГІ СОРЛЫ...

-Мынауың жүрген кешегі сорлы, жетімек,
Бір үзім нанға жарымай қиыр кетіп ед.
Масақтың дәні тойындырған ғой, тірілтіп,
Адам болып, қатарға кепті жетіліп.

-Бәрі де рас, өткенді несін жасырам.
Кешегімнен де бүгінгімді асырам.
Кешегі күні жер жырттық ел боп сиырмен,
Ал қазір космос, Байқоңырыммен тасынам.

Тағдырдың ісі, уақыттың заңы бәрі де,
Бұлжымастан келе жатқан әріден.
Елі бар ердің жетім болғанын кім көрді?!
Сұрасаңдаршы, көп жасаған кәріден.

ӘЙ, МОЛ-АУ, БІЗ КӨРЕР КӨРЕШЕК

Бұрындар көшеде жүруші ек тайраңдап,
Күндіз де,түнде де хауіпсіз жайраңдап.
Бүгіндер бойымды бір үрей билеген,
Жағаға лықсыған балықтай қайраңдап.

Қорықпауға лажым да, шамам да жоқ менің,
Кеш болса қасымнан шығады өктем үн.
Қалтама түседі, тіміскіп біреуі,
Бөркімді ап қашады-қууға жоқ демім.

Қашқанды көзіммен қиянға қуып сап,
Соңынан топырақ шашамын уыстап.
Өлдім!-деп өкірсең - қала үнсіз, өліктей,
Тек қанден шәу етед қамалған қуыстан.

Не болар күніміз,не болар келешек?!
Қарақшы, ұрыны үн-түнсіз демесек.
Тіршілік бандиттер қолында қала ма?
Әй, мол-ау, әлі де біз көрер көрешек!

16.07.02 ж.

ҚАЗАҚҚА РИЗА ШЫҒАР...

Құдай-ау, бұл заманға не боп кеткен?
Басым дал іздеуменен себеп көптен.
Аяқ болып кеткен бе бас дегенің?
Қатын -өсек, ұсақ сөз гулеп тіптен.

Жігіт десем қоқитып бөрік киген,
Басқа болды ел-жұртты бөріктірген.
Дуалы ауыз тыңдатқан сөзін көпке,
Ақсақалдар бар кезде берік-ті іргем.

Қысыр сөзге әуес қарт, жасымыз да,
Жел ғана есіп жүр ми, басымызда.
Бір-біріне тасадан тас лақтырған,
Қазаққа риза шығар қасымыз да.

1990 ж.

КІМДІ КҮТІП...

Кімді күтіп, кімге мен болам алаң?
Көңіл алаң, беймаза жаным, санам.
Бір сағыныш кернейді тұла бойды,
Ұйықтатпайды болғанша елең-алаң.

Кірпігімді ілмеймін ертесін де,
Бір қарақшы бара ма жер төсінде?!
Әлде, қырда жанымның сағынышы,
Келе ме екен түйенің өркешінде?!

Әлде хабар-жақсылық, жамандық па?
Дос, жолдастар жолдаған амандық па?
Қайсы бұрын жетеді босағама,
Тосып алам есіктен адамдықпен.

16.11.1999 ж.

КӨБІ ЖАЛҒАН, КӨБІ АЛДАМШЫ ЕКЕН ҒОЙ

Күн-күн сайын құрдым құшқан жандаймын.
Жүректе-үрей, көңілімді алдаймын.
Шығамын деп тартып жатқан қорыстан,
Намысыма үміт жібін жалғаймын.

Қу тірліктің ләззәтіне тоймастан,
Өзімді-өзім қамшылаймын қоймастан.
Қыр астында деп ойлаймын, гүл бақша,
Сонда арман-бақыт құсы жайғасқан.

Қиындықтың бел-белесін өтем де,
Ойлаймын ғой сол бақытқа жетем деп.
Тіршілікте дәмелісің әр неден,
Көбі жалған, көбі алдамшы екен тек.

11.04.1993 ж.

НЕ ДЕРСІҢ

Шешендікпен түстім көптің көзіне,
Құлақасты,бас шұлғысты ел сөзіме.
Ауызыңнан бұрқыраған көбігің,
Көк мылжыңсың!-деді біреуі өзіме.

Бүлк-бүлк етіп сайрауға әзір тұр көмей,
Ауыз бақтым топ ішінде үндемей.
Мылқау болып қалған, - деді мені жұрт,
Бақырайған көзі ғана, сөйлемей.

-Мәңгіге өшіп жанарының шырағы,
Қараңғылық болыпты оның тұрағы.-
Демесіне жұрттың енді кім кепіл?
Тас бітеліп қалған, - дейді-ау құлағы.

ҚУАНА АЛМАЙ ЖҮРМІН-АУ...

Қуана алмай жүрмін-ау баяғыдай,
Күрсініс, күлкімнің де аяғы ұдай.
Достар менен безген бе, мен достардан?
Жалғызбын дала киік саяғындай.

Жалғызсырап жүремін дулы өмірде,
Қызық құрып кеткендей бұл өңірде.
Арман құсы алдымнан ұшпай қойды,
Алабүлік бір дауыл жүр көңілде.

ҚАРТ ЖҮРЕГІ

-Кеңес жоқ еңбегіңді бағалаған,
Кеудеңе жұлдыз тағып,ағалаған.
Қалдың сен, ата, енді қалталылар
Жіліктің майлы басын жағалаған.

Қанша жыл сөлкебайды босқа бақтың,
Әй, ата, жұлдызыңды маған сатқын.
Төріңнен көрің жуық, жақсы емес пе?!
Жылытып жамбасыңды ақша жатқан.

Деп жігіт төгілдірсін тілдің майын,
Жұлдыздың құнын және білген жәйін.
Шал байғұс бір қызарды,бір бозарды,
Жылмаңдап жігіт сөзбен ілген сайын.

- Әй,тоқта, - деді ақсақал байыпты үнмен,
Ер болсам елім сүйген, айыпты ма ем?
Осынау жұлдызымның алтын нұры,
Барша елге есімімді жайыпты кең.

Күшімді, қайратымды санап мыңға,
Елімнен еңбегімді аяппын ба?
Жүзіндей ақ алмастың жарқылдадым,
Ұмтылдым, жан, жігерді қайрап тыңға.

- О,ата, өткеніңді айтпа маған,
Естідім көп сөзіңді қайталаған.
Сат маған жұлдызыңды,ойлан тағы,
Соңыра үйлеріңе қайта соғам.

Жүрегі шалдың құйын, аттай тулап,
Ырду-дырду құлақта айқай, шулап.
- Алтын жұлдыз -арым ғой! Сатпаймын мен.
Берсеңде бар әлемнен ақша жинап

...Айтқандай, жігіт үйге қайта келді.
Аталап өз тілегін айта берді.
Киінген мұздай болып шал, жастыққа
Қисайған қалпы жатыр алып төрді.

Шал сұлық. Көкірегін қолмен басып,
Жұлдызын омырауда айқара ашып,
Ерлік пен адалдықтың белгісіндей
Жұлдыз бен қарт жүрегі тұр жарасып.

БАЗАРҒА БАРА ЖАТҚАН ӘЙЕЛ

Базар, базар, базар, - деп,
Базарсыз күнім мазаң деп.
Базарсыз күнім тозар деп,
Базарсыз күнім азар деп...
Қол арбаға қайқайтып,
Дәу қаптарды, шайқалтып,
Шірене әйел сүйрейді,
Көрген жанды таң қалтып.
Әйел үшін тіршілік-
Базарда-тұрған күн шығып.
Бармақтай байғұс арбаны,
Тартады жұлқып, құлшынып.
Тиыны жоқ қалтада,
Аяз қысып арқадан,
Маңдайдан соғып долы жел,
Жүргізбей кейде бір қадам.
Тістене тартып арбаны,
Базарға жету - арманы.
Қалтырап бойы, ойпыр-ай,
Қуаттың кетіп қалғаны.
Арбада-үміт,қ уаныш.
Жақын ба ол,әлде,тым алыс.
Сатылып кетсе бір мүлкі -
Көңілге медеу, жұбаныш.
Сүйретіліп қаптары,
Өтпей-ақ қойды заттары.
Күн қаққан әйел жүзінде,
Тізілген бейнет қатпары.
Терге жүзі көміліп,
Көзінен жасы егіліп,
Құлап түсті көк мұзға ол,
Аузынан қаны төгіліп.

22.02.1999 ж.

БОЛАДЫ ЕКЕН АДАМНЫҢ СЕРПІЛЕТІН ШАҒЫ БІР

Болады екен адамның
Серпілетін шағы бір.
Алға басып қадамы
Омырауы тағып жыр.
Шырқап, шалқып жүрегі
Жаны жайнап, тасынып.
Ақтарылып тілегі -
Ақ күмістер шашылып.
Шарқ ұрып үміт-шағала.
Көкте қанат сермейтін,
Төбеңе жақын жағалап,
Бақ құсы сайрап, өрлейтін.
Атып бірде күліп таң
Ғұмыр бойы аңсаған,
Күтіп жүрген үміттің
Жұлдыздары самсаған.
Сан жұлдыздар қаулайды,
Көкірегіме сарқырап.
Тас төбемде лаулайды,
Алтын күнім жарқырап.

БАҚЫТ КЕЛЕДІ

Төңірек түгел ойраны шығып, қираған.
Болашаққа,бірақ,таудай сенім артамын.
Орындалмас та діттеген,тіпті,ойлаған,
Үміттің жібін босатпай, бірақ, тартамын.

Үлкен де, кіші көзбе көз тұрып алдайды,
Ал мен болсам,бәрін де сүйем аңқылдап.

Бұлт болып торлап, жоқшылық елді лаңдайды,
Бәрібір бақыт келеді күндей жарқылдап.

3.03.01 ж.

ӘЛЕМ КЕҢ, АСПАН ДА КЕҢ

Әлем кең, аспан да кең, дала да кең.
Кеңдік кейде тарылып қалады екен.
Көңіл сыймай, адамдар сыйыса алмай,
Тас-талқан болып елден ала бөтен.

Жай шуласпай кеудеде зілін сақтап,
Қарсыласын атар оқ түрін баптап.
Етегінен тартады ең болмаса,
Әйтпесе, біреуі өтер бірін таптап.

Сонан соң,ашу-ыза басыла қап,
Өліктің кешегі жау басына кеп,
Тұрғанда, көріп қан-қан өз қолдарын,
Қалтасына сұғады шошынып-ақ...

1992 ж.

ТОРЫҒЫП ҚАЙТЕМ...

Көңілді кірбің түскен уатумен,
Өзімді өзім келемін жұбатумен.
Бұрынғы тірлік енді қайдан болсын,
Тырбанам 65-тік қуатыммен.

Көбейіп ыңқыл-сыңқыл тал бойымда,
Қырық сақта жүр ой,басым дал болуда.
Торығып, шыж-быж болып, қажеті не,
Бәрі де бір Алланың тұр қолында.

7.06.02 ж.

ӨСЕК

Құлақтан құлаққа жүгіріп,
Аңқаудың ішіне үңіліп,
Шындықтан жесе де көп таяқ.
Қалмайды бір рет түңіліп.

Жазықсыз жандарды жаралап,
Улайды ел ішін аралап.
Періштең болса да ол сенің,
Кетеді табанда қаралап.

* * *

ЖОЛҒҰТ
(итіме)

Жылмыңдап, еркелеп қарайсың,
Ескелеп, қолымды жалайсың.
Асылып мойныма, өзіңді
Үміткер бір жанға санайсың.

Болмаса арманың көздеген,
Түспесе аузыңа іздеген,
Өңіңді суытып, сырт беріп,
Кетесің бұралқы ізбенен.

ҚАЙҒЫНЫ МАҒАН СЫЙЛАҢДАР

Өздерің ғана жиманҙар,
Қайғыдан маған сыйланҙар,
Бөлісіңдер де ақынмен,
Жүрегін де қинанҙар.

Торламаса мұң-тұман,
Жарыққа неғып ұмтылам.
Шуағын күннің жібектей,
Өрнектеп қалай жыр қылам?!

Аяма мені, сөкпеймін,
Қиыныңмен-ақ көктейін.
Алаңсыз жүріп ортаңда,
Адамдар, мұңсыз өтпейін.

* * *

Сол жақ көзім тартады, қайта-қайта қоймастан.
Әдемі жыр тізіліп, төгіле ме ой бастан?
Бір мұратым самғай ма, зымырандай Айға асқан?
Орала ма жастық шақ, көктем көркін жоймастан?

Бақыт құсы қона ма, иығыма бір келіп?
Келін түсер ме екен-ау, шаңырағым түрленіп?
Сезіне ме жылылық ақ қайыңдар бүрленіп?
Сейіле ме қаңқу сөз, қара қаптал түнге еніп?

ЖЕТПІС КЕЛІП ҚАЛДЫҢ БА?!

Келе жатқан бұл кім десем ентелеп,
Жетпіс екен, мінді иыққа желкелеп.
Қайран 60-65-ім, ойласам,
Сендерге өзі жүріппін-ау еркелеп.

Салдыратып иығымды, қолымды,
Бұраңдатып тастады ма жонымды?
Аяғына сұлы түскен жылқыдай,
Ақсаңдатып, қайнатты әбден сорымды.

Міне осылай, тұсау салды аяққа,
Амалсыздан сүйенемін таяққа.
Жанарыма жас толады, бұлдырап,
Үшеу-төртеу боп көрініп саяқ та.

* * *

Жетпісіңнің желкеме мінгенін де байқамай,
Бір аңғалдық таныттым – мүйіздемей, жайқамай.
Сырылдатып кеудені, сықырлатып сүйекті,
Басады екен батпандай тыпырлатып, айхай-ай!

ҚАРТТЫҚ

Қарттықтың аштым есігін:
Ассалаумағалейкүм! - деп.
Қош кепсің! - деген естілді үн,
Шалдыққа қарай икемдеп.

Көріні көрдім жасымнан,
Қалтылдап таяқ сүйенген.
Менің де келді басыма,
Шалқаңдап, кеше шіренген.

Шал болу да үлкен қуаныш, -
Абыройың тұрса сақталған.
Көңіл мен жанға жұбаныш,
Денсаулық болса бапталған.

Абырой керек төгілмей,
Шашылмай жеткен қарттыққа.
Ұрпағыңа онда өгейдей,
Болмайсың түбі – ақтықта.

Үлкенді сыйлап, құрметтеп,
Үйренген қазақ баласы.
Сол дәстүр бүгін тұр көктеп,
Иманға тұнып даласы!

МЕН КЕЛЕРДЕ ӨМІРГЕ

Бар әлем мен келерде тулап тұрып,
Уақыт жүрегіме құлақ түріп.
Құрсақты теуіп шықтым,өзімді өзім,
Тағдырдың бет-жүзіне лақтырып.

Әйтпесе, соққан сағат аңтарылып,
Тіршілік қуаң тартпақ, жан тарылып.
Теңіз де тебіренбей тынар еді,
Толқын да көбік шашпай, қаңтарылып

Таулар да шайқалмас ед, қиратылып,
Төсінен бұлақ ақпай ширатылып.
Зұлымдар сермер еді селебесін,
Тіршілік жатар еді туратылып.

Дүние қалай мені ұнатпасын,
Жанында жігер отын тулатқасын.
Мен, міне,бар дауыспен шырқап келем,
Тірліктің туын ешкім құлатпасын.

1959 ж.

ДҰШПАНЫМНАН ДОСТАРЫМ КӨП АДАММЫН

Дұшпанымнан достарым көп адаммын.
Бір қызығы,екеуіне де адалмын.
Дос көңілін көтеремін жалаудай,
Дұшпанымды ғайбаттаудан да адамын.

Жауыздығын біле тұра біреудің,
Көкірегімнен шықпайды әсте шіреулі үн.
Жамандыққа жақсылықпен қайтарам,
Зәр шашқанын көрсемдағы дүлейдің.

13.04.2000 ж.

ҚИЯЛ

Өмір-тойдың отырмыз ортасында бәріміз.
Нұр сипатты жүзіміз,мәз жасымыз,кәріміз.
Бал шарабын қиялдың құйып алып кесеге
Сіміреміз,пай-пай-пай, рахат тауып жанымыз.

Мас боп қалып жүрмеңдер,тізгін теже, байқаңдар,
Демейді ешкім,тықпалап: - іш! -дейді тек, жайқаңдар!
Шәрбәтінә қиялдың қанағат қып, кім тойған?
Ұлы тойда көп болып, көп көргендер, айтыңдар.

ӨКІНБЕҢДЕР

Өкінбеңдер өткен күн, өткен шаққа.
Қызықтардың көкесі болашақта.
Кешегінің аспаны биік болып,
Ертеңгінің аспаны аласа-ақ па?!
Өкінбеңдер, кемсеңдеп жыламаңдар,

Өкініштің отына құламаңдар.
Жастық шақ па?!
Келмейді ол.Жалбарынып,
Тәңірден сұра, мейлі, сұрамаңдар.

САЙРАНДАП...

Өтті, кетті уақыт желдей ұшып,
Балалықты, жастықты бірдей құшып.
Қайда кетті, белгісіз, шаңы да жоқ.
Өткендердің бәрі түс, көрген тұшып.

Сонда қалай,мен өмір сүрмегем бе?
Кең дүние үстінде жүрмегем бе?
Қатын-бала, үй-орман, мүлік қайдан?
Тіршілікте уайымдап, күлмегем бе?

Білсем ғой өмір сенің өтеріңді,
Қас қағым сәтте уақыт жетегінде.
Жас болып, мас боп мәңгі жүрер едім,
Сайрандап «Балықтының» етегінде.

ТАУ ӨЗЕНІ

Таудан өзен құлайды,
Толқынды шаштан сүйрелеп.
Өкіріп,өксіп жылайды,
Жартасты сүзе кимелеп.

Ашумен ұрып жағаны,
Ағындар қайнап, бұрқылдап.
Құшаққа ап шатқал, сағаны
Шабады жоны бұлтылдап.

Алапқа тастап жарлығын,
Қиқулап, ырғып төте өрден.
Тасқынның тәкаппарлығын,
Далама алып кетерме ем!

1961ж

ҚУЫРШАҚ

Қазағым-ай табасың,
Сөздерді де кейде көп.
Ат та қойып аласың,
Адамдарға бейнелеп.
Кейде үлкендер сұрайтын.
Алдың ба деп, қуыршақ?
Айтпаған соң шын атын,
Дағдарыста тұрушы ек.
Қуыршақ?-деп өзіне,
Қарағанда таң қалып,
Күлкі үйіріліп көзіне,
Көңіліне жаз қонып,
Мәз болатын «ерім» деп.
Қуыршақты білмеген,
Ол болашақ келін, - деп.
Түсіңе әлі кірмеген,
Сол қуыршақ үйіңе,
Жарық сәуле шашатын,
Күй қосатын күйіңе,
Ажарыңды ашатын,
Дәулетіңді тасытып,
Ұрпағыңды өргізер,
Дұшпаныңды жасытып,
Жаныңа дос ергізер.
Туысты да, досты да,
Төредей қош алатын.
Кәріге де, жасқа да,

Ізгілік жанын жаятын.
...Сол қуыршақ аттаса
Босағамды менің де.
Риза етіп келін де.
Қуыршағын қолтықтап,
Ұлым жүрсе көңілді.
Шалқып жүрек, шалқақтап,
Әрлеп мынау өмірді

АДАЛ СҮТ ЕМГЕНДІ БЕР

Алла,келін бер,
Келін берсең,
Көңілінің көлін бер,
Етек-жеңінің кеңін бер.
Алла, келін бер,
Келін берсең,
Әке-шешені көргенді бер,
Адал сүт емгенді бер.
Алла,келін бер,
Келін берсең,
Жалындай жанып
Тұрғанын бер,
Балағынан бала
Тамып тұрғанын бер.
Алла, келін бер,
Келін берсең,
Шаруасын қабыстырғанды бер,
Ағайынды табыстырғанды бер.
Алла, келін бер,
Келін берсең,
Өнеге,өнерді тергенді бер,
Ел алғысы соңынан ергенді бер!

2000 ж.

ЖҰМБАҚ ТАС

Арқаның жүзін тосып самалына,
Тамсанып Бурабайдың жамалына,
Аққудай айдын көлде еркін ойнап,
Ару жүр мәз боп толқын жамалына.

Ақ толқын кіршіксіз жан тілегімен,
Ұстауға дайын қыздың білегінен.
Меруерттей мойынына оралады,
Шын сырды ақтарып сап жүрегінен.

Сылқылдап толқын қайта тұншығады,
Сипауға қыз денесін құлшынады.
Жел, күннен қас сұлуды қызғанғандай,
Әп-сәтте долдық қысып бұлқынады.

Тереңнен шығып, ойнап, керіледі,
Тентекке неғып ару беріледі?
«Жұмбақ тас» көусәр көлдің төсіндегі,
Шомылған маған қыз боп көрінеді.

ЕРСІ МІНЕЗ

Жасырмаймын, досым-ау, жасырмаймын.
Ашу қысса жуықта басылмаймын.
Бұлт қамшылап шығатын найзағайша,
Әрлі-берлі сыздана шатырлаймын.

Онда алдымнан кес-кестеп тұра көрме,
Дауылдатып, таң жыртып шыға келме.
Түсейінші сабама, сарқылайын,
Сон соң мейлің қақсаң да қара жерге.

Ашу деген өрт қой бір лапылдаған,
Шарпылады, күйеді жақындаған.
Жараспайды-ау, осы бір ерсі мінеэ,
Ер жігітке жайдағы аңқылдаған.

КЕМСІНУШІЛІК ҚҰРЫСЫН

Христиан, мұсылман,буддаға,
Ауа да ортақ, күн де ортақ,
Аспан да ортақ, түн де ортақ,
Жер де ортақ гүл де ортақ.

Тіршілікті, адамды,
Жаратушы да бір құдай,
Жарылқаушы да бір құдай,
Жазалаушы да бір құдай.

Христиан, будда, иудидің
Табынары да бір құдай,
Жалбарынары да бір құдай,
Жалынары да бір құдай.

Айналайын, адамдар,
Жүрсіңдер не үшін таласып?
Адамшылықтан адасып,
Кеудеге қанжар қадасып.

Тулауыңа жол болсын,
Талқандап тауды, даланы,
Қиратып ауыл, қаланы,
Аңыратып қатын-баланы.

Құдайдың сендер құлысың,
Адамзаттың ұлысың,
Патриарх, Папа, Қазірет,
Айтсаңдаршы дұрысын.
Кемсінушілік құрысын,
Кең алсын Әлем тынысын.

1999 ж.

ОТАРЛАУШЫНЫҢ СӨЗІ

Жер – менікі,
Көк – менікі,
Қыс – менікі,
Қар – менікі,
Күн – менікі,
Түн – менікі,
Тіл – менікі,
Менікі, менікі.. ...
Ә..?
Сенікі..? – болмаған!
Сұрайсың...ә.. оңбаған!

СІБІРЛЕМЕЙ ҚАЛМАСЫН ДАЛА ТАҢЫ

Жұмыр жердің үстінде тыныштық жоқ,
Шыңылдаған тарылтып тынысты оқ.
Айыға алмай бұрынғы жарасынан,
Ауырсынып жүр әлі құрысты боп.

Әр түкпірдің бұтасын қырқып атып,
Аузынан өлім исін бұрқыратып,
Бөбек болып туғандар кеше ғана,
Бүгін бөбекті атып жүр шырқыратып.

Жер - ана ғой, біз оның балақаны -
Шынар шыңға ұшырған алақаны.
Біздер қалғып, зұлымдар өртеп жерді,
Сібірлемей қалмасын дала таңы.

ҚАСҚА БҰЛАҚ

Абай атам тыныстап, оралғанда жырақтан,
Ат суарған деседі, Мұхтар аға бұлақтан.
Сонау биік басында ақын тұрған жыр оқып,
Қызықтайсың, естисің көне көз, кәрі құлақтан.

Қарилардай мүдірмей жатқа соғар құранды,
Жібермепті жұрт босқа Абай салған бір әнді.
Бүлкілдейді, безектеп, шопан қолы шанақта,
Татьяна әуені қыр бетте мың бұралды.

Кетіп бара жатқандай ол «Шыңғысты» бетке алып,
Ауылына ақынның аялдай ма, тоқталып?
Ақ көйлекті, ай жүзді, орыс қызын көруге,
Шыға келген секілді қыр қазағы топтанып.

НЕ КҮТІП ТҰР МЕНІ АЛДА?

Не күтіп тұр мені алда?
Бел-белестер, шыңдар ма?
Гүлге оранған көгал ма?
Табан қарыр құмдар ма?

Дұшпандар ма, достар ма,
Қарсы алдымнан шығатын?
Талапты ұрпақ- жастар ма,
Ел мақсатын ұғатын?

Қайғы тұр ма, түнерген?
Бақ па? Басқа самсады ой.
Не тұр алда? Білер ме ем -
Көріпкелім болса ғой!

ҚОНАЙЫН ДЕП ЖҮР МЕ БАҚСЫЛЫҚ?!

(Апамның күдігі)

Түнде ұйқы көрмейсің,
Күндіз күлкің тағы жоқ.
Не қылған сор, не деген,
Бала болдың бағың жоқ.
Шұқшиясың қағазға,
Көзіңнің майын тауысып.
Өз өзіңнен сөйлейсің,
Кеттің бе әлде ауысып?
Солған жүзің бозарып,
Екі көзің от жайнап.
Күбірлейсің, айқайлап,
Бара жатыр не жайлап?
Қорқамын кейде балам-ау,
Өрескел тым жат ісіңнен.
Ауырып жүр ме бір жерің,
Шошисың ба әлде түсіңнен?
О, Жасаған, сақтай гөр,
Әйтеуір болғай жақсылық.
Әулетіңде болмаған,
Қонайын деп жүр ме бақсылық?!

МЕН БАЛА ҒОЙ

Мен бала ғой, мен бала,
Күнді доп қып ойнаған.
Ойынға әсте тоймаған,
Күйемін деген ой маған,
Ешқашан келе қоймаған,
Миыма, тіпті, қонбаған,
Мен бала ғой, мен бала.

* * *

Ышқынады дауыл,
Күңіренеді дала.
Ыңырсиды ауыл,
Ытырынып бала.

ЖАҚСЫЛЫҚ

Жақсылық тау болса қар басқан,
Төбесі көкпенен таласқан.
Жотама өңгеріп оны мен,
Кетер ем, тоқтаусыз, тынбастан.

Өріктей қалашы таратқан,
Көршілер шыққанда жан-жақтан.
Адамның бәріне тең үлес,
Берер ем ғажайып бұл «заттан!»

«ЛЕНИН ТУЫНА»

Қоңырауы болдың даланың алып,
Бостандық, бақыт ұранын салып.
Қырдағы гүлдер қып-қызыл жалын,
Толқиды Есіл тебіреніп анық.

Түнекке тынбай ақ сәуле шашып,
«Керуеннің» жолын нұсқаған ашып,
Маяк боп тұрдың мызғымас, берік,
Асқақтап көкке, мәртебең асып.

Жырладың ұдай болашақ күнді,
Сәулетті бақты, қырмызы гүлді.
Ежіктеп оқып, өзіңнен қазақ,
Өмірді танып, шындықты білді.

Бақыт! - деп, пай, пай оянды дала,
Аузында жұрттың осы сөз ғана,
Жүректер лүпіл қағады тынбай,
Еліме келген заманмен жаңа.

Қаудыр тон киген қырдағы қазақ,
Кешегі сорлы, кешегі мазақ.
Түсірмей қолдан, көз майы бітіп,
Желқом ғып сені, көрсетті «азап».

Талай жаз келді бұлбұлы сайрап,
Аязды қыс та «тістерін қайрап».
Бәрі де өтті, бәрі де кетті,
Жеңілді жау да, тұмсығы жайрап.

Жеңістің сәтті, қайғының қатты,
Тарихы сенде жазылып жатты.
Бостандық үнін паш еттің,
Елді,
Шақырып шыңға, нұр-бақыт атты..

ЖЫРЫМ БӘЙГЕ - БАЛАДАЙ

Ығы-жығы, азан-қазан,
Салып жатқан байбалам,
Басымдағы сан ойларды,
Сапырлысып, қайнаған,
Ұшырсам ба, бостандыққа,
Ми қақпасын кең ашып.
Ақ қанатты құстай олар,
Көкке ұмтылсын таласып.
Қорғасындай ұйып, қатқан
Ой бола ма, тегінде?
Самғасын ол, самғау ләзім
Тіршіліктің көгінде.
Қырандайын ой шарықтап,
Самғауларға шырқаса,
Көкірегімді жарып тастап,
Ұшырамын жыр қоса.
Атқа шапқан ұлын тосқан,
Қобалжимын анадай.
Жүйрік оймен қанаттасып,
Өтсе алдымнан
Жырым,
Бәйге - баладай!

ЕРТЕҢГІ КҮН ҚАНДАЙСЫҢ?

Ертеңгі күн қандайсың?
Елестетем көзіме.
Сен бір батыр жандайсың,
Іспен берік сөзіне.

Ала таңнан аттанған
Қыр толқыны - егінге,
Мәрттігіне ел мақтанған,
Байтөсовсің тегінде.

Әлемге аян өнері,
Сары Арқаның жұлдызы,
Сен Сәруар - ел Ері,
Қазағымның гүл қызы.

Жер тынысын ұғар шын,
Көктем, күзде жүрекпен.
Сен Тұрғынов шығарсың,
Дән ағызған лекпен.

Жүрегін ап қолына,
Самғап көкті қаусатқан,
Сен Тоқтарсың
Жолына
Жұлдыздарды самсатқан.

Туған жерден нәр алып,
Көкірегінен төгер сел,
Жалын жырдан жаралып,
Олжас болып келерсің.

КӨРІП ӨСТІМ

Көріп өстім әжені, атаны да,
Олардан алдым үлгі, батаны да.
Жас шақта қартаям деп ойламаппын,
Осыным жанға жайсыз батады да.

Үлкенге қолбала боп жорғаладым,
Берсін деп әр уақытта оң қабағын.
Қазақта үлкен деген иманды адам,
Жүргізген өрге өмірдің доңғалағын.

Қауқарсыз көрілікті сыйқы қашқан,
Күнде көріп келемін бала жастан,
Жасымда көрілерді аяйтын ем,
Таң қалушы ем, әр қайсы - тірі дастан!

Үлкен деген бәріне жақын кісі.
Ағайын, туғандардың ақылшысы.
Үлкендер үйге ұйтқы, елге басшы,
Олардың есте қалар ақылды ісі.

ҚЫСҚЫ ОРМАН

Қыстыгүні орманы туған жерімнің,
Маужырап қапты,
Тыныштықты аңсап небір күн,
Құйылған көктен ақ күмістерді тағынып,
Сиқырлап жанды, есігін қағып сезімнің.

Ия, сендер тыныштық сәтін баққанда,
Көбелек-қарлар төбеңде қанат қаққанда,
Мен келіп едім, мен еніп едім қойыныңа,
Ақ шаман күн де жарқыратып жаққанда.

Қаз-қатар тұрып, тізіле қалған қайыңдар,
Өздеріңе арнап әкелген бұйымтайым бар.
Тоңазысаңдар - жанымда жанған жалын бар,
Керек десеңдер - дауылымнан да алыңдар.

Өздеріңе деп әкелген жаңа ән – ырғақ,
Кеудемнен ыршып, баурайларыңда жүр шырғап.
Тосырқап қалмай таныдыңдар ма даусымды,
Қосылсаңдаршы әніме басты бір ырғап.

Сыйлаған көрік, сұлулықты жер, аспан.
Ақ шапанды да бойларыңа жарасқан.
Қосыңдар әнге Жолдыөзек даңқын көтеріп,
Өзімдей жырлап келе жатқан тынбастан.

ЖҰЛДЫЗДАР
(Әні бар)

Биіктегі ақ жұлдыздар – армандар,
Жарқыраңдар, күңгірттеніп қалмаңдар.
Кеми қалса бойыңдағы ақ сәуле.
Менің отты жанарымды жалғаңдар.

Бұла жерден көз қиығын алмаңдар,
Қызықтаңдар, құмартудан талмаңдар.
Тіршілік бар, мұнда жайсаң өмір бар,
Мәңгілік бар, тек өздерің солмаңдар.

Өрелі ойдан өршіп жатқан өнер көп,
Ырыс дариям, сапырылған кемерлеп.
Мамырлы қыс, көгалалы көктем, гүл –
Қызыл жалқын – ойламаңдар сөнер деп.

Жылылық бар мұз жүректі балқытқан.
Жылылық бар, ақ тілекті шалқытқан.
Үміт атты, балдан тәтті сезім бар,
Адамдарды нұрлы таңға ұмтылтқан.

Биіктегі ақ жұлдыздар – армандар,
Жымыңдаудан, күлімдеуден талмаңдар.
Шақырсаңдар жетермін-ау, бір күні.
Тек өздерің тас төбемнен аумандар!

Тұлпар болып, сұңқар болып самғайтын.
Ұшқырлығы өздеріңнен аумайтын.
Жүректер бар, жігіттер бар қанатты.
Сұлулар бар жүректерді жаулайтын.

Биіктегі ақ жұлдыздар – армандар,
Жарқыраңдар, күңгірттеніп қалмандар.
Кеми қалса бойындағы ақ сәуле,
Менің отты жанарымды жалғаңдар.

ҚҰЛШЫНЫС

Қызығына құлпырып жыр - өмірдің.
Жетегіне еремін гүл көңілдің.
Құлдырап бір шапсам ба құлынындай,
Құлынындай ерке өскен бұл өңірдің.

Зеңгір аспан, биіктік – ұранындай,
Самғасам ба даланың қыранындай.
Орман сырын жаныммен тыңдасам ба,
Сібірдің еркін өскен бұланындай.

Көкке өрлеген екпіндеп жыр қашан да.
Шырқасам ба, Біржан боп, шырқасам ба?
Сілкіп-сілкіп алатын аппақ тонын.
Ақпанындай Арқаның бұрқасам ба?!

Аяз болып не керек, шатынамай.
Жолдыөзектің қыстағы салтына орай.
Жылылықты сезе ме адам деген?
Адам деген әуелі қалтырамай!

ЖАҚҰТ

Егер кімнің маңдайында жанып тұрса жақұттар.
Төбесіне мықтап қонып, ұялаған бақыт бар.

Жігер оты жанып шалқып, жанарлардан шашылып,
Аппақ нұрға гүл көміліп, қалар бүрлер ашылып.

Түн түнегі сыпырылып, таң құшағын жаяды,
Төңіректе бұлақ ойнап, зәмзәмға жер тояды.

Сол адамның жанарына құштар алып ақ аспан,
Қыз қылықты жұлдыздары, аппақ айы – алдаспан.

Алтын дәннен алтын алқа тағынған қыр зырылдап,
Табанының астында оның көрмейді екен тынымдап.

Бұлбұлдар да иығына қонып алып төгілтіп,
Ән шырқайды, дүниені тәтті әуенге көмілтіп.

Жүрегі от, жаны да от, қаны оттан өрілген,
Бұл адамға тау тосқауыл бола алмайды керілген.

Бірге өткізсең өміріңнің құйтақандай шақтарын,
Жайлап алдым дер едің сен, өмірдің гүл-бақтарын.

Аққу болып кетем бе деп таңданар ең, ойлар ең,
Тылсым дүние тереңіне шым-шым еніп бойлар ең.

От құшақтап, жалын өрген, танған өз бақытын.
Көздерден тек көрем жанған өмірдің шын жақұтын.

БАБАЛАРДЫҢ АЙТУЫНША НАҒЫЗ ДОС

Құпияңды ашпайды,
Сырыңды әсте шашпайды.
Бәле түссе басыңа –
Арашадан қашпайды.
Дұшпаныңа сатпайды,
Жауыздықтан сақтайды,
Дәреженді дәріптеп,
Ел-жұртыңа мақтайды.

ТҮ.. У... АПА-АУ!..

Қайғыдан, қуаныштан жарылмаймын,
От болып жарқыраймын, жалындаймын.
Әлемге шуақ құяр өзім болып.
Кей-кейде кереметтей қабындаймын.

О, тәңірім, сезімге осы не қыларсың?
Лепіртпей, қызындырмай су құярсың,
Ж.о.о.қ.. онда қиялымның ақ қанатын,
Қақтырмай, топшысынан сындырарсың.

Бықсырмын, лапылдамай, жалын құшпай,
Көңіл де шарықтамай, алып ұшпай.
Шарқ ұрып, шыңдар асып биіктерге,
Самғамай ақиық бір алып құстай.

Өмірге онда тура қарамаспын,
Ісі ғой, басы айналған шала мастың.
Өзімді өзгелердің арасынан.
Масқара-ау, мәңгіде де таба алмаспын.

Түу, онда, апа-ау, мені тауып баста,
Не керек, шалқып және асып-таспа.
Тимесін қасиетті жерге денем,
Басымды шауып таста!

СІБІРІМ - ТУҒАН МЕКЕНІМ

Ойхой, менің Сібірім - туған мекен,
Топырағың болғанша жырлап өтем.
Сені ғана, туғызған мені бұла,
Азамат ақын етіп алабөтен.

Дауысындай сұңқардың саңқылдасам,
Ағысындай Есілдің аңқылдасам.
Елім, жерім, арман не, жастық шақта,
Аспандағы жасындай жарқылдасам!

ӘКЕ

Көз алдымда бәйтерек те, алып шың –
Қайран әке елес болып қалыпсың.
Әке деген ақ орданың діңгегі,
Әкеменен бар бақытқа қарықсың.

Туған жердің неше келді көктемі,
Сен өмірден қош айтысып өткелі,
Сен жасаған жастан да асып кетіппін,
Қайран әке, сөкпе мейлі, сөк мені.

Не тындырдым, не бітірдім толымды,
Өз әуенім бар ма жанға қонымды?..
Әйтеуір мен жалғастырып келемін,
Әкежаным, адамшылық жолыңды.

ӘКЕ ӨСИЕТІ

Ұлым менің, балапаным, жүрегім,
Тірліктегі қызығым ең бір өзің.
Бақыттылар бақыттымын десе де,
Шын бақытты өзім ғой деп жүр едім.

Қуанушы ем қалқақтаған бойына,
Шаттанушы ем бала қылық – ойыңа.
Ел-жұртымды жинаушы едім дүрлетіп,
«Тұсау кесер», «Тайға мінер» тойыңа.

Көп жасауға талпын, істе қанша ырым,
Келте ғұмыр сабындай-ақ қамшының.
Қатал тағдыр тас балбалға ұқсайды,
Естімейтін адамдардың жан сырын.

Естімеді ол жүрек үнін жалынды,
Қайғымды да, менің ащы зарымды.
Жалғызым-ау, мені сенен қызғанған,
Түсінбедім, тағдыр неге тарылды?

Кең дүние қызығына тоймаған,
Қыршын едім болашағын ойлаған,
Келешегім енді өзіңсің, құлыным,
Күлкің менен қуанышым – той маған.

Маңдайымда қалған ба екен хатталып,
Бұл дүниеден мен барамын аттанып.
Бүлдіршінім саған айтар көп сыр бар,
Көңілімде қалар мәңгі сақталып.

Айта алмаймын, айта алмаймын төгілтіп,
Көкірегімді ала алсам ғой жеңілтіп.
Қатпар-қатпар ой қыртысы басымда -
Арман, үміт жүрегімді егілтіп.

Аман болшы титтей менің құлыным,
«Омыртқаның ішіндегі жұлыным».
Тезірек өс, азамат бол арқалы,
Көз жұмғанша тілейді әкең біл, ұлым.

Ойлап сені көкірегіме өрт енді,
Жетсең шіркін, жігіт болсаң өркенді,
Арына дақ түсірмесін! - деп жатам
Бір биікте, тұйықтап ап көрпемді.

КӨҢІЛ

Шіркін көңіл, кең жазира даласың,
Бірде семген дәндей болып қаласың.
Бірде албырт жас баладай жайраңдап,
Отты уыстап, желді ерттеп шабасың.

Төрт құбылаң бір сәтте сай – толасың.
Шарлап бүкіл жер-жаһанды шоласың...
Теңіз бетін долы дауыл қаптаса,
Бүлк етпейтін тереңіндей боласың.

Сен бұзбайтын қамал қалмайды жер-көкте,
Дүние түгел сыйып кетеді келбетке.
Шіркін көңіл, кең жазира даласың.
Құндақталған жүрек атты жөргекте.

ӘН АЙТСАҚ...

(Сәкен сері ағама)

Ән айтсақ кеуіп кетер алқымымыз,
Көкке өрлеген шын әннің жалқынымыз.
Дала тұрып кетердей елеңдейді,
Елтітпеген кімдерді саңқылымыз?
Арқаның серісіміз аңқылдаған,
Көмекейде күміс ән сарқылмаған.
Кеудемізде Үкілі Ыбырайдың
«Гәккуі» қайтқан қаздай қаңқылдаған.

АРМАН

Арманға асқар,
Жайнаған үркер – үмітке.
Қол созып, шырқау.
Самғамаған жігіт пе!?
Жастықтың отын
Лаулатып.
Жарқ ет, биікте!
Оқа емес соңсоң,
Кетсең де, тіпті, күйіп те!



Солдан оңға қарай: ақын Мүтәллап Қанғожин, академик, жазушы Сәбит Мұқанов, ақын Мұзафар Әлімбаев және әнші, ақын Игібай Әлібаев Қызылжар телестудиясында



Қазақ әдебиетінің классигі Ғабит Мүсірепов туған жерінде, жерлестерінің ортасында.
Екінші қатарда отырған ақын Мүтәллап Қанғожин.



Жерлесіміз Ғабит Мүсіреповке қаланың құрметті азаматы атағын беру рәсімі кезінде ақын Мүтәллап Қанғожин жазушыға арнаған өлеңін оқып тұрған сәт.



Қазақстан жазушыларының VII-құрылтайының делегаттарының бір тобы. Суретте оң жақтан бірінші қазақтың көрнекті ақыны, "Жаңа сары арқа" журналының бас редакторы Нұрғожа Ораз, оның оң жағында тұрған Қазақстанның халық артисі, өнер жұлдызы Серке Қожамқұлов атамыз. Сол жақта бірінші қатарда, бірінші тұрған ақын М.Қанғожин.



Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ғафу Қайырбеков пен ақын Мүтәллап Қанғожин.



Ақын Мүтәллап Қанғожин Қазақстанның халық жазушысы Сәкен Сері ағасымен отыр.



Ақын Мүтәллап жерлесі, дүлдүл ақын ағасы Кәкімбек Салықовпен.



Ақын Мүтәллап аса көрнекті жазушы Шерхан Мұртаза ағасы мен белгілі ақын Аян Нысаналиннің ортасында тұр.



Оңнан солға қарай: ақын Зейнолла Әкімжанов, М.Шолохов атындағы сыйлықтың лауреаты жазушы, ақын, драматург Сәбит Досанов және ақын Мүтәллап Қанғожин.



М. Қанғожин Қазақстан мемлекеттік сыйлығының лауреты, "Жұлдыз" журналының Бас редакторы Темірхан Медетбекпен.



Белгілі ақын, аудармашы, дарынды философ Әуезхан Қодармен.



Белгілі жазушы, қоғам қайраткері Сұлтан Оразалиновпен
М.Қанғожиннің Жазушылардың кезекті құрылтайында кездесу сәті.



Ақын М. Қанғожин және белгілі жазушы, ғалым Кәкен Қамзин.



Мүтәллап жақсы көретін жазушы інілері Жақсыбай Самұрат пен Толымбек Әбдірайымның ортасында отыр.




Ақын әріптестерімен.



Мүтәллап досы, ақын Владимир Шестериковпен.



Ақынның анасы
Бәтіш Ешкейқызы.



Ақынның әкесі
Мұқамәди.



Пушкиногорье жерінде
жаумен шайқаста қаза
болған ақынның
ағасы Мүбәрак.



Ақын сүйікті жары Зүбәйрамен.



Ақынның
ұлы Біржанмен түскен суреті.




Ақын кішкентай Тоғжанымен.



Солдан оңға қарай: кіші ұлы Мағжан, жары Зүбәйра немересі
Зеремен және қызы Тоғжан, ортада отырған Мүтәллап ақын.



Апалары: Мәриям, Шекер және Қизат.



Ұлы Біржанның
әскер қатарындағы кезі.




Ақын бауырларымен.



Ақын туған ауылы Қараағашта облыстық
ақындар айтысын өткізіп тұр.



Ақын «Бәйтеректе».



Ақын М. Қанғожин Германияда. Рейн өзенімен саяхат.



Демалыс паркінде. Ақын жары Зүбәйра және немересі Зеремен.




Ағасы Мүбәрактың рухына туған ауылында қойылған ескерткіш.
Солдан оңға қарай: Ақын Мүтәллап, інісі
Әділжан және ағасы Ғалымжан.



Ақын, журналист Вера Гаврилкомен.



Ақын Сапия жеңгесінің мерейтойында.



Шоқан ескерткіші қасында.

ДҮНИЕ ТЫНЫСЫН ТЫҢДАЙМЫН

Әлемнің тынысын жүрекпен тыңдаймын,
Тіршілік дабылын қағамын дамылсыз.
Қиындық – қайраққа қажырды шыңдаймын,
Дірілсіз айдынды сүймеймін, ағынсыз.

Зымыра уақыт, жөңкіліп қандарым,
Толассыз толқынмен алысып жүзейін,
Кешейін өмірдің қым-қуыт жолдарын,
Тағдырдың тосқауыл – торларын үзейін.

Әйтеуір жаныма болмасын тыныштық,
Минутқа алдыма қол сыймай қалмасын.
О, өмір, саяңда мен жатып тыныс қып,
Күш түсіп, қарыңа, сырқырап, талмасын.

АЛА БЕРГІҢ КЕЛЕДІ...

Бөлісіп қарттар талай қасіретті,
Қуанышты дәл солай нәсіп етті.
Қайтармаған маңдайға өмір – тарих,
Шежіресін иректеп жазып өтті.

Өткенді көп айтады қарттар бүгін,
Ақтарып азды-көпті жиған жүгін.
Сіресken кеудесінде саф алтынның,
Ала бергің келеді қоймай бірін.

ДҮНИЕ ЖАЛҒАН ОСЫ МА?

Ойлағам жезді алтын деп жарқылдаған,
Аңқылдаған басым-ай, аңқылдаған.
Сынаптайын жылт ете қалған жанда,
Қасиет бар деппін-ау сарқылмаған.

Болмаған ба менде ешбір түйсік, талғам?
Қас пен досты айырмай қалай қалғам?
Қу тірліктің бәрі әлде, алдамшы ма?
Дүние жалған осы ма, дүние жалған?!

ЕЙ, СҰҢҚАР УАҚЫТ!

Жөңкіліп жүр ме, мұң-батпан бұлты?
Кеудем менің күркірейді күні-түн.
Бір дауылым болатындай сұрапыл.
Нөсерден де үзілмейді үмітім.

Шалқыған шағым, шабытты сәтім керемет
Болар-ау осы! Айшықты күн де керек ед.
Әр күнде күткен, жарқ еткен Бақыт сынығын.
Ей, Сұңқар уақыт, презентіңе бере кет!

ҚАЙДА БАҚЫТ ІЗДЕГЕН?

Кетіп бара жатырмыз шұбырынды ізбенен,
Ей, ағайын, айтсаңшы қайда бақыт, іздеген?
Иегінің астында әр мықтының сілтеген,
Үш жүз жылдай босыппыз, қыр шиырлап біз деген.

Қиқуладық, ұрандап, жағымыз да қарысып,
«Басып оздық кей елді, уақытпен жарысып!»
Сондағымыз осыма? – дүкеніміз қаңырап,
Жол бермейді тіленші, етегіңе жабысып.

ЖАС ҚАЙЫҢ ЕДІМ

Жапырағы желмен сыр дескен,
Ақ қайың едім қырда өскен.
Сүмбілені даламмен
Малынып тұрып бір кешкен.

Топырағы торқа жерде өнген.
Жас қайың едім тербелген.
Бұрқатып боран кеткенде,
Орманмен бірге тебіренгем.

Биікке қарап бұлқынған,
Сау қайың едім құлпырған.
Қорғасын бұлттар төнгенде,
Қызынып жарыққа ұмтылған.

Жапырағы желмен сыр дескен,
Ақ қайың едім қырда өскен.
Бұтақтарымды сындырды-ау,
Дарақы дауыл бір көшкен.

БҰЛТ

Аспанның көкпеңбек
Күмбезін көлкелеп,
Созылып келеді
Қара бұлт ентелеп.
Ысқырып, ышқынып,
Қуады, жер көлбеп,
Көк долы дауыл да
Байғұсты желкелеп.
Жер сызып бауыры,
Жия алмай қанатын,
Жаралы бүркіттей,
Құлап-ақ қалатын.
Сарқып-ап ақырғы
Қуатын бойына,
Шартылдап от шашад
Даланың жонына.
Тілгілеп аспанды
Найзағай - қамшысы,
Көзінен мөлтілдеп,
Ызаның тамшысы,
Отансыз бейшара!..
Қона алмай көгалға,
Жөңкілді дауылмен,
Қуырылып апшысы.

САЯСЫ-АЙ, ЕЛДІҢ!

(бауырларым Әділжан мен Сараға)

Соғып тұр боран,
Төңірек аппақ.
Мен кетіп барам,
Түнекті ақтап.
Өзімнің далам.
Танымал дауыл.
Шырқап та алам,
Алыста ауыл.
Үрейсіз көңіл,
Қорықпайды жаным.
Шулаған өмір,
Айнала ақ жалын.
Аппақ от - алау,
Ішінде келем.
Маңдайым тершіп,
Жүгірем, желем.
Талай мен мұндай,
Дауылда қалғам.
Аунатып жындай,
Әуреге салған.
Аязы шалған
Құлақты, бетті.
Өкпені алған,
Жүрек шыр етті.
Әйтеуір, жас жан
Сіріден бе екен ?
Қара түн басқан
Түтектен де өткем.
Түнек те өпкен,
Тіріліп кеткем.

Ақ қайыңдарым
Алдымнан шықты.
Ақ қайыңдарым -
Сенімім мықты.
Орманға ендім,
Ауылға жеттім.
Саясы-ай елдің,
Жылынып кеттім!

КӨҢІЛ ҚҰСЫ

Көңілдің құсы заулашы,
Жұлдыздарға төтелеп.
Жабырқау жанымды аулашы,
Ізгілікке ылғи жетелеп.

Көңілдің құсы жарып ұш,
Қорғасын түнді мелшиген.
Үміттің гүлін барып құш,
Шырынын тат, ел сүйген.

Кернесін күлкі кеудемді,
Көмейден күміс төгіліп.
Көңілдің құсы «беу» де енді,
Даусымнан аспан сөгіліп.

Мұздамай жүрек балқысын,
Лүпілінен еш талмай.
Шаттықтан мас боп шалқысын,
Мүтәлләпта да ес қалмай.

ЖОЛАУШЫМЫН...

Жолушымын, жол – ғалым,
Өмір салты сөзімде,
Жеңіл емес салмағым,
Жеңілсің бе өзің де.

Сәлемімді, жол – ғалым,
Жолдап тұрмын толғанып.
Ойларымның орманын
Ұшып келем таңға алып.

Төзімімді мың сынап,
Ойлант мені арнаңда.
Буырқанып, бусанып,
Айналайын қайнарға.

Жолдар, жолдар, сендерді
Іздеп келем дауыстап.
Әлем тегіс шеңберлі
Кім торабын тауыспақ.

Мен жас шынар, еменмін,
Иілмеймін, сынбаймын.
Өмірімнің өлеңмен
Уықтарын сырлаймын.

Қайда қандай ғажап бар,
Сонда менің жаңатым.
Қашпаймын не азаптан –
Зейнет болып жанатын.

Жармасайын жалыңа,
Алғашқы адым, албырт жан.
Соқпақты өмір жолында.
Табанымды алдыртпан.

Әркімдерді-ақ ойлантқан,
Анау қия, анау шың.
Бақыт көксеп таң баққан.
Мен де сыршыл жолаушың.

Жүрегімдей тулаған.
Толқыныңа жолықтыр,
Жан жорықсыз тумаған,
Өмір – Ұлы жорық бұл.

Жан иесі баспаған.
Жанар шыңға бастаңдар!
Мен несіне жасқанам,
Самғап ұшар аспан бар.

ҚИЯЛШЫЛ-АҚ

Аппақ мамық жаңа жауған қар қандай,
Ақ бүлдіршін сәби құшақ жайғандай.
Күміс сауыт құрсаныпты үй-орман.
Сапқа тұрған торғауытты қолдардай.

Сүттей аппақ көңілдердей жер үсті,
Ақтығымен жанарыңды ұялтқан.
Неткен нәзік, неткен сурет келісті,
Шашқан қарда құдірет бар бір күшті.

Үкілі орман – ауыл көркі тамаша.
Пай-пай шіркін, қызықтаймын балаша.
Ойнар едім сырғанақтап, қарға аунап,
Әттең олар менен ілкім аласа.

Біраз күннен болған ұлын «үйкүшік»
Енді шешей келтіре алмайды үйге ұрсып.
Ақ қаладан батыр тұлға тұрғызған.
Қиялшыл-ақ, бүлдіршіндер тым пысық.

БҰЛАҚ

Астында қардың ақ бұлақ,
Бұрала, сыңсып, шапқылап,
Төңірекке жолшыбай.
Інжу-маржан шашқылап.

Кеселі қолым тосылып,
Ағынға жатқан жосылып.
Татыппын алғаш шәрбатын,
Арманға арман қосылып.

Әлемге күнде жар салып,
Сімірсем, қанбай, тамсанып,
Көздерін тауып қайнардың
Жадырар едім жанса үміт.

Өмір бойы еңбектің,
Кәусәрін татып ер жеттім,
Келем-ау әлі, бірақ та.
Мейірім қанбай, шөлдеп тым.

МЕН КІММІН?

Мен осы осалмын ба, тексізбін бе?
Басымнан сөз асырам тепсінгенге.
Жусаннан аласарам, кішірейем.
Сес беріп, сұс байқатпай кексінгенге.
Қайрат пен жігер, қаннан қайнап тусам,
Мен содан кем де емеспін ойлап тұрсам,
Шүйкелеп жіберсем деп оңтайлансам,
Кес-кестеп арым тұрар қол боп мың сан.
Наушамнан арға мені жүгіндірген,
Іргемді даңғойлықтан сөгілдірген.
Ол менің ауылым мен әкем-шешем,
Арсыздан аулақтатқан, түңілдірген.

ӨЛГЕНДЕРДІ ҒАЙБАТТАУДЫ ҮЙРЕНДІК

Ақыл-естен айрылардай күйге ендік,
Имандылық, ибалықтан жирендік.
Ей, адамдар, «мал құлағы саңырау»,
Өлгендерді ғайбаттауды үйрендік.

Барлық қырсық тек соларда тұрғандай,
Жоқшылықты олар бізге бұрғандай.
Қара күйе жағып жүрміз баттыйтып,
Өткендердің етіп жүзін шимандай.

Көкірегіме бұғып алды үрей-оқ,
Осыларың қате дейтін біреу жоқ.
Тағылыққа тізгін салсақ деген ой.
Көңілімді қозғай берер тілеу боп.

УАҚЫТ-АЙ

Тұлпардай өскен жүген – құрық көрмей,
Уақыт- ай заулайсың ырық бермей.
Қанатыңа жармастым көзімді ашып,
- Арман-тауға жеткіз, - деп салып керней.

Керней шырқап тірліктің қызық әнін,
Мен өмірге сұқтанып, қызығамын.
Әр күнді өткен жүз жылдық тойға балап,
Қайтарсам деп қарымын қызынамын.

Уақыт-ай, әр күнді ала қашып,
Бір қиырдан бір қиыр барады асып.
Сақал-шашты ақ қырау шалған сайын,
Тәтті тірлік, өмірге болам ғашық.

ШЫРАҒДАНЫМ ӨШПЕЙДІ ДЕП...

Күнді өшірмек болғанмен күресіп ек,
Сөйтіп, біз қиындықты бір кешіп ек.
Таңымызды жыртамыз дай-дай болып,
Жаулықтыдай болдық па күндесі көп ?

Өмірден күнде жылы еспейді леп,
Бәрімізді уақыт екшейді көп.
Қиналамын, аяймын жүргендерді,
-Шырағданым ешқашан өшпейді, - деп.

ПАРТБИЛЕТІМ

Ширек ғасыр көкірегіме қондырып,
Балапандай аялағам, оңдырып.
Партбилетім төс қалтамнан сусыды,
Жан жүректі қалтыратып, тоңдырып.

Өмірге бұл партбилеттен қарағам,
Тұмардайын қасиетті оны санағам.
Асыл құстай алақанға қондырып,
Келістіріп, кекіл-шашын тарағам.

Партбилетім жүрегімді саялап,
Желге, күнге тигізбеп ем аялап.
Іштен шыққан сұр жыландай, қайтейін,
Толғандырып кетті-ау жанды жаралап.

Туған жердің түлетем деп өңірін,
Ата-анамның өсірем деп көңілін,
Партбилетпен отқа түсті, оқ кешті,
Нар қасқалар сарп етіп өз өмірін.

Бәрі шындық, жасырары жоқ, тіпті,
Партбилетпен биіктеттім шоқтықты.
Уақыт па, заман ба, әлде өз кінәм?
Енді отырмын партбилетпен боп күпті.

ЗООПАРКТЕГІ МАЙМЫЛ МЕН АҚЫН

Бейшарадай арқалаған мың айып,
Сен қарайсың темір тордан мұңайып.
Мүмкін, мені торда тұр деп аяйсың,
Енді, міне, жата қалдың тырайып.

Саналы ойдан қалайда сен шалғайсың,
Екі көзді маған қадап талмайсың.
Сені аясам торға түскен, ал мені
Торда тұр деп бәз ойынды жалғайсың.

АШИДЫ ЖАНЫМ

Әрі-сәрі мінезі, ала-құйын бір жігіт,
«Сендерге ме, сендерге!»
Сұмдықтарын жүр жиып.

Ұнатпайды, байқаймын,
Тіпті ол сені, мені де,
Қашан көрсең жүреді-ау,
Нан пісіріп деміне.

Қарыс жауып қабағын,
Түсірердей көгіңді
Мәмілеге кел десең,
Жақтырмайды оныңды.

Сол мінезі үшін де
Көп аяймын байғұсты,
Ықыласты түсінсе,
Жаудырар ем алғысты.

ШАБЫТ

Сезімнің серуендеп пернесінде,
Көңілдің күйге орайды домбырасын.
Қалықтап кең кеудемнің кермесінде
Өр шабыт бірде қыран, бірде лашын!

Шабытта – шалқар теңіз толқындары,
Құмды илеп, тас қайраңдар жастанғаны.
Шабытта – нажағайдың жарқылдары
Бұлттарды осқылайтын аспандағы.

Шабытта – құрыш қанат қыран құс бар,
Топшысын түлей ұшқан алыстарға.
Шабытта – үдей соққан дүлей күш бар,
Шақырған күрестерге, жарыстарға.

Шабытта – «құралайдың салқыны» бар,
Қысатын құрыстатып дауылмен.
Шабытта – қырық күн шілде жалқыны бар,
Аптығын басатұғын жауынымен.

АЛДЫМ ЖАЗ

Қайғының қара тасы түссе басқа
Сандалған кетем мен бір ұқсап масқа.
Дүние төңкеріліп көз алдыма.
Қып-қызыл от ойнайды, лаулап баста.

Мұнадайда ашу деген бір сұр жылан,
Алқымнан буады кеп уылжыған.
Ес ауып, құлдилаймын шыңырауға.
Асаудай жалын желге жұлындырған.

Қашаннан қайғы, уайым ұялас ит,
Есіңнен жаңылтады ырылдасып.
Сол шақта тар кеудеде тайталасып.
Қайсарлық ақылға жол тұрады ашып.

Көңілден қалың тұман тарқап алыс,
Қанымнан байқалады дарқан ағыс.
Өмірдің кетем тағы жоғын жоқтап,
Алдым жаз!
Мені өр намыс өрге алып ұш!

БУРА ТАУ

Бүк түсіп жатыр бура тас боп қатқан,
Қанды қол дүлей мерген көздеп атқан.
Шырғалып жотасында жел гулейді,
Өкініп қазасына жоқтап жатқан.

Көзінде түйір тамшы тұнып анық,
Ақ бура шөккен жүрек тына қалып,
Айналып бұлт та өтеді төбесінен,
Мөп-мөлдір жасқа жүзін шылап алып.

Қашаннан ақ бураға Арқа мекен,
Мұң-зарын кеудедегі сарқа ма екен?
Япыр-ай, өзін атқан сұр мергенге,
Әлі де нәлөт, қарғыс айта ма екен?

АҚ КӨҢІЛІМ СЕКІЛДІ...

Ақ көңілім секілді қылау түсіп көрмеген,
Қарлы дала көсіле көкжиекке өрлеген.
Жеткізбейді қиыры Тайбурылмен шапсаң да,
Жеткізбейді жалт етіп, жұлдыз болып ақсаң да.

Арманыңды ақсаңдақ таңға қарай жетелеп,
Уақыттың шиырын баспай, тыңмен төтелеп.
Бауырынан-ақ күміс, тұяғынан от өріп,
Самғап бара жатыр ол ғасырымды көтеріп.

ӨРЛІГІҢДІ БЕР, МАҒАН!

Аспан да, жер де тұтасып,
Ойнаған жындай күші асып.
Боранда келем, жапанда.
Боз қыраумен ұстасып.
Үйтқиды боран долданып,
Соңында қардан дөң қалып.
Зарлайды орман домбығып,
Лажсыз, байғұс, қорланып.
Есігі жабық, шам сөнген,
Жұлдыздар көкте жоқ өрген.
Сойылы тиіп дауылдың.
Аспанның беті көгерген.
Жағамнан алсаң жармасып,
Қаламын мен де қармасып,
Шыңырау түбін шарлаймын,
Үміт пен үрей арбасып.
Сабаулап қардың ақ шаңын,
Пәрмендей дауыл соқса мың,
Қасқиып қарсы келем мен,

Өрлегендей асқақ шың.
Қайтесің жөнсіз кектеніп,
Жүрекке жылпос кек теліп,
Бұрқыра дауыл, кең далам.
Ізімді бақсын от беріп...
Қыраның болып самғаған,
Арманға жетем ойлаған.
Ожарлығың өзіңе,
Өрлігіңді бер, маған!

КЕЛЕР КҮН

Табиғаттың ынтығы – дала таңын.
Қарсы алуды әманда жаратамын.
Қайырлы таң болғай деп қайран шешем,
Отыр жайып кішкентай алақанын.

Жүректе үміт отын лапылдатып,
Бақытты да қоямын жақындатып.
Мейлі сен боранмен кел, дауылмен кел,
Келер күн, кеудемді аштым аңқылдатып.

ЖҮРЕГІМ АУЫРҒАНДА

Жаралы иттей қыңсылап,
Жараңнан қаның тамшылап.
Көкірегімде тулайсың.
Қалармысың қаңсырап.

Лапылдай жана қаласың,
Долданып лаң саласың.
Жұлынып кетер ме екенсің?
Кеудеме сыймай барасың.

Шоққа жаным қарылып,
Тұрады-ау – дүние тарылып.
Шыңырау құшқандай болам,
Қара жер қаққа жарылып.

Қаным шапшып шекеме,
Тамырын қырқып кете ме?
Ақтық демі таусылып,
Өмірден ақын өте ме?!

Сабыр-ет ақыл, ой, тілім,
Шарлатпа маған ой түнін.
Қажытты-ау ырғын тіршілік,
Жүрегіме бер тыным.

ТӨБЕМДЕ ОЙНАП ТҰР ЖАСЫН

Төбемде ойнап тұр жасын,
Омырауымда кеппей жүр жасым.
Қорқатыным да бір басым.
Қорғайтыным да бұл басым,
Дәрігер, айтшы турасын,
Ажал да келіп тұрмасын?!
Көзімде өмір тұнбасын?!
Өлу де керек туған соң,
Өмір ғой менің қимасым.
Қимаймын рас, құрдасым,
Сыңсып та ұшқан тырнасын,
Балбырап піске хұрмасын.
Қатпарлы таудың құлжасын
Белгілі, қайта тумасым,

Сонарлап түлкі қумасым,
Дөңбекшіп ойлар шуласын,
Ақтарар менде сыр басым.
Жырласын жүрек, жырласын,
Толтырып дуға қыр басын.
Туған жер мені тыңдасын,
Сондықтан жаным тынбасын,
Жүрегім тайдай туласын,
Кең кеудеме сыймасын,
Жетелей берсін ақ таңға,
Мәуелі мауыт бақтарға,
Мамырыстан бір шақтарға.

ТОЛҒАНЫС

Табиғат бізге ғұмыр аз беріпті.
Аңқылдап жүрек соны мәз көріпті.
Алдында уақыттың желдей желген.
Қыс, көктем, қоңыр күз бен жаз көрікті.

Күн мен түн алмасады қас қағымда,
Мән бермеппін уақытқа жас шағымда.
Туған күнгі тойымды-ақ толғанамын.
Сипалап шашты айналған ақ шағылға.

АЖАЛЫҢНАН САҚТА!

Бір аяғым көрде,
Бір аяғым жерде.
Өмір менен өлім,
Тай-таласты демде.
Аспанымды қаптап,

Түн түнегі жаппақ.
Дәрігер де ілезде,
Инелерін саптап.
Қас-қағым сәт күн шығып,
Енді барам тұншығып.
Алма-кезек тартыс,
Өлім менен тіршілік.
Құлағымда – сақ-сақ!
Күлкі мен шу қақсап,
Төңірегім қалың өрт,
Кетті-ау біреу от сап.
- Саған түнек - әлем,
Енді біттің, бәлем!
Дауыс жетті қияннан,
Тітіркенді денем.
Есім кірген шақта,
Сыйынамын хаққа!
Тұтам ғұмыр қи маған,
Ажалыңнан сақта!
Ажалыңнан сақта!

* * *

Сый-құрметті ешкімнен тілемеймін.
Атақ пенен даңқты да керек етпен.
Бар ма менде, жоқ па әлде – елемеймін,
Денсаулықта екен ғой кереметтер.
Саушылық боп шалқысам, сайрандасам,
Кең даланы шиырлап, құба белді.
Өзгелердей күн кешсем, қайран досым,
Аялап туған елді, бұла жерді!

АҒАЛАРДЫҢ СЕНІМІ

Ағалардың сенімін ақтаймын деп,
Өзімді қайсарлыққа баптаймын көп.
Бір ерлік мені күтіп тұрған шығар,
Далама қалампыр боп қаптаймын кеп.

Тәнті ғып мұраттардың асқар шыңын,
Түрен боп қырдың жыртам мақпал шымын.
Мәңгілік арыма дақ түспесін деп,
Доп қаққан ала өкпе боп, қақпашымын.

ҚОРҚЫНЫШ

Өткел бермес өзеннен,
Өтуге бел буасың.
Жеме-жемде кезенген.
Бойыңды да жиясың.

Құлағың да шуылдап,
Қаның тасып кеткендей.
Жүрегің де суылдап,
Ажал қуып жеткендей.

Керек екен қорқыныш,
Жігеріңді шақтауға.
Керек екен қорқыныш,
Кейде өзіңді сақтауға.

АҚЫРҒЫ СӘТТЕ

Ақтық демін шығарарда ақ көгершін секілді,
Аққудай шал туыстарын «келсінші» - деп өтінді.
Сезілмейді түйір түйткіл қыртысы мол қабақта,
Осынау шал жүретіндей басқа ауылға қонаққа.
Сарғыш жүзін сабырлықтың ақ иығы мекендеп,
Шыламайды жүзін жасқа, енді өлемін екен деп.
Солқылдап бір жыласа етті, іштегі уын кетіріп,
Ей, сорлы шал, неге жатыр тас түйін боп бекініп...
Әлде, артта қалса-дағы қызық дәурен, ел-мекен,
Басқалар да кетерінде жыламасын дей ме екен?!

ҚАЖЫРЫН ШЫҢДАП

Шалғысын балға, төске сап,
Жетілтіп жүзін отыр шал.
Пішенге түсер кешкі шақ,
Сыбанып тастап батырша ол.

Тер шықпаған маңдайға,
Тепсініп кінә артқандай.
Соңғы бір рет қасар шал.
Қайратын шыңдап жатқандай.

ЖАСТЫҚ-АЙ!

Жастық-ай! – десе шал кейде,
Өткенін еске алғаны-ау.
Күркіреп тұрған сал кеуде,
Қаңырап, қаңсып қалған-ау.

Өшпеген бойда құмарлық –
Қозғауын жанды үзбейді.
Қария өзін шынар ғып.
Шыңдардан ғана іздейді.

* * *

Саушылықта – бақытың, байлығың да,
Білінбейді аз алған айлығың да.
Түк емес, сау кездегі қайғы мұң да,
Жасаған біреулердің жаулығы да.

Денсаулықтың барында көңілің гүл,
Тарқалмайтын жәрмеңке өмірің бір.
Көкірегің күмбірлеп, көмейіңнен.
Ақтарылып аққу - ән, төгіліп жыр.

ДОСТАН ХАТ

Суық жақтан
Келді ыстық сәлемің
Ойша көріп мәзбін.
Алмаз әлемін.
Ақ тұманнан
Сығалайды әне, Күн.
Сүйіп тұрмын сені
Қатты құшақтап,
Сен арқылы
Сахалардың бар елін.
Солтүстіктен –
Бұғылардың өрінен,
Түтек боран,
Сырғыма – қар селінен,
Гундерменен

Түріктердің тегінен,
Шытыр аяз,
Шын батырлар жерінен.
Сен келіп тұр.
Деп сезіндім тегі мен.

ӘЙ, СОР МАҢДАЙ

Дәрігер қыз, ағаңның халі қиын,
Кеудемнен шықпай қойды кәрі құйын.
Төбесінен тұрғандай бар дүние,
Ию-қию, даңғаза басым, миым.
Көкірек күркірінен жаңылғандай.
Дауасын айт, қарағым, емі қандай?
Сұрапылдың бәріне шыдай білген.
Жүрегімді аяймын, әй, сор маңдай.

НЕ ТҰР АЛДА?

Жалғыз келе жатқандай.
Болам түзде жаяулап.
Тыныштықты баққандай,
Бар дүние манаурап.

Не күтіп тұр мені алда?
Бел-белестер шыңдар ма?
Гүлге оранған көгал ма?
Табан қарыр құмдар ма?

Дұшпандар ма, достар ма,
Қарсы алдымнан шығатын?

Талантты ұрпақ – жастар ма,
Ел мақсатын ұғатын?

Қайғы тұр ма түнерген?
Бақ па?.. Басқа самсады ой!
Не тұр алда? Білер ме ем?!
«Көріпкелім» болса ғой.

СОҚШЫ БОРАН

Соқшы боран, түтетіп аласұрып.
Жын-ойнақ сал! Көнеді, дала-сұлық.
Момын дала шыдайды, өлуге бар,
Қыңқ етпейді, қойғандай таң асырып.

Үдете түс, үдей түс ойран салып,
Аспан да бір көрсінші аласарып.
Ай мен күннің көзін де қармен шелдеп.
Бар түнекті қамап қой тамаша ғып.

Ұнатпаймын түнекті тас қараңғы,
(Япыр-ай, осыны кім басқарады?)
Жауыздық, дұшпандық пен не бір бәле,
Түнектерден өрбиді! Масқара да.

Қарсылық пен сесіне қарамай да,
Түнектерді ышқынтып қорама айда!
Мал кетсе де ішінен, тұрқы мықты,
Түнек – дию болса да қоралайды!

АВТОМОБИЛЬ АПАТЫНАН КЕЙІНГІ ОЙ

Өлім дегеннің аузына жетпей бір елі,
Тірі қалыппын. Масайрап жүрек күледі!
Сақтаған мені бақыты ма екен жарымның,
Балаларымның көз жасы ма екен киелі?

Әйтеуір, жаным жадырап, жайраң қағып бір,
Маңдайымда шолпандай жұлдыз жанып тұр.
Уа, жарық дүние, қайтадан келдім мен саған,
Сусындайын деп тәттілігіңнен қанып бір.

ӨТЕДІ КҮНДЕР

Өтеді күндер жылды айдап,
Түрленер жылда нұрлы аймақ.
Сарғайып, қайта шешегін
Жарады жасыл сырнай – бақ.

Тырналар жылы жаққа ұшып,
Жапырақтар күзде жатты ұшып.
Қап-қара қолаң шашыңа.
Қалыпты-ау сәулем, ақ түсіп.

Жүрек пен көңіл баяғы –
Құшағын бақыт жаяды.
Ақ түскен көріп шашыңды
Өзіңді тұңғыш аядым.

НЕ КЕРЕК МАҒАН?

Не керек маған?
Сен барда дала,
Алтын дәндермен қайысқан.
Не керек маған?
Сен барда аспан,
Шуақты күнмен қауышқан.
Саф саумал ауа,
Жаныма дауа,
Бойыма рахат дарытқан.
Не керек маған?
Саулығым барда,
Кедейлігіме қамықпан.
Не керек маған?
Сен барда үйім –
Түтіні түзу шаңырақ.
Нан, тұзы – дәулет,
Таусыла көрме,
Өріле берсін ән-ырғақ.
«Әй! -әу!» деп жарым.
Шақырса істен,
Оралғанымда қалжырап.
Дүркірей қарсы ап.
Аталап шапса,
Немерелерім жамырап!

ЛЕПІРШІ КӨҢІЛ

Лепірші көңіл, лепірші,
Кеудемді шаттық кернесін.
Жүрегім тулап секірші,
Қиялым көкке өрлеші.

Өрлеші баяу қалқымай,
Қанатыңды жай қағып.
Қызықтарға балқымай,
Ауызды ашып, Ай бағып.

Өрле, өрле самғай көр,
Қанатыңды сабалап.
Биіктерді жалғай бер,
Мұрат шыңын жағалап.

Сапарда алыс бітпейтін,
Тауың сына көрмесін.
Жол азабы күтпейтін,
Шалдықтыра бермесін.

Ақ жауын болып төгілсін,
Мендегі барлық ізгілік.
Сібірдің таңы сөгілсін,
Жылылығымен түз күліп.

Жадыра көңіл, май күнгі,
Қызғалдақ бүрін ашқандай.
Жарқыра көңіл, май күнгі,
Күміс күнді аспандай.

КОМАРОВО

Комарово дегенде өзім,
Елең етіп қалыппын,
Жеткенімше қалмай төзім.
Көруге әбден жанықтым.

Комарово қалың жыныс,
Қайың, талдар тізілген.
Кеуде кере алсаң тыныс,
Бал жұтқандай сезінген.

Комарово, Комарово.
Көгімде осы ән қалықтап.
Желпіндірді Комарово,
Көңілімді шабыт нақ.

Арыстан жал толқындарын,
Кәрі Балтық бағады аулақ.
Сезінбейді жойқын кәрін,
Комарово жағалауда.

Саяжайлар, Жібек самал
Суырылып теңіз жақтан,
Тапқандай-ақ жүрекке амал,
Желпіп, сипап, шымырлатқан.

Жүрегімді тебіренткен,
Сұлулыққа табынамын.
Қыз-қайыңдар еміренткен,
Қылығыңды сағынамын.

Комарово, Комарово,
Қош болып тұр жер жәннаты.
Талмасыншы, Комарово,
Көгінде ұшқан ән қанаты.

ЖІГІТ БОЛСАҢ

Жігіт болсаң, жігіт бол,
Сылбыр болма сен бірақ.
Көк мылжың, көк езу,
Сөзінде жоқ бір тұрақ.

Жігіт болсаң, жігіт бол,
Күлме босқа, ыржақтап.
Жетесізді желкелеп,
Сор әкетер біржақтап.

Жігіт болсаң, жігіт бол,
Қыз жүрегін жаулайтын.
Қарыз емес махаббат,
Бермей қойса даулайтын.

Жігіт болсаң, жігіт бол,
Арақ ішпе, сандалып,
Айға шапсаң бір кәдік,
Екі көзің қанданып.

Жігіт болсаң, жігіт бол,
Елге таныл ісіңмен,
Білім, білім мықтырақ,
Нардай сенің күшіңнен.

Жігіт болсаң, жігіт бол,
Намысыңды ту деп біл.
Өкінішсіз, өксусіз,
Өмір сүргін, гулеп бір.

ОЙ БӨЛІСЕМ ӨЗДЕРІҢМЕН...

Зейнеткермін. Оңаша үйде отырып,
Көкірегім әр түрлі күйге тұнып,
Ой бөліскім келеді өздеріңмен,
Жаны нәзік ақындай күйде тұрып.

Көтердік көк байрақты көкке қарай,
Елдікті әйгіледік шетке солай.
Елбасын ақ кигізбен хан көтердік,
Бақыт тілеп дос-жаран, көппен талай.

Халықтың өткен жолын еске ап ойлай,
Ақ жол деп қол көтердік көкке бойлай.
Құдайым ақ тілекті қабыл етсін,
Дәстүрін ата-баба әсте жоймай.

Болғанбыз бөтен елдің отары біз,
Азатпыз деп көтердік жотаны біз.
Қай күнде еңбекпенен жер көгерер,
Еңбекпен гүлденеді Отанымыз.

Десек те ауыл азып, ел күйзеліп,
Шаруа да баспайды алға бір түзеліп.
Шет елдік қожайынға қол жайған жұрт,
Тіршілік ныспысынан жүр күйзеліп.

Не болдық? Анау зауыт қаңырaған.
Қара халық жұмыс деп жамырaған.
Байлар ойнап Бурабай толқынымен...
Ал әкім?.. Берсін құдай сабыр оған.

Ежелден мал сүмесін емген қазақ,
Алдында бір қара жоқ, отыр таза-ақ.
Мал-мүлкін кеңшардағы опқан бастық,
Ауылдан қашып кеткен, етіп мазақ.

Үкімет жер берді елді аяған боп,
Жоқшылық кеудесіне таяғанда оқ.
Тұқым да, жанармай да, көлік те жоқ,
Құрғақ сөз талғажауға жараған жоқ.

Талайын ауырлықтың есіп өткен,
Басылды ердің мысы не себептен?
Қапшық сүйреп базарға шықты әйелдер,
От басында еркектің есі кеткен.

Әзір аман жер басып тұрғанында,
Көтер басты, ар оты жүр қанында.
Кәсіп ет, ей, жігіттер, көресіңдер,
Дәулеттің сендерге жүз бұрғанын да!
8.02.1998 ж.

ЖОТАСЫН ТОСҚАН ДАЛА БОЛЫП...

Гүлді өңірдің,
Нұрлы өңірдің
Ұлы болғаныма мақтанам.
Есілдей сыңсып,
Сылдырап ақпай,
Күркіреп шапсам деп қалам.
Сарыарқаның
Болат тұяқ,
От жанарлы

Қыранындай қомданып,
Көк аспанға
Самғап ұшсам,
Жолдарым қалып ақ табан.
Шықпасын менің
Аузымнан жалын,
Бұрқырап та,
Атқылап.
Атақтылардай,
Мықтылардай,
Орнамасын
Басыма менің бақ-жұмақ.
Ирани - бақша
Есігі тас боп
Бекітілсе мәңгіге,
Тіпті, жабылып,
Ашамын оны,
Жұлқылап, теуіп,
Ақ балтаменен шапқылап.
Еркін өстім,
Елігіп тартар
Әдетім биік мұратқа.
Сұрамаймын,
Қиналмаймын,
Тіпті, сол жақын, жырақ па?
Қанатымның
Астынан демеп,
Жетелейді сенімім,
Алыс та, жақын,
Шалқып та, маздап
Жанған үміт-шыраққа.
Естіліп даусым,

Дүбірім алаң
Еткізсін деймін,
Бұл кім ?- деп .
Өгіз аяң,
Манаурап,
Қалғып,
Жүргендерді бүлкілдеп.
Озбыр да болып,
Өкім де болып,
Көрінермін
Жанаса озып шыққанда.
Қызғаншақтың жонарқасын
Көрсем бұққан,
Күңкілдеп.

ҚАЗАҚТЫҢ МОНОЛОГЫ

Мен қазақпын от-қаным,
Жүрегімді кернеген.
Мен қазақпын оқ-жаным,
Дұшпанға намыс бермеген.

Ақ көңілім ақ таңдай,
Сөгіліп атқан шығыстан.
Ал мінезім мақпалдай,
Кіммен болса ұғысқан.

Алып та емес, ұлы емес,
Адамдармен тең екем.
Күллі өнерден құр емес,
Досқа құшақ кең екен.

Ғарышқа асқақ қол артқан,
Ұшқыр қиял адаммын.
Мұраттарға жол тартқан,
Қазақпын, алып қадаммен.

ЕЙ, БАЛАМ-АЙ

(Мағжаныма)

Ей, балам-ай,
Әкең үшін кім екеніңді білсең ғой.
Ұлыңмын, - деп күлесің бе?
Күлсең де...
Қияндарға қиял жетпес самғайтын.
Ғарыштарды ғарыштарға жалғайтын
Өзіңсің ғой! -
Қос қанатым, жез қанатым,
Қағудан бір талмайтын.
Сен болмасаң қайдан алам,
Күш-қуатты тасыған?
Көмейімнен төгілмес те,
Өмір жайлы асыл ән.
Тәттімбеттің күйіндей боп.
Көкірегім күмбірлеп,
Келер ме еді шабыт шалқып,
Құлагердей дүбірлеп.
Қуантқандай әкеңді сен,
Еліңді де қуантқын.
Жалғыз тілекті айтып күнде.
Жүрем бейуақ күбірлеп...

ТЕЛЕВИЗОРДЫ ҚАРАП ОТЫРЫП...

(Палестина суреттері)

Кірпігімді қозғауға да
Қорқамын,
Көзімді ашып
Қарауға да қорқамын.
Қорқамын, қорқамын!
Танкінің табанына
Сәбидің басы жабысыпты.
Қос жұлдызы
Шарасынан шығып барып,
Құм шағылмен қауышыпты.
Отты көздер шақырайып,
Құм ішінен қарап жатыр.
Жас тамбайды,
Олар кімге
Жанарларын қадады ақыр?!
Кекпен емес!
Таң қалғандай қарайды, әне,
Айналаға-маған, саған, оған және.
Адамдар, жауызбеңдер?-
Деп тұрғандай,
Тапталған бастан түскен
Жанар-дене.
Кірпігімді
Қозғауға да қорқамын.
Көзімді ашып
Қарауға да қорқамын,
Қорқамын, қорқамын!

1993 ж.

КӨКЕЙДЕ ЖҮРГЕН КҮЙІМ БАР

Көкейде жүрген күйім бар,
Күйім бар-отты құйыңдар.
Кеудемді өртеп, жандырсын,
Жалыннан тағы құйыңдар.

Домбыра берші қолыма,
Тұрмайын күйдің жолына.
Тұйғындай теуіп атылсын
Күншілдердің сорына.

Өзім де рахат табайын,
Әуенмен жерді жабайын.
Күмбірле кәрі домбыра,
Қос шегіңді қағайын.

Төгіле берсін мұң құлап,
Жүректі келген ұрғылап.
Күйменен бірге көл-көсір,
Аңырай ақсын жыр-бұлақ.

Күй құлап жатсын, күй құлап,
Тас жүректерді бұрғылап,
Армандар болат сұңқардай,
Көгімді кетсін ұңғылап.

1964 ж.

АҚ ҚҰРЫМДЫ ҚИЯЛДАП...

Сарғайып түскен жапырақ,
Сыйдиып тал мен қайың да
Күздегі дала қалтырап,
Тоңазыды бойым да.

Думандап кеше қырды осы,
Шалқытқан дәулет арнасын.
«Қыр кемелер!» - қыр досы.
Көрінбей қазір қайдасың?

Туған жерге мұң артып,
Мұнарға сіңген аққулар.
Күз қызығын құмартып.
Ақ қайыңда отыр ақ құрлар.

Балауса шағым ба екен бұл?
Ақ құр боп ұшқан қияндап.
Сағындым сені көктем – гүл,
Ақ құрымды да қиялдап.

ТҮСІМДЕ

Кейде жылап жатамын түсімде мен,
Бір ғаламат ісім бұл түсінбеген.
Өлген әкем төрімде отырады,
Теріс қарап, жасырып түсін менен.

Сағындым ғой әке жан, сенсіз өстім...
Өмірдің бел-белесті жолын кештім.

Мен құдайдан тілеймін жетілсін деп,
Әкесіздің бір күнін көрмей ешкім.

Қолыңды бер, әке жан, сүйейін де,
Көкірегіме басайын, түлейін де.
Бұдан артық бақыт жоқ ұлың үшін,
Құшағыңда құлпырып, күйейін де.

Сырт бердің де, әке жан, тіл қатпадың,
Тіл қатпадың – баланды ұнатпадың.
Жазығым не? Білмеймін. Кеше өзіңсіз.
Шайқалған шаңырағыңды құлатпадым.

Құлатпадым. Теңселіп, сүрінсем де,
Жалғыздыққа жан жылап, күйінсем де.
Шаңырағыңды думандап жатыр бүгін,
Ұрпақтарың өзіңнің, сүйін, сен де.

ШАЛҚЫҒАН ӘН

Жүректің құйтымдай-ақ қуысынан
Сан түрлі ағындайды қуысып ән, -
Шалқыған ән-тамырда жүгірген қан,
Шыға алмай тіршіліктің уысынан.

Тербеліп тіршіліктің әніменен,
Па шіркін, арман қуып әлі келем.
Тоқтап қап асқақ әуен жүректегі,
Гүл өмір қала ма екен тағы менен?!

ӨЗІМ ТУРАЛЫ

Ақ түсіпті шашыма аракідік,
Сипап қоям, көңілге ала күдік.
Көз алдымнан көлбеңдеп өткен қыздай,
Барамысың дулы шақ – ала бүлік?!

Барамысың қызған бақ, базарымды ап,
Көктемдегі гүлдей бір ажарымды ап.
Жастық шақ-ай, - деп мен де отырам-ау,
Қаламысың жырым боп, жазарым боп?

ЖАРЫҚ ДҮНИЕ РИЗАМЫН!

Күндерім үшін базарлы,
Өткізген мынау тірлікте.
Жастығым үшін ажарлы,
Шабытты шақпен бірлікте.
Жарық дүние, ризамын.
Сүрініп, кейде құлаған,
Қуанып, кейде жылаған.
Күндер көп соған қуанам,
Баладай мәз боп жұбанам.
Жарық дүние, ризамын.
Арман көп, мақсат жоғары,
Тындырған істер жоқ әлі.
Шолпандай үміт жанады,
Нұрлантып алыс жағаны.
Жарық дүние, ризамын.
Кей-кейде көңіл беу, шалқып,
Көгімде тұрар ән қалқып.
Көктемнің иісі де аңқып,
Төбемде жанып, күн балқып,

Жарық дүние, ризамын
Жайдақ шауып құнанмен,
Жарысып кетем қиялмен.
Мысқылға қалып мұнан мен.
Өзімді деймін ұрар ма ем.
Жарық дүние ризамын.
Ел десе еркін көсіліп,
Күрмеулі тіл де шешіліп,
Мәртебесін өсіріп,
Жырласам деймін көсіліп,
Жарық дүние ризамын.
Жоқшылықты іргемнен.
Ертерек қуып үлгергем.
Бақытым болып дүрлеген.
Еліммен мәңгі біргемін.
Жарық дүние, ризамын.
Бұла күш бойын кернеген,
Көктемдерде терлеген,
Дән жинап күзде ерлеген.
Сарыарқадаймын дәуде мен,
Жарық дүние ризамын.

МЕН ҚАНДАЙМЫН?!

Мен қандаймын? Қандаймын?
Айтыңдаршы, жараңдар.
Ғашық болған жандаймын,
Өмірге құштар жаным бар.
Өмірдің мәні не сонда,
Туу мен өлу – сол-ақ па?
- Жо... жоқ. Күрес қашанда.

Тірлікті күйкі жолатпан.
Өмірдің мәні – жеңісте,
Тынымсыз күрес әкелген.
Еңбекшілдік - әр істе,
Мұра боп қалған әкемнен.
Тірліктің батпан жүгін де.
Жотама салып көтерем.
Екі өмір берсе – бүгіндей,
Шындықты ту ғып өтер ем!
Бермеймін жанға тынымды,
Қанатты кеңге қармаймын.
Еңбегім мен жырымды
Алашым, саған арнаймын.



ОЙЛАР

Тұғырдан тырп етпеймін,
Шәу тартқан бүркіттеймін.
Қанатты қомдап қоям,
Тауықты да үркітпеймін.

* * *

Танымастық көзбен саған қарадым.
Тоқтай қалып, сәлем бердің, қарағым.
Мен кешегі уақыттың адамы,
Сен бүгін боп, құрметтеуің жарады.

* * *

Кеше ғана жүрегім еді күпті,
Бұлтқа шығып кетіппін енді тіпті.
Күнді ұстап мінейін шаттанғанда,
Беріңдерші қолыма арқанжіпті.

* * *

Ешкімнің ала жібін аттамаған,
Көршіге көз алартып, даттамаған,
Қойдан жуас, момақан халық едік,
Өтінемін, сақтай гөр, Хақтағалам.

* * *

Алдыма түсіп ой тағы,
Жеткізбей маған жортады.
Соңында келем ентелеп,
Ұнағандай ма, жортағы?

Қадамы да қарыштап,
Барады ой менен алыстап.
Өмір бойы ғой мен құдым,
Күш қайда менде – жарыспақ.

* * *

Министрлер айта берсін түрлі ғып,
Ей, бауырлар дүбілмеңдер, дүрлігіп.
Бізден асып олар қайда барады,
Тек қазақша сөйлейікші бірігіп.

* * *

Өз елімде тілді матап буғанда,
Ұлттығыма тұзақ, қақпан құрған ба?
Менің тілім артық болса, Аллам-ау,
Кесіп неге тастамадың туғанда!

* * *

Ойың жаман, шошыттың-ау жанымды,
Тоқтата да жаздадың-ау қанымды.
Сенер болдым сенің сұмпай сөзіңе,
Менің бүгін алар демім тарылды.

ЕЙ, МИНИСТР

Ей, министр не деп тұрсың?
Түсінбедім құдай ұрсын.
Сөзіңді де, ойыңды да – қара түн.
Жолым ба бұл ертеңіме баратын?
Жаным – қазақ, ойым – қазақ,
Тілім – қазақ, төзім – қазақ.
Орыс болып жүріп таза-ақ,

Көрген күнім болған азап.
Тілді қырқып, етіп надан,
Кім бол дейсің енді маған?
Құл болуға қорланамын,
Тілсіздікке - зорламағын.

* * *

Қолпаштап өзін зор етіп,
Одан жеймін таяқты..
Көрегендіктің зары өтіп,
Тәлтіреп басам аяқты.

* * *

Майда тіл мен майда сөз,
Құртады екен аңғалды.
Мейлің төз бе, мейлің төз,
Соны көріп таң қалдым.

* * *

Бақырайтып көзіңді,
Мақтағанда өзіңді,
Шын-ақ сасады екенсің,
Ұмытып жауап сөзіңді.

* * *

Көп мақтаған қуаныш,
Емес жанға жұбаныш.
Соңында оның зілі бар,
Бірақ әлі тұр алыс.

* * *

Кейбіреулер мақтайды,
Жанға қанат байлатып.
Бәз біреулер мақтайды,
Ыза-ашуды қайнатып.

Мақтаудың да мақтауы,
Бар екен ғой орасан.
Біреулердің мақтауы,
Жығады екен орға сан.

* * *

Жамандасаң жаманда,
Саған жақсы болмаспын.
Көпке жаққан, әмәнда,
Бірге жайсыз болмақ шын.

* * *

Басы жұмыр пендемін,
Кемшілік те жетерлік.
Ардан бірақ, кенде емен,
Азамат жүгін көтердік.

* * *

«Ұлылар» тепкісінде мазақпенен,
Үш ғасыр өткен тірлік азаппенен.
Көн жүрек, қайыс жонды, сірі жанды,
Не деген көнбіс халық қазақ деген!

* * *

Кімге айтамын сөзімді, кім тыңдайды?
Бассыз жандар, құр кеуде - сұрқылдайды.
Естімейді, көрмейді төңіректі,
Бойынан арақ исі бұрқырайды.

* * *

Зырлайды уақыт, тау тасын уатып,
Шыңдарды құлатып, еменді сұлатып.
Орманды шулатып, күзді де жылатып,
Тоқалды тулатып, ал шалға мұң артып.

* * *

Ана алдында бүгіліп,
Ар алдында жүгініп,
Көрмегенге кез қыл ма -
Тірліктен де түңіліп.

* * *

Ауызы келмей дос деуге,
Күңгірлеген бос кеуде.
Пендеңнен сақта , құдай-ау,
Ондайларға дес бер ме.

* * *

Абылай Қызылжарда болмаған деп,
Сайрайтын осы күнде оңбаған көп.
Жанымды жарқалайды осы менің,
Жүректі тепкілейді толғаған кек.

* * *

Ұшқыны жоқ көзіңнің,
Шындығы жоқ сөзіңнің.
Береке жоқ ісіңде,
Рухың жоқ өзіңнің.

* * *

Мөлдіреген қасиетті көздерім,
Мені өмірде жетелейтін өздерің.
Құртымдай-ақ құшағыңа әлемді.
Сиғызғанды қалайша мен сезбедім?

* * *

Шіркін, көңіл, - кең жазира даласың,
Бірде, солған дәндей болып қаласың.
Теңіз бетін қара дауыл қаптаса,
Бұлк етпейтін тұңғиығы боласың.

* * *

Жүрегің соқыр болса егер,
Жайнаған көзің не керек,

Көңілің кірлі болса егер,
Сайраған тілің не керек.

* * *

Көңілі кірбің туыстан,
Көңілі көлдей дос артық,
Қиналып берген уыстан.
Алақанның босы артық.

* * *

Өлең – от, жағушы мен ақын,
Отынын үрледім жанатын.
Сөнбесе, шіркін-ай, мәңгіге.
Жүректер жылылық алатын!

* * *

Өтірік пен өсек мүлде жоғалсын,
Бар адамдар шындық туын қолға алсын.
Бос қаңырап барлық жерде сот үйі,
Судьялар бұдан былай дем алсын!

* * *

Балын ішпе, арамдықтың,
Адалдықтың уын іш.
Торын пішпе жамандықтың,
Адамдықтың туын піш.

* * *

Шырылдап туғаннан шешеден,
«Жер басып жүрміз ғой» - деседі.
Көр-жерді қорек қып көшеден,
Иттағы тіршілік етеді.

* * *

Бар қызуын көкте күннің сарқып ап,
Мұз жүректерді жылытсам ба, ерітіп! –
Алғаш, мүмкін – масайрар ел жарқырап,
Тіршіліктің қызығынан елітіп.

КӨР

Бауырың - мұз,қара жер қойның суық,
Пенденің о дүниелік жолы тұйық.
Сені «көр» деп қай қазақ атады екен?-
Ызғарыңнан кетеді бойым суып.

БАҚЫТ

Бақыт құсы қона қалса басқа кеп,
Қарамайды кәрі ме деп, жас па деп.
Таңдамайды кедей ме деп, бай ма деп,
Ақылменен іс істеуден қашпа тек.

АҚЫН

Ақын деген адамның періштесі,
Толғандырған заман мен жер үсті осы.
Ол да пенде,тек оның артықтығы,
Бізден сәл-пәл ойының өрістісі.

ДАУКЕС

Ақымақтың есіп айтқан ақылын,
Жалықпайсыз күн ұзаққа тыңдаудан.
Дегенімде ол сыбырлады ақырын:
Сонымменен құтылдым, - деп бір даудан.

ҰЯТСЫЗ

Беті-жүзін жасырған ибалы боп,
Ұятсыздан қорқамын иманы жоқ.
Ол-жыртқыш,өкпе тұстан бір-ақ соғар,
Қапыда қалмағайсың - құрбаны боп.

Ф. Т. С- ке

Кеуіп тұр екен үрлеппін.
Ақымақ екен - білмеппін.
Пәлесі оттай шарпыған,
Құтылыппын, күймеппін!

ТІРШІЛІКТЕ

Қуанышым көп болған тіршілікте,
У ұрттадым байқамай,түршігіп те..
Үміттің де кесесін тосты тағдыр,
Батпан ойдан езілдім, күрсініп те.

ҚАЙҒЫ МЕН ҚУАНЫШ

Қайғы менен қуаныш кезектеген,
Арасында олардың безектегем.
Шаттанғанда ән айттым аспан түріп,
Мұңданғанда көңілім көжектеген.

ТӘТТІ ТІРЛІК

Екі-тикі өмірім құрақты екен,
Қанша ғұмыр қалды? - деп, сұрап не етем.
Тіршіліктен тәтті жоқ не десеңде,
Шырқап келгем өмірге, жылап кетем.

КӨҢІЛ КҮЙ

Қайғырғанда жылаймын, қуанғанда,
Көздің жасы - көл, әсте, суалған ба?
Қойным, бірақ, толған жоқ меруерт-жасқа,
Тіршілікке жүрегім құмардан ба?!

ӨТІРІК

Өтірікті шындайғып бөседі кеп,
Кей адамнан аулақпын өсегі көп.
Бәз біреуді сөз етер күйім де жоқ,
Уақыт жоқ, кесірлі әсері көп.

КҮНДЕДІ МЕ...

Күндеді ме сыртыңнан ағайының, туысың?
Онда сенің біршама жақсарған де тұрмысың.
Күндеді ме сыртыңнан кейбір досың, жолдасың?
Онда олардан біршама өнеріңмен алдасың.

МЕН АҚЫН БОП ТУМАС ЕМ

(Әні бар)

Күн күлімдеп інжу, сәуле төкпесе,
Гүл үлбіреп хош иісін сеппесе,
Боран бұрқап, тентек желін жекпесе,
Жібек самал сар даланы өппесе,
Мен ақын боп тумас ем.

Қара қанат түн аспанды жаппаса,
Ерке қыздай жұлдыз жымың қақпаса,
Назды өзендер сылқ-сылқ күліп ақпаса,
Ақ қайыңдар шашқа шолпы тақпаса,
Мен ақын боп тумас ем.

Жолаушылар жол азабын көрмесе,
Көктемде қаздар қайтып келмесе.
Жер ырысын көл-көсір ғып бермесе,
Ел ұлының жүрегіне сөнбесе,
Мен ақын боп тумас ем.

Қырағы көз қыран түлкі ілмесе,
Заманына шалқып жастар күлмесе,
Шындық-қылыш жауыздықты тілмесе,
Ащылығын тердің адам білмесе,
Мен ақын боп тумас ем.

СЕЛ БОЛЫП АҒЫП КЕЛЕМІН

Сел болып ағып келемін,
Ақ толқындарды арқалап,
Үйіріп ұрып соғамын,
Қара тастарды жарқалап...
Төгіліп келем, төгіліп,
Тасқын боп, аққан сел болып,
Көкорай шалғын жағамыз,
Қызығы асқан ел қонып...
Сыбызғы ойнап балқұрақ,
Базарын ашып жыл құсы,
Шұрқырап шүйгін шалғында,
Шалқыған жұрттың жылқысы.
Шыға қап алып даланың,
Кеудесін тесіп күркіреп,
Заводтар ұзын мұржалы
Аспанды асқақ тұр тіреп.
Арнамның нұрлы мөлдірін,
Алдыңа тосам, егіндер,
Егіндер, сендер, елімнің
Қоймасына алтын төгіңдер!
Ертістей жомарт Арқаға
Шәрбатын шашқан, беу шалқып,
Дүниеге дүйім жанымның
Жалынын құйсам ба сарқып?!

ОРДАБАСЫ

Ордабасы! Армысың,
Ата жұртым – арман тау,
Көкірегіме, көңіліме,
Күміс күндей қонған тау.

Нұрын құйып жаныма,
Қазақсың деп қам жеген.
От қайнатып қаныма,
Сен де азатшыл жан деген.

Ел болғансың әйгілі –
Ұлы Тұран, ер түрік,
Азап, түнекті өлтіріп,
Күліп шыққан ай, күні.

Осы таудың басында,
Би-бабалар қауышқан.
Ордабасы қасында,
Үш жүз ел боп табысқан.

Елдік пенен бірлікті,
Намыспенен байлаған,
Жігерлілік, ірілікті,
Қан майданда қайраған.

Би-бабалар, көсемдер,
Таусылмас жырым, әнімсің.
Қамқорлы болған алаштың,
Әр қайсың бір-бір тәңірсің.

Сендерді Мағжан жыр еткен...
Даналықтарыңды сағынып.
Ұрпақтарыңды үйреткен.
Ұлылықтарыңа табынып.

Ұлы Мағжан елінің
Сәлемін ал, ағайын.
Жолдыөзектей жерінің
Омырауыңа гүлін тағайын!

ЕРІҢДЕР МАҒАН ӨЖЕТТЕР

Еріңдер маған өжеттер,
Өзекке тепсе өрге ұмтылар тұлданып.
Құласа да аспан үстіне,
Тоқтамас бір сәт шаттанғанша, шыңды алып.

Тулаған тасқын, қау өртте,
Суарылған ақ семсердей шыңдалып.
Еріңдер маған батырлар,
Дауылға тосар құс кеудесін өрленіп.

Алапат күшті аждаһа,
Тұра алмайтын алдында оның зәрленіп.
Қабағын түйсе ол – бұлт қаптап,
Түнеріп әлем тұратын әсте кәрленіп.

Еріңдер маған қайсарлар,
Қажуды білмес, қауіпті қойған бұқтырып,
Ажалды да қарсы алар,
Туған жер үшін, Отаны үшін тік тұрып.

Уралап шықса «оқытар иман»
Дұшпандарға қайсарлықты ұқтырып.
Еріңдер маған бәрің де,
Жанында жалын маздағандар дүрілдеп.

Бұрғылайық алау Күнді
Құйылып тұрсын аппақ нұры дірілдеп.
Сарыарқаға
Енді ғана үйреніп жүрген күлімдеп.

БИІКТІК

Дүрліксе жүрегінің салқын қаны,
Теңіздің тулайды екен толқындары.
Тауменен таласа ма, көкке атылып,
Тереңнен қопарлыған жойқындары.
Екпіндеп соғып толқын тау сағасын,
Құлайды қайта ылдиға қаусағасын.
Биіктік жеткізе ме елдің бәрін,
Армандап...
Өкінесің...
Сан соғасың.

ТЫНЫШТЫҚ БЕР, ТЫНЫШТЫҚ

Ей, өмірім, тыныштық бер, тыныштық,
Мына дүние бір сәт жатсын тыныс қып.
Ысқырмасын зеңгір аспан, көк аспан,
Жердегілер сезінсінші тыныс – құт.

Шуламасын аң мен құстар қосылып,
Бірі аспанда, бірі жерде жосылып.
Өмір-тәңір, қан тамшысын көрсетпе,
Көзін жұмып қалмасын Күн шошынып!

АРҚАНДАП КҮНДІ...

Жанымды жайлау етейін,
Адамдар, сайран салыңдар.
Көк ала толқын көлдер мен
Қыпша бел, кербез қайың бар.

Көлдер – көздің жасы емес,
Қуанышымның айдыны,
Дауылпаздары қуатын
Бұлт болып келген қайғыны.

Төбеге күнді қойсам ба,
Арқандап байлап, тұйықтап?!..
Адамдар жарты ғұмырын.
Бермесін түнге ұйықтап!

ӨЛЕҢ БОП ТҰРҒАН ТІЗІЛІП

Ағызып қанды жасымды,
Қос қолдап қысам басымды.
Күтірлеп, сынып сүйектер,
Үйірілтіп жасымды.

Тегеуірінімен саусақтың,
Ми, шекемді қаусаттым.
Оң қолымның жігінен.
Мөлдір тамшы самсаттым.

Параққа түскен үзіліп,
Мөп-мөлдір тамшы сүзіліп.
Өртеген өзекті өмірім –
Өлең боп тұрған тізіліп!

АҚ СОРПА БОЛЫП...

Ақ сорпа болып сабылып,
Ащы тер көмген жотасын.
Аңырап келем інгендей.
Аңсаған іздеп ботасын.

Ағындар керіп кеудемді,
Түнде де ұйқы көрмеймін.
Тыныштық баққан сақшыдай.
Жаныма тыным бермеймін.

Не іздеп келем, өмір-ау,
Неге мен мұндай боп туғам?
Қосылып кеткім келеді,
Балаларға да доп қуған.

Гүлден шоқ-шоқ лаулаған.
Жаныма жалын аламын.
Тулаған теңіз – егіннің
Масағы болып қаламын.

Ақ таңның аппақ маңдайын.
Сипаймын алақаныммен.
Төсіңді дүбірлетсем, Жер –
Тентегің, балақаның мен.

Еркелік етем бәріңе,
Еркіндік құшқан жанымды.
Ырзамын саған, Жер-ана,
Қызулы еткен қанымды!

ЖҮРЕКПІН АРМАН ТОЛЫ...

Қап-қара бұлт емеспін шақпақ шаққан
Көк тілгілеп, бауырынан жасын аққан.
Тұтанған жанарында от сөнбейтін,
Тау бүркіті емеспін қызыл баққан.

Жантаятын ақ бұлтты жастап алып,
Тау шыңы да емеспін асқақ, алып.
Буырқанған, бұлқынған, толқын емен,
Құз шатқалды сүзгілер шатақ салып.

Келер күн, келер дәуір белес-белден,
Көзімде, көңілімде елес берген,
Жүрекпін арман толы, қуат толы,
Жаралған мәңгі бітпес күрестерден.

* * *

Ей, кең өмір,
Адамдарға бақыт бер.
Бұрын-соңды дүниеде болмаған.
Өр екпін бер,
Желдей жүйрік уақыт бер,
Жарыстарға қажымаған, тоймаған.
Адамдардың тамырында от шапқылап,
Жанартаудың жалынындай жайнасын.
Қабырғаны,
Кең кеудені соққылап,
Қияндарға жетелеуін қоймасын.

ӨМІР

Өмір – мәңгі тарқамайтын жәрмеңке
Жалғасатын қызық – дәурен таңға ерте,
Алыс-беріс, сапырылыс, жанталас,
Намыс – жарыс, дүние фарқы, жан еркі.

Өмір – тасқын, заңғар таудың қайнары,
Бірде асау, бірде бәсең – жайдары.
Батыл болсаң бауырына тартады,
Шертілмеген сырын шертіп қайдағы.

Бірде ызғар боп ширатады тоңдырып,
Ұшырады шыңдарына қондырып.
Өмір-сусын, өмір - өшпес махаббат.
Тар кеудеме
Таң боп қалған орнығып.

О, өмірім, көп қой ғибрат мән-сырың,
Әр таңыңнан күтемін мен таңсық үн.
Қызығыңа қойдың өзің құштар ғып,
Ой-санамның аралап бар талшығын.

Сенің күшің сансыз семсер серіппелі,
Адамзаттың пәк жетілген серттері.
Сенің санаң дайым дамып жататын
Әммә халық -
Тіл құралдар септеуі.

Пәк кеудеңнен қанша миуа төкпедің,
Арбап, толғап ынтызарлық көктемін.

Сенің сәулең жанарлардың жарқылы,
Тұрған жалғап нұрын дәйім көкте күн.

Сенің үнің сыбызғылар әуені,
Алуан сазбен аймалайтын әуені.
Жаңғырықтар биіктікті жалғаған
Кең еңселі ұлылықтың әлемі.

Күнмен жалғас бар тіршілік сабағын,
Күнмен жалғас көңіл күй, қас-қабағың.
Жыр соғайын көкейіңе қонымды,
Ұштала түс жас қауырсын қаламым.

Шыққан сайын биігіне тырбанып,
Көзге келер жас тамшысы ұрланып.
Қарай берем өз ізіме бұрылып,
Алдыма шық ақ армандар ырғалып.

Келемін мен ауырыңды арқалап,
Алдым-заңғар жақындатып жол табад,
Сезінемін ащылығын терімнің
Түбінде бір
Тәтті рахат –
Мархабат.

ӨЗ ТІЛІМ

Тілім бар, менің ақыл, ожданым бар,
Тілім бар – жүрек жылытқан өз қаным бар.
Өз тілім тербетеді, тебірентеді,
Тіліме тіл
Тигізсеңдер,
Қорладыңдар.

Өшпейді, тілім менің қартаймайды,
Жарысып уақытпен жайтаңдайды.
Арнасы айдын шалқар асқаралы –
Қайнардың көзін ешкім сарқа алмайды.

АРМАН – АҚҚУ

Өмірдің мынау жылдарын қуып таң жақта,
Арманым менің Құлагер-сыңды шаңдатқан.
Бауырының астында өріп құс жолы
Күнің бе, мейлі, түнің бе, мейлі жол қатқан.

Дауылдың долы екпінін құйып алатын,
Алысқа жайған қырандай қайсар қанатын.
Арманым менің төгілген күй ғой...
Дала ғой...
Кеудесі күзде маржанға тұнып қалатын.

Арманым әлде көкте ұшып анау баратқан,
Аққулар ма екен, көркіне жұртты қаратқан.
Қызықтап оны көз жазбай тұрмын мен неге?
Кеудемде мынау өзім емес пе жаратқан?!

ШЫНДЫҚ

Ақ жанымды ақтарып
Ақ күмістей төгілем,
Илана біл, ақталып,
Көрген емен тегі мен.

Шын күлемін күлсем де,
Шын жылаймын жыласам,
Шындық үшін күйсем де.
Өкінбеймін құласам.

Шындық менің желкенім,
Сапарға алыс ол шыдар.
Әлемнің де жер-көгін.
Ұстап тұрған сол шығар.

ҚАЙРАН БОЛЫП КЕЛЕМІН

Бұлбұлдардың үніне,
Сарыарқаның гүліне,
Аспанымның Күніне,
Қайран болып келемін.
Боталардың көзіне,
Сұлулардың өзіңе,
Даналардың сөзіне,
Қайран болып келемін.

Сәулетіне қаламның.
Дәулетіне даламның,
Өнеріне адамның,
Қайран болып келемін.

Қайран ете алам ба,
Туған елді, халқымды?
Осы ойменен алаң ба ?
«Жүрек шіркін» алқынды.

ҚЫРАНДАР

Қыран боп келгендер,
Құмармен өрлеңдер.
Қиялдың шыңына,
Қанатты сермеңдер.

Топшылар ашылып,
Ұлпа жүн шашылып.
Қалайы қауырсын,
Суылдап, басылып.

Жасындай жарқылдап,
Кейде бір саңқылдап,
Күнес көк өрінде,
Дүние төрінде аңқылдап.

Сайраңда, сапырып,
Бұлттарды жапырып.
Тіркескендердің сол
Қарасын батырып.

Төменде түн ұйып,
Төменде – тұңғиық.
Құласаң – ажал-ақ.
Көзіңе кетеді құм құйып.

Миың түк ұқпайды.
Дыбысың шықпайды.
Жүрегің тыныштық құшақтап.
Мәңгіге ұйықтайды.

Жарық етіп ақ табан,
Күміспен аптаған.
Ілініп іздерің,
Көгімді таптаған.

Қырандар самғаңдар,
Қиналып, талмаңдар.
Алыста армандар,
Асығыс қармаңдар.

Тек құлай көрмеңдер –
Үрейді көмгендер.
Сапардың ызғарын,
Аптабын көрмеңдер.

Сондарың қым-қуыт,
Шұбырған із қуып.
Балапан қырандар,
Жүрісі тым суыт.

Олар да жарысып,
Намысқа барысып.
Қайратын сынамақ,
Мәреде табысып.

Қыран боп ұшқандар,
Көкшіл көк құшқандар.
Балапан қырандар,
Қолынан ұстаңдар.

Жас қыран-дарындар,
Сөнбейтін жалындар.
Бәрі бар кейінде,
Шұбырған қалыңда.

О, ұлы қырандар,
Бәрің де сынаңдар.
Оларда – күй жаңа,
Жанында жыр-ән бар.

Жайнаған сылаңдар,
Кіл ерке бұлаңдар.
Әлемнің ажары,
Жұлдыздар – ұландар.

ДАҢҚЫН ХАЛҚЫ КӨТЕРЕР...

Айқайың ащы шықты, қорқақ па едің?
Қиқулап алмақ па ең сен атақ-сенім.
Дала да жатыр тыныш моп-момақан.
Кенелткен мол дәулетке байтақ елін.
Шықпайды күннің үні көкте жүзген,
Биіктен жерге аппақ маржан тізген.
Айдың да, жұлдыздың да дыбысы жоқ.
Жымыңдап кең жиһанға көзін сүзген.

Нан піскен кеудесінің буын атып.
Елді қояр ақымақ шуылдатып.
Тау қопарсын еңбекқор елп етпейді.
Даңқын халқы көтерер дуылдатып.

ТАҢ КЕЛЕДІ

Жұмысшылар,
Сенің таңың бұл атқан,
Мейірімін,
Шапағатын құлатқан!
Толқынымен тіршіліктің аралап
Шаттық күйі кетпей жүрсін құлақтан!

Дикан қауым,
Сенің таңың бұл атқан,
Өршіл әнін бозторғайға жырлатқан!
Тыңда, тыңда!
Нанның әнін даладан,
Бозторғайдан, құрақтар мен бұлақтан!

Малшы қауым,
Сенің таңың бұл атқан,
Жайлауыңды шапағатына боятқан.
Қалың малды шығар шүйгін өріске,
Дүбірімен паң даланы оятқан!

Таң келеді, таң келеді түн түріп,
Нарттай нұрын желбіретіп,
Құлпырып!
Ей, адамдар,
Бейбіт күннің әр таңын,
Қарсы алыңдар қолтықтаса бір тұрып!



АБАЙҒА

Заманыңның дауылынан ықпадың,
Мықтылардың қаһарынан бұқпадың.
Байғұстардың көз жасын сен құрғаттың,
Жүректерде сенім туын жықпадың.

Уақытты артқа тастап ақылың,
Адамзатты дос та еттің, жақының...
Адамдарға, үміт, арман, сүйеніш,
Қасиетті өлеңдерің, ақыным.

Қандасыңның кей мінезін сынадың,
Сынадың да жаспен жүзің шыладың.
Ынтымақ бер, бірлік бер деп халқыма,
Жатсаң, тұрсаң бір Алладан сұрадың.

Елің көрген күйзелісті бір көріп,
Қазағыңмен мың тіріліп, мың өліп,
Өсек, өтірік, бос мақтанның бірі жоқ.
Жүрегінде тек шындықтың гүлі өніп.

«Ғаклияң» бара жатыр таңға алып,
Барша елді, оны оқыған таң қалып.
Біз сондықтан кең пейілді, мықтымыз,
Санасып жүр, құрмет тұтып бар халық.

Ойлы, маңғаз, жүрісің де тұрысың,
Болашақтың шырқап жүрер жарысың.
Әлем көгі – шыққан шыңның ұлы шың.
Ал өзің де ұлылардың – ұлысың!

Жас болса да бір шындыққа жақын кеп,
Ақын Мағжан сені атапты Хакім! -деп.
Дарыныңды жазбай танып, қуанған.
Шәкіртіңді осал деуге хакім жоқ.

* * *

ҚАСҚА БҰЛАҚ БАСЫНДА

(Семейден оқудан қайтқан жас Абай ауылына жеткенше осы бұлақтан ат суарады екен)

Қасқа бұлақ, Қасқа бұлақ,
Сылқ-сылқ етіп тасқа құлап.
Көне күннен күй шертеді ол,
Омырауын жасқа бұлап.

Ыза, кекті тоғыстырып,
Өтті-ау заман соғыс құрып.
Барымталы қаптал түндер
Салбыраған, жоқ ысқырық.

Айқай-шу да тынып анық,
Естіледі сылдыр талып.
Сылдырлай бер Қасқа бұлақ,
Абайымның әнін салып.

ШОҚАННЫҢ ӨЗІН ТАНЫСТЫРУЫ

Қазақия – даласы,
Қазақ оның баласы.-
Сахараның данасы,
Қожасы, әрі қарасы.

Жер қайысқан малы бар,
Жүйрік міну - сәні бар.
Дауылпазының үнінен,
Дұшпан жаны тарылар.

Қаһарлы жүрек тұсында,
Найзасының ұшында,
Жалтылдаған ұшқындар,
Сол құртар жау мысын да.

Домбырасы күй атып,
Көгіңді тастар құлатып.
Тербетіп салқам даланы,
Өзіңе қояр мұң артып.

Сары дала деген бұл жерді,
«Сарыарқа» деуді ел үйренді.
Қазақиям деп құшқан,
Аңсаған жұрты нұрлы елді.

«Сарыарқа» деген елімде,
«Сырымбет» деген жерімде,
Туғанмын да, өскенмін,
Киелі қазақ - тегім де.

Тегім мықты болаттан,
Тамырым терең – таратсам.
Абылай ханның ұрпағы
Етіп Аллам жаратқан.

ШОҚАН ҚАШҒАРДА

Қазақтың көгінде,
Әлемнің төрінде,
Жарқырап, жайнаған
Жұлдыздай көрінді.

Дарынға бақ тілеп,
Айтылып ақ тілек,
Ғылымның шыңына ол,
Қанатын қақты деп.

Масайрап, мақтанып,
Марқайды ел, шаттанып,
«Сарыарқа» көсілді,
Нұрына қақталып.

Бал күннен құлпырып,
Білімге ұмтылып,
Орысша өнерге,
Ғылымға құлшынып.

Ғасырдан ғасырлар,
Жұмбақ-ты, жасырған,
Қашғардың қақпасын,
Ешкім жоқ аша алған.

Келген көп әр қырдан,
Көруге талпынған.
Ілінген бастар тек,
Қорғанда қалқиған.

Үнді елі арқылы,
Өтем деп жан қиды.
Ағылшын тыңшысы,
Өнерлі ед – сан қырлы.

Айласын асырып,
Із-түзін жасырып
Қашғарға Шоқан кеп,
Зерттеді асығып.

Тездетпей бола ма,
Сезілсе ол оңа ма?!
Шоқанды тымақша,
Қағады! О, тоба!

Алты шар шындығын,
Жұрт сенбес сұмдығын,
Шоқанға бірінші
Айтатын туды күн.

Алты шар – жаңалық –
Шет жұртқа таралып,
Ресей, Еуропа
Таң болып қалды анық.

Қашғардың қамалын,
Тіршілік, амалын,
Дәптерге түсірді ол,
Құрғатпай қаламын.

Бастар тұр кесілген,
Көздері тесілген,
Қазыққа шаншылып, -
Шығар ма есіңнен?!

- Менің де кәлләмді,
Қырқуға сәл қалды.
Деп жүрді ол, - сыйындым,
Ұмытпай Алламды!

ШОҚАННЫҢ ДОСЫНА ХАТЫ

(Ф. Достаевскийге)

Санатқа ұлт боп қосылып,
Ел болса деп ем өзгедей.
Қазақты өзге ел басынып,
Болмасын деп ем құл, кедей.

Шарға түстім, мақсатым –
Басқару болып өлкені.
Шығарсам дедім жақсы атын,
Ел етіп өскен өркені.

Жастарды тартып білімге,
Бай етсем деп ем кедейді.
Алыс, жақынды білуге,
Талпынбайтын көбейді.

Жаныма, адал сөзіме,
Сенбейді туған қазағым.
"Шоқынғансың" деп өзіме,
Жасыра алмайды – мазағын.

Сақтықпен маған қарайды,
Патшаның шенді мырзасы.
Алды-артымды орайды, -
Туземец! – дейді, ол расы!

Өтпейді сөзім бұларға, -
Келмейді менің бүгілгім.
Сенуді қойдым сұмдарға,
Түңілдім, әбден, түңілдім.

Қазаққа да сенімсіз,
Патшаға да сенімсіз.
Тағдырым менің не болар,
Қалмасам еді көмусіз.

5.01.06 ж.

ТЫМ ШЫРҚАУ ОНЫҢ МЕКЕНІ

(Генерал Колапаковскийге өтініш)

Халім нашар, жүдедім,
Жаныма батты ауыру.
Таусылып та тұр демім,
Қол ұшын берші, бауырым.

Жібере гөрші дәрісін
Көкіректің, жанды қинаған.
Қайтемін айтып бәрісін,
Ақша жоқ менде жинаған.

Колпаковский мырзаға,
Офицер Шоқан хат жазды.
Көңілі – кірбің, зіл-зала,
Қайран жүрек – от жанды.

Жап-жақсы еді арасы,
Мырза өзгеріп қалған ба?
Генералдан шамасы,
Болар деп игі іс, алданба!

Деп тұр хаттың түйіні,
Келмесе де жауабы.
Шоқанның түсіп иіні,
Көзінен жас тамады.

Есесіне тыңшы жүр,
Шоқанды торып, қасында.
Бұлдағы бір тылсым сыр -
Өлімін күтті-ау расында.

Соңғы бір рет бұлқынған,
Жанына неге жармасты?
Қорықты ма Шоқан рухынан,
Империя албасты?

Ақтық демі бітерде,
Не сөйледі ол, не айтып?
Жансыздар да күтуде –
Тың тыңдайды құмартып.

Оятады ол қазақты,
Миына ұшқын қондырып.
Дүбілтеді қазақты,
Өткірлеу оқ жондырып.

Арманының алауын,
Халықтың беріп қолына,
Бостандықтың жалауын,
Мәре ету еді жолына.

Генерал білді, түсінді,
Шоқанның дарын екенін.
Қапаланды, күрсінді, -
Тым шырқау оның мекені.

6.01.06 ж.

ЛЕВ ТОЛСТОЙДЫҢ СОҢҒЫ ТІЛЕГІ

«Я бы очень рад был, если бы вы были бы одной веры со мной. Вы вникните немножко в мою жизнь. Всякие успехи жизни – богатства, почестей, славы – всего этого у меня нет. Друзья мои, семейные даже, отворачиваются от меня. Одни – либералы и эстеты – считают меня сумасшедшим или слабоумным вроде Гоголя; другие – революционеры и радикалы – считают меня мистиком, болтуном: правительственные люди считают меня зловредным революционером; православные считают меня дьяволом. Признаюсь, что это тяжело мне... И потому, пожалуйста, смотрите на меня, как на доброго магометанина, тогда все будет прекрасно". **Лев Толстой.**

Жынданды, - деді,
Ауысты, - деді, ми, басы.
Елдің де көбі толғанды -
Қайтсын енді, қимасы.
Толстой деген,
Заманның ірі тұлғасы.
Толстой деген,
Атауы елдің – бір басы.
Толстой десең,
Ресей тілге оралып,
Ресей десең,
Толстой ойда тұр анық.
Талақ қып тастап
Өмірлік досты- қатынды,
Ол неге бастап,
Не үшін бұлай шатылды?
Үй- күйден безіп,
Қашқаны қалай тосыннан?
Ол нені сезіп,
Үрейленіп, шошынған?
Газеттер шулап,
Полицей оны күзетті.
Шіркеулер тулап: -

Безді, - деп діннен Левті.
Бабалар дінін
Аяққа таптап кетті, - деп,
Ашулы зәрін
Діншілдер де төкті көп.
Кокардалары көк тіреп,
Генералдар да оны
Сөкті кеп.
Халық бірақ,
Левтің ісін сөкпеді.
Нәлет айтып,
Ауыздан жалын төкпеді.
Қазасына ел қайғырып,
Қабырғасы сөгіліп,
Толстойға сай ғылып,
Азалады ел төгіліп.
Данасына айтар алғыс көп,
Орыс сыртқа теппеді.
Ұлылығын оның алға ұстап,
Левпен бірге ел көктеді.
Қай дінде еді, Толстой? -
Түсінігі жұрттың алыс қой.
Кім болса да ол
Азаттықты ұлықтап,
Ар биігін арқалаған алып қой!
Бостандықты, адалдықты
Жыр еткен.
Имандылық
Шалқып тұрған жүректен.
Өтті өмірден Ұлы адам,
Мұсылман болсам! - деген
Игі тілекпен.

ҚҰРАН ОҚЫҒАН ПУШКИН

(Досым В. Шестериковқа)

Он милосерд, он Магомету
Открыл сияющий Коран,
Да притечем и мы ко свету,
И да падет с очей туман.

А.С. Пушкин.

Көз алмай Пушкин құран беттерінен,
Келгендей болашағы көк төрінен.
Оқып,қайран қалыпты, таңданыпты,
Көріп қиял шырағын оты өрілген.

Ақынды құран сөзі еліктіріп,
Жанына қасиетті берік кіріп,
Жетелеп тереңіне, тебіренткен,
Сүйсінткен жыр жолдағы көріктілік..

Поэзия екен-ау тұнып тұрған,
Өзіне тартып жанды құнықтырған.
Ұлылықпен дәл мұндай жолықпап ем,
Өмір сүйгіш қағида қызықтырған.

Деп ақын әр сүрені оймен қазып,
Орысқа айғақтаған жырмен жазып.
Шошитын «басурман» деп дүмшелердің
Иіні түсіп, сорлап, қалған жасып.

Жарқырап көңілінде күн күлгендей,
Сәулесі желбіреп ту тігілгендей,
Жүрегінде жайнады ұлы өмір,
Табиғатқа жан бітіп, тірілгендей.

Алла ашқан Мұхаммедке құранды,
Оның сөзі емес әсте ұранды.
Біз де барып шомыламыз нұрына-
Депті ақын, сырып тастап тұманды.

Ғылыми, діни кітап жаңалығын,
Әлемде теңдесі жоқ даралығын,
Ұлы ақын әйгіледі барша адамға,
Беретін Құран Кәрім даналығын!

12.04.1999 ж.

ШАЛ АҚЫНҒА

О,баба, мынау кім деп елеңдеме.
Бір ұлың келіп тұрған сәлем бере.
Өзіңнің шапағатың болар мүмкін,
Дәулетті бағып жүрмін өлең деген.

Ырқыма бірде көніп,бірде көнбей,
Бұл шіркін құбылады ескен желдей.
Қазақтың үдесінен шықсам деймін,
Өзіңдей-жүрегі пәк, көңілі көлдей.

Жыр етіп туған жердің атырабын,
Киелі,қасиетті топырағын.
Қосылып дүлдүліңнің дүбіріне,
Ақ таңын Жолдыөзектің атырамын,

Өзіңнен асып қандай абыз өткен,
Тірліктің түніне шам жағып кеткен.
Сол шамның бір сәулесі мен боламын,
Ғасырлар қойнауынан ағып жеткен.

БАЛА АҚАН

(Аңыз)

Күміс көл күн шомылған тереңіне,
Балқұрақ жамыраған кемеріне.
Жағада қалтқы бағып отыр бала,
Қоскөлдің кейде көз сап кең өріне.

Сырнайлы қамыс шертпей жағада сыр,
Бозторғай төгілдірмей далада жыр,
Естілмей қаз қаңқылы, қу саңқылы,
Дүние тынып қалған балаға бұл.

Сан ойлар санасында қабатталып,
Сан сұрақ көкейінде сабақталып,
Таба алмай сұрағына жауапты мың,
Қайтады қармақ қапқан шабақты алып.

Су бетін сызған балық елпеңдетіп
Сүңгиді,қамыс басы селтең етіп.
Қызықтап аққуларды айдын асқан,
Алдынан баратқандай желкен өтіп.

Ауылдан жырақ кетіп күнде осылай,
Қоскөлге бауыр басқан бір досындай.
Тіл де жоқ, құлақ та жоқ,ол меңіреу,
Білмейді өз есімін бұл жасында.

Жеті қыс,жеті жаз бен жеті көктем,
Бәрі де бала жанын тылсым еткен,
Ес біле бастағаннан дарқан жүрек,
Тебініп тар кеудеде тыншы кеткен.

Тербеліп су бетінде қалтқы батты,
Олжаға балаң көңіл дулап жатты.
Қармақты тартып қалып,бақа іліккен
Бақырды ол бойы мұздап, шошып қатты.

Тарс етті қос құлағы жарылғандай,
Қалшылдап, тынысы да тарылғандай.
Төңірек шулап кетті, даңғазалы,
Бірде ән, бірде соққан дабылдардай.

Солқылдап, жасын төгіп, жылап алды,
Ес жиып, бала сәтке тына қалды.
Тіршілік тамылжыған - ән менен күй,
Жүректе дүбірлетті бұла қанды.

Шатынап бала көзі, елеуреді,
«Мың әннің қойынына енер ме еді»,
Құс та әнші, толқын да әнші, қамыс та әнші,
Қосылып барып бір кез бебеуледі.

Көмекей бүлкілдеді,безектеді,
Сылдыр ән, сыңғыр әуен кезектеді.
Дала таң, аспан да таң, аққу да таң,
Мұндай ән бұрын ешкім безеп пе еді?!

Ән қалқып аспан астын шымырлатты,
Сұқтантты, жұрт құлағын шыңылдатты.
Тыныштық. Жел гулемей, құс шуламай,
Толқын да дөңбекшімей тыным тапты.

Барады бала салған ән жорғалап,
Аспанға,бірде қырға тік сорғалап.

Адамдар ауылдағы аңтарылып,
Барлық үн, барлық дыбыс тұр қорғалап.

- Ақан! - деп көлді бетке ап, ат қамшылап,
Ұмтылды жұрт соңынан ақ шаң шұбап.
Жүгірді Қорамса қарт: - Ақжігіт! - деп,
Ақселеу сақалынан жас тамшылап.

Бала Ақан шырқап тұрды өрт-жалын боп,
Бүкіл ел толқын-толқын тартты ағын боп.
Жылғара ақбозымен бұрын жеткен,
Ұсынды домбырасын: «Тарт, жаным!» - деп...

АҚАН СЕРІ

Көкшенің сұлулығын
Тұсыңнан дара ұқтың.
Махаббат ұлылығын.
Ұрпаққа таныттың.

Уақыттан озғын тұрдың,
Құлагер жүйріктей,
Жайдары жазға ұмтылдың
Тағдырға илікпей.

Жыр болды Құлагерің,
Құмайға қу алдырған...
Ән келеді құба белден,
Өзің шырқап қалдырған!
Қайталайды балдырған!

БАЙҚАДАМ АУЫЛЫНДА

Жазғы түн. Аспан ашық, Ай да күлген,
Жұлдыздар жымыңдасып, тұр құбылып.
Жел мұнда сарын барын қайдан білген?
Сыңсиді үй айналып, зыр жүгіріп.

Сері Ақан мейманы да Байқадамның,
Күндіз – үй, түнде – пішен жатар орын.
Бимәлім жат ісімен, қай адамның.
Түбінде серімен тең аталарын.

Пішенде түнеп сері мақпалымен,
Сүліктей алты атымен соңына ерген,
Арқаның сырласпақ па ақ таңымен? –
Әуелде-ақ ақындықтың жолын берген.

Тылсым түн құпиясы, қиыны мол,
Жанының жаза ма екен жараларын?
Аруақтай шабытына сиынып ол
Тәңірмен шақтай ма екен араларын?

Шабытын шақыра ма алыстаған,
Күбірлеп, сыңсып кейде күңіреніп?
Жастығы жайраңдаған, қарыштаған.
Келе ме Ақтоқты боп тебіреніп?

Пішеннің хош иісі бұрқыраған,
Жылы леп әкелді ме жайлауынан?
Құйрығын шанша шауып, шұрқыраған,
Құлагер босады ма байлауынан?

Ыңылдап, күбірледі ақын тынбай,
Құқыл жүзін салқын леп тулап желпіп.
Сарнайды, сызылтады ақын жындай,
Егіліп, өксіп шөпке құлай кетіп.

Кім ұққан ақын жанын, сезіпті кім?
Дамылсыз жүрегінің алқынғанын?
Көңілінде қап-қараңғы кезіпті түн,
Кім көрген онда сәуле талпынғанын?

Шіркін-ау, нені аңсады албырт көңіл,
Қызығы өткен күннің оттай ма екен?
Икемсіз, оралымсыз, салғырт өмір –
Дүниені опасы жоқ даттай ма екен?

Серінің сергелдең бас, санасынан,
Толқын ой өршелене орғып атты.
Жасырмай пиғыл – ойын даласынан,
Мұңын да көз жасымен көл ғып жатты.

Тек қана қараңғы елге азап шеккен,
Бимағлұм Ақан ісі, мың миға алсын.
Ол - ақын заманынан озық кеткен,
Бейшара ауыл нені ұға алсын?

Перінің қызына Ақан некеленіп,
Діннен безіп кетіпті, азғынданып –
Деседі көкезулер екіленіп,
Пысықтар шу-шу етіп, құзғынданып.

Аңқау жұрт ауылдағы иланып қап,
Ақанды аңду болып ермектері.

Үй торумен жүр енді жиналып ап,
Байғұс қазақ «жын-ойнақ» көрмек тегі.

Ақын Ақан Байқадам ауласында,
Күңіреніп тұл заманнан жаны ыршып,
Әні, жыры шарықтап, зулап шыңға,
Ақиықтай бұлттарды жарып ұшып.

ҚАРА ТОРҒАЙ

Қара торғай,
Ұштың зорғай-ай,
Бейшара шырылдайсың
Жерге қонбай-ай, а-й.
Ақан Қорамсаұлы

Дүние-ай, бұл да құстың асылы еді,
Иісі қанаттының басымы еді.
Жердегі айбарлы да азулы аңның,
Жалт еткен төбесінде жасыны еді.

Серінің қанаттыда берігі еді,
Серінің сыр тартатын серігі еді.
Өмірдің өксіктерін ұмыттырған,
Жанының базары һәм көрігі еді.

Қыранның жұрт қимылын қараса қап,
Құйын ба, жын ба дейтін тамашалап.
Бөрінің белдемесін теуіп үзіп,
Көретін иесінен балаша бап.

Қыранның жез қанаты ысқырғанда,
Жердегі қатер еді-ау ұшқыр аңға.

Мақпалдың басын тартпай құс соңынан,
Сері де ұшушы еді-ау ышқынғандай.

Қыран құс – Қара торғай ел мақтаған,
Атағы алты алашты адақтаған.
Шәу тартып, қожыраған қауырсыны,
Құр тұлдыр, құйрық та жоқ бұлғақтаған.

Серінің серпіп ұшқан шымыр қолын,
Шәу қыран білді соңғы ғұмыр жолын.
Саңқылдап төңіректі шолып өтті,
Қимады-ау Сырымбеттің шиыр жонын.

Кім білсін қоштасты ма өскен жермен,
Көлімен көлкілдеген ескен желмен.
Серіні сергелдеңге салмақшы ма,
Аздай-ақ азап, бейнет көшкен елмен.

Өмірдің сыйлағаны әуел бастан,
Серіге мұң менен жыр, ән мен дастан.
Көз сүзіп, қылмиғанмен қыздар оған,
Болған жоқ бірде-бірі кәдеге асқан.

Құлагер, Көк жендеттен ада болып,
Жүрегі дерттенген-ді уға толып.
Сері ақын «пері», «жынды» аталмақшы,
Безініп елден жалғыз қырға қонып.

Қайқайып Қара торғай өрлеп – көкті,
Айдынын бір сезімнің тербеп кетті.
Ақын да құстан көзін жазбай қуып,
Қиналып жан ұшырып, терге бөкті.

Көріп тұр Торғайының торыққанын,
Құйрықсыз қона алмастан зорыққанын.
Биіктен сорғалады атқан оқтай.
Өлімнен көрмеді оның қорыққанын.

Бейшара, бейшара-ай, - деп, сері боздап,
Аяныш жан жарасын тырнап, қозғап.
Мыж болған тасқа құлап қыранының
Қасында жатыр естен тана жаздап.

Дүние-ай, жол – тағдырың бұраң неткен,
Серіні серігінен сыңар еткен!
Зіл кеуде ән өргізіп Сарыарқаға,
Өзіне тыңдаушыны құмар еткен.

БӨГЕНБАЙ БАТЫРДЫҢ ТОЙЫНДА ОҚЫЛҒАН ӨЛЕҢ

Ассалаумағалейкүм, Ерейменім.
Құт мекен, қасиетті ереулі, елім.
Үніңді Бөгенбей деп саңқылдаған.
Есітіп Қызылжардан келген едім.

Жаратқан Бөгенбайдай алып тұлға,
Ел үшін түскен талай хауіп, сынға.
Әйгілі, құдіретті Ерейменге.
Әр қазақ басын иіп, тәуіп қылған.

Көне алмай қытай, жоңғар азабына,
Қулықпен құрған патша тұзағына.
«Қанды ойын» салған батыр өсиет етті:
«Болма деп сенгіш, аңғал!» - қазағыма.

Туына бостандықтың қан шашылып,
Бірлікке кес-кестеді қанша «шылық».
Қазағын соңына ертті ол ақылғөй боп,
Күлімдеп күндей жүзі, нұр сапырып.

Дін аман, тілім аман, мал-жан аман,
Десем де ойсыратты-ау, жаңа заман.
Батырым, қапаланба, орны толар,
Әйтеуір жерді ешкім жоқ олжалаған.

Өзіңнен бізге қалған аманатты,
Ұрпағың дәстүр етіп жалғап жатты.
Ел болдық егеменді еркін құстай,
Тойлаймыз кеңістікке самғар шақты.

Сен тұрсың әр жүректе жалындаған,
Қазақтың қамалы боп алынбаған.
Қорғаны, қуатысың, рухыңмен
Ұрпағың үстемдікке бағынбаған.

Құдай-ау, қандай ғажап сен болғаның,
Шықты ғой көкірегімде шер толған үн.
Қарт бабам өзіңе ұқсап Ерейменде
Тарихтың шертіп отыр кертолғауын.

Ереймен бақ дарыған аймақ тегі,
Дарындар өскен гүлдей жайнап та еді.
Туғызған Бөгенбайдай баһадүрді
Думаның құтты болсын аруақты елім.

СӘБЕ

Есілдің өзің өскен атырабы,
Құлпырып – нудың жырлап жапырағы.
Қырдағы Қызылжарың сағынды ма,
Сәбе! – деп көшелері шақырады.

Сен жүрген құба жон да жатыр әлі.
Бұрқылдап, күлгін, қара топырағы.
Сағынып талай барған «Тың теңізің»,
Сыбдыр-сыбдыр: - Сәбе! – деп шақырады.

Толқынды толқын қуып, жапырады,
«Дос» неге бұлай суын сапырады?!
Дөңінде «Түлкі ойнақтың» жел суылдап,
Сәбе! – деп сызылтып ән шақырады.

Кеше – бар, бүгінде ол жоқ. Осы арасын.
Тірліктің қалай ғана қош аласың?!
Туған жер ұлын жоқтап толғанғанда,
Жүрегің сыздап, көзге жас аласың.

АҒА ТУРАЛЫ СЫР

(Самеке Ешкейұлына)

Көргенше сені сағынам – жанарым моншақ тағынған.
Сағынбау сені мүмкін бе – кеуденде самал сабылған.
Омырау ашсаң аңырап – ағылып жатқан сыр бұлақ,
Жөңкілгендей шыңдардан алапат тасқын жыр құлап.

Үйімде менің, төрімде ақын болып жыр ағыт,
Табиғаттан айналдым, жаратқан сені бұла ғып.

Көкірегің күмбірлеп , ой толқынын аунатар,
Жүрген жерің той-думан – көгімнен жұлдыз саулатар.

Көкейімде жүреді қасиеттерің кісілік,
Үлкенге – үлкен, кішіге - өз теңіндей тіршілік.
Жарасады ол саған, жаратады ел сені,
Сен отырған жерде өзім тік ұстаймын еңсені.

Сен отырған жерде мен шешенсініп отырам,
Сен отырған жерде мен бәсеңсініп отырам.
Жыр шуағын құяды көкірегім – аспаным,
Сен тұрғанда алдымда, айналайын, асқарым!

БӘЙТЕРЕК

(Ғабит Мүсіреповке)

Ғабит аға! Сіз бәйтерек тамырларын терең жайған,
Сарыарқаның самалымен жапырағы жүзін шайған.
Жапырақтар, жапырақтар жыр оқиды – сазды дастан,
Құлақ түре тыңдайды әлем, қажымастан, қалғымастан.

Өрнектейді дала сырын, даласының ақ таңдарын,
Ол бүкпесіз жаяды алға қытымыр қыс – ақпандарын.
Даласының алыптығын – алып таулар арқалаған,
Сұлулығын – көрген жанның құмары әсте тарқамаған.

Уақытпен күш сынасқан, арманы асқар, ақ тілекті,
Адамдарын ғарышқа асқан, дарқан ойлы, от жүректі.
Хас бәйтерек өскен биік, толғанады ой саралап,
Ақ Жайықты, Көкшетауды қиялменен жүр аралап.

Күннен шуақ, қырдан нәр ап, тұр бәйтерек қиян қарап,
Сымбатынан жүректерді қытықтайды бір күш тарап.

Туған жердің бәйтерегі асқарларға ен бойлаған,
«Аман болсын, әмәнда !»- деп, жаныммен мың толғанам.
Елден ерек асқақ, алып, бәйтерекке қарайды көп,
Өзіңменен шаттануға, мақтануға жарайды-ау деп!

МҰХТАР ЕСКЕРТКІШІ

Айдын Мұхтар,
Алып Мұхтар.
Асқар таудан көз алмай.
Тұра қапты,
Ойға шомып,
Тас тұғырда қозғалмай.
Ақша бұлттар
Айналшықтап,
Оған қолын созғандай.
Күн күледі,
Мұхтарға шат болғандай.
Асқақ тұлға –
Алып қыран
Шыңғыс тауға қонғандай .
Ұшқыр қиял
Қанатында ол,
Уақыттан да озғандай.
Ал төменде
Дүйім дүние,
Сәл тынымдап қалғандай.
Мынау шулы
Тіршіліктің,
Сезбейтіндей дабылын.

Мұхтар қазір
Болашақтың,
Аралап жүр ауылын.
Жырына арқау етер екен.
Қай өлкенің қауымын?
Ол болашақ
Абайменен
Сұхбаттасып, есіліп,
Әйгерімнің әнін тыңдап
Көңілін де өсіріп,
Сұлу Тоғжан
Тілдесті ғой,
Онымен шешіліп...
Тас тұлға тұр,
Енді ғана
Сөйлейтіндей көсіліп.
Міне, тағы
Ұлы ойлардың,
Парақтарын ашқандай.
Дәуірімнің
Дана ұлы,
Дара ұлы асқардай!
Кемеңгерлік,
Кемелді ойың,
Шетсіз-шексіз аспандай!
Дарыныңмен
Өнердің зор
Қазынасын
Ашқан бай !
Өзіңменен
Барады ұрпақ.
Болашаққа жасқанбай

МАҒЖАН – ЖЫР

Па, шіркін, жүрек неғып бұлқынбасын,
Болған соң мысы басым, ырқы басым.
Шаттықтың арнасынан асып-тасып,
Төгіліп дариядай жыр туғасын.

Мағжан – жыр көз сарғайтқан елің аңсап,
Жұлдыздай шықты көкке керім самсап.
Алатау, Қаратау мен қарт Маңғыстау,
Сарыарқа, алтын Алтай-жерім қарсы ап.

Қара күш тепкісінен басқан мұң да,
Із-түзсіз ғайып болған қас қағымда.
Мағжан-жыр қайта нұр боп құйылып тұр.
Қазақтың қыран мекен-аспанында!

Халқыңның құрақ-құрақ көңілі де,
Қырық парша жүрегі де, өмірі де,
Оралып құйын қуған аққу – жырлар,
Құлпырды Жолдыөзектің өңірі де.

Бөліскен өзіңменен азабыңды,
Сайқал сөз, сақ сындырар - мазақ үнді,
Мағжан – жыр тасқындай бер, толастамай,
Сусындат, нұрыңа ора қазағыңды.

Демеймін ұмтылмады, алқынбады,
Егемен ел болуға талпынбады.
Өзге жұрт көшін түзеп көкке кетті,
Қазағың марғау, маңғаз қалпында әлі.

Алай да өжет жырды ел сағынады,
Қырандай қанаттарын қағынады.
Мағжан-жыр жарқ-жұрқ етіп құйылғанда,
Қазағың құдіретіңе табынады!

МАҒЖАН АҚЫН

Тұғырың биік, тұрысың асқақ қырандай.
Қанат қақтың шарқ ұрып, тағат қыла алмай.
Самғап та кеттің төрткүл дүние үстімен,
Күнеске шықтың, күн ұлымын деп ұрандай.

Күн баласы екенің аян құрандай.
Түрікшілдікті жүрегіңе жаздың тұмардай.
Бөрілі байрақ көтеріп көкте көлбедің,
Елдігіме сендіріп әлемді имандай.

Аппақ таңдай омырауыңнан сөгілген,
Баураған жанды маржан жырың төгілген.
Өрлік, ерлік, елдікке де шақырған
Жаңғырып үнің саналарға егілген.

16.03.03 ж.

АТЫҢНАН МАҒЖАН ДЕГЕН АУЫСПАДЫ

Көкіректен күй ағытсын,
Сыр ағытсын.
Шабытты шалқар дәрия
Бұла мықтым.
Қапасты қақыратқан
Дауылпазым,
Мейірін қандыр жырмен

Мына жұрттың.
Үніңді күмбірлеген,
Айқайлаған,
Естісін сақи далам,
Байтақ далам.
Жер болып, күл боп ұшты,
Кеше өзіңді
Жазықсыз жазғырғандар,
Сайқал заман.
Төңірегі шәуілдейтін,
Арсылдайтын.
Көп иттер әсте де бір
Таусылмайтын.
Жабысқан көк құраққа
Көлбақадай,
Қайран ел үрей қуған
Қалшылдайтын.
Атыңды есті қалса
Әлдеқайдан,
Жауыздар ашушы еді
«Қызыл майдан».
Қырқылып қыл кеңірдек,
Домалап бас,
Қан шапшып төңірекке
Тұла бойдан.
Өзіңді сүйген қазақ
Қайыспады.
Шындықтың туын жықпай,
Нық ұстады.
Жырыңды жүрегіне
Қондырған ел,
Атыңнан Мағжан деген
Ауыспады.

АҚ ҚАНАТЫН КҮНГЕ ЖАЙЫП...

Ақ қанатын күнге жайып
Сұңқылдаған аққумысың?
Бар ынтызар өзіңе ауып,
Тамсандырған ақ нұрмысың?

Жүректерді лүпілдеткен,
Ғашықтардың пірімісің?
Сарыарқаны дүр сілкінткен,
Батырлардың үнімісің?

Мен түсінбес жұмбағың көп,
Шешілмеген жауабы да.
Алашым! - деп жырладың кеп,
Басты тігіп жау оғына.

Періште ме ең, пері ме едің,
Әкететін қыздар ұрлап!?
Ақ диуана, сері ме едің,
Еркіндікті жүрген жырлап?

Түркілердің даласына,
Ұшып келген тілшімісің?
Аспан мен жер арасына,
Алла қойған елшімісің?

30.03.03 ж.

ТАЙСАЛМАЙ ОҚҚА БАРДЫҢ

(Мағжанға)

Тұранның тегіненсің,
Түріктің бел баласы.
Арқаның еліненсің
Алаштың ер данасы.
Даңқың көкке жетіп,
Жер шарын көктей өтіп,
Тұсыңнан озық кетіп,
Оларды өкпелеттің.
Қан жылап, қаһарланды,
Сені олар мерт болсын деп.
Көрмесін атар таңды,
Кеудесіне өрт толсын деп.
Аспаның аласарып,
Тынысың қиындады.
Жаныңа жара салып,
Жауыздық тыйылмады.
Сүргіннен мазаң кетіп,
Тағдырды кәрледің бе?!
Тірлікті талақ етіп,
Кетуді көздедің бе ?
Ұлтым деп алған беттен,
Қайтпадың, тоқтамадың.
Жүректе жанған кекпен,
Тайсалмай оққа бардың.

2003 ж.

О, ПІРІМ

Қызықтап сан сыйқырлы өнеріңді,
Көкіректе өргіздім өлеңіңді.
Сөздерің меруерттей, мың құбылған,
Лепіртіп, желпіндірді желегімді.

Ғашық боп өлеңіңе бала жастан,
Тыңдаушы ем айтқандардан жалықпастан.
Ешкімге айтпа,бала!-деп қоятын,
Қария жырыңды оқып қажымастан.

Неге ол айтпа, - дейді құпиялап,
Осында бір сыр бар-ау өте ғажап?!
Сыбырлап, үрейленіп: тыңшы! - дейді,
Әр үйдің есігінен жүр сығалап.

Аспаны бір ашылмас торлаған бұлт,
Еңсесі түсіп, қорқып, сорлаған жұрт.
Көргенім осы болса, сенбеймін бе?!
Елден қашқан иман мен береке,құт.

Осылай өтті талай жылдар жылжып,
Кеңейді пейіл, бойын жазып шындық.
Сен шықтың Оңжетпестің қиясына,
Дұшпаның күл-қоқысқа қарай сырғып.

Отына өлеңіңнің маздап жанған,
Жанымды жылтып келем мұздап қалған.
О, Пірім, қанат қағам, жоғары өрлеп,
Топшыма қуат бергін, сыздап,талған..

10.03.03 ж.

ҰРПАҒЫҢНЫҢ БИІКТЕЙДІ ШОҚТЫҒЫ

Зар жылаған, қан жылаған жүрегің,
Елдікті ойлап,еркіндік деп жүдедің.
Өжет жырың жетті туған халқыңа,
Орындалды арманың мен тілегің.

Қарсы алдыңда аппақ нұрлы тұр таңың,
Күн астынан ойнап шықты тұлпарың.
Аспандатты данышпаным өзіңді,
Болашағың - болжап, сенген ұрпағың.

Ұлы жүрек жібек жанды ардағым,
Сәулеңменен жарқырады жан-жағым.
Туыс-туған,бауырларың - халқыңды,
Жебеп жүрсін қасиетті аруағың.

Өз атыңда аудан да бар,алаң бар,
Ұмытты ел деп ретің жоқ алаңдар.
Жауыз жандар сені өлді дегенмен,
Рухыңды аспандатты адалдар.

Адал жансыз адамдардың жоқ күні,
Қандай ғажап адалдардың көптігі!
Сенің даңқың кеткен сайын әуелеп,
Ұрпағыңның биіктейді шоқтығы!

МЕН МАҒЖАННЫҢ КӨШЕСІНДЕ ТҰРАМЫН

Мен Мағжанның көшесінде тұрамын,
Жаз дидарлы жарқыраған тұрағым.
Көңілімнің келтіреді ол хошын да,
Көкірегіме құйылады жыр- ағын.

Мен Мағжанның көшесінде тұрамын.
Таңды қарсы ап, Күнге сәлем қыламын.
Ұлы ақынға сиынамын құдайдай,
Маржан жыры қолымдағы құраным.

Мен Мағжанның көшесінде тұрамын.
Қанып ішем оның көусәр сыр-әнін.
Нұр бақытты халқыменен ақынның,
Тәуелсіздік салтанатын құрамын.

Мен Мағжанның көшесінде тұрамын.
Буырқанып, қайнап, тасып,тұнамын.
Орындалған арманы боп ақынның,
Алаңынан ағытам жыр бұлағын.
Мен Мағжанның көшесінде тұрамын.

2003 ж.

ӨЗІҢДЕЙ ҚАЙТА ТУСА МАҒЖАН АҚЫН

Өзіңдей қайта туса Мағжан ақын
Талантыңды бер оған таң қалатын.
Өмірден өкінішпен өтпесін ол,
Азамат адам болсын бақ жанатын.
Өзіңдей алты алашты шарласын да,
Өзіңдей қыран-қанат самсасын да.

Өзіңдей үнің күнмен үндес келіп,
Көпірдей болашақты жалғасын да,
Өзіңдей құйылтсың да періште өлең,
Өзіңдей толғасын ой өрістеген.
Өзіңдей еңіреп туған ер болсын да,
Ар үшін жан қиса да беріспеген.
Өзіңдей Жолдыөзегін сағынсын да,
Өзіңдей шырағдан – нұр жағылсын да,
Туған жер топырағыңның бір шөкімін,
Өзіңдей тұмар етіп тағынсын да.
Айырылған көкірегі қазақ десе,
Өзіңдей кешсін талай азап неше.
Бақытсыз атанбасын тірлігінде,
Өзіңдей рухың болған мазақ кеше.
Өзіңдей келсе өмірге ғажап ақын,
Қанымен жүрек жырын жаза алатын.
Сен өткен дозақтарды ол көрмесін
Атанып дүлдүл ақын, қазақы ақын.

ТАЛАНТТЫҒА – ТАҒДЫР ӨШ

Мағжан десем ұлылық ойға оралып,
Бір қуаныш барады айға да алып.
Мақтаныш та жанымды марқайтады,
Енгендеймін керемет тойға барып.

Қосылып аруақты ақын санатына,
Шаттығымның жармасам қанатына.
Күнге ұшып барамын жыр аңыратып,
Бас иген ұлы Мағжан талантына.

Күн баласы еді ол, Күннен туған,
Көк Есілдің толқыны төнін жуған.
Жолдыөзегім сен де осал емессің-ау,
Пайғамбар ақын берген дара тұлға.

Мағжан десем, азаттық күйі ойнап,
Көкірегімді, жанымды кетер бойлап.
Құлағымда қиқулап, «Абылайлап!»
Шапқан ел сәйгүліктер аста ойнап.

Азаттық туын көкте күлімдетіп,
Қызылжар, Көкшетауды дүбірлетіп,
Кене хан көз алдыма келе қалар,
Дұшпанын айбатымен дірілдетіп.

Өр Баян, батыр Баян дастандағы,
Жау қуған жұлдызша ағып аспандағы.
Өрттігін, мәртігін де өткендердің
Жыр етіп отыр бүгін жас пен кәрі.

Мағжан десем сұлулық тамсандырып,
Үзіле де жаздайсың аңқаң құрып.
Табындырған жырына меруерттей,
Құдіретімен жансызға жан салдырып.

Сұлулықтан шабыт ап ұшқан самғап,
Сұлулықпен өмірін өткен жалғап.
Сұлулар да ақынды аялаған.
Сүйе білген жігітті таңдап, талғап.

Көкірегі мың түрлі сырға толған,
Қыздар-ау көрегендік қайдан қонған?

Сендер ме алғаш сезген биіктікті?
Сендер ме «ұлы ақын» деп тауып қойған?

Мағжан десем Бутырка шойын есік,
Тұрар ақын тағдырын қойған кесіп.
Көрдей түнек, атышулы абақтыдан,
Ызғырық пен өлімнің исі есіп.

Бутырка, Соловкилер ерді езіп,
Одақтың жүрді үстінде өлім кезіп.
Ажалдан қаймықпады, қорықпады ақын,
Қашпады туып-өскен жерден безіп.

Жер үстін жауыздықтың бұлты басқан.
Ар, иман, әділеттің құты қашқан.
«Ақынға адамзаттан дос болмады»,
Әлемге қазақ деген жұртты ашқан.

Мағжан десем қара аспан қақ айрылып,
Бейуақта мылтық үні тарайды ұлып,
Қорғай алмай қалдық-ау Пайғамбарды.
Болашақтан күтіп еді арайлы үміт.

Күншілерден, дарынсыз, кежерлерден.
Қорғамадық безбүйрек, безерлерден.
«Таланттыға-тағдыр өш», - деген сөз де.
Жай қалмаған екен ғой ежелгі елден.

КЕШІРІЛМЕС ЗҰЛЫМДЫҚ

Мағжанға кім өшігіп, кектенді екен,
Жаулығы оған деген кектен бөтен.
Көкірегі қара боран, жүрегі мұз,
Ақынның жаны қалай көктер ертең.

Жер басып қайран ақын қалай жүрген,
Кес-кестеп шығып иттер қоймай үрген,
Айналып төбесінде қарға, құзғын,
Жапалақ ту сыртынан талай бүрген.

Қалайша болмаған ол шамшыл адам,
Төңірегі түгел қауіп, тор шырмаған.
Ақынның парша-парша жүрегінен.
Алаштың арына қан тамшылаған.

Көзімде жатсам да елес, тұрсам елес,
Көңілімде ой, ол туралы құрсам кеңес.
Хан да емес, патша да емес, Мағжан-ақын,
Неге оны қоршап алған мың сан егес?!

Жырласа ол қазаққа да бар деп елдік,
Бөрілі байрағыңда зар мен ерлік.
Масқара-ай, ақ, қараны айыра алмай,
Мағжанды дау деп келдік, жау деп келдік.

Жазықсыз оққа байлап есіл ұлды,
Заман-ай ащы айттың-ау кесіміңді.
Махаң жоқ! Кешірмес те ол зұлымдықты.
Мың мәрте сұрасаң да кешірімді!

ҚАЙРАН ЖЕҢГЕМ

(Зылиха Жұмабаеваға)

Дөңгелек жүзді, пісте мұрын,
Келбетті әйел болатын,
Мағжанды сүйіп,
Мағжанмен күйіп,
Мағжанменен тоятын.
Жарқырап көзі,
Ашылып сөзі,албырап жүзі,
Шалқитын еді: Мағжан! - деп.
Жана алмай кеткен жұлдызым-ау,
Күрсінер еді: жалған! - деп.
Уыздай аппақ махаббатын,
Тас тағдырға айырбастаған.
Рухымен Мағжанның
Батып күні, таңы атқан
Басына жырын жастаған.
Жалаң аяқ жар кешіп,
Қызыл аяқ қыр кешіп,
Мағжан жолын торлаған.
Карелия тайгасын кезіп қанша,
Сағыныштың әсерімен сорлаған.
Атамын! - десе қаймықпай,
Жұтамын! - десе қорықпаған,
Қайран жеңгем!
Оқ пен оттың астында,
Жау қоршауы,
Аштықта жүріп жеңген.
Елжіреген жүрегі,
Елбіреген іреңі, биязы еді мінезі.
Ақ иығын алаштың

Алып шыққан қапастан
Қайран жеңгем бір өзі!
Махаббатың-ау құдіретті!
Махаббатың-ау киелі!

05.09.01 ж.

ЕСІЛГЕ ЖАНЫН ЖАЙЫП ҚЫЗЫЛЖАРДАН

Көктем бе еді, жаз ба еді, есімде жоқ.
Жамыраған гүл қырдың төсінде көп.
Қаңқылдаған қаздар мен пырылдаған.
Үйректер бауыр басқан Есілге көп.

Ойдым-ойдым орманнан ақ қайыңды,
Қоңыр салқын сал самал ақтарылды.
Майда лепке жібектей жүзін тосып,
Ғафу сәтке таңданып, аңтарылды.

Аңтарылып қарады ол төңірекке,
Тамылжыған дүние, мөлдіреп те.
Жолдыөзекпен ақынның жүздесуі:
Аспаны асқақ, көкжиегі кеңірек пе?!

-Аспан, аспан, не деген биік аспан,
Жасыл бел, жасыл дөңес киік асқан.
Ақ қайыңдар – тұлпарлар күміс тұяқ
Қырға қарай мойынды иіп басқан.

Ғаламат сурет қой көз алдымда,
Айналғаны кілемге көгалдың да.
Мағжан жырын суылдап жел оқиды,
Өшіруге жоқ күші дажалдың да.

Не деген құдірет жыр қанды ойнатқан.
Көкірек – көзі ояу жанды ойлантқан.
Дүбілтіп, дөңгелентіп сары даланы,
Ақ таңның нұр – буына Күнді аунатқан.

Көкірегін ашып самал нұр селіне,
Қуанды келгеніне ол жыр еліне.
Есілге жанын жайып Қызылжардан.
Мағжанның қосылып тұр өлеңіне.

ҚҰЛЕКЕ БАТЫРДЫҢ СОҢҒЫ СӨЗІ

Тағдыр деген осы ма, ажал деген?
Алмақшы ма жанымды азынатып?
Айдаһар да, немесе, дажал да емен,
Бай да емеспін, жоқ малым, қазынам түк.

Ел шетіне жау тисе өкімденіп,
Салауатты салушы ем, ғазауатты.
Топалаң тиген қойлар секілденіп,
Жау даламда шашылып талай жатты.

Халқымның намысынан жаралған ем,
Дұшпанға тас – қамал ем беріспеген.
Елімнің ар – жалауы саналған ем,
Биіктеп, төмендеуге еш келіспеген.

Тәңірдің пешенеме жазғаны осы,
Ғұмыр-ай, қысқа екенсің бір-ақ тұтам.
Не болар сенің күйің азбан досым?
Қоямын өзіме-өзім сұрақты сан.

Жаулардың жарқылдамай төбесінде.
Қалама алдаспаным қынабында?
Қалады-ау кегім садақ жебесінде,
Жөн таппай адасқандай құба-құмда.

Батыр дейтін, қалың ел құрметтейтін,
Құлекең де қайта бір қанаттанса.
Сан соғысқа қатысам – дүрмек кей түн,
Көз шырымын алмаймын таң атқанша.

«Абылайлап!» шабамын жауға ұмтылып,
Баяғыша сілтеймін қылышымды.
Жауыздықпен келгендер жайратылып,
Ерлікпен қандырамын құрышымды.

Азуын айға ақситқан дұшпандардың,
Үрей-құтын қашырам, алып есін!
Найзамен шаншылып жер құшқандардың,
«Ә» дегізбей қазақтың алып өшін.

Жантелі, Жәпек қайда Тілекемен?
«Ақ жолдап!» қиқулайтын, аттандайтын!
Олармен жеке дара жүр екенмін,
Жауды қуып, жұлдыздай аққандай тым.

Нарқасқа батырлар-ай, ел мақтаған,
Жұп жазып көрмеп едім шайқастарда.
Күн қақтаған жүздерді, жел қақтаған.
Көре алмадым бүгінгі айқастарда.

Қайдасыңдар, достарым, қанды көйлек?
Келмедің де жаныма шақырсам да.

Көп тобырмен айқасып қалдым терлеп,
Жалғыз екем, жеңдім-ау ақыр соңда.

Жаным талай қиналды, қансырадым,
Жанды түйдім ел үшін шүберекке.
Халқым үшін құдайдан хал сұрадым.
Бақ сұрадым бармақтай, жігер көпке!

Ұл тіледім қазақтың қатынынан,
Ырық бермес жауына алысқанда.
Қыз тіледім қас сұлу, батылынан,
Жігіттен де кем түспес сайысқанда!

Ұл сұрадым найзагер, болат білек,
Шайқалтпайтын қазақтың шаңырағын.
Оқ сызса да кеудесін, жарып, түлеп,
Жауға тиіп диюдай аңыраған.

Бірлік керек еді ғой, керек еді,
Бар қазаққа – үлкенге, кішіге де.
Ол бар жерде тірлік те бөлек еді.
Жылылық құйылып бар кісіге де.

Бірліктің туын ұстап масаттандық,
Жау қыспағын тойтардық, шегінбедік.
Жоңғарға жойқын қолмен жасақтандық,
Біз де арқалы батыр ек, тегін бе едік?!

О, баста, біз адам боп жаралғанда,
Күн күліп, шапақ шашқан екен маңға.
Сарыарқа, Атырауға таралған да,
Туған жер тұнып тұрған екен малға.

Малға бай, жерге кенен қазағыма.
Кім көзін алартпасын, қызықпасын,
Тұс-тұстан шапқан жаудың азабына.
Қалайша көніп, тыныш ұйықтасын.

Атқа қонған бабалар аңдағайлап.
Жұм болғанға жауы да қайран қалып.
Қанды тырнақ жоңғарлар – қайда қалмақ?
Тозды қазақ қолынан ойран болып.

Біз де алғанбыз атаның алдаспанын,
Біз ұстадық ұлт туын қолымызға!
Содан болар шығандап алға асқаным,
Содан болар гүл шықты жолымызға!

Содан бері жеңіліс көргеміз жоқ.
Бақытымыз домалап өрге қарай.
Намысты, жерді жауға бергеміз жоқ.
Қуаныш күндей шашып елге арай.

Батамды берем батыр, қымбат халқым,
Ұлттығың, бірлігіңнен айырылмасын.
Бар еді-ау достық деген сымбат салтың.
Қанатың кең жайылған қайырылмасын!

Намысың қайнап тұрсын жүрегіңде.
Дұшпанға бере көрме әсте қолдан.
Шырмала көрме аңқаулық түнегінде.
Мәз болып аз дәулетке басқа қонған.

Сөйлеуші едім ұлы топта селдетіп,
Ұйытушы ем елді өзіме шөлдетіп.
Сол күндерім көңілімді тербетіп, тебірентіп,
Міне, барады енді өтіп.

ҰЛЫ ТҰЛҒА

(Қошке Кемеңгеровке)

Бұлт айналып,төбеден жасын құлап,
Зор шыққанда қазақтан басымырақ.
Дауылменен алысты, шығарам деп,
Түнектен адасқан ел басын құрап.

Жыр жаздың тебірентіп қазақ жанын,
Есіне салып тартқан азап-зарын.
Ояттың тәтті ұйқыдан маужыраған,
Әйтпесе жалмайды деп дозақ-жалын.

Қазағым батыр болсын, ақын болсын,
Жүз өнер игererлік хақың бар шын.
Құдайым талап берсін жас ұрпаққа,
Елдігін танытатын батыл боп шын.

-Дедің де тартып кеттің сонымен,
Бітеді бұл сапардың жөні немен?
Қарманған қарап қалмас деген сөздің,
О күннен қоятын ең мәніне ден.

Жол-сапар өнер қуып,бұлаңдаған,
Дәрігер, ұстаз бол деп тұр алда оған.
Жазушы,тарихшы да қиын өнер,
Бола ма елің үшін құп алмаған.

Елінен оза шыққан түлек-дарын,
Алаш деп аңыратпай ма жүрек-жанын.
Қу қарағай, тоқты шек бебеулетіп,
Салмай ма ол, Сарыарқаның гулеп әнін.

Ол әнде бар болатын тәмәм ерлік,
Сол жырдан төгілетін кемеңгерлік.
Қалдырған аманаты - елдік,ерлік,
Біздерге ұлы тұлға Кемеңгеров.

1996 ж.

АЛАТАУДЫҢ ҚЫРАНЫ
(Жамбылға)

Құдіретті еді өнерің,
Адуынды еді өлеңің.
Бізге де берген күш-қуат,
Ленинградтық өренім.

Ел шапқан жауға жырынды,
Атылған оқтай жырыңды,
Оқыдым, жаттап бал күнде,
Халқыңа айтқан сырыңды.

Жігер берді ол жас жанға,
Шалқыды көңіл аспанға,
Жұдырық болып жұмылдық,
Бәріміз түгел қас жауға.

Балалық қиял құштарым,
Сұраншы ерге ұқсадым,
Көктөбелімен колхоздың,
Батыр боп құсша ұшқамын.

Өгіз бақтық – біріміз,
Соқа айдадық – ірміз.
Жеңіске деген сеніммен,
Шығатын әр кез күніміз.

Бабамның отты жыр – әні,
Ерліктің болған ұраны.
Әлемнің көгін самғап жүр,
Алатаудың қыраны.

НАР ЕКЕН

Өмірімде кездескеннің бәрі кілең нар екен.
Әй,жігіттер,шындығында, мен бақытты жан екем.
Ұлыларға үйіріліп, жүрмек түгіл қасында,
Жалғыз ғана сөзін тыңдау, жанға азық, нәр екен.

Сәбит ағам ғұлама еді, түпсіз теңіз тұңғиық.
Көкірегіме талай ғажап алғам одан сыр құйып.
Құшағына алушы еді, өй, бауырымдап, қалбақтап.
Нағыз көпшіл, кең қолтық еді, тұлға еді ол тым биік.

Ғабеңнен де сарқыт іштім, еркеледім, тайраңдап.
Қызылжарда, Елтінжалда бірге жүрдім сайрандап.
Өнеге еді әрбір сөзі, әрбір ісі ағаның,
Жаттап едім ұлағатын жадымда ұстап, қайран боп.

Қайран Ғафа, поэзия дүлдүлі едің ерекше,
Ағалық та, ақындық та қамқорлығың бөлекше.
Сен бар жерде жыр оқысам қанаттанып,сілкініп,
Дұрыс-ақ! - деп қоюшы едің, бір айқайлап керексе.

Алатаудан Жолдыөзекті ойлаушы едім алыс деп.
Мұқа, саған қандай күш мені апарды таныс деп.
Маңдайымнан сипадың, жыр аспанын көрсетіп.
Томағамды сыпырып, қоябердің, - ал, ұш! - деп.

Балаң қиял, балаң ой жүрген баста тым кезбе,
Төлеужанның құшағына тап болғанмын бір кезде.
Жазғандарын жатқа оқып, жауар бұлттай күркіреп,
- Інім, ақын осындай! - деп, жүректе – ол, тұр – көзде.

2000 ж.

САҒЫНЫШЫМЫЗ ТАБЫСҚАН

Осы күнде ойласам,
Көзсіздігіме таңданам.
Ой тереңін бойласам,
Ұлы ісіме таң қалам.

Қайранмын батылдығыма,
Ғабеңе қонақ бол деген.
Ризамын батырлығыма,
Шаңырағымды келіп көр деген.

Кең маңдайы жарқырап,
Аты аңыз болған ұлының,
Алдында тұрдым қалтырап,
Жұмбағын да аңдап сырының.

Жымиып, маңғаз қалпында,
Қабағын керіп тастады.
-Әнуәрбекке айттың ба? -
Деп мені сөзге бастады.

Изедім басты, сөз қысқа.
Келетін болды ол қонаққа.
Шебері тілдің, сөзге ұста,
Құдіретің осы қазақта!

Бақыты күллі халықтың,
Жұлдызы жанған көктегі.
Жазғанына қанық-ты,
Біз түгіл елдер шеттегі.

Отырды Ғабең төрімде,
Көкіректен сырын ақтарып.
Қасиеті бар-ау тегінде,
Қуантар мені бақ дарып.

Ойлаймын, шыным, осылай.
Келді деп мейман бағыма.
Қонбайды басқа тосын ой,
Болса екен деймін тағы да.

«Кездеспей кеткен бір бейне»,
Ақын жазған шығарма, -
Деп ойлаймын мен кейде,
Әйтпесе бұлай шығар ма?!

Төгіліп тұр-ау, төгіліп,
Ақынның тілі, жырымен.
Оқығанда егіліп,
Кетесің - дедім,шынымен.

-Жазушылық жолымды
Бастадым, - деді ол, өлеңмен.
Енді мақсат, ойымды,
Прозаға арнап келем мен.-

Деді Ғабең толғанып,
Сыр жібін тартып қияннан.

Осы жолға мені алып
Келген, - деді Би-ағаң.

Ұстазым еді ол сенген,
Маған, болашағыма.
Сенім деген өлшемге,
Ұмтылдым бала шағымнан.

Жастарға сенем күмәнсіз,
Ағалар маған сенгендей.
Сенім жоқ жерде құнарсыз,
Тіршілік, гүлің семгендей.

Жастық шақ деген кісінің,
Думанды, дулы өмірі.
Гүл жайнаған пішіні,
Шалқыған тасып көңілі.

Базарлы шақты Мағжандай,
Жырлап, жоқ қой, асатын.
Түк қоймай жинап алғандай,
Сұлулық гүлін осы ақын.

Махаббатымен мас еткен,
Мағжан жастық бұлбұлы.
Ақындар мәңгі жаз, көктем,
Құлпырған ойнап, нұр-гүлі.

Құнарлы туған жеріне,
Мағжан келер күн жақын.
Қызылжардың төрінен,
Алады орын ұлы ақын.

Ғабең өрді жыр-шумақ,
Мағжанның махаббатынан.
Жүректерде тұр тулап,
Сағыныш ел мархабатынан.

Ән шырқап кетті Ғафужан,
Ғабеңнің сүйікті інісі.
«Дариғаға» салды Қасымнан,
Кеңейіп көкірек, тынысы.

«Дариғаны» айтқан Ғафудай,
Әншіні естіп, көргем жоқ.
Шырқырап жаның, япырмай,
Жүрекке барып тигенде оқ...

Аяқталды ән,біз тындық,
Көңілге шаттық, мұң артып.
Домбыра күймен бұлқынды,
Серікбай тартқан дулатып.

Атылып шыққан үйімнен,
«Сарыарқа» күйі көкке өрлеп,
Жайраңдап отыр дүйім ел,
Тұрғандай күймен көктем кеп.

Дастархан. Бас та тартылып,
Сыңғырлап жатыр кеселер.
Тамаша сөздер айтылып,
Туындап ойлар нешелер.

-Шақырыңдаршы...келінді, -
Десін Ғабең салмақпен.

Көр қиналған жерімді,
Жеткізе алам ба, талдап мен.

Қадалған маған көздерден,
Сезіндім сұрақ шексіз көп.
- Бір сағат бұрын сіздерден,
Роддомға оны жеткіздік. -

Деуім мұң екен, дүрілдеп,
Тілектер қайта шешіліп,
Құтты қонақ күлімдеп,
Сөйлесін тағы көсіліп.

Келіні жайлы, мен жайлы,
Құйылды сөздің асылы.
Шаңырақ жайлы, ел жайлы,
Ой өрді ғажап, тасынып.

Көңілі көлдей ағаның,
Жүзінен нұры дүр етті.
Ол берген биік бағаны,
Батасын түйдім жүрекке.

Қонақтар кеткен.Жан қаяу.
Қасымда қызым Тоғжаным.
Телефон соқты қоңырау:
Туды деп ұлым Мағжаным.

Ғабеңмен келген асығып,
Үйіме Мағжан бол ырыс.
Әкеңе жүрген тасынып,
Бақыт бол, ұлым, бол тыныс.

Қарсы алып тұрдым алыстан,
Туған жерге аға келгенде.
Сағынышымыз табысқан,
Ағасын іні көргенде.

18.01.02 ж.

ЕЛТІНЖАЛДА

Елтінжал бір асыл жер, ертегі жер.
Елтінжал жайлы сырын шертеді жел.
Бұл орман қарағай мен қайың өскен,
Жыр еткен бүгінгі ел,.. ертеңгі ел.

Баурайы Елтінжалдың жұмақ-мекен,
Күміс көл тостағандай құрақты екен.
Ақ қайың көк құрақпен сыбдырласып,
Естілген маған әндер жұмбақ, төтен.

Ұлы адам, ұлы азамат, ұлы тұлға,
Ғабеңді болар ма әсте ұмытуға?!
Бір салқын күні орманды ол сайрандаған,
Барды ма Елтінжалын жылытуға?!

Ағаға еріп жүріп араладым,
Сау қайың, қыз қарағай араларын.
Бір асқақ қарағайға бас иді ол,
Осында сыр бар-ау деп шамаладым.

Сыйпады ол қарағайдың толық діңін,
Ағаға кез болды не? Жолықты кім?
Оны мен сұрамадым, сұрауға да,
Құдіретті ондай маған беріпті кім?

Неше қыс, неше көктем өтті арада,
«Келместің кемесімен» кетті аға да.
Әлі де сырын сақтап тұр қарағай,
Бас ием ұқсап мен де текті ағаға.

21.02.02 ж.

ӨЗІҢ БАРДА

Ғабе,
Өзіңді іздеймін сағынғанда.
Сағынғанда ойнайды дабыл қанда.
Елтінжалды аралап, аңсап кетем,
Шалқып жүрген күндерді өзің барда.

Тұлпардай шапса да ұзақ алқынбайтын,
Жыр оқушы ем ұшқыны жарқылдайтын.
Жымиып,иегіңді көтергенің,
Мен үшін бақыт еді-ау сарқылмайтын.

Япыр-ай, қанаттанып, көкке самғап,
Кетуші ем кең дүниені түгел шарлап.
Тау болып тұрушы едің көз алдымда,
Адамдар мақтануға, кейде таң ғап.

Лепіртіп жіберуші ең жас жанымды,
Жотаммен тірердей ем аспаныңды.
Құдиып айға шабар арыстандай,
Білмеуші ем өзің барда жасқануды.

17.01.02 ж.

БАУЫРЫМ ҚИЗАТҚА

Бір құрсақтан екеу ғана екенбіз,
Екі шынар, екі жұлдыз сәулелі.
Қос шаңырақ, екі думан, мекенбіз,
Бұл тірлікке айтамыз көп тәубені.

Жалғызыңмын, елжірейсің, сағынып,
Қызылжардан хабар күтіп жүресің.
Сен қаланың әдетіне бағынып,
Ұмыттың ғой ауылды деп күлесің.

О, бауырым, ұмытады кім таңын,
Таң нұрына ұмытылумен жүремін.
Туған ауылым, туған бауырым – іңкәрім,
Өздеріңсің бар арманым – тілегім!

ТҰҢҒЫШ КІТАП

(Ақын аға Тұманбай Молдағалиевке)

Тұңғыш рет кітап шықты баспадан,
Қандай көңіл мұндайда шалқып, таспаған.
Алматының үстінде жүрдім қалықтап,
Мейрамхана қалмады-ау мен ашпаған.

Көбейді достар, даяшылар да туысқан,
Швейцар да дәмелі ақшалы уыстан,
«Бастарын жазған» бауырларым да мық шеге.
Жүректері жасалды ма екен құрыштан?!

Әйтеуір менің көңілім көлдей тасыған,
Қиялға мініп, қияндарға асығам.

Жабылар емес, тұлпарлар шауып жанымда,
Естілмеген шырқалып жатыр асыл ән.

Көкірегімде күмбірлеп жатыр жыр ұдай,
Тереңнен шығып, таусылмас мәңгі ғұмырдай.
Алматыға сыйғызбай жүрген шаттығым,-
Менің тұңғыш кітабым, пышақтың қырындай.

Сыйланбаған кім қалды екен дегендей,
Одаққа келдім көз, көңілім елеңдеп.
Неге келгенім өзіме де белгісіз,
Әйтеуір кірем әр бөлмеге көлеңдеп.

-Не істеп жүрсің, не іздеп жүрсің, қарағым?
Тойғызып жұртты, құртпақсың ба,
Алматының арағын?
Кездескен бетте Тұмаға маған зекіді:
-Ақшаң барда, еліңді тап! - деп, дарағым.

Әләуләй көңіл басылды көкке шапшымай,
Ағаның сөзі тигенде жанға қамшыдай.
Отыра қалып, ойландым, бір сәт ес жиып,
Түрімді көрдім, оңбай тұр екем - қаншырдай.

Шашпай тұрғанда абыройым мен беделді,
Қош боп тұр аға,ауылға кеттім мен енді.
Кітабыммен қуантайын шешемді,
Әйел, баламды, жыр сүйер қауым мен елді.

22.03.02 ж.

ҰСТАЗЫМ

(М.Р.Сағдиевке)

Қазақы ауыл соғыстан соң қаз басқан
Қоңторғайлау тірлігіміз жалғасқан.
Жеткіншектер лап қойғанбыз білімге,
Мектепте сол арманымыз алға асқан.

Жыртық-тесік киіміміз-қырық жамау,
Ұсқынымыз тым сүреңсіз, тым жадау.
Қызылжардан келді бізге жас ұстаз,
Ала келген жаңалығын бір қадау.

Оқу десе ынтығамыз, жанамыз,
Өнер десе лапылдайды санамыз.
Бәрімізге қанат беріп, желпінткен,
Жылқы мінез, маңғаз Мақтай ағамыз.

Өзі басшы,өзі ұстаз,ғұлама,
Ақылы-кең, білімі-теңіз бұл аға.
Үлкенді де, кішіні де үйірілтіп,
Тәнті еткен сыйқыр күштің бұлағы.

Мақтай аға секілді өссе бойымыз,
Осы ағадай шалқып жатса ойымыз.
Ағамызға қарап арман өреміз,
Барлық бала-қарамыз бен торымыз.

Өтті зырлап уақыт шапқан киіктей,
Біз де жеттік, маман болдық білікті.
Ұстазыммен мақтандым мен,самғады ол,
Аспан-көкке, тұғыр етіп биікті.

Бірде совхоз, бірде аудан басшысы,
Мінберлерден сөйлейді - обком хатшысы.
Иланады елдің үлкен, кішісі,
Шопаны да, диқаны да,атшысы.

Халық - құдай, қалт айтпайды бір айтса,
Тура айтады - қуантса да, мұңайтса.
Елі үшін жаралған деп жүрегі,
Несі айып, Торғай, Көкше мың айтса.

Биіктерге самға, аға,әрі де,
Шырқаулардан көрініп жүр әлі де.
Қызылжар да, Өндіріс те,Қараағаш
Шаттанулы тумасына - бәрі де.

Елге сіңген еңбегің де сұрапыл,
Қанша мақтау айтсамдағы сиятын.
Әттең, дүние-ай, қолым қысқа,
Тұлғасың! -
Мүсініңді алтыннан жасап қоятын.

ҰЛЫЛЫҒЫҢА БАС ҰРЫП

Бостандық, бірлік, ерлікке,
Жетелеп халқын түнектен.
Ұрпақты баулып ерлікке,
Ақтарып жырын жүректен
Дауылпаз ақын, арқалы,
Кең әлемді дүрлеткен.
Бойындағы оты бар қанын,
Қырға шашып гүл еткен.
Сары даланы сағынып,

Гүл өреді көктемде.
Жаңаарқаға ағылып,
Жүйткіген жұлдыз көктен де.
Тойыңа келдім Жаңаарқа,
Қызылжардан асығып.
Сәкенді берген Сарыарқа.
Ұлылығыңа бас ұрып.

САҒАТТАН КЕЛГЕН ХАТ

(Сағат Әшімбаевке)

Хабарға келген Сағаттан,
Шашылып,шалқып қуандым.
Таба алмай жанға тағат та,
Құттықтауын құп алдым.

- Киноңды көріп түсірген,
Ғабең риза, сені айтып
Іштей ойын түсінгем,
Жақсылық күтті ол, құмартып...

Жүрегіңмен жасалған
Жұмыс, - деп Сағат, - айтулы-ақ!
Ықылас қойып аса оған,
Көріпті Ғабең қайталап.

«Жаңажол» өрін өрнектеп,
Ауылды да, әсем, жайнаған,
Жерлестерін де еңбекте
Көрсетіп едім қайнаған.

Ауылдың жанып жұлдызы,
Тап болған астық-тасқынға.
Ғабеңнің бақытты ұл-қызы,
Дәулеттің қалып астында.

Шаттанғам мен де ағадай,
(Елімнен жанымды аяп па ем?)
Алқапты түгел жағалай,
Жүгіргем жалаң аяқ мен.

Айқайға басқам: Аға! – деп,
Ғабе! – деп те зорланып.
Сүйінші сұрадым ба-ау? - деп,
Отырам кейде ойланып.

20.01.02 ж.

ҒАФУ АҒАҒА

Ғафа аға,сен жайлы кетсем ойлап,
Өзіңді жарқ-жұрқ еткен бұлтпен ойнап,
От шашқан найзағай ма деп қалушы ем,
Қиыры жоқ аспанда салған ойнақ.

Тұлпардай тас илеген төрт тұяғы,
Шабатын жымырылып қос құлағы,
Ұзаған сайын зулап, биіктейтін,
Ақынның көк пе деуші ем шын тұрағы,

Сен жоқсың, кетіп қалдың аспанға өрлеп,
Қырандай қанатыңды қақтың сермеп.
Мүмкін сен ораларсың қыран-ақын,
Кеудеңді сағыныштың оты кернеп.

Төкпе жыр пайғамбары заулап ұшып,
Келерсің бір сәт елге жолың түсіп.
Сәлем де Қызылжарға, Мүтәллапжан, -
Деп құшып, қоштасарсың қолым қысып.

САҒЫНҒАН-АУ

(Қазақтың аса көрнекті ақыны Ғ. Малдыбаевқа)

Ғалым десе елеңдеп қалам өзім,
Елестетем ақ шашын, қара көзін.
Өлеңімен тербетіп Тереңсайды,
Келе жатқан секілді далада өзі.

Ақын аға аралап өскен жерін,
Аймалайды омырауын ескен желі.
Бәз баяғы қалпында Есіл бойы,
Қайғы мен қуанышты кешкен белі.

Құйылады күннің де ойнап нұры,
Құлпырады гүл-бақша, ой мен қыры.
Өріліп тоғайдан да, орманнан да,
Ақынның аспандайды ойлы жыры.

Төмен қап кербез қайың, керім тал да,
Самғады жыр қазақтың жерін шарлап.
Шіркіндер тым асқақтап кеттіңдер, - дейд,
Қарымын жыр құсының ақын барлап.

Жолшыбай ауыл-аймақ, ел дүр етіп,
Ойлантып, ақын жыры еңіретіп,
Мұң бұлтын қуып салып қияндарға,
Қуантып, жүректерді елжіретіп.

Әйтпесе ақын ақын болмай қалып,
Басына бақыттың да қонбасы анық.
Ғалым! - деп жаңғырығып тұрса дауыс
Ақынды сағынған-ау әмбе халық.

7.02.02 ж.

ЖУРНАЛИСТ
(Сейфолла Каюмовке)

Жұмыр жердің бетінде,
Орын жоқ ол баспаған.
Боран мен жел өтінде,
Өр де жоқ ол аспаған.

Ақылшы да сырласы,
Бар адамның жан досы.
Дәуірдің де құрдасы,
Уақыттың жолдасы.

ҚАЙСАР ТӘШТИТОВТІҢ МОНОЛОГЫ

Балдырған ұрпақ, жас ұрпақ,
Жүрмеңдер бізге таңырқап.
Тындырғаны жоқ жарылқап,
Демеңдер бізге жабырқап.

Ұшпаған құстай көгалдан,
Көңілде қалды көп арман.
Қараңғы тартып көк айдын,
Үзіліп сәуле көз алдан.

Жанарда мәңгі жайраңдап,
Кең әлем қалды сайран бақ.
-Жүрмедіңдер,-деп сайрандап,
Дүние тұр ма қайран қап?!

Қайран-ақ болсын,
Өзгеше
Жаралған жан ек біз кеше.
Ойымыз болды өзгеше,
Ісіміз болды өзгеше.

Талпындық биік асуға,
Алшаңдап белден басуға,
Самғаудан ақ нұр тасуға,
Ел үстіне шашуға,
Түнерген бұлтты ашуға.

Масатыдай құлпырып,
Сарыарқада гүл тұнып.
Көгімде жайнап күн тұрып,
Қазақы ту көкке ұмтылып,
Жайнасын!- дедік,- бұлқынып.

ӘКЕМНІҢ ҚҰРДАСТАРЫ

Армысыңдар,
Әкеммен асық ойнағандар.
Асық ойнағандар –
Өмірді ойлағандар.
Жеңіске тоймағандар,
Жеңісін тойлағандар,
Ұрпақтар алдында әсте,

Мәрттігін жоймағандар.
Жалындай лаулағандар,
Тұлпардай заулағандар.
Ақиық баулағандар,
Жүректі жаулағандар,
Егіндей қаулағандар,
Күн болып жайнағандар,
Ақ нұрға аунағандар,
Нөсердей саулағандар,
Әкемнің құрдастары-
Ұрпақтың нұрлы асқары!
О,менің қимастарым,
Қамқоршым,сырластарым,
Ақылшым,сыйластарым-
Болыңдар сендер аман;
Мен де аман, ел де аман,
Жер де аман, аспан да аман,
Күлімдеп нұрлы ғалам.

АҒА ДЕСЕМ

(Ғалым Малдыбаевқа)

Аға десем, кетеді арқам қозып,
Өлең сөздің шебері ол Арқада озық.
Жылдарды да, ғасырды артқа тастап,
Тұлпар жыры келеді ақ таңға озып.

Аға десем, көк Есіл тасып, қайнап
Жағасына көк құрақ шашып, жайнап.
Сыбызғысын ойнайды қалың тоғай,
Күңіреніп, күрсініп, сыңсып, сайрап.

Аға десем, қазағым шаттанады,
Көкірегінен төгіліп мақтан әні.
Ғалым жыры қоңыраудай күмбірлеген,
Болашақ ұрпаққа сыр ақтарады.

10.04.02 ж.

ҚЫЗЫЛЖАРЛЫҚ БАЛА ДЕП

Қызылжарлық бала деп,
Келуші едің аңқылдап.
Бойыңдағы бар әдеп,
Көрінетін жарқылдап.

Кенен ақыл иесі,
Сыр тартушы ең жер-көктен.
Ақындықтың киесі,
Қонған саған жөргектен.

Шал ақын да түсіңде,
Бата берген десетін.
Ұлы аруақтар үшін де,
Дұға оқыдың неше түн.

Шырқыраған дауысы,
Тұлпары боп қазақтың,
Тапшыл, байшыл дауы үшін,
Көкесін көрдің азаптың.

Шығысты да аралап,
Батысқа да жол тарттың.
Ел тұрмысын саралап,
Газеттерге бораттың.

Қырғыны көп жылдардан,
Тірі қалған саяқсың.
Құлығы көп жылдардан,
Кейде жедің таяқ сен.

Төгіп-төгіп тастаушы ең,
Айтылмаған шындықты.
Бейімбеттен бастаушы ең,
Мағжан кешкен сұмдықты.

Жан-жағыңды барлаушы ең,
Сақтықпен бас көтеріп.
Әңгімеңді жалғаушы ең,
Тық-тық баяу жөтеліп.

Махаббатты ту етіп,
Шаншып қойдың аспанға.
«Қырым қызың» дүрлетіп,
Тарихқа енді жасқанбай.

Шабытта ақын тұрғанда,
Төгіледі жыр асыл.
Биіктетіп тұлғаңды,
Бір ғасырдан бір ғасыр.

Өзің жайлы ойдан ой,
Қабындап бір қалар көп.
Ешкім айтпай қойды ғой,
«Қызылжарлық бала» деп.

20.02.02 ж.

ЖАНЫНЫҢ ЖАЙЫП ТАСТАП ЖАПЫРАҒЫН

(Заманымыздың заңғар жазушысы Сафуан Шәймерденовке)

Жұрт назарын аударып бір өзіңе,
Шыға келдің Алатау күмбезіне.
«Болшаққа» жол сыздың қаламыңмен,
Қызықтырып елді еркін мінезіңе.

Жастық шақтың қайнаған қуатымен,
Романмен ел-жұртты дулатып ең.
Жастар сүйіп, құныкты шығармаңа,
Сұқтандырдың қыздарды сымбатыңмен.

Қаламыңның желімен желіктіріп,
Тереңімен ойыңның еліктіріп,
Баурап алдың бірден-ақ қазағыңды,
Талантыңның жемісін беріп тұрып.

Сәбит ағам байқап қап өрлігіңді,
Қолын созды көрсін деп өрде гүлді.
-Білім сенің қанатың,сусында да,
Сал,-деді ол өмірдегі өз өрнегіңді.

Өзіңше өрнегіңді кескіндедің.
Өзгеге ұқсамайтын өскін де едің.
Дарынды тани қалған қалың қауым,
Өзіңді еркінсітті, көпсінбеді.

Ғабең де қуаттады, қолдап сені,
Тәнті боп талантыңа, толған та еді.

Сүйсінер елі өрен еңбегіне,
Зор тұлға туады деп болжап берді.

Жалғанның жұмбақ сырын біліп келген
Данышпан көріндің сен биіктерден.
Таразының салмақты тасындай боп,
Әділдігің иілместі иіп берген.

Жаныңды толғандырып, қинаған көп,
Теңдік деп жүрегіңде дулаған өрт.
Бұрқ етіп шыға келді желтоқсанда,
Жастардың жалыны мен тулаған кек.

Сен сонда қарсы ұмтылдың тіресуге,
«Диюмен» күші басым күресуге.
Ұлтжанды сенен халқың көз жазбады
Мүлт кетіп,түсе ме деп дізесіне.

Тас-талқан етем десе, аспан құлап,
Селт етпей, асқақ тұрдың қасқайып-ақ.
Төгілген көсем сөзің, көркем сөзің,
Ұлылық қасиетің біздерге үлгі-ақ.

Жаныңның жайып тастап жапырағын,
Қуанттың жалпақ қазақ атырабын.
Сафекең сексенде деп естігенде,
Гүл шашты туып-өскен топырағың!

КЕНШІ, АҚЫН

(Ақиық ақын, асыл аға Кәкімбек Салықовқа)

Кенші ақын күмбірлеген көкірегі,
Қобыз да,домбыра боп шертіледі.
Тыңдайсың тыныс алмай, шалқып, балқып,
Жаныңды сазды әуеннің ертіп демі.

Жыр сырғып,тасқындай бір күрілдейді,
Жүрегің лүпілдейді, дірілдейді.
Лағылдай жіпке тізген жүз құбылып,
Жыр дала гүліндей нақ күлімдейді.

Төбеңде қап-қара бұлт үйіріліп,
Бір сәтте қалар көңіл жиырылып.
Содан соң, жыр шашылып, күн ашылып,
Жарқ етіп, жүрегіңе нұр құйылып.

Па, шіркін! - демесіңе лажың жоқ,
Жыр көкте ойнақтайды лашын боп.
Сүйсініп,ақынға да көз саласың,
Жаратқан Аллам алаш қуансын деп.

Шаттансын алаш сабаз, атпалына,
Барын беріп, төгілген ақтарыла.
Жезқазған, Балқаш, Көкше, Қызылжардың,
Жырдан жұлдыз өргізді ол аспанына.

ДЕС БЕРМЕГЕН ҒЫЛЫМДА

(Арқаның ардақты азаматы,
академик Рымғали Нұрғалиға)

Алпысқа келген көп тегі,
Біле бермес ел тегіс.
Жұлдыздай жанған көктегі,
Тұлғаны тану-өркенді іс.

Құрақ ұшып,қалбақтап,
Таланттыға ел бас ұрып.
Асылын алып,салмақтап,
Мақтауын да асырып

Жіберсе, халқым, сөз-ақ!-де,
Орынды-ақ, жырлап,тойласаң.
Рымғали қазақта,
Біреу-ақ екен ойласам.

Қазақтың асыл жырынан
Алқа соққан,зерлеген.
Тілдің тылсым сырына
Қанып,маңдайы терлеген.

Бұл ғұлама аруақты,
Дес бермеген ғылымда.
Рымғали қазақта,
Біреу ғана ,шынында!

21.04.2000 ж.

РЫСБАЙ ҚАЖЫ

(Бүкіл ғұмырын елді мұсылмандыққа тәрбиелеуге арнап,осы жолда құрбан болған ғұлама жерлесіміздің рухына)

Рысбай қажы дейтін бүкіл аймақ,
Рысбай әулие деп қонған аруақ.
Меккеге жеті рет жолы түскен,
Алланың сүйген ұлы осы болмақ.

Меңгерген араб, парсы, түрік тілін,
Танытқан орысқа да біліктігін.
Халыққа Алланы айтып,құран оқып
Тұрғанда ол, арай шашып,күліпті күн.

Айдың да аппақ бетін бұлт баспаған.
Жүзінен елдің жайнап, нұр қашпаған.
Қажыекең шариғаттан сөйлегенде,
Төңірек тынып, сөз, шу ұласпаған.

Ақылы кенен,терең білімі де,
Шет жұрттың бөтен емес ілімі де.
Жанына, жүрегіне жинақтаған,
Шығыстың, батыстың да тәлімін де.

Ел сүйіп, қадірлеген ардақты еді,
Орны деп қойған оған арнап төрді.
Қаумалап, хан көтеріп қара құрым,
Сыйлаған ақылшысын, ардақты ерді.

Алланың ақ жолына тура басып,
Еліне имандылық нұрын шашып,

Жасқа да, жасамысқа, көріге де,
Қажы боп мұсылмандық сырын ашып.

Құранның қасиетін таңғажайып,
Ойлантып, тебірентіп,жұртқа жайып,
Үйірілткен намазға елді, оразаға,
Алланың рахматына жан да байып.

Болмайтын қарсы шығып,өкпелейтін.
Көп даулар бір-ақ сөзбен шектелетін,
Атығай, қарауыл мен керей,уақ-
Қалың ел Рысбайды текті дейтін.

Дарыған аруақ бойға шарқ ұратын,
Бір игі іс атқарсам деп бұлқынатын.
Қажының қолын ұстап кәрі мен жас,
Алуға ақ батасын ұмтылатын.

Дала - қатал, бұлжымас заңы мықты,
Науқастар ем таба алмай, жабығыпты.
Қажыекеңнің шипасы тиген ел-жұрт,
Құлан таза сырқаттан сауығыпты.

Қажы деп, әулие деп, көріпкел деп,
Талантына табынған дүрлікті ел көп.
Қол жайып бір Алладан тілек етті ол,
Қазаққа ынтымақ пен бірлік бер деп.

Қариялар қажының қасына ерген,
Деседі, Мағжанға да бата берген.
Халқыңның мақтанышы боларсың сен,
Ұлансың үлгі көрген, ата көрген.

Деп иіскеп маңдайынан жас баланың,
Өрлесін өрге жүзіп жас талабың.
Атағың аспандайды, ал бақытың,
Бақытың... деп көзінен жас тамады.

Қажыеке, неге сонша жұқардыңыз,
Бұзылып көңіліңіз, мұқалдыңыз?
Япыр-ай, нелер түсті есіңізге?
Болашақ, - деп несіне тұсалдыңыз?

Е, қайтсын, жүрегі оның мұңға толған
Жақында жалғыз ұлы опат болған.
Көңілі босап кетті-ау Қажыекеңнің,
Сарғайып сағыныштан жүзі солған...

- Деп ойлап, жиналғандар жорамалдап,
Жанында Қажыекеңнің жара бар деп.
Қарт айтқан сонда: - халқым,алдарыңда
Бір дүлей дауыл қуған «Қара» бар, - деп.

Ойран салып ол біздің елімізге,
Қара шаң, құм жүгіртпек жерімізге.
Жын болып, мәңгүрт болып кетеді жұрт,
Диюлер шығып, жайлап белімізге.

Қара бұлт ойнап шықты,дөңбекшіп жер,
Япыр-ай,бұл не сұмдық! - деп өксіді ел.
«Омбы мен Қызыжардың арасында,
Жазықсыз қан төгілді», - деп есті жел.

АРДАҒЫМ

(Республикамыздың даңқты азаматы, құрметті ағамыз, Социалистік Еңбек Ері Төлебай Мұстафинге арнаймын)

Төлебайға қарап тұрып кейде мен,
Осындай боп тусын деймін Ер деген.
Диқан аға мәшһүр болған елге кең,
Биіктерден биіктерге өрлеген.

Қиындықтан бір көрмеген қорғалап,
Төкең дала қыраны ғой зор қанат.
Армандарын алғы күнге жалғап ап,
Екі дайда шығады екен «алғалап!».

Екі дайда... астық үшін айқасқа,
Шығады ауыл азаматы нар қасқа.
Күн қақтаған бидай өңі алаулап,
Алтын дәннен басқа болмай ой басқа.

Алтын дәнде – сақи дала, тіршілік,
Зеңгір аспан, тұрады онда Күн шығып.
Көз жауын ап салтанатты нұрлы бақ,
Жеңіс туы көкке ұмтылған құлшынып!

Алтын дәнде бейнет те бар көп көрген,
Зейнет те бар қуанышпен өткерген.
Береке бар, алып дала, пай-пай-пай,
Жотасына миллиардты бөктерген.

Дән - өмір ғой! Оған құмар бар адам,
Сезім қозғар одан күй де, тарады ән.

Дән - өмірді сыйлап жүрген Төкеңе,
Жауады алғыс үлкеннен де, баладан.

Жауады алғыс аспаннан да, жерден де,
Жасыл жайлау, көкалалы көлден де.
Қол соғады аққайыңдар, ақ бидай,
Диқан қырға таң бозынан келгенде.

Кірпік ілмей, қос жанары шоқтанып,
Орақтарда көрді ме ол тоқталып?
«Қыр кememен» қыр маржанын тасытқан
Төлебайға қарай берем мақтанып!

ДАЛАНЫҢ ШАҢҚАНБОЗЫ

(Туған даламның шаңқанбозы
Жұмаш Кәрменов ағама
арнаймын)

Ассалаумағалейкум, даланың шаңқанбозы,
Жарыста бәйге бермес қызынып, арқаң қозып.
Даңқыңды шығардың ба, апайтөс хас батырым?
Қырыңа алтын дәнмен кестелеп атың жазып.

Бұл дала сенің далаң, сен туып, сен өскен жер,
Әкең де – Қызыл Кәрмен ел үшін қан кешкен жер.
Тер төккен тірлік үшін, дән үшін, бақыт үшін –
Біледі от-жалынға оранып сонда өскендер.

Түйір дән, құдіретіңді білмесек кешірме, - деп,
Бұдан былай жотаңа дән-дария өсірме, - деп,
Өксіп едің!
Қуырылған бидайды тістеп тұрып.

Қуырған кім?
Соғыста боздағы өлген жесір ме еді?..
Бәрі сенің есіңде, есіңде байтақ елдің.
Өліп барып... тірілдің, өмірге қайта келдің.

Талғажау масақ қана, терілген қар суымен,
Тәубеңді түйір дәнге сиынып, айта бердің,
«Алқаағаш», «Қараағаштың» баурайы тұнған егін,
Ақ маржан жинап жатыр еңбекшіл диқан – елім.
Лаулатып жарыс отын, заулатып қыр кемесін.
Қомданған ақиықтай рульде ду қанды ерім.

Сен келесің асығыс, алқапты әнге бөлеп,
Дән тулайды бункерде, ойнай ма қан көбелек?
Алады көздің жауын дәулеттің тамшылары,
Дән-елдің тіршілігі, нан, нан ғой мәні бөлек.

Дән-елдің мақтанышы, бақыты басқа қонған,
Ол дархан дастархан ғой, толысып асқа толған.
Кім онсыз жер басыпты, кім онсыз күнге ұмтылған?
Көрмейік нансыз бөбек, жанары жасқа тұнған.

Бұл – сенің азаматтық ойың ғой жүрек жарды,
Тілегің орындалып, тың дала түлеп салды.
Туған жер ақ бидайын еліне шашу етіп,
Арқада алтын тауарлар аспанды тіреп қалды.

Бұл – елдің абыройы, бұл сенің қуанышың,
Бақыт пен берекеге әркімнің құмары шын.
Ол – мақсат – мұратың да, өлшемі ерлігіңнің,
Толқыған теңіз -егін,- маңдай тер, жұбанышың.

Таба нан, қазақы нан қаныңды ойнататын,
Көңілді жадыратып, ертеңді ойлататын.
Таба нан өзің түстес, аталы сөзі елдің,
Қасиетті жердің сөлін жаныңа бойлататын.

Тынымдап қыр кемелер, тыным ап дала жатыр,
Қоңыр үн тырна – қаздар қияндап барды ақыр.
Сен жүрсің әбігерде, ертеңгі жеңісті ойлап, -
Дәулетін тасытам деп елімнің, дара батыр.

ДИҚАН ТУРАЛЫ ЖЫР

(КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты
Қабдірашит Сәрсенбаев ағама ескерткіш)

Диқанның мәртебесі
Таудай бүгін.
Төбесінде күлімдеп,
Лаулайды күн.
Даласында сыңсыған егін – тоғай.
Сол тоғайдан мың сырлы
Қаулайды үн.

Тамаша-ақ тым, тыңдасаң,
Тамаша-ақ тым.
Тыныс – демін естисің
Әр масақтың.
Әр дәннің сезім қозғар өз әні бар,
Дабылы бар бүгіннің, болашақтың.

Сұлудың иықтағы бұрымындай,
Ырғалды ма масақтар бұрын мұндай?!

Майысып, теңселеді сабақтары,
Әрқайсысы жылқышының құрығындай!

Дәулет маршы ойнасын жылда осылай.
Диқан қарсы алады жан досындай,
Маңдай тері диқанның жерден өнген,
Дәулетке осы шаттығы
Тұр басылмай.

Диқан, жанын, жүрегін
Тыңдаса Адам
Ұғар ма еді өмірде
Жүз жасаған?
Оның жаны сөйлейді жер тілінде,
Жердің тілін ұға алмас,
Мың жасаған!

Диқан өскен жер тілін тыңдауменен
Жаттауменен, жер жанын баптауменен.
Топырақтағы жұлдыздар сөнбесін деп,
Бар жылуын берумен жатты-ау денең.

Сенің сөздік қорыңнан
Таба алмадық,
«Шаршау» деген сөзді іздеп тамам халық.
Нан табудың қиыны, қызығы да,
Алдыменен ей, диқан, саған қанық!

Диқанға күнің де бір, түнің де бір,
Табаныңның астында дүбірлі өңір!
Дәнді арнамен ағызған
Ер диқанға
Қол соқ ел, қуан дала, күлімде өмір!

ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

(Нағашым Самекеңнің 100 жылдығына)

Қуанушы едім тасынып,
Сипағанында басымнан.
Бақыттың есігі ашылып,
Оранып нұрға шашылған.

Серпілуші еді көңіл де,
Жетімдігімді ұмытып.
Құштарлық артып өмірге,
Жан-жүрегімді жылытып.

Өзіңе ұқсап өссем деп,
Өзіңдей болып жетсем деп,
Тілеуші едім көптен көп,
Өзіңдей ғұмыр кешсем деп.

Мақтанушы едім сыртыңнан,
Арқа тұтып өзіңді.
Ақылың кенен сыр тұнған,
Тыңдаушы ем әрлі сөзіңді.

Халқым деп, туған елім деп,
Тер төктің нағыз алыптай.

Бабамнан мұра – жерім деп,
Жемісін тердің жалықпай.

Қиын-ақ болды, қиын-ақ,
Жол бастау саған сол уақта.
Аллаға ұдайы сиынып,
Сүйредің елді мұратқа.

Адалдарменен өштесіп,
Аласұрған заманда.
Тірлікпен талай қоштасып,
Аман қалдың қамаудан.

Халқыңды аспанға өрлеттің,
Мәскеу де айтып ерлікті,
Қырды астыққа кернеттің,
Баянды етіп елдікті.
Азаматы едің алға ұстар,
Қызылжар, Көкше халқының.
Жақсылығыңа алғыстар,
Естуші ең талай, жарқыным.
Құрметтеуші еді ерекше,
Әуелбековте ағалап.
Сыйлады үкімет бөлекше,
Еңбегіңді бағалап.
Өзің жайлы хикая
Еркеш те жазған шешіліп.
Кісілігің жайлы бір шама,
Досанов та айтты көсіліп.
Ұмтылып тұрам мақтауға,
Атыңды болған аңыздай.
Ерінбеймін мақтауға,
Өзіңді болған абыздай.
Елімнің үлкен ордалы
Абыройы, тұлға, дарасы.
Айбыны едің, қорғаны,
Ұрпаққа үлгі, данасы.

АЛТЫННЫҢ СЫНЫҒЫ...

(Есіл өңірінің атпал азамат
Құдайберген Қалиевке арнаймын)

Өзгермес қашан көрсең маңғаз қалпы.
Өрекпіп, өзеурейтін жоқ қой салты.
Ұқсамас көп қазаққа мінезі де,
Оқшаулау көрінетін, кейде жалқы.

Оқшаулау көрінгені көп ішінде,
Озықтық, мәнділік те көп ісінде.
Ерекше танылады жұлдыздылар,
Жұлдыздылар жаралған ел үшін де.

Қақаң да жұлдыздылар санатында,
Жақсылық есіп жүрген қанатында.
Келіннің, балалардың сүйіктісі,
Ағайын, елі ұнатқан және тұлға.

Аядай ауыл Бірлік,тұрғыны аз-ақ,
Осында ол өскен көрмей бейнет-азап.
Әке мен шешесінің мақтанышы -
Қақаңмен мақтанады исі қазақ.

Байындай баяғының балпаң басқан,
Биіндей өрісті ой кенін ашқан.
Қамқор қолын созады кәрі-жасқа,
Тентектің де желпінген «желін» қаққан.

Даланың самғай ұшқан қыранындай,
Өмірде естімеген жырларымдай.
Қақаңмен дәнді алқапта жолығысып,
Қандырғам көп сыр ашып, құмарымды.

Ол кезде дикан ба еді, бастық па еді?
Есімде жайнап тұрған жастың көзі.
Теңіздей толқын атып, кемер асқан,
Басқарып тұрған дәулет-астықты өзі.

Тұрғандай қарсы алдымда Антей-алып,
Сәтке мен тұрып қаппын аң-таң болып.
Көтерген иықтағы дән тауынан
Құйылып жатты Елге-қамба толып.

Нақ мендей талайлар да көрген шығар
Талантты,тарланбозды өрге құмар.
Тамырын терең жайып, асқақ тұрған,
Арқаның жел төсінде өскен шынар.

Халқының сусындаған нақылымен,
Бабасы ел ұстаған ақылымен
Алтынның сынығындай бұл бір асыл,
Адамды тартып тұрар жарқылымен.

ҚАСЫ БИІК БОЛСЫН ДЕЙСІҢ ЕРІНІҢ

(Жақсыбай Самрат іниме)

Маған деген ықыласың бір бөлек, -
Жеткізе алман айтсамдағы тіл безеп.
Аппақ сүттей көңіліңде мен деген,
Жылылықтың нұры еседі елгезек.

Көңіліңнің сол нұрына бөленіп,
Жан рахатына қаламын – ау кенеліп.
О, мен, тіпті, жалғыздығымды ұмытам,
Бауырлары көптерменен теңеліп.

Жігіті көп менің туған жерімнің,
Өзіңдей аз, - бетке ұстары елімнің.
Ақ тілейсің Жақсыбайым, сен маған:
«Қасы биік болсын, - дейсің, - ерінің!»

Бұл ойында бар – ау сенің адалдық,
(Өзіңді Алла жаратқан ғой адал ғып.)
Тал бойыңа сыйып тұр зор қасиет -
Кішілік те, үлкендік те – адамдық.

7.10.07ж.

СЕН АМАН БОЛ, ҚОҢЫР БОТАМ

(Ұлым Біржанға)

Мен сен үшін қоңыр ботам,
Тау көтерем, сыздап жотам.
Шыдап берем бәріне де
Жердей болып, тастай қатам.

Мен сен үшін, қоңыр ботам,
Таң боп атып, күн боп батам.
Түнектен де жол табамын.
Іркілместен у да татам.

Мен сен үшін, қоңыр ботам,
Отқа түсіп, суға батам.
Оққа тосып омырауымды,
Аққа оранып, қырда жатам.
Сен аман бол, қоңыр ботам!

ЖЫРҒА БӨЛЕП АЛҚАПТЫ

(Есләм қаламдасыма)

Әнге бөлеп,жырға бөлеп алқапты,
Думандатып,дабылдатып сан сақты,
«Аққу арман» Өрнегіне оралды
Өлеңімен гүлге орап жан-жақты.

Алты алашқа жыр келді деп жар салып,
Қалың елі құрақ ұшып, қарсы алып,
Қалбалақтап төбесіне көтеріп,
Ақынына сыр ағытқан тамсанып.

Құшағыңнан бала болып аттанып,
Кемелді ақын, азамат боп кепті анық
Алатаудың асқарынан Өрнекке
Деген мейір, сағынышы хатталып.

Мәдениет, әдебиет атасы,
Сәбең берген Есләмға батасын.
Ұлылардың рухымен, иншалла,
Ақынның да биіктеді жотасы,

Ол туған күн - Есілі де еселіп,
Қара ормандар ән шырқайды шешіліп.
Ақ қайыңдар-күміс тұяқ тұлпарлар,
Өрнек жаққа құйғытады көсіліп.

Баян, Көбеш, Еңбек пенен Жарғайың,
Қызыл қайың, сау қайың мен жас қайың.
Ауыл, орман араласа хор айтып,
Жерлестерін қарсы алады әрдәйім.

Қуан, шаттан, айналайын, халайық,
Сенің ұлың мақтануға лайық.
Сенің ұлың бір атаның ұлы емес,
Күллі қазақ бүгін оған тұр байып.

1996 ж.

ЖИЕНІМ МӘЛІККЕ

Жалындап тұрған
Шоқтай едің,
Лапылдап жанған
Оттай едің.
Жамандық, жалғандыққа
Атылатын
Оқтай едің.
Қанатын жазған
Сілкініп, кең
Даламның қыран
Бүркіті ең.
Әділдік үшін
Шайқастың,
Әділетсіздікті үркіттің.
Естілсін елдің
Өз аты,
Асқақтап халық
Мұраты.
Қазақстаным
Антей бол!
Әлемде нығыз тұратын.
Деп дұшпанмен
Тартыстың,
Шын ерлерше
Ант іштің.

Намыстың туын
Жықпасқа,
Қазағыңның
Даңқы үшін.
Ақын да едің,
Жазушы ең.
Жүрекке жол да
Табушы ең.
Еліңе ес боп,
Ақыл боп,
Шамшырақ болып
Қалушы ең.
Байқамай қалды
Ел неғып?
Жанып кеттің-ау,
Сен жанып!
Отаның, халқың
Ұмытпас,
Өзіңдей ұлын,
Ей, Мәлік.

ҚАЗАҚТЫҢ СЫРБАЗ ЖІГІТІ

Ажал түгіл ғайбат сөзге қимайтын,
Хамидолла аға, азамат едің тұлғаң шың.
Ақылгөй едің,ақ көңіл едің, өр едің,
Еш пенденің алдында айыл жимайтын.

Әрқашан көрсем ақжарқын қалпың, көңілді,
Бір пайдам тисін, көркейсін деуші ең елімді.
Қазақтың сырбаз жігіт-ай, халқы сыйлаған,
Мәрттігін сақтап, думан ғып өткен өмірді.

МЕРЕЙІН ЕЛДІҢ КӨТЕРГЕН

(Бауыржан Рақымжанұлына)

Болғаны жақсы-ау есті адам,
Қадіріңді біліп, түсінген.
Жылылық лебі есті одан,
Жібітіп жанды үсінген.

Өзгеден емес еліңнен,
Шыққаны қандай жақсының.
Азамат көріп төрімнен,
Жайнадым гүлдей нақ шыным.

Еңбегіңді айтып өтелген,
Ерлік деп жатса азамат,
Мерейін елдің көтерген,
Бауыржаным ғажап-ақ!

20.08.2000 ж.

КӨҢІЛІ ДАРИЯ ЖАН ЕДІ

(Әнуәрбек Шмановқа)

Көңілі дария жан еді,
Көпшіл,тұлға дара еді.
Ел жүгін артқан жотаға,
Әнекең қара нар еді.

Жанымен ұққан жерімнің,
Тынысын, мұңын елімнің.
Қызылжары оны қолпаштап,
Бірі деуші еді ерімнің.

Шынында ел берді бағасын,
- Үлкенімізге - жағасың,
Кішімізге - ағасың.
Мәңгілік есте қаласың.

Қызылжардың қырқасы,
Жыр етіп сені әр тасы,
Қарағай, қайың, терек-тал,
Орман мен көл-баршасы.

Ұмытпайды сен берген,
Жылылықпен көгерген,
Жасыл алқап, жасыл бау,
Зәулім үйлер бой өрген.

Өзіңмен шақтап қадамын,
Достас болған адамың,
Саған қарап жастар да,
Ұштайтын еді талабын.

Қайтемін, тіпті, ақталып,
Жүруші ем мен де шаттанып.
Шманов десе терістік,
Қалатыны бар мақтанып.

АРМАН ҚҰШАҒЫНДАҒЫ ӨМІР

(Социалистік Еңбек Ері Сәруәр Байсаринаның аруағына арнаймын)

Тағдырдың тақсіретін көп көрдің-ау,
Көп көрдің-ау, бәрін де өткердің-ау.
Ер азамат секілді өткірлігің
Өктемдікпен тағдырға кектендің-ау.

Шыңдалып ең төсінде қай ұстаның?
Жеңіп шықтың, иілмей, қайыспадың.
Отты жылдар есейткен ұрпақтан ең,
Жоқшылықтың жотасын жаныштадың.

Жетім! Неткен ызғарлы, суық сөз ең,
Бойыңды қалтыратар суық сезім.
Жетімдікті көрдің-ау, көрген білер,
О,жетімдік, сен қандай сиықсыз ең!

Сеніп едің өзіңе, еліңе көп,
Елестейтін шоқ жұлдыз көзіңе кеп.
Жарқылынан солардың жаралатын,
Ерен күш белгілі еді өзіңе тек.

Жас жүрегің пай, пай, пай тулайтын да.
Тар кеудеңе ойнақтап симайтындай.
Бір жастығың – жанар тау атылатын,
Бір жастығың өзіңді қинайтын да.

Жастығың ба, жалқын ба ұшқын атқан?
Сәттілік пе, кездейсоқ шыққан алдан?
«Комсомолка» төрінен көрініп ең,
Қыздары көп тігінші құшқан арман.

Хас сұлулар қыр гүліндей құлпырған,
Жастық жігер, жарқын істе тұр тұлған.
Тігуде олар болашақтың костюмін,
Салтанатпен күнес күнге ұмтылған.

Жайып салып өнеріңді өркенді,
Таң қалдырдың, қайран еттің өлкемді.

Неткен қайрат, неткен қажыр сендегі,
Жақындатқан арман деген желкенді.

Жақындады арман, үміт көрініп,
Саусағыңнан сан жұлдыздар өріліп.
Тіккен киім жүректерді қуантты
Талай көңіл шапағатқа көміліп.

Бақыттысың, бақыт шамы қолыңда,
Жарқырап тұр нұр шашылған жолыңда.
Жайраң қағып қаумалаған жеткіншек,
Қызғалдақтай оның менен солыңда.

Өрендерді баулыдың сен дем беріп,
Қанат беріп, қырандарға теңгеріп.
Жасыл желек жамылыпты ормандар,
Адам сұлу өзің берген өң, көрік.

Талай-талай форумдарда ойлантып,
Сөйлейсің сен ел тағдырын толғантып.

Саналарда дүбіледі сан қиял,
Болашағын тереңдерге бойлатып.

Депутат та, лауреат та бір өзің,
Мама емендей, маңқиятын мінезің.
Жалпақ елдің саған ауса назары -
Азаматқа қошемет қой бұл өзі.

1970 жыл.

АРДАҚТЫМ ЕДІҢ

(Өмірзақ Ғайсаұлына ескерткіш)

Бауырым едің, ардақтым едің,
Ақылшым едің, салмақтым едің.
Бір дуан елді қаратар сөзің,
Тыңдатар үнің, беу, мықтым едің.

Көсемі едің елімнің қалың,
Шешені едің аузыңда жалын.
Ақылың терең, ойларың кемел,
Сүйеніш едің біздерге,жаным.

Сен қайда кеттің біздерді тастап?
Сен неге бүйттің, қайдағыны бастап?
Батырым едің, ер жүрек едің,
Қанды ауыз жауды бетке ұрған, жасқап.

Ұрпағың үшін қан кешіп кеше,
Дауылды жылдар өткіздің неше.
Жүрегің әлде, шаршады ма екен?
Дұшпанға бір сәт бермеген есе.

Шаршаған шығар,шалдыққан шығар,
Оқ пенен отқа қай жүрек шыдар.
Сенің де жаның темірден емес,
Ет жүректен жаралған шығар.

Тағдырдың ісі, уақыт солай,
Бір Аллаға бәрі де оңай.
Араша тұрар ажалға кім бар?
Бабалар да өтті, батырлар талай.

Бас иіп бүгін келіп тұр елің,
Қызылжар, Көкше, Жолдыөзек жерің.
Күңіреніп кетті қыстауда орман,
Ақ қайыңдарың сүйікті сенің.

Бақыл бол, аға, қош, қош бол, жаным,
Орынын тапсын бейіштен жаның.
Қиялмай тұрмын сені өлді деуге,
Жүрегім жылап, жанымда – жалын.

21.04.2000 ж.

БАУЫРЫМ ЕРКІНГЕ

Нағашымның ұлы едің,
Көмейіндегі жыры едің,
Көкірегіндегі сыры едің,
Екі көзінің нұры едің.

Азамат болдың арыстай,
Ақыл-ойың толысты.
Достарыңнан қалыспай,
Үй тіктің, түзеп қоныстың.

Оқыдың,еңбек еткенсің,
Маңдайыңнан тер саулап.
Балауса гүлдер еккенсің,
Көзді тартып, тұр лаулап.

Өмірдің көрдің әр қырын,
Қанық боп, ұқтың бар сырын.
Ел алдында азамат,
Атандың, шүкір, жарқынын.

Шолпанмен өмір жолынан,
Қол ұстасып өтсін деп,
Айлары туып оңынан,
Мақсатына жетсін деп.

Бұйрығымен Алланың,
Шаштарың да байланды.
Тілектерің алдағы,
Махаббатқа айналды,

Гүлмира мен Алмагүл,
Қызығың, көрген бақытың.
Қолың жеткен арман бұл,
Жарқылдаған жақұтың.

Азамат болды олар да,
Егеменді елімнің.
Ұшқыны ойнап жанарда,
Ертеңге деген сенімнің.

Әке-шеше тілегін,
Орындадың екеуің.
Өз қаның,өз түлегің,
Құрып жатыр мекенін.

Ай жүздерің нұр шашып,
Шалқи берсін көңілің.
Алла арманға жол ашып,
Ұзақ болсын өмірің!

МҰҒАЛИМА

(Алғашқы ұстазым
Назым Жанысқызына)

Күлімдеп гүлдер қырмызы,
Қабағында ойнаған.
Аспанның жарық жұлдызы,
Жанарында жайнаған.
Оның сөзі балқаймақ,
Үйірген ашып тәбетті.
Басқа ой еске келмей-ақ
Тыңдайсың сөзін әдепті.
Ақ көңіл - байтақ көсілген,
Қазақтың дарқан даласы.
Қанат беріп өсірген,
Шәкірттің екінші анасы.

СЕРІКЖАНҒА

Үйіріңе қосылдың ба,қарағым?
Бұл қуаныш болды-ау үлкен, жарадың.
Серікжан деп қалбақтайтын шешең де,
Атаң саған зор үмітпен қарады.

Ата-ананың елбіреген көңілін,
Сезіндік те, еске ұстадық өмірі.
Алақанға салмасақ та өзіңді,
Туыстардың ерекше еді көңілі

Үйірің ғой-үйің, жарың, балаларың,
Өз үйіңнен ішкен суда - бал дәмі!
Шаңырағың шайқалмасын ешқашан,
Бөлене гөр шапағатына Алланың.

2.01.02 ж.

ҚАЛҚАМ СЕЙІТЖАН

Толғандым, қалқам, өртеніп жүрек, өзегім,
Қаралы қайғы қаусатып кетті сені өзі!
Алланың ісі, кімдер бар қарсы тұратын?!
Ерте ме, кеш пе, әр кімге келер бір өлім.

Өмір кешіп, Айсұлуыңмен қолдасып,
Балаларыңды азамат етсең, сол бақыт.
Бауырларыңды бауырға тарта білесің,
Тіршілік деген осы ғой жатқан жалғасып.

Берік бол, қалқам, аман болсын босағаң,
Шайқалтпасын шаңырағыңды Жасаған!
Қолдаушың болсын, қорғаушың болсын ол сенің.
Тілерім де осы, тілегім де осы мен саған.

5.01.02 ж.

ШАШУБАЙ ІНІМЕ

Папаңның орындалып көп тілегі, -
Сен туып, төбесі оның көк тіреді.
Қуанды ол, жалғасы бар ұрпағының,
Зәу-заты, ата-баба текті де еді.

Тектінің тұяғы деп туғандар да,
Өмірге келгеніңді думандады.
Іңгәңнан саз өріліп, туған жердің
Желі де ән келді деп сумаңдады.

Бойынан дарын күші сарқылмаған,
Ақын бол Шашубайдай аңқылдаған.

Деген ел, тілек еткен Шашубайдай,
Өнердің оты бол деп жарқылдаған.

Шашубай жетіп тұрған жігер-күшің,
Журналист, ақын, сазгер-иесісің.
Өнерді сан-салалы олжалаған,
Ғалекең ұрпағының киесісің!

АҒАЛАР МОНОЛОГЫ

Құлын-тайдай тебіскен,
Бал дәуренді бөліскен,
Қызығып таңды көріскен,
Күнмен гүлдей өбіскен.
Шындық үшін керіскен,
Ақиқатты айтып келіскен,
Өркен едік құлпырған,
Өндір ек құзар ұмтылған,
Жұлдыздарға құлшынған,
Армандарға бұлқынған
Көңілде ойлар жұлқынған,
Шырқасақ көмей жыртылған,
Азамат едік шың тұлға.
Жоталы болдық асқардай,
Көңіліміз де аспандай,
Жанымыз да ақ шамдай,
Шаттықтан едік тасқандай,
Шаттыққа міндік мастанбай.
Екпіндеп тауды қаққандай,
Қайсарландық ақпандай,
Майдан салдық жасқанбай,
Дұшпан бұғып қашқандай,

Жауға ұмтылып, «алғалап!»
Жаудан ықпай қорғалап,
Езуден қан сорғалап,
-Орда!- құдық ордалап.
Бойымыздан батпандай,
Қуаттың көзін ашқандай,
Жеңіске қадам басқанда,
Елге шашу шашқанда,
Кеше түнек түн едік,
Туғандай қайта түледік,
Арқа бітіп, дуледік,
Желдей жүйрік гуледік.
Жазып тастап қанатты,
Самғау алып тағатты,
Түзеттік қайта сағатты,
Ұрғылап күй де шанақты,
Домбыра бебеу, уай, қақты,
Алдан бақыт таңы атты.

БАУЫРЫМ ЕЛТАЙ ҚАЙЫРБЕКҰЛЫНА!

Құрмантайым, Елтайым!
Деуші еді, қайран аптайым.

Елтайы бүгін елуде,
Елде Тұлға дап-дайын.
Құтты болсын елу жас!
Елтайым, бұдан да әрі ас!
Жүз жасасаң жақсы ғой,
Саулығың болып, алшаң бас.
Ойлаған ойың өрге асып,
Арманың да жалғасып,

Еліңнің тұрсын көгінде,
Бақ жұлдызың жарасып.
Елдің жүгін жотаңда,
Көтеріп жүрсің атандай!
Халқың сағаң риза,
Құрметпен айтып атыңды.
Еңбегің еткен ел үшін,
Молынан берсін жемісін!
Сенің үлгің, өнегең,
Таба берсін өрісін!
Аман болсын ұл-қызың,
Динаң ғой сенің жұлдызың.
Саушылық берсін шешеңе,
Қарындасыңа, ол – құндызың!
Ел тілегі киелі,
Өзіңе бүгін иеді.
Аузында атың халықтың –
Түсірмейді бір елі.
Қамқор боп елге, ардағым,
Жарқырай берсін маңдайың.
Қожағұл атам аруағы,
Қолдап жүрсін әрдайым!

ҚАРААҒАШТЫҢ ҚАРЛЫҒАШЫ

(Сара қажы Ғайсақызына)

Ойнақ салған құлындай,
Енесінен ұзамай.
Желбіреген тұлымды,
Бүлдіршін ең, ой, алла-ай!
Көз алдымда бәрі де –

Қозы қуған сәттерің.
Ауыл сырты - әріден..
Сиыр айдап өткенің.
Апаң тіккен дорбаға,
Кітап салып сүйреуші ең.
Тайпаңдаған жорғадай,
Сыныбыңда сөйлеуші ең.
Содан да ма,жасыңнан,
Ұстаздықты таңдадың.
Шығармадың басыңнан,
Өсиетін аңдадың.
Тәрбиесін,тәлімін
Алдың Ажар апаңның.
Өнегесін,тәртібін,
Жинадың бойға атаңның.
Уақыттың тасы да,
Тоқтамайды зырылдап.
Жетіп қалдың расында,
Жігіттер де қырындап...
Оқу керек деді ағаң,
Өрге сені жетелеп.
Шын көңілден сен оған:
- Жақсы! - дедің еркелеп.
Орындадың тілегін,
Жүрегіңнің,ағаңның.
Білімменен түледің,
Иманымен сананың.
Иман, ақыл, адалдық,
Кетпейтін әсте ойыңнан.
Иман – ұлы адамдық,
Көрініп тұрар бойыңнан.

Адал жар таптың өмірлік,
Шаңырақ құрдың еңселі.
Жарасып тұрған өндір деп,
Айтып жатты ел сені.
Ұстаздық еттің ұрпаққа,
Ана боп жаның есіліп.
Шәкіртің енді гүл баққа,
Мерейіңді өсіріп.
Өмір жолы қиын-ды,
Асуы көп, өткелі.
Бір Аллаға сыйындың:
Демеушім бол, - деп тегі.
Ұл-қызыңның,келіннің,
Ағайынның, бауырдың
Тілеудесің еліңнің -
Амандығын ауылдың.
Алладан тілек тіледің,
Шәждеге қойып басыңды.
Меккеде жаның түледі,
Жүрегіңе нұры шашылды.
Қараағаштың қызы құлпырған,
Сара қажы атандың.
Мұсылмандар жұртынан
Қасиетті бата алдың.

ЕЛ ҮШІН ТУҒАН АЗАМАТ
(Нұрмағамбет Барлыбаевқа)

Нұрмағамбет дегенде,
Елең етіп ел біткен,
Көздерінде нұр ойнап,
Көңілде күй көлдеткен.

Ер десеңде болады,
Жігіт еді тұлғалы.
Келісті еді келбеті,
Нардай еді тұрғаны.
Көпшіл еді о бастан,
Дос қадірін білетін.
Ағайынды, жолдасты,
Алға ұстап жүретін.
Ұшан теңіз білімін,
Еліме деп арнаған.
Ұлтым десе, қаным деп,
Құлпыратын, түлейтін.
Ұйқы-күлкі көрмейтін,
Бір істі алса қолына
Қиналатын, терлейтін.
Игіліктің жолына
Еңбекшіл еді өзі де,
Еңбекшілді сүйетін.
Шын еңбекшіл адамды,
Үйірілтетін жанына.
Біз өзгеден кембіз бе? -
Дейтін қысып намысы.
Еңбек етсек жалындап,
Молаяды елдің табысы.
Жақсартайық тұрмысын,
Тоз-тоз болған қазақтың,
Гүлденіп кеткен ауылдың,
Көрсін шет жұрт шабысын!
Нұрмағамбет директор
Қойды осылай талапты.
Жұмылды ер, жұмылды ел –

Дәулеттің аппақ таңы атты.
Еңбек еткен табысқа
Шын-ақ батты белшеден,
Дүрледі ел, гүлдеді,
Өмірді де жаңартты.
Өмір қызық көрінді,
Еңсені басқан бұқтырып.
Нұрмағамбет аз күнде,
Тәртіпті елге ұқтырып.
Тәртіп бар жерде жеңіс бар,
Жалауын көкке көтерген.
Еңбек пен тәртіп әр қашан,
Жалқауды қояр ықтырып.
Өзінен де өзгеге,
Жақсылық етер шарқ ұрып.
Әділдік, шындық ұшында
Тұратын еді жарқырап.
Жақсы деп айтса айып па?-
Дарабоз шықса азамат.
Адами барлық қасиетті,
Тұрды өзіне сарқып ап.
Ел үшін туған азамат,
Ел деп жанды лапылдап.
Сәулесін шашып жан-жаққа,
Көрініп қырдан жарқылдап.
Моюды тіпті білмейтін,
Кешсе де талай батпақты.
Көкірегі толы шаттықтан,
Шашатын еді аңқылдап.
Халқы көкке көтерді,
Даңқы кетті аспандап.

«Тәубе!» деп шеше ұлына,
Қарады көзден жас парлап.
Әке де тұрды ұшуға,
Қанаты болса дәл, сол сәт.
Ағайын, туған риза:
- Бақыты шын-ақ тасқан деп.
Нұрмағамбет өмірі
Үзілмейді, жалғасып.
Ұл-қызы да өзіндей,
Шарықтайды алға асып.
Жаңа заман, жаңа күй,
Гүл жайнады еліміз.
Ұрпағына жас қайрат,
Дала ғашық, таң ғашық!

АЛПЫСЫҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, АҚЫН ІНІМ!

О, Болатым, інім менің,
Жарқырасын күнің сенің,
Бүгін сені орап апты,
Шуағына туған елің.
Ел өмірін, нұрлы шағын,
Адамдардың тасқан бағын,
Жырла, елдік, еркіндікті,
Талмасын бір тілің, жағың.
Отаның мен халқың үшін,
Сарқылмасын қайрат, күшің.
Алпыста да жігіттіктің,
Намыс, қаны қайнай түссін!

НҰРЛАНСЫН ШАҢЫРАҒЫҢ

(Зүбәйрама)

Күйеуің қыр жағыңнан,
Үйің бір жағыңнан,
Балаң оң жағыңнан,
Зерең сол жағыңнан,

Ашыққан балапандай,
Қылқиып ала таңнан,
Отырған бізге қарап,
Зырлайсың жаның қалмай.

Шарт етіп сынып демде,
Жайылып сосын лезде,
Қызыңмен сырласасың,
Зеремен ойнап кейде.

Бәріне ақыл айтып,
Көздерін бақырайтып,
Ұрсып та аласың сен,
Жанына батыра айтып.

Туысты қарсы аласың,
Жалбақтап, жан саласың.
Көңілің көлдей болып,
Молайып салған асың.

Ұрпағың тозбау үшін,
Осы үйдің маздағысың.
Зүбән сен жаралғансың
Бақыт боп маздау үшін.

Көктеммен жамыраған,
Нұрлансын шаңырағың.
Өзің де гүл-гүл жайна,
Сайратып өмір әнін.

РУХЫН БЕРДІҢ ЕЛДІКТІҢ

Жүзіңді, қас пен көзіңді
Бояп сен сұлу болмайсың,
Тек алдайсың өзіңді,
Раушан гүлдей толмайсың.

Көктемдей кезің өтіпті,
Желкенімен бақыттың.
Сарғайған күзің жетіпті,
Зырылдап тасы уақыттың.

Өмірдің соқпақ жолымен
Қол ұстасып барамыз.

Арманды бетке ап, сонымен,
Ашылмай әсте арамыз.

Махабаттыңды мен сенің
Аялап келем бөбектей.
Сен еккен жанға нұр сенім,
Жайқала бермек желектей.

Қаламай жаным басқаны,
Өзіңді өмір сыйлаған.
Сырылып кейін бас қамы,
Бақ гүлін саған жинағам.

Қыз бердің, маған ұл бердің.
Ізімді менің бассын деп.
Өзіне сай боп ұлы елдің.
Қырандай шыңдар ассын деп.

Ұлдарымның жанына,
Ұрыған септің ерліктің.
Дүбірлі дарқан қанына,
Рухын бердің елдіктің.

Ақ сүтіңнің дәмінен,
Нан, тұз дәмін татыпты.
Туған жердің әнімен
Ұлдарым шырқап бақытты.

Ақ бесікті тербеткен,
Бөбектерімді уантып,
Қолыңды сүйем тебіренткен
Жүрегімді қуантып.

ТҰЛА БОЙЫМ - ТҰҢҒЫШЫМ

(Тоғжаныма)

Тұла бойым –тұңғышым,
Қасиетті жыл құсым.
Сен өмірге келгенде,
Шаттығыммен бірге ұштым.

Тұрып қаппын қалықтап,
Сезіммен тәтті шарықтап.
Күле берсем керек-ау,
Қалғандай бір шалық боп.

Қуаныштан мас болып,
Жанарыма жас толып,
Кең әлемге сыймадым,
Жыр дәптерім басталып.

Аспан сұлу бөріктей,
Дүние неткен көрікті.
Бұрын мұндай әсердің,
Болғанын кім көріпті?

Сен әкелген бақыттың,
Сәулелері жақұттың.
Омырауыма төгіліп,
Әні болды ар, құттың.

Шілдехана тойында
Қаншама мал сойылды.
Ауыл болып сол тойда,
Тоғжан атың қойылды.

«Титтей ғана Тоғжаным,
Сенсіз менің жоқ жаным.
Нұр сипатты өмірім,
Өзіңменен тоқ жаным».

Деп әлдилеп жөргекте,
Бесігіңді тербеткем.
Сені аспанға көтердім,
Бақыт тілеп жер, көктен!

ЗЕРЕШІМЕ

Моп-момақан түріңнен,
Былдыр-былдыр тіліңнен,
Қоңыраудай үніңнен,
Айналайын, Зерешім.

Ақыл толы басыңнан,
Жібектейін шашыңнан,
Қарлығаш қанат қасыңнан,
Айналайын, Зерешім.

Қуанышқа батырған
Бөбек деген затыңнан,
Зере деген атыңнан,
Айналайын, құлыным.

АҚ ЖЕҢГЕМ

Ауылда бар ақ жеңгем,
Көнілі көлдей, жаны да.
Жалтылдаған ақ желкен,
Қыр гүліндей жалындап.
Шыға келер жүгіріп,
Сампылдап та, саңқылдап
Мен келді деп дүбіліп.
Үй-ішімен аңқылдап.

Сый-сыбаға, құрт, майы,
Қазаны да бұрқылдап.
Әбігер боп жүр дәйім,
Құрақ ұшып, шұрқырап.

Қайным деген сөзінде,
Бар-ау құрмет, қимастық.
Маған деген сезімде,
Ұялаған сыйластық.

Еркелігі назымен,
Қуанышы, бағы бар.
Осы сөзде жазы мен
Көктемесі тағы бар.

Босағасына ағайдың,
Құтты болып қадамы.
Туыс етіп маңайдың
Алыс-жақын адамын.

Жүрген жеңгем жайраңдап,
Есі қалмай қалбаңдап,
Қарсы алады тік тұрып,
Елге барсам сайрандап.

ЖАЙНАЙ БЕРСІН ЖҰЛДЫЗЫҢ

(Сапия жеңгеме)

Бірімізге анасыз.
Бірімізге данасыз,
Бірімізге панасыз,
Жеңгелігіңіз тағы бар,
Солай болып қаласыз.
Көргеніңіз қызық боп
Жегеніңіз шұжық боп,
Арасында ұрпақтың,
Жүре бергін ұзақ – көп.

Көңіл - жаның ортайып,
Қалма әсте қартайып.
Ауыруға сыр берме,
Жолатпа оны, шалқайып.
Сексеннен де әрі асып,
Жүзбен байқа таласып,
Бәйтерегі әулеттің,
Отыра бер жарасып.
Бақытты болсын ұл-қызың,
Немерелер - құндызың.
Алла жаққан шырағың –
Жайнай берсін жұлдызың.

ШОЛПАНЫМА

Келін десе өзіңді алға тартамын,
Әсем гүлі біздің әулет - ортаның.
Имандылық самалы ескен жүзіңнен,
Ибалы да, бауырмал жан, Шолпаным

Еш уақытта кірбің тартпай қабағың,
Жарқырасын, жайнай берсін жанарың.
Еркініме сүйеніш те, балаларға
Қамқоршы да, ақылшы бол, қарағым.

Шаңырағың көрмесін бір шайқалып,
Аула, бағың өсе берсін жайқалып.
Шолпанымның шәйіне шәй жетпейді!-
Деп отырсын ағатайың марқайып.

3.01.02 ж.

КІШКЕНТАЙ ҰЛЫМА
(Мағжантайыма)

Түспесін ботам, көлеңке.
Жүзіңе нұр ойнаған.
Сен тұрған маздақ - гүл ерке,
Қызыққа жаның тоймаған.

Атаңның әкең түр-түсін,
Жадына сақтай алмаған.
Оның күміс күлкісін,
Соғыстың өрті жалмаған.

Балалық шақтың базарын,
Сен көре бер шаттанып.
Соғыс кездің азабы,
Әкеңде қалсын қақталып.

Қалтырап кейде, жон арқаң,
Өксігің шықса, ей, балам,
Қозғалып орда Сарыарқа,
Күңіреніп кеткендей болам.

СЕН СОЛДАТТЫҢ ҰЛЫ ЕДІҢ
(Марқұм Бақыт Мұстафиннің рухына)

Сен солдаттың ұлысың,
Басын қырыққан соғыстың.
Титтей жүрек құрышын,
Қарыған мұзы со қыстың.

Ызғарлы еді тіршілік,
Бұлт тұмшаған тау, қырды.
Ызалы едің, құлшынып,
Омырауын жырттың тағдырдың.

Солай жеттің,жақтың да
Шаңырақ отын әкенің
Ақ сәулесін бақтың да,
Алла саған әкелді.

Ел көгінде шоқтанып,
Жанды жайнап жұлдызың.
Өзіңменен мақтанып,
Сүйген жарың, ұл,қызың.

Қару етіп қаламды,
Сүйеу етіп, шаршасаң -
Оймен тербеп даланды,
Жаздың кітап қанша сен.

Қаламыңнан төгілттің,
Сөз мәйегін, маржанын.
Қуанышқа кенелттің,
Жолдыөзектің бар жанын.

Қасиетті өнердің
Сөндірмей отын жандырып.
Бақилыққа жөнелдің,
Мекеніңе мәңгілік.

Сағынғанда өзіңді
Кітабыңды оқырмыз.

Қуатты, ұшқыр сөзіңді,
Көңілге медет – тоқырмыз.
Жұмақтың есігі ашылып,
Жолдас болсын иманың.
Алланың нұры шашылып,
Рахатта болсын бір жаның.

ТАЛАНТТЫ АҚЫН ІНІМ ЕРІККЕ

От ойнаған жанында тебіренсе,
Жанарында шоқ тұрған еміренсе.
Күй боп шалқып,сыймайтын кең әлемге,
Жастығымды көремін сені көрсем.

Көк аспанда аққулар шеруленсе,
Қырда құрым жылқылар ереуленсе.
Күркіреп кеп тасыған көк Есілім,
Көктемімді көремін сені көрсем.

Аппақ қар сары даланың желіне ерсе
Қар тауы іркес-тіркес жерімде өрсе.
Сілкіп-сілкіп алатын ой мен қырды,
Ақ боранды көремін сені көрсем.

Қарағай, қайыңды орман көркі асқан,
Ақын туған жерде бар кие о бастан.
Шалдықпасын жүрегің жыр төгуден,
Талантты ақын інім, Ерік Асқар.

17.11.1999 ж.

НАЗЫМБЕК АҒАҒА

«Аттан!» деген,
«Жау!» дескескен
Елмен бірге үндескен.
Ойран салып майданда,
Етігімен қан кешкен.
Көрсетіп қайрат неміске,
Қырғыннан келді ол жеңіспен.
Біз қазір мәз боп, шаттансақ,
Ағамыз берген жеңістен!
Бұлтсыз аспан - көгімде,
Еш үрей жоқ көңілде,
рахмет! - дейміз ағаға,
Сыйлаған бейбіт өмірді.
Ерлігіңді құп алып,
Ұрпағың жүр қуанып.
Өткізіп отыр мерейтой,
Бел шешіп, білек сыбанып.
Балаларың аман боп,
Ұрпағың айтулы адам боп,
Көре бер аға, қызығын,
Қызықсын саған ғалам көп.
Қуан, шаттан, тасын да!
Көрікті жеңгем қасыңда.
Арқаңды сипат, жұп-жұмсақ
Шығар-ау қолы, расында.

2.12.06 ж.

МАХАББАТ БЕР БҰЛ ӨМІРДЕ БОЛМАҒАН

Екі сөз жоқ,
Орындалады әмірің!
Тек жүрекке
Махаббат бер, тәңірім!
О, сен құйсаң
Жанға мөлдір махаббат,
Аспанды да
Тұрар едім арқалап!
Бар бақытты
Еліме айдап әкелем!
Жұлдыздарды
Барша жұртқа әперем!
Махаббат бер,
Махаббат бер, сен маған,
Бұрын-соңды
Бұл әлемде болмаған.
Сары Арқама
Өлең болып құйылам.
Төріне оның
Дәулет болып жиылам.
Дән боп толып,
Ырғаламын егінде.
Күн боп жайнап,
Жарқырайын көгімде.
Махаббат бер,
Махаббат бер, сен маған,
Бұрын-соңды
Бұл өмірде болмаған.

СҰП-СҰЛУ ҒЫП САҚТАЙМЫН

Жүрегімде – махаббат,
Басқаға орын бермегем.
Еркелетіп, арқалап,
Алдыма алып тербегем.

Үлпілдетіп үкідей,
Сылап, сипап, баптаймын.
Сонар күнгі түлкідей,
Сұп-сұлу ғып сақтаймын.

12 ақпан 2000 ж.

ҚҰС БОП ҰШЫП КЕЛДІҢ БЕ?

Құс боп ұшып келдің бе алыс жақтан?
Оятуға көңілімді ұйықтап жатқан.
Ашпақ па едің жанымның ақ қақпасын,
Сайрандауға сырнайлы сырлы бақта?

Шаршап жүрек, суынған көңіл қашан,
Жылыттың, бар сырымды саған ашам.
Тіршіліктің тәттісін, ащысын да,
Сезінбейді екенсің сағынбасаң.

Көп жүрдің бе, жеткенше, самғау құсым?
Жол-жөнекей шалдығып қалғаның шын.
Түсірмепсің талса да қанатыңнан
Маған деген сары алтын сағынышың.

ҚЫЗҒАНАМ

Шуағын төгіп, күмбезді көктен көрінген,
Аппақ күннен жаным сені қызғанам.
Бұрымыңда мың түрменен өрілген,
Қылықты кербез гүлден сені қызғанам.

Жүзіңді желпіп, тарқатып өткен шашыңды,
Саф самалдан, жаным сені қызғанам.
Қарақат көзден үзгізген тамшы жасыңды
Қайғыдан қатал, жаным сені қызғанам.

Бетіңе тамған ноқаттай жаңбыр-тамшыдан,
Қызғанам жаным, сені есім қалмастан.
Аңырап келем, сағынып келем,жоқ шыдам,
Көбелектей жарыққа ұшқан талмастан.

1960 ж.

ТӘҢІРІМБІСІҢ?!

Сен кеткенде құлазып қалды жаным,
Баяу ағып бұйығы бойда қаным.
Күзгі түн де ұзарып, таң алыстап,
Болмасын деп тұрғандай ойлағаным.

Жалғыздықтың әп-сәтте-ақ азабы өтіп,
Жымыңдайды жұлдыздар мазақ етіп.
Тынып қалған далада даңғазасыз.
Қалғандаймын қаңғырып, мазам кетіп.

Япыр-ау, мен осынша ғашық па едім?
Тәкеббар ем, алдында жасық па едім?
Өзге түгіл, өзіме өткел бермес
Жүрегімді, жаным-ау, ашып па едім?
Ашып па едім, есігін алтындаған,

Босағасын аттап па ем, жалтылдаған?
Тәңірімбісің табынған, шарт жүгініп,
Қос қолымды көтеріп, қалтылдаған?!

КӨЗСІЗ БОП...

Жалыны қызыл-жасыл серпіле атқан,
Егер сен тамұқ болсаң терең жатқан, -
Мен саған барар едім, мойныма артып,
Күнәні әлемдегі небір батпан.

Хош иіс, құрма дәмді тамсандырған,
Мөп-мөлдір шарап болсаң ән салдырған –
Көзімді жұмып тұрып тартар едім,
Еш ойсыз өмір кешем, мен – балдырған.

Нұр құйған жерге алтын табағынан,
Күн болсаң шуақ ескен қабағынан.
Мен сенің алауыңа күйер едім,
Дәндердей маржан тізген сабағына.

Бақшада хор қыздары сауық құрған,
Сен жұмақ болсаң жұртты зауықтырған, -
Мен саған барар едім бөгеліссіз,
Көңілге ерік беріп ауып тұрған...

Түтінсіз лапылдаған, қабындаған,
Сен маздақ болсаң егер жалындаған, -
Мен саған барар едім көбелек боп,
Көзсіз боп...
Көзіне еш зат шалынбаған!

СЕН КҮЛШІ, ЖАНЫМ!

Сен күлші, жаным!
Күле бер,
Күлкіңнен қоңырау
Үні өссін.
Жүрекке көктем
Гүлі өссін.
Көңілдің бұлтты
Түні өшсін.
Сен күлші, жаным,
Күле бер.
Күлкіңнен сәуле.
Шашылсын.
Сезімдер кілті,
Ашылсын.
Даң көкірек басылсын.

СҮЙ, ЖАНЫМ!

Сүй, жаным, сүйсең – күйдіріп,
Отымен жүрек, қаныңның.
Сезімдерді де идіріп,
Лебімен жалын жаныңның.

Көңілімде лаулап жанды үміт,
Сүйші, есімнен тандырып.
Ернімде менің мәңгілік.
Ерніңнің табын қалдырып!!!

ТУҒАН КҮНІҢМЕН
(Әні бар)

Жүрегімнің үзіп қос тал гүлін мен.
Ұсынамын, саған, қалпы жүгінген.
Сен туған күн маған бақыт сыйлаған,
Құттықтаймын, жаным, туған күніңмен.

Жүз жаса деп жаттанды сөз айтпаймын,
Көкірегің нұрға толсын, жаппай мұң.
Қанатымен аяласын өмір – Құс.
Мен жолыңа қалампыр боп қаптаймын.

ТІЛЕК

Тобылғыға жоңышқадай оралған,
Аймалашы мені құшып, о, арман.
Қашқақтама менен жаның шошынып.
Сүй, мен үшін адамдай боп жаралған.

Қанатымен жер сыза ұшқан қырандай,
Ой-сырыңды ақтарар ма ем құрандай.
Ойларыңа өз ойымды жалғаймын.
Ғашық болшы, менсіз тірлік құра алмай.

Жер мен көкті күндей сәтте айналған.
Мен де айналсам жан-дүниеңді, ой, жалаған!
Қос аққудай еркін жүзген айдында,
Жұп жазбауға – тағдырымыз байлаған.

ТҰТҚЫНДАЙДЫ СЕНІ ӘЙЕЛ

Күңіренсе де ой қысып,
Тебіренсе де бойы ысып,
Шаттанса да бағы ұшып,
Жымия күліп, көз қысып,
Тұтқындайды сені әйел.
Шешенсініп, шешіліп,
Ән шырқаса көсіліп,
Бір ноқатқа тесіліп.
Сөйлемей қойса есіліп,
Тұтқындайды сені әйел.
Қызғанса да дауылдап,
Жын қуғандай дабылдап,
Қалжыңыңды қабылдап.
Күлкі айдаса табындап,
Тұтқындайды сені әйел.

АҚТОҚАШ ҚЫЗ

Ақтоқаш демей, ақ сәуле дер ем мен сені,
Шапағатыңмен көтере берші еңсені.
Ақ жүзіңдегі мейрімге ұйып, ләззат ап,
Қас сұлу дейтін шығар-ау көрген ел сені.

Қылықты күлкің құмарлық отын лаулатып,
Бойдағы сезім толқынын тоқсан аунатып.
Төңірек түгел көрікті болып кетті ғой,
Өмірге деген іңкәрлігімді қаулатып.

Сезімге сері алғашқы сәтте сенбедім,
Зиялым ба едің, қиялым ба едің сен менің?
Мұратым деп те, ұятым деп те өтемін,
Құлап жатса да төбеме тасқын - сел менің!

АРУЛАР КЕЙДЕ ҚАРАЙДЫ-АУ...

Жаспын деп өзімді айта алман,
Дауылдап өтті уақытым!
Ұлыма қарай қайтарам,
Бозбала шақтың бақытын.

Арулар кейде қарайды-ау,
Көзімен арбай,
Тесіліп...
Қаңыраған кеуде – сарайда.
Ойнақтар бір тай шешіліп...

Ұнайды осы сәт маған, -
Тамырда қозған дүрбелең!
Лап етуге де шақ қалам,
Жанымда бір от жүр білем!..

ЕРКЕЖАНЫМ

Қара бұлтпын!
Көк аспанды қақ тіліп,
Найзағайға қоям шақпақ шақтырып,
Еркежаным, меруерт тамшы бол да сен,
Айналамды өтші мөлдір пәк қылып!

Көк теңізбін!
Тұңғиықтан қайнаған,
Көкірегінен көкжал толқын айдаған.
Еркежаным, желкен бол да сен апар,
Армандарға алысқа ешкім бармаған !

Асқар шыңмын!
Көкпен сонау тіресқен.
Өзім ғана тілдесетін күнеспен!
Еркежаным, шынар болшы, жартасқа
Тамыр жайып, өмір үшін күрескен!

Кең даламын!
Жатқан байтақ көсіліп,
Баянды ғой осы байлық, осы құт,
Еркежаным, егін бол да толқи бер,
Туған елдің мерей бағын өсіріп!

БОЗБАЛА ШАҚ

«Ақжардың» сылдыр үнді бұлағы ма,
Келді ме сенің даусың құлағыма?!
Түсімде тіл қаттың-ау... түсінбедім,
«Оранып еркеле», - деп, «шуағыма!»

Бал дәурен, бақыттылау ол кез де есте,
Әне, анау өзің тұрған үй емес пе?
Іргеде алабота, ошағандар,
Боз тұман түсетұғын ала кеште...

Тұңғиық көкте шығып селкеу жұлдыз,
Дейтіндей: - Сендерді біз көріп тұрмыз.
Мақпал түн құшағында қол ұстасып,
Дейтін ек: - Ең бақытты мына бізбіз.

«Ақжардың» сылдыр үнді бұлағы ма,
Сенің дауысың келді ме құлағыма?!
Бозбала шақ, түсімде-ақ көріп сені,
Өксіп-өксіп келіп тұр, жылағым да!

СҰЛУЛЫҚ

Сұлулық – ер жігіттің өнерінде.
Сұлулық – ақ бұлақтың кемерінде.
Сұлулық – алақанын күнге жайған,
Сыбдырлы аппақ қайың – көк өрімде.
Сұлулық – бикештердің ерінінде.
Сұлулық – аналардың мейірінде,
Сұлулық – жазғы гүлдің шырайында.
Сұлулық бұлтсыз күннің райында.
Сұлулық – бар әлемді нұрға малған.
Алқызыл атар таңның арайында,
Сұлулық – адамдардың жүрегінде
Сұлулық – ақсақалдың тілегінде.
Сұлулық – нәрестенің күлкісінде.
Сұлулық – қырдың қызыл түлкісінде.
Сұлулық – даналықтың асқарында.
Сұлулық – елдің ерке жастарында.
Сұлулық – мәуе төгіп маужыраған.
Өлкемнің мөлдір тұнық аспанында.

КІРПІГІҢДІ САЯЛАЙМЫН

Дала дауыл ойнатқанда,
Шілде миды қайнатқанда,
Қаңтар кәрін қаулатқанда,
Толысып барып ай батқанда,
Сенің бір тал кірпігіңді,
Кірпігіңді саялаймын.

Көкірегіме сыр тұнғанда,
Асқарға арман ұмтылғанда.

Үміт жібі қырқылғанда,
Асау жүрек бұлқынғанда,
Сенің бір тал кірпігіңді,
Кірпігіңді саялаймын.

Дұшпандыққа ашынғанда,
Достан көңіл басылғанда,
Шаттық нұры шашылғанда,
Гүл Хауазы ашылғанда,
Сенің бір тал кірпігіңді,
Кірпігіңді саялаймын.



ЕРІНДЕРІҢ ДІРІЛДЕП...

Еріндерің дірілдеп, өңің қашып,
Мұңайып қарадың-ау жүзің жасып.
Жалын атқан жанарың жайшылықта,
Мөлтілдетіп тамшылар тұрды шашып.

Өз өзімнен қалтырап, бойым мұздап,
Тұра алмадым орнымда жүрек сыздап.
Ренжіттім жаным-ау сені қалай? –
«Қара бас құрт» жанымды жатыр мыждап.

Ақын деген көбелек отқа ұмтылған,
Отқа ұмтылған, қанатын шоқ қып тынған.
Мен де сондай бейшара жанның бірі,
Таудай өсіп, ал кейде жоққа сынған.

ОТЫНА МАХАББАТТЫҢ ЖАНЫП КЕТЕМ...

Адасып тұманында, боранында,
Бас ауған жаққа кетіп барамын ба?
Мен қазір түк көрмеймін, түк сезбеймін,
Алдымда тұрса да көр, араның да.

Мен саған ашық айтсам мінезімді,
Сен кешір, шыдамсыздау бір кезімді.
Отына махаббаттың жанып тұрам,
Қысып ап құшағыма бір өзіңді.

ӨРТЕНІП, ЖАНЫМ БАРАМЫН

Көрінбей кеттің көп күндер,
Адасып қалдым, таппадым.
Ала өкпе болып төктім тер,
Іздеумен ой-қыр ақтадым.

Қайда деп менің қарғамды,
Сұрадым аппақ талдардан.
Жеткізбей жүрген арманды,
Көргім де келіп таңдардан.

Таптырмай қойдың сен бірақ,
Тауалым әбден шағылып.
Алмадай жүзің албырап,
Жүрмісің мені сағынып?

Қара үзіп әлде, кеттің бе,
Сағымына ұқсап даланың?
Жүрегіме у сап өттің бе,
Өртеніп, жанып барамын.

Смирново, 1953 ж.

ҒАШЫҚПЫН

Ғашықпын, ғашықпын мен саған, жаным,
Бұл сөзді қайталасам – сағынғаным.
Құрандай жатқа оқысам тілегімді,
Жаным-ау, өзіңе пәк табынғаным!

МАХАББАТ – ГҮЛ

Ешкімге айта көрме сүйгеніңді,
Отына қасіреттің күйгеніңді.
Махаббат үлбіреген бір нәзік гүл,
Көтермес жан-жағынан үргеніңді.

ЕРНІҢНЕН СҮЙЕЙІНШІ ҮЛПІЛДЕГЕН

Ерніңнен сүйейінші үлпілдеген,
Омырауыңнан сүйейін бүлкілдеген.
Құшағымда сен тұрған бір минутты,
Балар едім бақытты мың күнге мен.

МЕНІ ІЗДЕ, ЖАНЫМ

Мені ізде жаным, дауылдан толас көрмеген,
Қым-қуыт шумен қияндарды өрлеген.
Қолдасып кетіп барамын, жаным, олармен,
Намысты қолдан, әсте ешкімге бермеген.

Теңізден ізде толқынын өрген таспалап,
Сәт сайын ұрып, жартасты жүрген жарқалап.
Тереңнен ізде туындатқан ойларды,
Дарынсыздардың бөгесін жолын жасқап-ақ.

Мені ізде жаным, аязды боран қойнынан,
Құшып ап барам, қысып ап барам мойнынан.
Шошыма жаным, бораннан түтеп, қақалтқан,
Аяздың шымшып, сүйетін әзіл-ойнынан.

Әйтеуір мені қиыннан ізде қашан да,
Өшігіп туғам, шегініп одан, қашам ба?
Жүрегімді оған жекпе-жекке шығарам,
Қабырғаларымды күйретіп тұрып ашам да!

КЕЗДЕСУ

Қиядан түстің көзіме,
Қиястап кетсем дедім мен
Бола алмай ие сөзіме,
Тіке астым тәтті сезіммен.

Бас иіп қана, сып етіп,
Өтермін деп ем қасыңнан.
Жүректе бір от лып етіп,
Осты күшті жасыннан.

Тұра қалдым алдыңда,
Маңдайға ұрған атқа ұқсап.
Сағынып шын-ақ қалдың ба?!
Ашыла берді ақ құшақ.

КРАНШЫ ҚЫЗ

Масайрап өттің алдымнан,
Майысып мойыл шыбықтай.
Көз алмай тұрмын жүзіңнен,
Шаншылған жерге құрықтай.
Қалшиып қаппын, дем бітіп,
Сұлулық мұндай болар ма?!
Сыңғырап күлкің бұлақтың,
Толқыны болып шабар ма!
Көзіңде нәркес төңкерген,
Не құдірет, сиқыр бар?
Қиялды түртіп, желпінтер,
Айналдым болса сиқырлар.
Тарта алмай тағат тізгінін,
Ерік ап кетті ақ сезім.
Өзіңе деген иждиһат

Ашты ма үлкен бақ көзін?
Сенімен алғаш кездескем,
Көтергіш кран үстінде.
Биікке қарап тамсандым,
Интервью алып түстім де.
Көп тұрдым кран қасында,
Байқадың ба екен биіктен.
Далада орғып, ойнаған,
Аумап ең ерке киіктен.
Тұтқада еркін серпіліп,
Аппақ жұмыр білегің,
Күннің жібек сәулесін,
Орап ап жатты жүрегің.
Қаз мойын асқақ «пырағың»,
Бетонды қағып, қаңбақтай.
Үйлер де сенің алдыңда,
Иіліп қалған «жалбақтай».
Намыстан күйдім төменде,
Бейшара көріп өзімді.
Биіктей ұшқан аспанға,
Аққу деп қалып өзіңді.

ЖАНАРЫҢДЫ ҚАДАЙ БЕР

Жанарыңды жанарыма қадай гөр,
Менің күңгірт көңіліме арай бер.
Сөйлесінші қара көзің, қалқам-ау,
Түсінемін, тіл қатпай-ақ қарай бер.

Естіп тұрмын жүрегіңнің дабылын,
Көріп тұрмын жас жаныңның дауылын.
Жанарыңнан ыршып түссе бір сәуле,
Жылытады арманымның ауылын.

КІМСІҢ СЕН?

Кімсің сен, - қып-қызыл шоқ, жалынбысың?
Кімсің сен - көктей өрген талымбысың?
Көктемде көкорай гүл, бақша-бауда,
Мысқалдап жиған шырын-балымбысың?

Кімсің сен-шырқамаған әнімбісің?
Тамсантқан көрген жанды сәнімбісің?
Жолдармен бел-белесті жетелеген,
Қайрат-күш бойымдағы әлімбісің?

Кімсің сен - қара мақпал түнімбісің?
Нұр шашқан төбеде асқақ күнімбісің?
Кеудемнен екі дайда, бәсекеде,
Шығарар өз ұраным - үнімбісің?

Бақыт па ең басыма кеп қона алмаған?
Жырым ба ең қаламыма оралмаған?
Шайқалған жұмыртқада уыз ой ма ең,
Сары ауыз балапаны жаралмаған?

Шанақта ұйып қалған шертілместен,
Күй ме едің қатқан мәңгі ертілместен?
Бал күндер жаңғырығы - қызығы ма ең,
Шықпаған әлі күнге - бертін де естен?...

Сібірдің сілкінетін қатуланса-ақ,
Ақ боран, дауылы ма ең ашуланшақ?
Қорқақ па ең, жүрексіз бе ең шегінетін,
Алдыңда қиыны мол асу болса-ақ?

Кімсің сен - ақбас асқар тауымбысың?
Бітпейтін, бітіспейтін дауымбысың?
Тасадан сығалаған қарсы келмей,
Кегің зәр, қолың қанды жауымбысың?

Кімсің сен - ақ маралдың лағы ма ең?
Мөлт еткен Көкшетаудың бұлағы ма ең?
Шақырған шалқар дәурен арман - көкке,
Өмірдің сөнбес мәңгі шырағы ма ең?!

РЕЙНМЕН КЕЗДЕСУ

(Нина мен Владимир Хариндерге)

Альпінің кеудесінде
Бұлқынып, шыққан қашып,
Еуропа өр төсінде
Ойнақтап, аққан тасып,

Кәрі өзен арна құрып,
Сырғиды теріскейге,
Бағытын мың сан бұрып,
Сәлем! - деп немістерге.

Ағады өзен жайлап,
Толқындар сыр алысып.
Қазандай кейде қайнап,
Сонан соң, беу, жарысып.

Жағаға мен де келіп,
Қол создым толқынына.
Ұлы өзен мені көріп,
Шақырды жайқынына..

Шешініп тыр-жалаңаш,
Өзенге қойып кеттім.
Толқынмен бірге аралас,
Ғажайып сәттер кештім.

Бауырына басып алып,
Тербетті мені толқын.
Гете ме?! - түсі қанық,
Рух па, әлде, жойқын?!

РЕЙН МЕНІ ҚАРСЫ АЛДЫ

Қан тамыры тірліктің,
Рейн десе болғандай.
Күндіз-түні еңбектің,
Көрігін басып тұрғандай.

Ерсіл-қарсыл ағылып,
Кемелер жүзген сабылып.
Жайнаған күнге шағылып,
Толқындар күміс тағынып.

Су бетінде ойнайды,
Құбылып інжу не түрлі.
Қызыққа көзің тоймайды,
Жеп қоятын секілді.

Харин досым бастап кеп,
Кемеге міндік бір ұшқыр.
Сол күні ыстық, аптап боп,
Барқыннан алдық тыныс бір.

Рейн тауын қақ жарып,
Ағады екен өзен де.
Емендер өрлеп, шың барып,
Түспейді екен төменге.

Орман да жасыл, тау жасыл,
Гүлдер де қырдан әрі асып..
Жағажай, құмда аунасып,
Тыныққан елдер жарасып.

Кеменің соғып жақтауын,
Қош келдің! - дейді толқындар.
Қарашы мені мақтауын,
Қошеметтеуін, әй,қулар.

Қуанышымды бөлісті,
Орман, тау, суы талай көп...
Ойладым: осы немісте,
Біздің қан да бар-ау,- деп.

РЕЙН ӨЗЕНІ ҮСТІНДЕГІ ЕМЕН КӨПІР

Цезарьдың түскен көз құрты,
Рейннің табиғатына.
Римдік елдің бар жұрты,
Таң болған ғаламатына.

Өзеннің бойы ну орман,
Ит тұмсығы өтпейтін.
Арғы бетте тұр арман,
Үміт те бар көктейтін.

Мықтының қолы ұзын ғой,
Күші де басым-қайнаған.
Көкіректі тесіп құзғын ой,
«Алсам!» - деп, - жерді жайнаған.

Қыстағы кейпі жазға ұқсас,
Жаздағы түрі-бір жұмақ.
Біреу ұғар, бірі ұқпас,
Сұлулық сыры бір жұмбақ.

Осы өңірге тамаша,
Қайран Цезарь қызығып,
Ойлап кейде балаша,
«Әкетсем!» - дейді қызынып.

Кәрі Рейн үстінен
Салғызды ол көпір еменнен.
Ғасырлар өткен үстімен,
Көпірді көріп келем мен.

Кобленцтің тұсынан,
Патша салған көпірін.
Өңімде,әлде,түс пе екен?! -
Естіліп жатыр нөпір үн.

Кімдердің үні екен деп,
Құлақты тостым дауысқа.
Осы өңірді мекендеп,
Жүрген неміс туыс па?

Әлде, әскері патшаның,
Құл айдаған ақырып,
Сабады ма екен қашқанын?
Зар иледі-ау, бақырып.

Көпір үсті - қан жоса,
Көпір үсті - көз жасы.
Тірлік деген бар болса,
Ол - өлімнің жолдасы.

Бұл көпірдің үстінде,
Ғұндар атын ойнатқан.
Өнер мен қару, күштің де,
Уытын терең бойлатқан.

Ойлап тұрсам, өңірде,
Бабалар тентек болмаған.
Махаббат тауып өмірде,
Ғұн мен неміс тойлаған.

КАЙЗЕР ВИЛЬГЕЛМ БІРІНШІ

Бес қаруы бойында,
Кайзер аттың үстінде.
Сан шайқастар ойында,
Көрсеткенін күштің де.

Тұғыры биік, аспандап
Мыс салт атты барады.
Көтеріп мені баспалдақ,
Жақыннан оған қарадым.

Қасында аруақ, пері ме,
Қанатын жайған жасқанбай?
Ол пруссак еріне,
Бақыт жолын ашқандай.

Күндіз де, түнде бір елі,
Еш жанынан қалмайды.
Кайзердің үлкен жүрегі,
Соғудан ел деп талмайды.

Мыс салт атты бүгінгі,
Ел бірлігін сатпаған.
Жылдарын өткен дүбірлі,
Көкірегінде сақтаған.

Ол туралы елдің жыр-әні,
Шалқиды Рейн көгінде.
Салтанатымен тұр әлі,
Кайзер Коблец төрінде.

2003 ж.

ПЕТЕРГОФ

Жанымда түлеп көп арман,
Санамда шалқып сағыныш.
Алдымда жатқан көгалдан
Басталған – толқын ағылыс.

Ағылған халық анталап,
Ақ ниет, үлкен жүрекпен.
Ізгілік теңдеп арқалап,
Нәзіктік, шіркін, дір еткен.

Сұлулық таңдай қақтырып,
Толқытып көңіл тереңін.
Үміттің шамын жақтырып,
Ақ сәуле құшып келемін.

Сыңғырап, бірі сылдырап,
Ұмтылған көкке фонтандар, -
Шөлмектің аузын ұрғылап.
Атылып жатқан шампандар.

«Құдайлар» алтынға оранған
Бақша ішінде жүр жосып.
«Бикештер керім жаралған.
Ұзақ күн кімді тұр тосып?»

Әр мүсінге жан салып.
Қойған-ау дейсің шеберлер,
Салтанатына тамсанып,
Өтті ме Петр кемеңгер?
Мұнда келген жас-кәрі,
Бұл күндер рахат кешеді.
Зұлымдық ойдың бастарын,
Періште пиғыл кеседі.

ПЕТРОПАВЛ ҚОРҒАНЫ

Ізгілік отын жаққандар
Жана алмай кеткен өздері.
Қоңырауын таңның қаққандар.
Аша алмай кеткен көздерін.

Салауат салып зор үнмен,
Орыстың бұлтын айырып.
Жаңа бір лектің көрінген,
Қанатын апты қайырып.

Талай ер, боздақ – жазғандар
Сандалған осы қорғанда.
Күркіреп, күліп азбаңдар,
Езулеп қанды сорғанда.

Патшалар неге тас жүрек?
Патшалар неге аң болған?
Қорғандай іші тас түнек.
Жанарға неге қан толған?

Мұнара биік басында
«Періште» бұлтты жұлмалап,
Жауыздық деген осында
Өрбіді ме екен жыл санап?

Патшалар жасап сұмдықты,
Ұлдарын елдің жойыпты,
Бостандық, бақыт, шындықты,
Қорғанға қамап қойыпты.

НЕВА

Толқыған Нева,
Шалқыған Нева – көк айдын,
Бауырында ойнап,
Қойнында мүлгіп тоғайдың,
Есілдей ерке
Көсіліп аққан сыландап.
Арнасы лықсып,
Жөңкіледі екен бұландап.
Толқиды тулап,
Толқиды демде сайран сап,
Кетеді зулап,
Адамдар тосын қайран қап.
«Метеор» ма әлде,
Толқын ба желдей ұшыртып,
Көк мұнарларды алады екен қусыртып.
Кеудені кере,
Жұтып ап салқын самалды,
Шырқайсың, бұрын
Айтып көрмеген жаңа әнді!

ЖАЗҒЫ БАҚША

Жазғы бақша әйгілі,
Қыдырған Пушкин қызымен.
Бермеген жырдан бәйгені,
Жүйріктің келем ізімен.

Жапырақ күліп, сылқылдап,
Күбірлеп оқып жатқа жыр.
Билейін деп те былқылдап,
«Әулие қыздар» шаққа тұр.

Аполлон, Зевс,Сирендер,
Саяда қалғып қалыпты.
Ретім де емес сүйреңдер,
Көп «құдай» қамап алыпты.

Тоқтатып жүрген елді көп,
Оқиын жырдың сарасын.
Пушкин тұрып келді деп,
«Тәңірлер» үрке қарасын.

ҚЫРЫМ

Жасыл Қырым, жас Қырым,
Аманбысың, жарқыным!
Барша әлемге танытқан,
Әсемдіктің жарқылын.

«Аю» тауға асылған
Ала бұлттар ап тыным.
Тыныс етіп жатыр ма,
Қара теңіз барқынын?

Тыныстаған Арғындар,
Кипаристі саялап.
Мекен еткен Арғындар,
Қолдан жасап сая-бақ.

Тұлпарының іздері,
Тасқа мөрдей басылып...
Қызғалдақтар түздегі,
Жүрегіндей ашылып.

Жайқалады қызыл гүл -
Бабалардың жаны ма?!
Естіледі бір дүбір,
Мені танып қалды ма?!

Жыр толғармын сен жайлы,
Тауларыңмен тілдесіп.
Бабам жортқан ен жайлау,
Қалмас па екем үндесіп?!

АЙНАЛАЙЫН, ЖАРЫҚ КҮН

Қырым күні шығады екен алаулап,
Нарт қызылмен жағалауды бояулап.
Тау да шөгіп, бас игендей бола ма,
Қызыл таңға, қызыл күнге баяулап.

Бар тіршілік арнап жатқан алғысын,
Уа, күн-Ана, құдіреттім, армысың!
Қара түннен, қара бұлттың ішінен
Адаспастан жеттің бе өзің, бармысың?

Адастырып кеттің қанша ізіңді,
Қанша уақыт көре алмадық жүзіңді.
Қара тас та қалтырауға айналды,
Теңіздің де «мінезі» сәл бұзылды.

Жел де тулап әнін салып сызылған,
Долы толқын жар соғады қызынған,
Қасиеттім-ау, күліп келген сәтінде
Жайнады жер, күлді көңіл бұзылған.

...Солай бізді адаспай-ақ тапты Күн,
Бұйра толқын баса алмады аптығын...
Тау мен теңіз жарық күнді мадақтап,
Жырлап жатыр тіршіліктің шаттығын.

Ой мен қыры тұнып қалған гүл баққа,
Жатыр Қырым жүзін беріп күн жаққа.
Нұрлы қолы нулы тауды аялап,
Күн жарықтық, жылжымайды аулаққа.

БАЛБАЛ

Аракідік кездесер паң далада,
Балбал тас қайдан келген бұл қалаға?
Көзіндей бабалардың, мәрттігіндей,
Бір өзін жүретінбіз мыңға балап.

Тудырған тас мүсінді қиялымен,
Тас дәуір адамдары-ай зиялы ма ең?
Қырымның қожасындай маңғазданған,
Балбал тас көз тартатын дуалы ма ең?

Миымнан талай ойдың ұшқыны өріп,
Мүсінге сонадайдан ұштым көріп.
Бойымды далалық бір сезім билеп,
Балбалды іштей тұрдым құшқым келіп.

Далама қайтып енді барамын ба?
Жоқ, мәңгі қалалық боп қаламын ба?-
Дейтіндей, маған балбал нық жайғасқан,
Ялтаның көрікті бір алаңында.

ЯЛТА ТҮНІ

Аспаннан түсті ме,
Ялтаның үстіне.
Жұлдыздар,
Маржандар,
Теңізден көшті ме?
Ялтаның үстіне?

Қызылды-жасылды,
Інжулер шашылды,
Түндегі қаланың
Көркі де ашылды.

Порттағы маяк та
Жағаны бояпты.
Қалғыған теңізді,
Ұйқыдан оятты.

Ыңыранып, күркүреп,
Жағаға дүркіреп,
Толқындар жүгірді
Жауырыны бүркілдеп.

Жұлдыздар арқалап,
Кемелер, бар қала.
Тылсым түн сиқырын,
Көресің Ялтада.

ҚАРЛЫҒАШТЫҢ ҰЯСЫ

Құзар тас көкке өрлеген,
Төменде теңіз тұңғиық.
Өмірі өзім көрмеген,
Көрініске жан тұрды ұйып.

Найзадай таудың басында,
Жарқырап тұрды бір сәулет.
Қамал ма дейсің расында,
Өткізген ғұмыр көп әулет?!

Қым-қуыт өмір шуынан
Безініп тауға шықты ма?
Тасыған дәулет буынан
Салдырған мұра мықты ма?!

Князь ба, бай ма,
барон ба?
Білмедім анық онысын.
Әйтеуір бір сыр бар онда,
Салдырған шыңға қонысын.

Көкірек көзі қияннан,
Көретін жан ба, кім білсін?
Өнерлі қолы қиялдан,
Жасапты дүние бір тылсым.

«Қарлығаштың ұясы»,
Дейді екен мұны көбі елдің.
Мисхордың қиян қиясы.
Көрмесі қазір өнердің!

ЧУФУТ ҚАЛА

Чуфут қала – қорған қала, тас қала,
Тас босаға, тас үй кілең тас қана...
Тас еден мен тас жолдарда тұрған қақ,
Тас қаланың көз жасы ма, масқара!

Тау басында тәңірменен тілдескен,
Тас қалада қай керемет күн кешкен?!
Тас мешіттің көкшіл күмбезі астында,
Аузын ашқан тас азаншы үні өшкен.

Кеше ғана қой-ешкісін қайырып,
Жүрген шал жоқ, қойлар жатыр жайылып.
Шыңыраудан су әперген шығырдың,
Найзағай ғой діңін кеткен айырып.

Жетіп кеткен, жетпей кеткен ғұмырлар,
Тастақ та бар, шомбал тасты тұғыр бар.
Шеберлер жоқ,
Шебер қолдың таңбасы –
Таудың суын сарқып жатыр құбырлар!

ТЕРЕҢ СОҚПАҚ

Терең соқпақ, мені де тауға асырдың,
Қай заманның ізі едің, қай ғасырдың?!
Шатқалды да, шыңды да аралапсың,
Міне, тағы найзадай құзға асылдың.

Жымға түскен аңшыдай елеңдегіш,
Айналаны қараумен келем тегіс.

Мәңгі жасыл ағаштар, мәңгі жасыл,
Жасыл торғын жамылған селен де еңіс...

Шайқалмаған тыныштық, ұйып тұрған.
Тамылжиды үңгір, тау ұйып тынған.
Тау үнсіз, үңгір үнсіз құжынаған,
Қанша елді құшағына сыйыстырған.

Қанша сұрақ миымды қамалаған,
Кімдер екен үңгірді паналаған?!
Қабат-қабат бөлмелер таудан ойған.
Шын өнер! Таңданып та қалам оған!

Соңына қалдырмаған қағаз, хаттап,
Белгі жоқ қай заманан кеткен тастап?!
Әр ошақтың өзіндік тарихы бар,
Соқпағы бар шығатын көшін бастап.

Сол соқпақтың бірімен мен де келем,
Өз-өзімнен асығам, желдей желем...
Терең соқпақ апарған дәл осындай.
Ғажайып үй-үңгірді көрмеген ем...

САПУН ТАУЫ

Ассақ деп таудан, белестен,
Адамдар талай кеңескен.
Тіршілік жолы оңай ма,
Шалдығып, кейде егескен.

Егескен, намыс жүректер,
Жеткізбей тәтті тілектер.

Сабылып жорға, тұлпарлар
Қалтырап қолтық дір еткен.

Не пайда кейіп, жасудан
Асу да керек асудан.
Несі бар таудың сыртында,
Адамнан әлі жасырған?!

Қазанаттарды қамшылап,
Ащы тері оның тамшылап,
Өр асып бара жатыр ел,
Өрлеген шыңға жолға ұсап.

Көрісі және жасы да,
Жетті әрең таудың басына.
Сабылтқан атты сабындай,
Сабын тау деген осы ма?!

КИПАРИС

Бойың сұңғақ аспанменен таласқан,
Мекенің тау, тал нұсқаңа жарасқан.
Сенен барын аямай-ақ табиғат.
Сұлулықты сыйлапты ғой о бастан.

Күннен күнге жасарасың, өсесің,
Кеуденде ашып нұр мен гүлдің көшесін.
Ғажайыпқа толтырасың сен нелер,
Сұлу сырлы көңілдердің кесесін.

КИПАРИСТЕР АЛЛЕЯСЫ

Тізіле қап өрлеген тау басына,
Кипаристер аллеясы осы ма?!
-Осы, - дейді бармақтай қыз білімпаз.
Ғұламадай, қарамастан жасына.

Жиналғандар зейін қойып тыңдап ек,
Сұлу қыздың сөз саптасы тым бөлек.
-Мисхор мынау, Қырымдағы керім жер,
Дегендей ол: ақын аға, жырла деп.

Жасыл Мисхор тұнып тұрған бау-баққа,
Аллеямен өрлеп келем тау жаққа.
Қасиетті орын, сауық құрған үш алып –
Толстой мен Чехов, Горький бір уақта.

Сулар ақты, өтті уақыт керуен көп,
Сезінемін: жүр-ау олар серуендеп...
Көре қалса сұрап қалар қапелім:
-Әй, жігітім, қай ауылдан келдің? - деп.

Көрініске әр елең ете беремін,
Көкірегімде күмбірлейді өлеңім.
Көз алдыма сұхбаттасқан аяңдап,
Үш ұлыны елестетіп келемін.

БАҚША САРАЙ

Жиһангерлер шұбырған қаптап бәрі,
Даңқы асқан соң Қырымнан, Қаптан да әрі.
Бақша сарай. Алтын тақ. Таққұмардың
Кеудесінде өршіді-ау аптаптары.

Қайқы қылыш, алдаспан, өткір болат,
Қабырғада ілулі өттім қарап.
Талай басты секірткен иықтардан,
Уақыт, семсерлерді кеттің қамап...

Бәз-баяғы қалпында өзгермеген,
Алтын бөлме бұрын еш көз көрмеген.
Хауыз бар әсем осы кең бөлмеде
Мүшәйрада қыз-жігіт сөз зерлеген.

Ғашық жанның көзінен өксіп тамған:
- Арманға жеткізбеген өшсін жалған, -
Деп мұздай тасқа тамшы домалайды,
Махаббат мәңгілік боп өстіп қалған.

ҚҰЛПЫТАС

Ғасырларды, тереңдерді жаңғыртқан,
Қырым-Гирей белгілі есім бар жұртқа.
Өр теңіздің толқынымен алысып,
Қанды қолы талай елді қаңғыртқан.

Жер жастанып жатыр, міне, мәңгілік,
Тұрар ма ол кеудесіне жан кіріп?!
Алмас қылыш ұстаған қол қозғалса,
Тұла бойы күшке толып жаңғырып.

Өлі жанды атақ пен даңқ жылытпас,
Қаусаған бас қарғысты да, сыр ұқпас.
Соны айтып жел өтінде тұр, әне,
Тірісінде өзі ойдырған құлпытас.

ВАЛЕРИЙ БРЮСОВТАН
БОЛАШАҚ ГУНДЕР

(Аттила, оның жұмағын тапта)
В. Иванов.

Әлемді жабар қара бұлт алып,
Қайдасыңдар, болашақ гундер?
Белгісіз сонау Памирден талып,
Келеді дүбір, естіліп үндер.

Мастанып алған көшкіндей көштер,
Ылдиға, бізге, құландар зулап.
Қыбырлап дене, жиналсын естер,
Ойнасын бойда қанымыз тулап.

Талқаны шығып, сарайлар сәнді,
Орнында қостар тігілсін самсап.
Тақытты сәулет орнында енді,
Шырқаңдар, билеп, әлемді тамсант!

Кітаптар жалын құшақтап жансын!
Қуаныш нұры жүздеріңде ойнап.
Ғибадатты үйді қан жайлап алсын,
Сендер ғой сәби, жүріңдер тойлап.

Шатқалға, шөлге, үңгірге түнек,
Апарар отты, біз, жаққан жаңа.
Сақтайтын сырды құпия, бөлек,
Ақындар менен ойшылдар ғана.

Белгілі бізге жай еді ол да,
Өзгерер, мүмкін, төңірек құрып.
Сендерді - мені құртатын қолды,
Гимнімді айтып қарсы алам тұрып!

ТАМЫР

Жасыл қыр да
Мұң басқандай қамыққан.
Сауықшыл жел
Суылдап жыр ағытқан.
Бұраңдаған
Қара жол да шаңытқан,
Қоламта иісті
Жерде тірлік сабылтқан.
Бұрым-шашын
Көл-көсір ғып жіберіп,
Ақ селеулер
Кең далада жүр өріп.
Бабаларым
Өткен шығар бұл жермен,
Көш – арбалар
Сықыр-сықыр үдеріп.
Басқа жақтан
Ауған елдің жолы ауыр...
Қамшылады-ау,
Боран атты едәуір.
Дастарқанын
Жайды қазақ кең пейіл,
Жан-жүрегін
Ашты оларға деп; бауыр!
Жолымызды
Таңдап алдық бәріміз.
Таусылмасын
Шырқап салған әніміз.

Ғасырларға
Сөгілмесін іргеміз.
Гүлдей жайнап,
Келе берсін сәніміз.
Жүрегімді
Достық сезім кернейді.
Мен даламнан
Айырылғым келмейді.
Сары далаға
Тарихы бар ғажайып,
Сес білдіріп,
Дауыл тыным бермейді.
Иықтарды
Түйістірсек егер біз,
Өмір жолда
Қиындықты жеңеміз.
Біздің достық
Мәңгілікке, тереңге
Тамыр жайған, -
Біз тамыр боп келеміз!

ЖҰМАҚСЫҢ ДАЛАМ, ЕРКІНСІҢ

Енді маған ештеңенің
Керегі жоқ, қызықпаймын.
Туған жердің топырағын
Басып жүру - қызық дәйім.

Аппақ орман - аппақ арман,
Құшағына сіңіп кетсем.
Жел делбесін мықтап ұстап,
Қияндарды қуып жетсем.

Көне тарих түтіні мен
Жұтсам ащы тезек исін.
Сонда ғана ашылардай,
Қолқа тамыр өзегі шын.

Алтын алқап. Алтын астық,
Жайқалып тұр бас ап күзде.
Көшкен бұлттар, ұшқан құстар
Бейнелерін басып түзге.

Далада адыр қас батырдай,
Тыныштықты сақтап тұрған.
Аңызға еніп, ғасырларды
Көрсем шыққан қаптап қырдан.

Көкжиекті түре қуып,
Қырда шапқан салт атты.
Көшпенділер салтанаты,
Әлемді де тамсантты.

Айдынына аспан шомған,
Есілім неткен еркесің?!
Тау жастанған далам, сен де,
Жұмақсың-ау, еркінсің!

ОТАНЫМ - ҚАЗАҚСТАН

Дөң астында көк егін,
Толқын ойнап, жайқалып.
Ормандағы алқаптар,
Қырға тартты шалқайып.
Саф самалды жұтасың,
Тұла бойды балқытып.
Ресейге сағыныш
Көңіліңді толқытып.

Ар жағында өзеннің
Сәйгүліктер жарысып,
Көкке сіңген тырналар,
Биіктікпен табысып.
Славянмын. Славян
Тегінен мен екенмін.
Қазақ жері - туған жер,
Қазақстан - мекенім.
Ат тұяғы даланы,
Дүбірлеткен, дүбілтіп.
Құпиясы жанымды
Елеңдетті, құбылтып.
Жусан иісті жел,күннің
Аппақ нұры қосылып,
Менің отты қанымда
Бара жатыр жосылып.
Еске түсіп осы сәт,
Ертедегі бір аңыз,
Рас қой деп қаламын,
Шындыққа бас ұрамыз.
Туған менің бір бабам
Сонау жылдар,ертерек
Киіз үйде өсіпті,
Анасына еркелеп.
Ауылдың шалған түтіні, -
Қоңырқай тартқан басым да,
Жел сипалап, жұлқиды,
Түндей бұйра шашымды.
Ұнайды маған қазақтың,
Шешен тілі өрнекті.
Ақсақалдардың ақылы,
Ұстап тұрған жер-көкті.

ҮМІТ (НАДЕЖДА)

(Сүйікті анам Надежда Ермолаевнаға)

Жарқырасын деп, жайнап гүлге көшем,
Үмітім деп атапты мені шешем.
Ашқұрсақтау шаруаның отбасы да,
Жалғастырсын тірлігін аман-есен.

Бұл үйге қайғы - қасірет уын шашты,
Ішінен дәм - тұз, бір кез, кие қашты.
Әйтседе, шешем байғұс үмітпенен,
Атар таң, шығар күнге қадам басты.

Тағдырдың көрдім мен де сан қыспағын,
Көп жылдар шешемнен де алыстадым.
Сонда оған қайрат берген, қуат берген,
Сол сенім лапылдатқан жан құштарын.

Ол күндей ақ аспаннан сәуле шашып,
Шешем одан көрген жоқ ажырасып.
Майданнан күтті әкемді үмітпенен,
Өзгелермен мұңдасып, қан жыласып..

Жеңіл емес менің бүгін тірлігім,
Сырқырайды жүрек, бауыр түні-күн.
Өзіммен бірге үміт пен сенімім,
Ажыраспаған, ажыраспайды бірлігі,

Қасиетті есімің мені ойлантты,
Қайран шешем, өмір бойы толғантты.
Үмітті менен ала алмайды ешкім де,
Аламын деген қателеседі тым қатты.

Мақтанышпен айтып жүрем күнде мың,
Үзілмейтін арқауысың жырымның,
Қайран анам, сен озсаңда өмірден,
Мен үміттің ұлымын ғой, ұлымын.

ЕҢ БІР АУЫР ЖЫЛ ЕДІ

Таң ағарды.
Елең-алаң қиырда.
Дамыл қалды.
Сенімімiз сиырда.
Отынға деп
Шықтық үйден орманға.
Отырған көп
Теректе әнші торғай да.
Қосыламын
Оларға мен ән айтып,
Осылай мен
Ұзақ жолды азайтып.
Орманға кірдік,
Исін-ай жұпар аңқыған.
Ғажайып көрік!
Қайыңдар қырда қалқыған.
Шауып жүр анам
Құмолтақты балтамен.
Бар күшті салам,
Арбаға отын артам деп.
Тағдырымның
Қарағандай жүзіне,
Сиырыма
Қарап қоям сүзіле.
Маңдайында

Жарқырайды жұлдызы.
Таңдайым да
Ақсыз кепті құрғұры.
Шойнаңдаған,
Сынық мүйіз сиырға,
Орман нағыз
Қапас оған бұйырған.
Жайылымда
Жүретін-ақ жөні бар.
Заманың да
Сұс көрсетті-ау, жануар.
Тұлданбайды ол,
Жүгін сүйреп келеді
Үйге қарай
Кейде, байғұс, желеді,
Мұнартып ауыл,
Қап-қара бұлт төнеді.
Соғыстан соңғы,
Ең бір ауыр жыл еді.

АБЫЛАЙДЫҢ АҚ ҮЙІ

«Абылайдың ақ үйі» - дейсің бе, сен?
- Енді көріп,еркің ғой - менсінбесең.
Қызылжардың бастағы төжіндей боп,
Сол түсетін есіңе Есіл десең».

(Ғафу Қайырбеков.)

Абылайдың «Ақ үйі» -
Бар қазақтың мақтанышы -ордасы.
Осы арадан басталған,
Бізге жеткен жол басы.
Сол жол елді әкелген
Тәуелсіздік, бірлікке,
Ақ орданың киесі
Бізді әр кез қолдасын.
«Ақ үй» жайлы қазақта
Ертегі де,аңыз көп,
Хан ордаға лайық -
Үй десе үй, нағыз деп, -
Тұғыры да биіктен,
Тұрысы да тым асқақ,
Сырлар тартып, ширатып,
Сөйлемеген абыз жоқ.
Аппақ нұрдан құйылған,
Кәусәрменен жуылған.

Құран Кәрім, аятпен
Маңынан жын қуылған.
Адалдық пен шындықтың
Оты лаулап ошақта,
Жылытады екен ғой,
Көңілдерді суынған.
Бодандықта жүргенде
Зарлап, жылап, азапта,
Дем берген де екен ғой,
Тұрысымен қазаққа.
Сүйеу болған екен-ау,
Сымбаты мен айбаты.
Есіне сап ерлердің
Жүргендігін дозақта.
Тағдырында осы үйдің -
Байтақ алаш даласы,
Асқақ-асқақ таулары,
Өзен, көл, сай-саласы.
Шағаладай ақ үйлер
Жайлау сәнін келтірген.
Тайға мініп жарысқан,
Бақытты қазақ баласы.
Абылайдың ақ туы
Шаншылып көкке тұрған кез,
Жан-жағынан сол туды,
Аңдуменен тұнған көз.
Атқа қонған батырлар
Ақырып жауды қашырып,
Қызылжардың басында
Жеңістің маршы туған кез.
Домбыралар күмбірлеп,
Дарбазалар дарылдап,

Қобыз, сырнай сыңғырлап,
Дауылпаздар дабылдап.
Түркістан мен Ақ үйді
Кемпірқосақ жалғады.
Шаттық толы жүректер
Толғанып, толқып, қабындап.
Қазақы үйлер күмістей,
Айқарылып түндіктер.
Мұрт майланып семізге,
Қымыздан күпті - тірліктер.
«Көрші-көрші», «Хан жақсы»-
Ойынға мәз қыз-жігіт.
Сылқ-сылқ күліп жеңгелер,
Күнмен ойнап күндіктер.
Сарыарқада тыныштық,
Елге келді береке.
Аспанында - ән қазақтың,
Даласында - мереке.
Шұрқыраған жылқының
Қалыңын-ай, көз жетпес.
Қой үстінде бозторғай
Жұмыртқалар жер-мекен.
Орындалып халықтың
Үкілі үміт, арманы,
Қиян-кескі қырғыннан
Аман-есен қалғаны.
Куә бұған Ақорда -
Көрі тарих сөйлейді:
- Беу, қазақтың көзінде
Бақыт-нұрдың жанғанын.
Терезеңді аш, Ақорда,
Күннің нұры төгіліп,

Алтын, күміс сәулеге
Ханның тағы көміліп,
Күй ойнасын көгімде,
Көкіректерде күмбірлеп.
Байғұс қазақ шаттықтан
Жыласыншы егіліп.
Қуаныштан жыласа,
Азаматқа несі айып?
Рас, кеше жүргені
Бөрікі де қисайып.
Кеудесінде – ақ боран,
Жүрегінде - кек қанжар.
Бір сәт тыныш көрмеген,
Жан-жағынан жау шауып.
Жылдар...жылдар..ғасырлар...
Көрмеген ол қуанып.
Қуануды ұмыту да
Қасірет қой - бұл анық.
Уайымның уын ішіп,
Өмір бойы мұң арқалап
Жүрген біздің бабалар-ай,
Болашақпен жұбанып.
Болашаққа жеткізем, - деп
Атырауды, Алтайды,
Сарыарқаны бабаларым
Ат үстінде қартайды.
Тізгінін де босатпай,
Қолдан найза түсірмей,
Туған жерге қарыздарын
Батырларым, қайтарды.
Бірі сенер, бірі сенбес,
Ерлігіне бабамның.

Сүйем жерін сүйегімен
Таңбалапты, қалдырып.
Жарқыншағы жүрегіме,
Жаныма кеп қадалды.
Қасиеті дарысыншы
Жүрегіме, жаныма.
Ортаймаймын. Марқаямын,
Жалын құйып қаныма.
Жаңа ғана келгендеймін,
Дулы өмірді қызықтап,
Таң-тамаша боп қараймын,
Аппақ атқан таңыма.
Бабалардан қалғаны -
Асқар таулар, құба бел,
Нулы орман, күміс көл,
Көкорай шалғын - тұма жер.
Бұл дәулетті ұстауға -
Ақыл керек, дәт керек.
Сонда ғана өлкемді,
Жұмақтай көріп, тұрады ел.
- Намысшыл бол! - дейді екен,
Кейінгіге аталар.
Осы үйде де айтылып,
Берілді қанша баталар.
Шарт жүгініп, ал кейі,
Бір тізерлей отырып,
Қас батырлар тыңдаған -
Қабыл болсын баталар.
Игі тілек батадан
Өрілмесе от жалында,
Қазақ ерлік жасай ма,
Қып-қызыл өрт - жалында?!

Қырғындарда қылышы
Ойнар ма еді жасындай.
Суырылып қанжары
Жаудың қошқыл қанында:
Қазақ, бірақ, ешқашан
Бөтен елді шаппаған,
Басқа елден бақытын
Іздемеген, таппаған.
Жерін өртеп,ойрандап,
Сүргін, лаң салмаған.
Ер-әйелін күң, құл ғып,-
Шаңырағын жаппаған.
Бұл қазақы ұлылық
Хан ордада хатталып,
Жалпақ елге жайылған,
Мәңгілікке жатталып.
Көршілердің жеріне
Көз алартпай, қызықпай
Өткен екен бабалар.
Жүрем соған мақтанып.
О, Ақорда, білесің
Қан жұтқанын халқымның,
Қылышының астында
Сұлағанын әркімнің.
Қанша тағдыр...
Жете алмаған мұраттар,
Бақыт, арман табанында
Әр төбенің, әр құмның.
О,хан сарай-қарт шежірем,
Жарқыраған арайлым,
Өткен күндер биігіне
Сен арқылы қараймын.

Бар болғаның қандай жақсы
Қызылжардың төрінде.
Барша қазақ қауымындай,
Сені күнге балаймын.
Жарықтық Күн сияқты,
Сен көнелер көзісің.
Көргеніңнің бәрі – бейнет,
Дәл қазақтың өзісің.
Мүмкін,сені бәз біреулер
Қораштау дер, нашар дер,
Қарапайым қалпыңменен
Сен дұшпанның тезісің.
Теріскейін даламның
Төске ала жайғасқан,
Ақ үй осы өңірдің
Қожасындай жарасқан.
Сақшы десін кейбіреу,
Шекараны күзеткен.
Дұрыс дер ем бәріне де,
Тіпті де мен таласпан.
Әйтеуір, бұл «Ақ үй» менің
Бала күннен есімде.
Қариялар жырдай айтқан,
Талай жаздың кешінде.
Тауыса алмай
Ол жайында аңызын,
Ат күзете барған бізге
Сыбдырлайтын Есіл де.
Қараушы едік топ-топ бала
Жар басына қиялдап.
Жар басында аппақ үй –
Жаралғандай қиялдан.

Мынау аспан аспан емес,
Салтанатты сарайдай.
Абылай хан алтын тақта,
Байқайтын ек тұманнан...
Ол алыстан көрінетін,
Алтын тәжі жарқырап.
Қарай-қарай көз майымыз
Таусылып,
Бой қалтырап.
Көңіліміз марқайып,
Тарайтын ек, талай сырды
Көкірекке артып ап.
- Абылайдың «Ақ үйі» деп,
Қазақ қате айтады.
Олар қырда көшіп-қонған,
Үйді салып қайтеді?
Қатын патша салдырған үй
Салтанатты, сымбатты.
Ханға емес, ақсүйектер
Онда сайран етеді.-
Десін бізге «білімпазы»
Кеңес деген заманның.
Қарсы пікір-сен бірісің
Қоғамдағы жаманның.
- Сонда біздің Сәбит
Тарих білмей ме,деп кейисің.
Ол жұмақ та орнатады,
Дейді, - ұшымен қаламның.
Бұдан әрі сөйлесуге
Тіл кесіліп, үн өшті.
Енді қалай аудармай-ақ
Апарамыз бұл көшті?

- Абылайың ақ патшаның,
Ұлы елдің қас жауы.
Қызылжарға, бұл қорғанға
Қалай келіп жүрмекші?
Міне осылай кете берер
Ирек-ирек сұрақ,сыр.
Қазақ байғұс, жүрегіңнен
«Абылайды» лақтыр.
«Ақ үй» жайлы ешуақытта
Ойланба да, толғанба.
Одан да сен Абылайды,
«Ақ үйіңді»
Жоқ! - дегенге құлақ түр.
«Ақ үй» десем сол тұста,
Қырқушы еді тілімді.
Түн ететін жайнаған,
Жарығы мол күнімді.
Бір ғажабы, жылай да
Алмаушы едім адамша.
Шығара алмай шошынып,
Көмейімнен үнімді,
Алқымыма тығылып
Ашуым да, ызам да.
Кегім қайнап жүректе,
Қаным тасып, қызам да,
«А..бы..ла...й!» - деп айқайға
Салғым келіп,.. жым болам.
Райымнан қайтамын,
Өз шартымды бұзам да.
Заман болды бір басқа,
Жаман болдым, оңбайтын.
Ұлылардың қазаққа

Көңілдері толмайтын.
Қойдан жуас қоңырдың
Тарихы жоқ, тегі жоқ.
«Бұлар қайдан келген? - деп -
Өздерінше ойлайтын».
Тереңіне тарихтың
Барып қайтсын, қиналып.
«Жүре берсін әзірше
Қара тобыр жиналып»-
Десе керек білгіші,
Бізді кісі көрмейтін
Қанындағы «ірілік»
Ұлылыққа уланып.
О, жасаған, біз сорлап,
Барымызды жоғалттық.
Барды жоқ деу, шынында,
Соқырлық та, ағаттық.
Құдай өзі кешірсін,
Кешірсе игі содырлар.
Қасиетті мұраға
Надандық сөз - оқ аттық.
Халық – құдай. Ол әсте
Өтірікті айтпайды.
Әділдіктен, шындықтан
Бойын тартып, қайтпайды.
Өзіме өзім сенем бе?
Халқыма да сенемін.
«Ақ үй» жайлы қаңқу сөз,
Жаныма еш жақпайды.
Жүрегімді жаралайды,
Көңілімде ала қайғы.
Менде жүйке жоқ па екен,

Неге олар қарамайды?
Жарама сап у тырнағын
Жанды қинап, ауыртады.
Қисайтпастан мұртын, қасқа
Елдігімді қаралайды.
Біз баяғы жылқы мінез
Қазақтықтан тана алмаймыз.
Кеш оянып, кеш сезініп,
Жанар тұста жана алмаймыз.
Санды соғып, бармақ тістеп,
Өткен іске өкінеміз.
Уақытты желге ұшырып,
Тиістіні ала алмаймыз.
Мейлі, орыс, қазақ салсын,
«Ақ үй» мені баурап алған.
Жүрегімде мәңгілікке
Ыстық сезім орнап қалған.
Көкірегімде тулап шаттық,
Ақ ордама мақтанамын.
Құшақ толы жайнаған гүл,
Шақырады алдан арман.

* * *

Қара түнек серпіліп түн,
Көк аспаннан шашылып нұр,
Қазаққа да туды ғой күн,
Бақ маңдайы ашылып бір.
Өз еліне өзі қожа,
Туған жерін мансұқтайды ол,
Бостандыққа қол жеткен ел,
Қуаныштан тасынып тұр.
Қаңқу сөзді сырып тастап,
Нұрсұлтаным елді бастап,

Қиындықтан қайтып қашпақ -
Жеңіп, елдік құлпын ашпақ.
Орындалып көп тілегі,
Бағы жанып, ел түледі,
Бар әлемді таң қалдырып,
Ұмтылды Елім арманға аппақ.
Нұрсұлтаным басқарған Ел,
Дәулеттенді, құлпырды жер.
Өзге жұрттан қалыспауға,
Қайраттанып, бұлқынды ер.
Қызылжар да гүл жайнады,
Самала үйлер бар аймағы.
Өшкеніңді тірілтті деп,
Төңірекке жыр қылды жел.
Президентім Нұрсұлтаным,
Жарлық берді, нүкте қойды,
Абылайдың Ақ үйі енді,
Қызылжарда тіктеп бойды,
Жарқырайды, күндей күліп,
Қуанышқа бөлеп жұртты,
Жетелейді мақсаттарға,
Қиялдарға, биікке ойды.
Неге жүйке тоздырамыз,
Несіне енді жанды жейміз,
Өлгеніміз тірілді де,
Өшкеніміз жанды дейміз,
Қанша жылдар қайғы құштық-
Ақ үй бізді толғандырып,
Шырқайықшы шаттанғанда,
Тойда айтатын әнді де біз.

1999 -2007 ж.ж.

ШАЛ АҚЫН

(Поэма)

ҚҰЛЕКЕНІҢ ҚУАНЫШЫ

Басына Құлекенің бақыт қонды,
Ұл туып, ұлан-асыр жасап тойды.
Жиналған көкжал батыр, маңғаз байлар,
Сәбидің Тілеуке деп атын қойды.

Зырылдап өтіп жатыр білінбей-ақ,
Неше жаз, неше көктем күлімдеп-ақ.
Балалық бал дәуреннің құшағында
Өсті бөбек даланың гүліндей нақ.

Қалқиған құлақ, мұрын, қара көзі,
Томпиған тұрысы да, тамаша өзі.
Тіл-көзден сақтасын деп қариялар,
Бөркіне қадап қойған «тана көзді».

- Япыр-ай, тілі қалай, тақылдаған,
Жүйелі сөзі тақпақ, саңқылдаған.
Бес жаста алпыстағы ақсақалдың,
Ойымен көкірек көзі аңқылдаған.

Қызықтап Тілеукенің шешендігін,
Түйді ел – болашақта көсемдігін.
Үкілі үмітін бір үзбей ұлдан,
Ауыл-үй тілеумен жүр есендігін.

Бала боп асыр салмай мына «мықтың»,
Жоғалтқан әсерін де балалықтың.
Бұл өзі шалға лайық - деп күлісті ел,
Сол сәттен арқалатып «даналықты».

Кейбіреу бала тілін қызықтаған,
Шуласып, азан-қазан, қызып та оған.
Түйеден түскендей сөз шалт еткізіп,
Есінен талған есер «бұзықтаған».

Құдайдың бере салған қасиеті,
Талантқа елдің бәрі бас иет те.
Су жұқпас шашасына жорғадайын,
Би әлде, ақын болар ақ ниетті.

Тілек те, үміт кетті кішкентаймен,
Көктемде қырға қарай ұшқан таймен.
Баланы толғандырды, ойландырды,
Қара су сеңді қуған терең саймен.

Жас бала қызықтай ма,таңдана ма?
Жұмбағы тіршіліктің таңда ғана.
Таң деген кең даланың қоңырауы,
Таңменен орман, тоғай жандана ма?!

Қара түн басып алып төңіректі,
Қорқытып жүрек, жанын еңіретті.
Күн шықса жер бетінде сәуле ойнап,
Көңілдің ақ желкенін желбіретті.

Жақсылық,жамандық та осындай ма?
Екеуі бір біріне қосылмай ма?

Қосылса қызыл өрттей даладағы,
Немесе найзағайдай жасындай ма?!

Ұзақ жол - тіршіліктің бұраңы көп,
Уақыттың өтіп жатқан тұрағы жоқ.
Ауылда жақсы, жаман тұрып жатыр,
Мұның да түсінбейтін сұрағы көп.

Сонымен жас Тілеуке Шал атанып,
Ел-жұрттан ойда-жоқта жаңа ат алып,
Қазаққа абыз болды алты жаста,
Ұшуға жұлдыз болып, қанаттанып.

УА,ТУҒАН ЖЕР

(Бала Шалдың елін тауып келуі)

Лапылдап жанған оттай, атқан оқтай,
Құйғытқан ат жанары қызған шоқтай.
Шелектей танаулары күр-күр етіп,
Ұшқандай қанаттарын қақпай-соқпай.

Күтірлеп болат тұяқ тасты уатып,
Жалтылдап ұшқын шашып, тауды оятып.
Тізгінді бос жіберіп, жалдан ұстап,
Шал аттың арқасына алған жатып.

Шабысы қарагердің үдей соққан
Дауылдай, әлде,өзен гүрлеп аққан.
Кездескен бөгеттерді таспен ұрып,
Ат келет бала мінген Орал жақтан.

Қош, Орал зарықтым-ау елімді аңсап,
Ата-ана мені ойлап қалды-ау қаусап.
Сендер де қош болыңдар, қарағайлар,
Қайыңдар шығарып сап тұрған самсап.

Жылқысын айдап елдің шұрқыратып,
Мені де қоса әкеткен шырқыратып.
Қазандай өкпем менің естектерге,
Ауыртқан жанын жұрттың сырқыратып.

Жай жатқан елді шауып, қан жылатып,
Барымта қайдан келдің, қайда жатып?
Қазақтың, естектің де есерлерін
Тыятын кеткен құдай қайда батып?!

Көл болған көздің жасын тыя алмастан,
Бала зарлап, шықпайды үрей бастан.
Құғыншы жетсе көрмей ел қарасын
Мәңгілік оны түнек, дүлей баспақ.

Бала түгіл үлкендер жол біле ме?
Тау-тастың бытқылы көп, жөн біле ме?
Көрсетер пенде де жоқ ел бағытын,
Күн біле ме, гуілдек жел біле ме?

Қарагер атасының ардақты аты,
Аңға да, жауға мінер - артық заты.
Құғында көп жылқымен бірге кеткен,
Жануар Шалды көріп арқырапты.

Жаушылар таратты да олжаны елге,
Баланы тапсырған-ды ордалы ерге.

Байлаулы қарагерді көріп бала,
Мініп ап қашып шыққан, айхай, елге!

Талайдан бауыр басқан жануарым,
Сен ғана сенерім де, табынарым.
Жеткізші мені ауылға, ата-анама
Сағынған шығар туыс, бауырларым.

Сағындым Есілімді көктей аққан,
Жағада құмын толқын зерлеп жапқан.
Сағындым Аю тасты асқарымдай,
Сияқты мені іздеп келе жатқан.

Сағындым тоғайдағы талдарды да,
Ондағы еркін жортқан аңдарды да.
Есілдің суында ойнап, құмында аунап,
Өзенге қармақ салған балаларды да.

Ерекше дыбыс берген аймақтағы,
Сағындым қара құрды ойнақтағы.
Жеңгем-ай, май боп кетті-ау маған арнап,
Қалқыған сүт бетінен қаймақтарың.

Қарагер, шүу, жануар аянбай шап,
Көрмесін қарамызды қуған найсап.
Бағытты, бағдарды да ұмытыппын,
Сен өзің, туған жерді, ауылды тап.

Тізгінді бос жіберді ол шылбырды да,
Жануар бір үн берді, шыңғырды да
Шылбырдың бір ұшымен қақты бала
Қарагер ұмтылды алға, ырғыды да.

Айырып дүлей дауыл, дүлей желді,
Шабысы қарагердің үдей берді.
Арада күндер, түндер қалған сайын
Бала да бастан қуды үрейлерді.

Қарагер ми-батпақты сауырлап та,
Төтелеп шауып келед ауыл жаққа.
Жылқыны жершіл деген рас екен,
Шабады аз-кем оттап, дамылдап та.

Жануар тауды артқа сап,ормандарды,
Төсінде кең даланың ойрандады.
Ауылдың түтіні кеп танауына,
Қарагер шаппай желіп, тайраңдады.

Бала да ел жақынын түсінеді,
Күліп, жылау - қуанған пішіні еді.
Сылдырын көк Есілдің естіді ме?!
Жануар тұра қалып кісінеді.

ШАЛДЫҢ ТҮС КӨРУІ

Жас бала түс көреді ұйықтап жатып,
Таң қалды мол қызыққа әбден батып.
Аспаннан ақ киімді шал түсті кеп,
Балаға үн қатты ол сөзбен тартып.

- Мен сені іздеп келдім көрейін деп,
Қолымнан саған бақыт берейін деп.
- Тіпті де қарсы емеспін, ататай-ау,
Сіз айтқан сөзіңізге көнемін де.

- Әрқашан үлкен сөзін дұғалықтай,
Сақтайтын жүрегіне бала ұмытпай.
Қазақтың тәрбиесі тамыр қуған,
Осында жатыр-ау бір даналық та.

Бақытты маңдайыңа берейін бе?
Байлықпен өсіп жүрсін мерейің де.
Жоқтықтың не екенін білме, көрме,
Салтанат құрып өтсін өренің де.

Бақытты берсем бе, әлде, көмейіңе,
Дауысың келіп жүрсін кемеліне.
Даңқыңды ақындықпен аспанға өрлет,
Халқың да құрмет етсін өнеріңе.
-Атажан бер бақытты таңдайыма,
Салайын мың құбылтып қайдағыма,

Ақын боп ел еңсесін көтерейін,
Бұйырған осы болар маңдайыма.
-Жарайды, - деді ақсақал - бердім, бердім,
Бақытың бұдан былай үстінде елдің. -

Деді де ғайып болды аққудай шал,
Бала да ұйқысынан тұра келді.
Қашанда таланттының киесі бар,
Ондай жанның сөзінің жүйесі бар.

Шал-дағы ардақты ақын, арынды әнші,
Қолдайтын, қолтықтайтын иесі бар.
Қолына домбыраны ала салып,
Ыңылдап,әр әуенді бір-бір шалып.

Күңгірлеп, күмбірледі қу қарағай
Жорғадай Шал қолында судай ағып:
Пасыл да, пасыл, пасылмын.
Аққа құлпы жасылмын.
Жақсыға сырым жасырман,
Жаманға сірә бас ұрман.
Мен бір шапқан жүйрік ат,
Бір желіксем басылман.
Өттің бір дүние, өттің-ай,
Теңселе басып кеттің-ай,
Мен бір жүрген жорға тай,
Жылжи да басып кеттім-ай.
Домбыра қолда қарағай,
Қолға да оны алған соң,
Әріден бері салам-ай,
Жоғары мен төменге,
Ылди менен өреңге,
Даңқым кеткен баламын...
Әуенмен жыр төгілді аққан селдей,
Гуілдеп Қара теңізден соққан желдей.
Шымшылап бетті, бойды қалтыратып,
Ойыңның шың-құздарын кетеді өрлей.
Сөйтіп ол толғантады жүрек, жанды,
Тікен ұстап, шоқ басқан кейбір жайды.
Күн мен түн, жақсы, жаман, дос пенен қас
Бітіспес тірес, бірлік, өлім жайлы.
Саясы жоқ бәйтерек
Саздауға біткен талмен тең.
Жақсы ағаңыз бар болса,
Айдында сары белмен тең.
Ағайының көп болса,
Ұлық бір шеру қолмен тең.

Ақылсызға сөз айтсаң,
Алды бір тұйық жармен тең.
Жақсы қатын алсаңыз,
Алланың жауған нұрымен тең.
Жаман қатын алсаңыз,
Маңдайға біткен сормен тең.
Уайымшыл жігіттің,
Кең дүниесі тармен тең.
Уайымсыз жігіттер,
Қара бұлан нармен тең.
Жетесі жаман жігіттер,
Тоқсандағы шалмен тең.
Жаманнан көрген қорлығың
Көкірекке біткен шермен тең.
Бір қалған соң көңілің,
Қаңтарда қатқан мұзбен тең.

ТҰҒЫРЫН ТАСТАН ЕМЕС, ТАУДАН САЛҒАН

Ақын Шал топқа түсті он бес жаста.
Ақыл мен даналықты жинап басқа.
Алқалы ел алдында аңырады,
Төгілтіп кім тұрса да аспай-саспай.

Сөйледі сөз маржанын төгілдіріп,
Көусөрға жан сезімін көмілдіріп.
Уына, балына да махаббаттың,
Сүйіскен жас жүректі егілдіріп.

Ағызып тілдің майын сорғалатып,
Жырды да лекілдетті жорғалатып.

Ата-ана, әйел, еркек-адам жайлы,
Көңілде бұғып қалған арды оятып.

Сын болған қазағымның елдігіне,
Бірлікті толғады ақын енді, міне.
Елдігің басталады отау үйден,
Қазақы келініңнің кеңдігінен.

Кәрісін сыйлап, күткен ұл мен қызы,
Жарасқан жас жұбайлар нан мен тұзы.
Кей кезде қаяу салып көңілдерге,
Шал жүрегін жаралап у мен сызы.

Ағайын бір-біріне жақындамай,
Сырт тұрса толғанбайды ақын қалай?
Ағайын аңдысады, жау шапса егер
Қала ма жаумен бірге тақымдамай.

Алты ауыз араздықтан тапқаны жоқ.
Қазақтың тапқаны жоқ, қапқаны боқ.
Ақынның жан айқайын естігеннің
Ішінде жауға жерін сатқаны жоқ.

Алдында Асанқайғы, Бұқар ақын,
Өнерде Шал емесқой жұқаратын.
Солардың өзегінен өріп шыққан
Әйгілеп он бесінде шырқау атын.

Жап-жас болып шығарған аспанға атын,
Ақыннан дос-дұшпаны жасқанатын.

Ақынды естігем көп жер бетінде,
Халқына көсемсөзбен бас болатын.

Шал ақын қарт Бұқарға жалғас кісі,
Тұсынан өзі теңдес алмастысы.
Сөзіне тоқтаған ер,тоқтаған ел,
Адуын, ақындардың албастысы.

Әрі әнші,әрі жыршы,ақын кісі,
Халықтың қазақ деген ақылшысы.
Қазаққа ақыл айту оңай емес,
Басып тұрса қайтесің ақыл, мысы.

.

Екі жарым ғасыр ғой арада өткен,
Әлі үнін естиміз аспан көктен.
Ол биіктен жырлайды ұрпақтарға,
Бірлікті, елдікті айтып өктем-өктем.

Ғасырлар асқарынан толғайтыны,
Қазақтың бақыты оның ойлайтыны.
Данышпан ұлы бабам түсінеді,
Жырына ұрпақ терең бойлайтынын.

Тұғырын тастан емес, таудан салған,
Самғау көкті өмірден таңдап алған.
Биіктікке шақырып қалың елін,
Ал өзі мұзарт шыңда орнап қалған.

2001 ж.

АҚ БОЗ АТ КҮЙІ

(Аңыз)

Жоңғар мен қазақ болған қырықпышақты.
Қазақтың елін тонап, малын шапты.
Күңіреніп ауыл үсті, азан-қазан,
Иесіз талай үйлер жабық қапты.

Шапқыннан берекесі кеткен елдің,
Қайнаған көкірегі ыза, шер-мұң.
Қалың ел басын қосып, жауға аттанып,
Тазартқан топырағын туған жердің.

Сонда да жаулық құрып, жанталасып,
Жүректе кек пен намыс тай-таласып,
Жоңғарлар бейбіт елді тори берген,
Тыныш-ақ отыра алмай, жай жарасып.

Ауылдар оннан, жүзден жігіт сайлап,
Өжеттер қару алып, найза қайрап,
Ұзақ таң ұйқы көрмей қарауылдап,
Келген жау кетіп жүрді тұмсық жайрап.

Қазақтың Арғын атты руынан
Елге бас, қол жинаған жүзден, мыңнан,
Жау десе жанға тағат таба алмайтын
Ер бар-ды, қаймығатын жоңғар мұнан.

Ер Ақыл мекендеген Жолдыөзекті,
Ел-жұрты малын сонда өргізіпті.
Жүзгізіп тұнығына тұлпарларын,
Ақындар Жолдыөзек деп жыр безепті.

Сүйсініп Ақылының ақылына,
Халық та бата берген батырына.
А, құдай, сақтағайсың! - деп тілейтін,
- Келтірме зұлымдықтың зақымына.

Сыйласа сыйлайтын ел жігіт еді,
Көрмеген ойын жұрттан бүгіп тегі.
Қолында сал домбыра бебеулесе,
Жілігін қойдың бұрап үгітеді.

Батыр бар жоңғарда да қол бастаған,
Ол Шерен жаушылыққа жөн тастаған.
Қанды қол, айуан тырнақ ұмтылғанда,
Көріні де, жасты да жер жастаған.

Жер өртеп, ел тонаған,байлық тапқан,
Құл болған талай сорлы мұңға батқан.
Сұлудың ақ білегін қапсыра ұстап,
Сүйрелеп шатырына жымың қаққан.

Отты көз, дөңгелек жүз, мысық мұртты,
Ешкімге сөз бермейтін пысық, ұртты.
Мың сан қол ерседағы Шеренге бұл,
Қиян-кескі соғыста көбін құртты.

Елінің көбі кетті тоз-тоз болып,
Батысқа, шығысқа да қойдай өріп.
Елсіз ер-ай далада жалғыз төбе,
Сүйеніш кеткеннен соң, болмас көрік.

Қасында жүз шамасы әскері бар,
Мекен ғып орман ішін жүрген ожар.

Жүрегін жегідей жеп намыс пен кек,
Ақылды тосын барып құртпақ олар.

Бір күні Шерен жиып жігіттерін:
Салмақпен, - деді оларға үміткерім.-
Біз түнде жүз жігітпен жол тартамыз
Жылғалап Жолдыөзектің шіліктерін.

Бәрің де бес қаруды ыңғайлаңдар,
Бірін мініп,бір атты бос байлаңдар.
Жүректе тұнып қалған қанды кек бар,
Ақылдың елін шауып, той тойлаңдар.

Қалмасын бірі тірі кемпір-шалдың
Бөбегін де құртыңдар бәтшағардың.
Сұлуларын қамаңдар қараша үйге,
Сонан соң біздікі ғой бәрі малдың.

Жігіттер мақұлдады Шерен сөзін,
-О, Ақыл, ертең сенің келер кезің.
Ер салып аттарына отырғанша,
Асықты желбуаздар қалмай төзім..

Шуылдап, дуілдесті - мәрә-сара,
Бәрінің көңілінде бітпес жара.
Жол бастап ақ боз атпен Шерен тартты,
Алдында ондаған ат жеке дара.

Маужырап Жолдыөзектің айлы түні,
Құстың да шаңқылдаған шықпайды үні.
Елтітіп, есіңді алып, мұрын жарған,
Балауса жұпар иісті қырдың гүлі.

Ақ боз ат шұлғып тастап, байқап басып,
Сыбдырсыз, бұлаң құйрық айласы асып,
Қайшылап құлақтарын елеңдейді,
Ал Шерен тіп-тік отыр көңілі тасып.

Кейінде опыр-топыр аттар легі,
Шылдырлап ауыздықтар,алған демі.
Қосылып түнгі ауаны дірілдетіп,
Көл бетін қозғағандай самал желі.

Жолшыбай қара қошқыл түнгі орман,
Сыр деспей,сескенгендей мұнша қолдан..
Қу шыбық тұяқ ұшы тиіп қалса,
Секірер шошынғандай жатқан жолдан.

Тілдеспей, тізгіндерін тежеп ұстап,
Болса да өр көңілдері ұшып қырық-сақ.
Ажал ма,алып келген қазына ма?!
Ақыл да болмайтын жау, қолы мықты-ақ.

Біреуі шолақ ойын қылыш етіп,
Біреуі сұлу сүйген есі кетіп.
Жеңілген жаудың малын айдағандай,
Қамшысын иіреді босқа елтіп.

Қалшылдап отыра алмай үстінде ердің,
Томары көрінеді жау боп белдің.
Бойларын кей сарбаздың қорқыныш ап:
- Япыр-ау, - дейді іштей: - неге келдім.

Шерендер алаңқайды орап өтіп,
Шіліктің сілемдерін пана етіп,

Сары жұлдыз шыққанында шақырайып,
Қалыңның қойнауына келді жетіп.

Мұнда өскен қайың мен тал, шілік, терек,
Оймыштап табиғаты салған зерек.
Ат белін босатуға Шерен бастап,
Тоқтады, таң сібірін күту керек.

Аттардың бірін тұсап,бірін байлап,
Жайғасты жігіттері «а, құдайлап».
Қазақтар түні бойы ұйықтамайды,
Тимекші таң алдында тәсіл сайлап.

Биіктен, таңнан қарап үнемі Ақыл,
Қиырды дүрбіменен көрер жақын.
Сақ еді, жолбарыстай қырағы еді,
Дұшпаннан қалған емес әлі ғапыл.

Жайылған ақ жібектей таң сәулесі,
Құбылды құба жоннан, қыр кеудесі
Тағынып көде біткен шықтан інжу,
Бүркеді ойлы орманды бу пердесі.

Біртіндеп қараңғылық қалыңға еніп,
Төңірек қошқыл күрең сурет беріп,
Теректің қалтыраған жапырағы,
Сыбдырсыз тәтті ұйқыға кеткен еріп.

Аспанда қанат қақпай бала қыран,
Айналып аңдумен жүр қылтадан аң.
Ілініп аспан мен жер арасында,
Бозторғай тыным таппай шырқайды ән.

Шоғырмақ тал түбінде иірілген,
Ақылға көрінді топ дүйім жерден.
Қоймаған зұлымдығын жұлынса да,
Бұл Шерен жау екенін білді мерген.

Шереннің қолы болса мына жатқан,
Қайда екен, ақ боз аты тұмар таққан?
Жел жүйрік садақ оғын ілестірмес,
Онымен Шерен талай елге шапқан.

Ақыл ер дүрліктірмей елі -жұртын,
Жау жаққа көзін салып дүркін-дүркін,
Қолында жан серігі күлдір мылтық,
Қасынан тастамайтын күндіз, не түн.

Көз көрім жерде шілік жапырылып,
Шеткері шықты ағараң атып ұрып.
Жеткенде күлдір оғы маңдай тұсқа,
Құлады ат, қалың тулап, сапырылып.

Білмеді қалмақ жағы болған жайды,
Көрмеді тас төбеден түскен жайды.
Дыр-думен шабуылға сайлануда,
Сезбеді оң жағында солған айды.

Шарасынан шығардай бақырайып,
Қос жанар көрмей босқа шақырайып.
Жүгірді атқа Шерен жүз сүрініп,
Әншейінде жүретін қақырайып.

Құшақтап басын аттың еңіреп кеп,
Зарлады ол, жабыққаннан өңіреп көп.

Жоңғарлар абыр-сабыр, беймазалы,
Мүлгіген таң нұрымен төңірек тек.

Егіліп жылады да, зарлады да,
Қанаты, баққан оның бар малы да.
Үйі де, Отаны да, баласы да,
Айырылды ол да тірі қалмады да.

Жоңғарлар сезді Ақылдың қолы екенін,
Маңдайын тескен аттың оқ екенін.
Көпшілік сезіп қалды, - десіп састы.
Біледі қазақтардың мол екенін.

Қуады-енді жылдам қашайық, - деп,
Тездетіп Жолдыөзектен асайық! - деп.
Ақ боздың басын кесіп, бұтаққа ілді,
Қалмасқа жерде ишара жасайық деп.

Шеренге ат өлімі қатты батты,
Қайғысы жүрегіне мұз боп қатты.
Қолға алып жез сыбызғы, күйінішін
Іштегі шығаруға алып тартты.

Күй шықты баяу ғана күңіреніп,
Кейде жай, кейде қатты еміреніп.
Кібіртік, бірде ойқы, бірде шойқы,
Күйменен барады жан тебіреніп.

Адымын жазып тұлпар жарысқандай,
Сүзісіп,екі бұқа алысқандай.
Даланың ойран-топыр шаңын қағып,
Әскерлер бір бірімен шабысқандай.

Домалап шыңнан дәу тас құлағандай,
Ашынып зәбірлі жан жылағандай.
Айырылған күшігінен қапылыста,
Арыстан ыза буып тулағандай.

Бірде тік, кейде көлбей күй домалап,
Жүректі шымшып, тартып, не жұлмалап.
Секіріп, лықсып, ырғып өр басына
Шығып ап, шыңғырғандай қол бұлғалап.

Сызылтып, сыңғырлатып, тамылжытып,
Дүние тынған күйдің балын жұтып.
Сары балақ құйылғанда аспан-көктен,
Қу түлкі айласына салып зытып.

Сылқылдап, сылдыр-сылдыр аққан бұлақ
Күркіреп тау суындай жатқан құлап.
Кеудесін тіміскілеп сыбызғы үні,
Күйшінің жанарында от бұлдырап.

Тебініп ақ боз атты айдағандай,
Секіртіп, орғып, қарғып, самғағандай.
Қабағын қарс жапқан Шерен күйші,
Жіберсе дүниені жалмағандай.

Күркіреп жауар бұлттай шартылдатып,
Күй кетті сабау ұрып сартылдатып.
Бүкшитіп дәу албасты күйшіні езіп,
Әкетіп бара жатыр қалшылдатып.

Ауырлап тұла бойы, басы зеңіп,
Шереннің тынысы да, демі кеміп.

Шіркін-ай, өле қалса, мына қайғы,
Жүрегін жемей, жаны кетер кеңіп.

Отты шақ, жастық қуған есірік кез,
Қашан ол берген жұртқа есіріп сөз.
Тіл қатқан одан бұрын опық жеген,
Ұрылып бетке, ауызға, тесіліп көз.

Жұрт үнсіз,тұнжыраған қалпын сақтап,
Ел-күнсіз шұбырғанмен тартыншақтап,
Жалтақтап, барар жері таусылғандар,
Көңілмен әлде қандай ойларды ақтап.

Ащы күй азынап кеп боздағанда,
Ақыл да қос ішекті қозғағанда.
Домбыра күй сазымен безек қағып,
Тіріліп әуен қайта өз бағында.

Елеңдеп орынынан тұрған ауыл
Мұң құшып күйден мына туған ауыр,
Ақылға, домбыраға қан жылаған
Ұмтылды көрші-қолаң, жақын, бауыр.

Домбыра сыбызғы үнін қайталады,
Шереннің сезімін ол айта алады.
Қалың ел,өнерпаздар Арқадағы,
Соңыра күйді күмбір тартады әлі.

Жүз жігіт Шеренменен жорықтағы,
Түнеді тар алаңға борықтағы.
Адам да, мал да тыным сақтап жанға,
Тек Шерен ояу, ойлар жорып тағы.

Қайғы мен қатыгездік қатар өрбіп,
Шереннің басар жерін отыр көр ғып.
Еңсесін баса берді бір ауырлық,
Өзгеге көрсеткенмен өзін зор ғып.

Бақ ұшты, батырлықта не мағына?
Шықпайды енді жұрт та бұ жағына.
Қашқаны қашып, оның сөзі естілмес,
Қазіргі қалғанының құлағына.

Қанталап қос жанары жанып кетті,
Аһ ұрды, көкіректен жалын төкті.
Белгісіз,ашуы ма, айуандық па,
Бір жаман пиғыл-ойға барып шөкті.

Ез Шерен түйіп тастап ақыл-арын,
Жол соққан тамақтады «батырларын»
Сұғылып қайқы қанжар өзіне кеп,
Жолдыөзек көрді оның аһ ұрғанын.

«Ақ боз ат» күйі қалқып аспанымда,
Дәуірден дәуір жылжып асқанында.
Жауымның боздағанын әлі айтып жүр,
Кеудесін намыс езіп, басқанын да.

1958 ж.

АҚТАР ӨТКЕН АУЫЛ

(Баян, Айтбай, Айтқазы және Самеке Ешкейұлдарына ескерткіш)

(Ұзақ жырдан үзінді)

Ескендерге қараған,
Бес үй барды-бес түтін.
Бір атадан тараған,
Туыс ауыл бір бүтін.

Төрт ұлы бар Ескеннің-
Жастау әлі біреуі.
Жанғаны ғой өшкеннің,
Қарттың түзу тілегі.

Үш баласы жалданып,
«Плюшкинде» мал бақты.
Аз тиынға алданып
Табандарын қандапты.

Шекпендері салбырап,
Малмандай боп жаңбырда.
Мал соңында қалжырап,
Кезген олар сан қырды.

Жәрдем етер жарлыға,
Бұл заманда жоқ па адам?
Түгел жау ма сорлыға
Кек қаруын оқтаған?

Сиырларды дұрыс бақ!
Деп қисайып кулак та.

Күнде қиқу, ұрыс сап,
Маза бермей құлаққа.

Ескен шалдың ақырып,
Ұлдарын ол сабайды.
Сорлыларға бақырып,
Погребке қамайды.

Торғайдай боп шырылдап,
Кулакқа шал жылайды.
Кеше гөр деп зырылдап,
Аяғына құлайды.

Жаз бойы олар мал бағып,
Толық құнын ала алмай,
Шарасыздан зар қағып,
Басқа амал таба алмай.

Іштерінен тынатын,
Күрсініп, аһ ұратын.
Барма екен күн туатын,
Біздің көкте тұратын.

Келмейді ғой ондай күн,
Қонбас бізге бақыт та.
Тайқы менің маңдайым,
Тудым ба екен бейуақта.

Деп отырар шал Ескен,
Қара шәйін сораптап.
-Тыңдамаңдар шала есті-
Әйелі оны шабақтап.

- Бақытсыз деп ей, саған
Біреу айтып кетті ме!
Ұлдарыңды, жасаған,
Аман етсін! - деп тіле.

Үнсіз ғана ұлдары,
Әке ойын құптайды.
Көкіректен мұңдары
Сыртқа әсте шықпайды.

Әйелінде бір тілек:
-Ошақ оты сөнбесін.
Аспанына түн-түнек,
Ажал болып төнбесін.

Қызылың кім,ағың кім?
Түсінбейді ауылда.
Саясатың...ағымың,
Жүрмеген бұл қауымда.

Үркердей-ақ ауылдар
Әр орманды ықтаған.
Келе жатқан дауыл бар,
Үрей бастан шықпаған.

Үрейлі еді жас-кәрі:
Соғыс келе жатыр! - деп.
Түнерулі аспаны-
Болар сойқан ақыр кеп.

Солдат жұртты зарлатып,
Талап жатты бар елді.

Малын алып, ландатып,
Мазақ етіп әйелді,

Айтқанына көнбесе,
Кетіп жатты қандатып.
Күл боп қалды ел неше,
Жау өткенде шаңдатып.

Көзден таса, жыраққа,
Айдап салып бар малды,
Ел үрейлі әр уақта,
Сақ болуға қарманды.

Қыз-келіншек тығылып,
Безіп қашқан ауылдан.
Қамыстарда бұғынып,
Ормандарда сабылған.

Тарантасқа жегілген
Аттың тері тамшылап.
Екі офицер елірген
Ұрады оны қамшылап.

Қара қасқа ат бұраңдап,
Бір аяңдап, бір тоқтап.
Тебінеді тыраңдап,
Айдаушы ұрса кеп боқтап.

Тірей салып ат басын,
Ескен шалдың үйіне.
Келгендер қора қақпасын
Теуіп ашты күйіне.

Күйініш бар, ашу бар
Жүздерінде долданған.
Әлде неден сасу бар,
Қанден мінез-шамданған.

Қора ішінен таппады,
Тігерге бір тұяқ та.
Қарап шықты жаппаны-
Ештеңе жоқ, бірақ та.

Офицерлер құтырып,
Екіленді Ескенге.
- Ат тап! - деді шытынап,
Алып шалды өктемге.

- Қайдан келсін ат маған,
Ауылда оның жоқ заты.
Біз бір құдай даттаған,
Кедейлерміз - жоқ-жіті,

Офицерлер лаңдатып,
Ауыл-үйді, тіксініп,
Жұртты сабап,қандатып,
Ат тап! – дейді тепсініп.

Кәрі-құртаң,балалар
Үрей алып бойларын.
Кезек күтіп сабалар,
Жия алмай тұр ойларын.

Сабалауға бар олар,
Өлтірмесін, тепкілеп.

Ақ сақалды бабалар
-Атпаса екен! - деп тілеп.

Ескенде де үрей көп,
Жүрек сыздап «жарадан».
Офицерлер дулей кеп,
Қуырулы манадан.

Бірі шалды наганмен,
Атты бастан асырып.
- Көрсетейін саған мен,
Ат бермеуді жасырып.

Есі кеткен шошынып,
Қартты ұрды жылаған
Екеулеп кеп қосылып,
Тепті оны құлаған.

Арашаға бақырып,
Шал әйелі ұмтылды.
Жендет соққанда ақырып,
Есі кетіп, ол тынды.

Он-он бірлер жаста еді,
Сәкен қарттың кенжесі.
Өзге ұлдардан басқа еді,
Оған жоқтай теңдесі.

Еркелетіп өсірген,
Еркетотай ұлына,
Жендет көзі тесіліп,
Қарап тұрған сұғына.

Отырғызып Сәкенді
Арбасына қозғалтпай:
Ат бермеген әкеңді,
Қоямыз ба боздатпай.

Деп жендеттер барады,
Шабан атты сабалап.
Қырға жылау тарады,
Төбеттер де абалап.

Байғұс қарттың ұлдары
Мал жайып жүр далада.
Ата-ананың мұң-зары
Естілді тек жаңада.

Аян қарттың тұңғышы,
Тұлғалы еді, өндірдей.
Құрметтейтін тұрғысы,
Ақыл-ойы тең бірдей.

Белдескенін жығатын
Балуаны осы өңірдің.
Зерделі де, ұғатын,
Теңсіздігін өмірдің.

Өртеп кетті жүрегін,
Ақтар ісі шыдатпай.
Ерттеп жорға күреңін,
Қумақ жауды ол ұзатпай.

Азат етпек інісін,
Келген жаудан қас қылып.

Өшірмекші тынысын-
Бөрілерді басқа ұрып.

Ырду-дырду, ел шулап,
Жылап-сықтап жамырап.
Ойда да жоқ жау қумақ,
Бет жыртады, аңырап.

Мылтығын ап қолына,
Күреңімен ентелеп,
Түсті жаудың соңына,
Қимақ жолын, төтелеп.

Жүрек тулап, дүрсілдеп,
Тепкілейді өр төсін,
Ат тұяғы дүрсілдеп,
Ойып жатыр жер төсін.

Құйындай боп ойнақтап,
Дала жатты аунап қап,
Аян байқап тек мұны.
Көз ұшында көлеңдеп,
Көрінеді бір қара.
Жорға тартты елеңдеп,
Шұрқырап қап бір ғана.

Көзінен жас парлайды,
Жүйріктің де Аянның.
Құлақта жел сарнайды,
Елге ежелден баян мұң.

Бұраңды жол кететін,
Орманмен де, қыратпен.

Кезет бар жол өтетін-
Бірінде Аян тұр атпен.

Белді байлап бекініп,
Аян кейде тыпыршып.
- Қапы қалма, өкініп,-
Дегендей ат тықыршып.

Отыр Аян тың тыңдап,
Дәл түбінде қылтаның.
Мылтық аузы қылтыңдап,
Арасынан бұтаның.

Шеке солқ-солқ соғады,
Құлағы да шуылдап.
Жүрегі де қағады,
Екі беті дуылдап.

Ойлар-ойлар тоғысқан,
Шыңырауға батады.
Үміт пен үрей соғысып,
Жеңісе алмай жатады.

Кек ойнайды қанында,
Тұла бойын дүбілтіп.
Өшігу бар жанында,
Сарғыш жүзін құбылтып.

Жауға жауап оқпенен,
Басқа жол жоқ секілді.
Намысты Аян – ақберен,
Осы ойға тек бекінді.

Шу-шулеген дауыстан
Орман түгел жаңғырды.
Әлгі үн айқайға ауысқан,
Оятқандай сан қырды.

Ат айдаушы - інісі,
Алдында отыр арбаның.
-Иә, сәт! - деп ұлы ісі,
Аян шолып бар маңын.

Көлеңке де ұзарып,
Болып қалған екінді.
Ағаш пен шөп қызарып,
Қан жағылған секілді.

Жақындады шабан ат,
Аян тұрған кезетке.
Жау аңысын шамалап,
Мылтығын тұр кезеп те.

-Секір! - деді ол ышқынып,
Даусы жерді жарғандай.
Ат та тұрды пысқырып,
Бастан ұрып қалғандай.

Сәкен арба алдынан
Жерге құлап, домалап,
Аян жауға салды лаң,
Атты мылтық жобалап.

Офицердің біріне,
Ажал оғы жетіпті.

Қашқанының сүрініп,
Құлап, есі кетіпті.

Кабурінде - оң қолы,
Алтыатарын ала алмай.
Болмады оның оң жолы -
Жан сақтар күш таба алмай.

Аян емес аянар,
Жетті жауға бұлтартпай.
Мылтығымен Аян ер
Соқты, ол кетті тіл тартпай.

Сәкен, Сәкен! Қайдасың?
Аманбысың? Кел, жаным!
Не күй, нендей жайдасың?
Өзіңмен де тел жаным.

Өткердің-ау зор азап,
Кел бауырым, құшайын.
Сен азатсың, сен азат,
Ауыл жаққа ұш, айым.

Қорқып қалған бала да,
Шықты баяу орманнан.
Аян тауып жаңадан,
Ұстанғандай арманнан.

Айқарылып құшақтар,
Көздерден жас сорғалап.
Бақыт, шаттық бұл шақта,
Қала алмайды қорғалап.

Бір күледі, бір жылап,
Сәкенде ес жоқ,тасынып.
Кеудесінде - жыр бұлақ
Көзі жатыр ашылып.

Қараағаш. 1956 жыл.

ЖЫР - КЕРУЕН

Ақын Б. Істөлин өмірінен

(Трагедиялық поэма)

Тобырының тобынан шықсын бері,
Бостандықшыл, зарлаған елді құртып.
Бостандықтың не екенін ұқсын пері,
Жырлап көрсін өңешін енді жыртып.-

Деп атаман бөртініп, мұртын сылап,
Тұтқындарды тіміскілеп көзімен.
Мүшкіл халді жұмысшы жұртын сынап,
Өрленіп, батырсынып, болды өзімен.

Өндір жігіт, ат жақты, қыр мұрынды,
Қақпақтай жауырыны, алып бітім,
Топ ішінен шықты да кілт бұрылды,
Атаманға өзегі өрт-жалын-түтін.

Дөй атаман айқайлап, екіленіп,
Істөлинге төнеді. Мылтық оқтап:
- Мына басты жіберсем екі бөліп,
Сені кім бар қолымнан алар жоқтап?

Күрескерлер қайда жүр, ел қорғаны?
Сені де құтқаратын солар шығар?
Қызылжардың көкорай, көк орманы,
Өлігіңді баурына алып тығар.

Араққа мас аланданған айғырдың,
Екі көзі шарасынан шығардай.
Кісінеді ол - жер менен көк жаңғырды,
Екпінінен тау кездессе жығардай.

Құйрығына матап қойған ақынды,
Дүрілдете сүйреп, шауып, шошынып.
Жануарға кім сыйлаған ақылды,
Тек шапқылау - кең далада жосылып.

Қыл құйрыққа қыл шылбырмен шырмалған,
Ақын қолы қан-қан аққан салалап.
Кеше ғана көкірегінде жыр болған,
Гүл тікен боп, жыртты тәнін жаралап.

Сәулетті өмір думандары таусылып,
Күні түнге айналды ма мәңгілік?
Жер мен көкті қараңғылық қаусырып,
Бара жатыр, атар ма екен таң күліп?

Оралмайды қайтып енді нұрлы күн,
Жүгірмейді ол шуағында ойнақтап.
Ғұмыр кескіш ажалдың да ұрлығы-
Қас қағым сәт екенін кім ойлапты.

Қыршын жастық қырқылды ма сонымен,
Үміт отын тұтата алмай кетті ме?

Бостандықты жауыздықтың қолымен,
Тұншықтырып, басып,таптап өтті ме?

Қолы сыздап, үзілердей білек те,
Қайран ақын тұңғиыққа батқандай.
Әлемдегі ине біткен жүрекке,
Кезек-кезек шанышылып жатқандай.

Қос шекесі жиі-жиі солқылдап,
Соққандай-ау қара балға басына.
Тұла бойы ысып, бірде салқындап,
Паршаланып дене дала тасынан.

Көкірегінің тереңінен бұлқынып,
Шыққан ашу, ыза кернеп көмейді,
Ақтара алмай запыранды қылқынып,
Жандәрменде тынысы сәл кеңейді.

- Өмір, қандай сұлу едің, сүйіктім,
Көзім, жаным қия алмайды өзіңді.
Арман деген қол жетпейтін биік тым,
Жетемін деп шыңдап едім төзімді.

Мақсатым да айқын еді әрқашан,
Елдің қамы - құлаш ұрған күнеске.
Босқа өмір сүрмеппін ғой байқасам,
Жүрегімді берген екем күреске.

Жер айналып, көкте айналып бара ма?
Көз тұрғызбай зырылдайды мекен-гүл.
Ырық бермей сынған қолға, жараға,
Уақытты қуып келе ме екенмін?!

Жеткізбейді, жоқ , жетемін, жетемін!
Болашақта мұратым бар шуақты.
Уақытпен келер күнге өтемін,
Сырласамын құрдастарым сияқты.

Түсінеді тілім, үнім басқа емес,
Мен олардың тілдерінде жырлаймын.
Көкірегімді адалдықтан басқаға еш,
Айқарғам жоқ, өзгеге ашып тұрмаймын.

Жүрегімде ұлы достық қаны бар,
Жылытатын тал бойымды, жанымды.
Көмейімде күллі елдің әні бар,
Шапағаты атқызатын таңымды.

-Мен жырымды бостандыққа арнағам,
Теңдік күнге жеткізем деп халқымды.
Ұрпағымның жүрегімен жалғағам,
Үмітімді, күрескерлік салтымды.

Ыстық тамшы жанарын қарып қалып,
Бұлдыратып,тайдырды даласынан.
Айтары да бар еді жарып салып,
Келмей қалды сөйлеу де шамасынан.

Ұлына артқан сенімді ақтағанын,
Жеткізе алмай қамықты анасына.
Ақтарды ғой көңілде сақтағанын
Ойша ғана бунтарлы даласына.

Шешіл арқан тас-түйін боп күрмелген,
Аясаңшы ақын қолын білеудей.

Адам ғой ол кең дүниеге бір келген,
Анасы ғой амандығын тілеуде.

Қан мен шаңға домалатпа денесін,
Ей, қыл арқан, шұбатылған жыландай.
Қырқыл да қырқ жауыздардың дәмесін,
Кетсін айғыр дала қуған құландай.

Тірі қалсын еркіндікті қолдаған,
Күрескерлік ісін еркін дулеткен,
Батыр ақын ел бақытын қорғаған,
Үстемдікті ерлігімен күл еткен.

Құйрық шаншып, шапқан айғыр есіріп,
Омақатса қырдан бір ор табылып.
Қол күрмеген қыл арқан да шешіліп,
Ақын жүрек тұрмас еді қабынып.

Балбыраған балауса шақ базарлы,
Гүлдей жүрек үзілмекші сабақтан.
Елдің көркі, өмірде ең ажарлы,
Кең пейілдік байқалатын қабақтан.

Дала неге бұлқынбайсың,тұлданып?
Ат артында ұлың болды сүйреткі.
Дауыл, соқшы, ысқырынып, тұлданып,
Дүлейліктің қабырғасын күйретші.

Ей, Ұлы күн, тас төбеде жайнаған,
Сен мәңгілік маздағымыз жанатын.
Ашу-ызаң бойындағы қайнаған,
Дұшпандықтың қиып түссін қанатын.

Күбірледі: қош бол! - деп Қызылжарым,
Сөйлеуге келмей ерін, жаралы ақын.
Қош!-деді еміреніп, Қызылжарым,
Атыңды мұршам болса, жаза алатын.

Қош боп тұр, ақ босаға, тұлғалы елім,
Жеткізген түсірместен дақ арыма.
Қош боп тұр көкшіл аспан, думан жерім,
Құйылған жұлдыздарың жанарыма.

Жүректей дірілдеген жапырағы,
Қайыңдар жырлап берді шөлдегенін.
Жас ұрпақ, Қызылжардың атырабы,
Біліңдер теңдік оңай келмегенін.

Уа, менің алып далам, дара далам.
Өзіңде үстем болған сан мерейім.
Жоқтыққа ауыл кезіп,саралаған,
Тосқауыл болу үшін жан беремін.

Көзіне кеп қалқатайы тұнғандай,
Кетпей қойды ол, жанарынан жас тамып.
Не ғаламат? Жан, жүрегі тынғандай,
Сыздамайды, не ауырып, не талып.

Төңіректе құлаққа ұрған танадай
Бір рахат құшағына алғандай.
Көкірегінде әлде не бір жанады ой,
Өзі ғана бұл дүниеде қалғандай.

-Мәртебелім, киргиз тірі әлі де,
Көбелегі кеудесінде бар шығар.

Ат болдырып, келмей қалды халі де,
Шабыс түгіл, аяңға да жоқ шыдар.

Киргизді енді, кескілеңдер, шабыңдар! -
Қолдарыңа бергем жоқ па қылышты?!
Терең тастап, қалыңырақ жабыңдар,
Жаза осылай, жасаушыға қылмысты!

Деді атаман, офицерлер шуылдап,
Мақұлдады, қан-қан қылыш ойнады
Төбесінде Істөлиннің суылдап.
Өлтірем,-деп жыр-жүректі қоймады.
Шыңылдаған қылыш қанға тоймады.

Қара қылыш жүзінен қан тамшылап,
Ақынның тұр төбесінде шыңылдап.
Үзілем деп, үзіле алмай, жан шыдап,
Кең әлемде бозторғайдай шырылдап.

Жапырақтап шауып ақын денесін,
Қуанды жау отты жүрек өшті деп.
Ақын бірақ, биіктетіп өресін,
Болашаққа жырлар - керуен көшті лек.

1967 ж.

ҚАЗАҚТЫҢ БРУНОСЫ

(Поэма)

(1918 жылы қызылжарлық революционер Хафиз Базарбаевты ақ гвардияшылар темір діңгекке байлап, тірідей өртеп жіберген)

Көк жиектен сөгілген,
Таң арайы төгілген.
Қаңтардағы Сібірдің,
Күні ме оттай көрінген?

Қалампыр ма бір алып,
Жапырағы желмен ырғалып,
Шыға келген тоң жерден,
Уақытынан құр қалып.

Діңгекке биік байланған,
Алаулы от па жайнаған?
Көз жазбай тұр қараумен,
Қаланың халқы қайнаған.

Қойға тиген қасқырдай,
Елді қуып, басқа ұрды-ай.
Ақ әскері алдында,
Жөңкілген халық тасқындай.

Жан ұшыра ел сабылып,
Үрей қуған қабынып.
Қызыл жарға тоқтады,
Әмірге өктем бағынып.

-Тыңдаңдар, қызыл шошқалар,
Сендерді біз тек ноқталар.
Керден кетіп едіңдер,
Үкімет бар, оқ та бар.

Ел едің бұрын - бұзылдың,
Бостандық деп қызындың.
Қоштасады өмірмен,
Үгітіне ерген қызылдың.

Тырнадай мойны ербиіп,
Кеп қарыны шермиіп,
Өңешін жыртты офицер,
Басы, көзін тер жуып.

Қан-қан дене, киімі,
Түспеген бірақ, иіні,
Таңулы жігіт діңгекке,
Тобырда жоқтай бұйымы.

Көтеріп басын асқақтай,
Қиянға қарап, қас қақпай,
Жөңкіліп бара жатқан бұлт,
Жеткізбей кеткен мақсаттай.

Алтын нұры төгілген.
Күн бе едің арман көрінген?
Бақ құшқан замандастарды,
Көре алмай барам төрімнен,

Думандап жүрсек біз жастар,
Шалқып бір асқақ «Жолдастар».

Жеткізбес арман, дариға-ай,
Қол жетпейтін ол да асқар.

Көз алдынан өткізді,
Жолдарын тайғақ - көк мұзды.
Сүйгізбей кеткен ару қыз...
Күлімдеп келіп өпкізді.

Шошынып қалды топ халық,
Сұмдықтан тұрған сақтанып.
Керосин шашты тұтқынға,
Тік мұртты солдат боқтанып.

Жазғы гүлдей жас жігіт,
Өлімге тұр бас тігіп.
Жаңа атқан таң - жас өмір,
Қиылмақ, бастан қашты үміт.

Үміт бар бірақ сенетін,
Заманнан жаңа келетін.
Туған жердің төсінде,
Гүлдер бар қайта өретін.

Сейіліп бұлтты қара түн,
Бақыт бар елге қонатын.
Қия алмайды ешкім кең жайған,
Бостандық құстың қанатын.

Қара көзі от жайнап,
Жанында асау кек қайнап,
Бостандық, теңдік, еркіндік,
Бақыт! - деді айқайлап.

Булығып, пісіп жауыздар,
Тұтқынды ұрды ауыздан.
Жас қыршын екен, - десті ел,
Шықпаған уыз, қауыздан.

Кәрілер жылап, кемсеңдеп,
Жастар жағы: - ерсің! - деп.
Азабың үшін сұр иттер,
Бізден де таяқ жерсіңдер.

Әйелдер құлақ тұндырып,
Жүздерін басты шыңғырып.
Қызылжар үсті қанды шу,
Жынды жел кетті құм қуып.

Бұл сұмдықты көрме сен,
Айналайын, мен десең.
Теріс қара, - деді қарт,
Жас ұланға жейдешең.

Топтан оқшау - сытылып,
Кетпек болған құтылып.
Солдаттарға тап болды,
Қарумен тұрған жұтынып.

Маңғаз шолып жан-жағын,
Байқатып елге салмағын,
Атаман тұрған остиып,
Короліндей қарғаның:

-Дүбілтіп елді бұзыпты,
Өртеңдер мына бұзықты.

Көрсін жұрт бостандықшылға,
Біз көрсетер «қызықты».

Дөңбектей солдат бырсиып,
Киіміне әрең тұр сыйып.
«Тұтқынға» кеп ол мысықтай,
От берді мәз боп ырсиып.

Бұл не деген жауыздық,
Салына ма оған ауыздық?
Өркенін өрдің құйындар,
Ұшыра ма өлі қауыз ғып.

Ей, дүние, сен қалғып,
Бойыңды ұйқы дел-сал ғып,
Жатқанда, сенің төбеңе,
Қарға-құзғын жүр саңғып.

Төріңде тұрған қасқайып,
Өртеніп жатыр жас қайың.
Жас қайың сенің көркің де,
Болдың ба сезбес тастайын?

Ей, дүние, көрдің бе,
Суалғанын көлдің де?
От жалапты қураған,
Көл табаны-шөл мүлде.

-Жазасыз жауыз қалмайды,
Өз бастарын жалмайды.
Бостандық сүйген миллиондар,
Бәрін де өртей алмайды.

Жас қайраттың сол күнгі,
Соңғы сөзі, соңғы үні,
Аузында елдің жатталып,
Жырына қосты жел мұны.

Тал бойынан қан саулап,
Әділдік өртте қалды аунап.
Қазақтың Бруносының
Жүрегі әлі тұр лаулап.

ҚАРИЯ АЖАЛЫ

(Баллада)

Күз еді майда шуақ, самал ескен.
Аспанда бұйра бұлттар баяу көшкен.
Қайыңдар тағынғандай алтын шолпы,
Есілдің кемеріне тізіле өскен.

Алып қыр қайтадан бір жаралғандай,
Түрленіп, әсем оқа оранғандай.
Майысып толықсиды ару егін,
Самалмен таңнан тұрып таранғандай.

Қайысып жасыл жоны қырат белдің,
Дән өскен – берекесі мұратты елдің.
Ол – жанған бақ шолпаны, мәртебесі,
Еңбеккер, диқан деген қуатты ердің.

Алтын дән көкте күннен шашылғандай.
Маржаннан далам алқа тағынғандай.
Береке белден болғай, - деді диқан,
Көптен бір молшылықты сағынғандай.

Сағынған сыңғыраған дәннің әнін,
Сағынған отқа көмген нанның дәмін.
Диқандай ешкім біліп, сезінбейді.
Киелі, қасиетті нанның мәнін.

Жетерлік өзі түгіл әулетіне,
Қарт диқан қуанулы дәулетіне.
Бидайды қолындағы қызықтады,
Разы боп, қасиетіне, сәулетіне.

Бидайды тіске салып, дәмін татып,
Қарт жүрген қиял ойға мүлде батып.
Шошынды тосын шыққан жат дауыстан,
Күркіреп, жерді жарған, дабылдатып.

Көргенде ол салттыларды анталаған,
Көздері қызыл шоқтай қанталаған.
Жүрегі бір сұмдықты сезсе-дағы,
Білмеді ол жау екенін ел талаған.

Күл етіп жау Отырар, Сығанақты,
Қазақтың қаны Сырға жылап ақты.
Бейбіт ел, бейхабар жұрт мойнына,
Шыңғыс хан мықтап салған бұғалықты.

Киінген сыптығардай, елден ерек,
Салттылар кәрін төккен, тіл де бөлек.
Қыл шашақ, қанды саға найзаларын,
Диқанға жаулар тұрды бірден кезеп.

Біреуі аттан түсіп, шақпақ шағып,
Егінді жоқ қылмақшы отқа жағып.
Көк түтін... Қызыл жалын даланы алды,
Диқанның жүзін лебі шалқи қағып.

Қарт диқан бойын тез-ақ жинап алды,
Бидайды бұрынғыдан тіске салды,
Өзімен өзі болып, дәмдеп дәнді,
Меңіреу жандай болып үнсіз қалды.

Кеудеде ала құйын ыза қайнап,
Қарт тұрды қайта-қайта бидай шайнап.
- Мал мынау, адам емес, шөп жеп тұрған,
Жоқтауын асырайын жатсын жайрап.

Деді де бір қарақшы екіленіп,
Қылышпен қартты шапты екі бөліп.
Маңдай тер, ақ арманы-ақ бидайды
Уыстап қысқан күйі жатты ол өліп.

Уақыт сан жылдарды сабылдырып,
Өтіпті-ау талай жанды бағындырып.
Арқадан боран өткен, дауыл өткен.
Көрімен тіршілікті табындырып.

Ызыңды желмен қырда құмдар көшіп,
Ескі жол, ескі іздер қалған өшіп.
Мерт болған қарт диқанның уысынан,
Ақ дәндер көктемеде көктейді өсіп.

ҰЛАН
(Баллада)

Сөндірмек пе нұр шамын тіршіліктің,
Жапан түзде жатқандай тұншығып түн.
Бұл боран, апат боран түтей соққан,
Орман да мазаланған күрсініп тұр.

Кербиіп, тер бұршақтап маңдайынан,
Ащы үндер оқыс шығып таңдайынан,
Қиналып Ажар отыр толғақ қысып,
Тудыра алмай толысқан айды оңынан.

- Алыс па әлгі селомыз, көрінбей ме?
Айтшы, Андрей, бір сәуле өрілмей ме?
Жұбатады ол-дағы жаны қалмай
Адам ғой ол – үрейге берілмей ме?

Андрей де Ажарды алдарқатып,
«Жеттік» деумен келеді алға тартып.
Трактордың жолында құйын ойнап,
Көз алдында меңіреу қалған қатып.

Көп болды жолаушылар шыққанына,
Ақ бораннан тайсалып ықпады да.
Ажарды алып жөнелген емханаға,
Кісі сөзін Андрей жықпады да.

Шақырылған ауданға шұғыл іске,
Жұбайы келмекші еді кеше кешке.
Қас қылғандай үскірік үстеп кетіп,
Жете алмайды ауылға бүгін түске.

Андрей трактористі тыңға келген,
Елден ерек толағай тұлға деген.
Болып алған ауылдың азаматы,
Тұла бойы – тұнған сыр, тұнған өлең.

Ақыл да бар, бар онда керек айла,
Көнер емес алағай бұлағайға.
Кейде мынау боранмен арпалысып.
Кейде батып кетеді терең ойға.

Украина жеріндей, анасындай
Кең екен ғой, қазақтың даласы бай!
Топырағы торқалы, қасиетті,
Жазирасы – жайнаған жаңа шырай.

Қалай ғана қиярсың мына жерді,
Қонақжайлы, кеңқұшақ мұндай елді,
Адамдарын аңқылдақ, кіл бауырмал
Еңбекшіл, өрге ұмтылар ыңғай ерді...

Енді бір сәт ойынан серпіле сап,
Бола қалды тас түйін, еркіне сақ.
Ышқына кеп соғады қарлы құйын,
Екеуін де кетердей еркін асап.

Қорқыныш тас түйдіріп зор қабақты,
Суық тер кең маңдайдан сорғалапты.
Арудың ыңырсыған әр тынысы
Жүректі суырардай жанға батты.

Андрей шын-ақ састы, қайтпек енді?
Дәрігер жоқ дейтұғын: «ап кел емді»

Тыңдаған жоқ ол мынау ақ түтекті,
Тыңдаған жоқ «Андрей қайт!» дегенді.

- Ашылған екен, боран, мықты араның,
Менде жаспын жүзіндей ұстараның.
Текке ышқынба бәрі бір араныңнан
Мен Ажарды қалай да құтқарамын.

Табармын дегенмен де бір амалды,
Тәңір-дағы бермеді сұрағанды.
Алқынып келе жатқан мотор, әттен,
«Күрк-күрк жөтеліп», тына қалды...

* * *

Шыр етті бір үн даланы басқа көтеріп,
Шығандап шырқап, көмейінен от өріп.
Жынданды дауыл, құтырынды боран да,
Манадан тұрған оқтын-оқтын жөтеліп...

Ерсілі-қарсылы соғады боран ышқынып:
Даланы меңіреу жайлаған у-шу, ысқырық.
Андрей жолда, қойынында сәби – шарана
Жеткізбек оны селоға ұлы іс қылып.

Кабинада Ажар, қалды артта қара боранда,
«Жата тұр деген Андрей – мықтап оран да»
- Бөбекті жеткіз емханаға, бауырым,
Қарама, тіпті, қайғырып қалған маған да.

Түтеген боран үскірік аяз, түз налып,
Андрейдің соңында әлсіз із қалып.

Оппалап басып келеді-ау кейде сүрініп,
Жанарын кірпік ұшына тұрған мұз қарып.

Азынап дала, ышқынып боран аңырап,
Нәресте жүзін қоятын емес қарып ап.
«...Сәбиге мынау көруге жазғай жарықты
Қолдаушым қайда, кеткен бе әлде маңып-ақ?

Қайдасың, қайда, қайратым бойды кернеген,
Өресіз өмір өкінішке өткел бермеген.
Арындап жүрген, жалындап жүрген жүректің.
Керегі қанша мұндайда қуат бермеген?!

Аяғым талма, шаршама, қара сандарым,
Сезінесін дүлей-дүлейден өктем жан барын.
Қолымда сәби, қолымда келер бір ұрпақ,
Қолымда адам атырар дала таңдарын!...»

Жеткізер емес, жеткізер емес жол бірақ,
Сәбимін бірге теңселді жігіт қалжырап.
Түңіліп кетер, сүрініп кетер мезетте
Көрінді-ау сәуле, көрінді-ау сәуле жалғыз-ақ.

* * *

Қызылжар,
Вокзал басы.
Толған халық,
Бәрі де танытады арман қалып –
Тағы да Қазақстан миллиарды
Қамбаға құйылғаны болғанда анық.

Жатқандай мынау күзде алап балқып,
Бір жұпар жер бетімен баратты аңқып...
Ажар ұлы Ұлан тұр поезд күтіп,
Беймаза, асығулы тағат сарқып.

Жиырма жыл, жиырма көктем су ағыпты.
Тың дала жиырма рет сыр ағытты.
Жиырма жыл сары далада сағым ойнап,
Тұрғызды таңғажайып кіл алыпты.

Ұлан да шынардай-ақ әсем өскен,
Мейірімді жүзінен ақ нұр ескен.
Қалың қас, қара көзден от ұшқындап,
Көрген қыз мін таппаған, шіркін! – дескен.

Диқан-ды әке жолын қуған бұл да,
Дидарын таңнан тұрып жуған нұрға.
Ұлан бұл дәл жиырма жыл бұдан бұрын
Боранменен алысып туған қырда.

Киевтен келді поезд. Айналаны,
Шолды Ұлан. Күткен жаны қайда кәні?
Андрей! Талай көрген суретін.
Бір сезім дуылдатып бойда қанды.

Келеді ол сүйеніп таяғына
Ал, оқушым, қызыққа қара мына,
Ұланды құшақтады Андрей кеп
Қуаныштан жас ыршып жанарынан.

Зу етіп Ұлан бойы қалтырады,
Тынымсыз шәкірт ойы шарқ ұрады.

Аяқсыз, аянышты халде осылай,
Андрей көкейінде сан тұрады.

Аяғын үсіткен ол сол боранда,
Сол жылғы боран сонша долданар ма?
Ұланды алып шықты тас түнектен
Алтынды қадірлейік қолда барда.

Иә, ол сақтап қалды бір өмірді,
Бір өмірді жайнаған гүл өрімді.
Үзгізбейді тірліктің оқа жібін,
Жас желекпен жасартты бұл өңірді.

Жылда келіп қазақтың ауылына,
Қонақ болып қайтады ол бауырына.
Ажар-дағы шашады ақ бауырсақ,
Тойын жасап қанаттас қауымына.

Ет жүрек қой, ет жүрек езіледі,
Батқаны тек өзіне сезіледі.
Қиналады ол мүгедек қалыпқа бұл,
Қуанады деп: «неткен төзім еді?!».

Туысқандық, достықтың борышы ма?
Мәңгі біткен қазаққа... орысыңа!
Адам күні адаммен! Керек жайда,
Түсуге әзір құзыңа, қорысыңа.

Жүректерге сөнбейтін ізгі от жаққан,
Армандарға атқызған жазғы ол ақ таң.
Адам, адам тәңірі өмірдің бұл,
Сені жырлап, тек сені етем мақтан!

ЖАРАЛЫ ЖАУЫНГЕР

Ұлы Отан соғысының ардагері
Гәкку Медиевтің рухына арналады.

Басы зеңіп,
Демі кеміп
Кеуде қысып қалады.
Қолы ұйып,
Дене күйіп,
Жанын қинап барады.
Жерге еніп,
Шегеленіп,
Қалдым ба деп езіліп,
Шошып алғаш...
Қуанды рас,
Тірілігін сезініп.
- О, тіршілік,
О, тіршілік,
Адам қимас айдын ба ең?
От ішінен,
Оқ ішінен
Саған құшақ жайдым кең!
Судай тасып,
Көзін ашып
Ақ аспанға ол қарады,
Кірпіктен жас тамады.
- Тірімін мен!
- Тірімін мен!
Тірімін мен, ақ аспан!
Жарық дүние!
Жарық дүние!
Іңкәрім ең о бастан.

Бір ұлыңмын,
Бұлбұлыңмын,
Әуезіңе ән қосқан.
Қолдаушым сен,
Қорғаушың мен,
Апат жаудан алжасқан.
Солдат,
Солдат –
Жаралы жан бұл жатқан.
Ел қорғаушы,
Жер қорғаушы,
Қанды тырнақ зұлматтан.
Каска киіп,
Шинель киіп
Келмеген ол өмірге.
Найза ұстап,
Мылтық ұстап
Шығып па еді ол өңірге?!
Шығыстағы,
Алыстағы
Ауыл тұр көз алдында –
Тебіреніп
Аунағандай шалғында.
Дүркін-дүркін
Ойлар шіркін,
Әкетеді жыраққа.
Қайда жатыр,
Қайда жатыр,
Бұл жауынгер бірақ та?
Сатырлаған,
Пулеметтер,
Автоматтар үні өшіп,

Дала,
Дала,
Жатыр бүгін сіресіп.
Қан сасыған.
Қоңырсыған,
Түтін тыныс алдырмай,
Төтен,
Бөтен,
Үн шығады балдырлай.
Фашист!
Фашист!
Жау қолында қалыппын.
Онда
Шын-ақ
Ішінде екем тамұқтың!
Ұлым,
Ұлым,
Демес енді анам да,
Ұлан!
Ұлан!
Демес енді далам да,
Ауылдастар,
Бауырластар,
«Біздің жерлес өрен!» - деп,
Қыздар,
Қыздар
Суретіме таласпасын көрем деп.
Талай –
Талай –
Жаудың қиған желкесін
Жатыр
Батыр

Көтере алмай өр төсін.
- Майдан дала,
Қайдан ғана
Болдым неге тірі өлік?
Өлілермен,
Өлілермен
Қалсам еді бірге өліп!
Қаптап,
Таптап
Өліктерді сүйрелеп,
Иіскелеп,
Тіміскелеп,
Бөрілердей үймелеп.
Аш иттер –
Фашистер,
Төңірекке ұры көзбен қарасып,
Сынып қалған
Сирақтардан
Тартып жатыр.
Етіктерді таласып.
Қанға батқан,
Жеке жатқан
Сыңар қол да үзілген
Жылт-жылт
Жарқыл –
Соған көздер сүзілген!
Жүзік!
Жүзік!
Шуылдады бір-бірінен қызғанып.
Талас!
Тартыс!
Төбелес те қызды анық.

- Өліктерді
Тіміскеліп
Жүрген мына жауыздар,
О, құдірет,
О, құдірет!
Бөбекті де бауыздар.
Көрдім бәрін,
Көрдім көрін
Жыртқыштығын ондайдың
Өмір –
Тәңір!
Қалай оны,
Іші жібіп қолдайды.
Мазағына,
Азабына
Қалай тірі көнейін!
Қайда?
Қайда?
Автоматым,
Атылып-ақ өлейін!
Жан ұшырып
Автоматқа қасындағы қарманды,
Ол да бірақ,
Жатқан жырақ
Жету де күш, арман-ды.
Есі ауып,
Өшті хауіп,
Шырақ сөніп барады...
Сәуле,
Сәуле,
Кірпіктердің арасынан қарады.
Фашистердің

Шуылдаған,
Дауысы жарып құлақты,
Денесіне,
Жанған шоқты,
Басып тұрған сияқты.
- Шыда,
- Шыда,
Жаудың қанды найзасына
Тарланым,
Көрмей қалсын,
Сезбей қалсын
Кеудемде әлсіз жан барын...
Шырылдама,
Сырылдама,
Жаралы жас жүрегім!
Өзіңсің ғой,
Өзіңсің ғой,
Жалғыз ғана тірегім!
Найзаласын!
Найзаласын! –
Деп жауынгер тістенді.
Тістенді де –
Қалды қатып.
Сезбей сынған тістерді.
Ала алмассың,
Таба алмассың
Мендегі үлкен намысты.
Жүрек,
Жүрек,
Намыспенен ес білгеннен табысты.
Туған елдің
Туған жердің

Намысымда нәрі бар.
Қайраты бар.
Айбаты бар
Жылылығы – бәрі бар.
Жаулар,
Жаулар,
Жындандырды сендерді осы
Пәрменім,
Мені аттап,
Мені таптап,
Өтуге жоқ дәрменің
Үнсіз,
Тілсіз
Бейне жансыз тас жатыр,
Белін буған,
Берілмеуге
Дұшпанына қас батыр.
Кілең батыр
Келе жатыр
Дұшпанына ақырып,
Жойқын,
Толқын,
Жолдағысын жапырып.
Автоматтар,
Пулеметтер
Сөйлеп кетті сатырлап.
Жеңілді деп,
Шегінді деп
Дәмеленген тобыр жау
Быт-шыт
Қашып...
Құлап жатыр жапырлап.

Қуылды жау,
Қуылды жау
Осынау бір алаптан
Құйттай жерде,
Бостандықтың таңы атқан.
Намысына,
Намысына,
Найза бойлай алмаған,
Батыр,
Сағын
Жаулар сындыра алмаған.
Жатыр,
Батыр,
Құшағында достардың.
Себебі боп,
Қуаныштың
Сыңғырлаған тостардың.
Жігіттікке,
Өжеттікке.
Риза боп ел біткен.
Сусындайды,
Сыр тыңдайды.
Ұрпақ осы ерліктен.
Ертегідей.
Шертеді жыр.
Әз ағамыз мұны айтып,
Отты жылдар.
Елестейді.
Тыңдаушысын мұңайтып.
Жаңа ғана.
Келгендей-ақ
Зәрлі жауын ойран қып,

Ерлігімен,
Өрлігімен
Қауым жұртты қайран қып.
Бүгілмейтін,
Екі аяқ,
Сырықтай бір сереңдеп,
Келеді ол.
Ақ таңдарды –
Әлі талай көрем деп.

ФАРАБИДІҢ ДОМБЫРАСЫ

Қарт баба алып домбыра,
Қос шегін қаға жөнелді.
Әуен шалқып елерді,
Төңірек күйге кенелді.

Саусақтар ойнап пернеде,
Шалқыды шабыт, шалқыды.
Күй аққудай қалқыды,
Сағынған жүрек балқыды.

Ақтарылып шанақтан,
Күй ботадай боздады.
Жан тылсымын қозғады,
Қоймай-қоймай қоздады.

Талықси ма күй мына?!
Көңілге бұлтты қаптатып,
Жан, жүректі аптатып,
Бұйыққан ойды таптатып.

Қарт қолында домбыра,
Қолды-аяққа тұрмайды,
Шанақта саусақ зырлайды,
Әуенде ауыр бір қайғы.

Күмістей сақал, шаштары,
Әжім қабақ, арса бет,
Қарт бойында қалың дерт,
Жандырып тұрған қалың өрт.

Өртеген жанды сағыныш,
Қыпшақтың байтақ даласын,
Отырардай туған қаласын,
Сарғайтқан Тұран данасын.

Көз алдында туған жер,
Ата-ана құшақ жайысқан,
Балалар қырда сайысқан,
Тайға мініп жарысқан.

Сәулетті қала Отырар,
Алтынды айлар қарасып,
Күмбезі көкпен таласып,
Мешіттер тұрған жарасып.

Бәрі есінде, есінде...
Керуеншімен ілесіп,
Арман қуып, құм кешіп,
Ел қалған тілек тілесіп.

Қобалжып қарттың жүрегі,
Шың ете қалып құлағы,

Қараңғы тартып шырағы,
Ауырлап көңіл пырағы.

Бір көкке шығып, бір жерге...
Шырылдап барып күй тынды.
Шанақтан шықпай қылқынды.
Саусақтар баяу бұлқынды.

Қарт қолынан домбыра,
Босанып түсті алдына,
Шегін жел үрлеп қалды ма?
Бір дыбысқа салды да...

Домбыра баяу қозғалды,
Қарт жантайған қалыпы,
Ес-түсінен таныпты,
Фәниге жол салыпты.

Көтеріліп домбыра,
Қарт үстінде айналды,
Биіктеп кетпей байланды,
Аққу құсқа айналды.

Сыбызғы үнді домбыра,
Аққу боп ұшты қалықтап,
Арабтың шөлін шарықтап,
Қарт тұрағын анықтап,

Қоштасып қартпен соңғы рет
Аққу болған домбыра,
Тоғыз шекті домбыра,
Бабадан қалған зор мұра.

Аққу ұшты аспандап,
Қош бол!-деп шалға сұңқылдап,
Төменде құмдар бұрқылдап,
Жанған оттай лыпылдап

Аққу бетін түзеді
Жейхун, Сейхун жағына,
Тұранның гүлді бағына,
Аралдың жағалауына.

әль-Фараби бабамның
Бізге жеткен әдемі
Домбырасы - сәлемі,
Жанының сырлы әлемі.

РУДАКИДІҢ ЭМИРДІ ГЕРАДТАН АЛЫП ШЫҒУЫ

(Рудаки суырып салма ақын болған)

-Герадта осы қаламыз ба бір жола?
Бәріміздің көңілімізде - зіл-зала.
Эмир көңілін шарап, тойдан қалдырар,
О, Рудаки, шырқашы бір жыр жаңа.

Деп өтінді көп әскері Эмирдің,
Босқа жатқан күшіменен әмірдің.
Шырқады ақын кіріп барып сарайға,
Салтанатын туған, өскен өңірдің.

Мульяннан ескен жел бізге кепті,
Сыйқыр сазы жарымның бізге жетті,

Аққу даусын Рудаки асқақтатып,
Сөгетіндей қанатты үн ізгі көкті.

Ойнақы әуен құбылып, саңқылдады.
Чанго үні де жарыса аңқылдады.
Салтанатты сарайда жан толқытып,
Ақ сәуледей ұшқан ән жарқылдады.

Арабтың, парсының да кілемі аста,
Шарап ішіп масайған кілең қасқа,
Қайқы қылыш асынған мың басылар,
Қара жоқ желдеткішті құлдан басқа.

Талдырды әуен, жүректі жандырды да,
Тыңдағанның сусынын қандырды да.
Жорғалады ән сүйекті шымырлатып,
Сыздатып,бойды әбден алдырды да.

Алаңсыз отыр еді Эмир баста,
Еш бір ой келе қоймай жұмыр басқа.
Билеген бикештердің мықынынан
Ләззәт алғандай да ғұмыр-жасқа.

Ширады ол, ұйқысынан оянғандай,
Сезінді - әлде несі жоғалғандай.
Кеудесін түк қаптаған уқалады,
Шарап емес, қанменен боялғандай.

О,Мульян,туған жер - асыл ордам,
Өзің үшін жаулардың басын орғам.
Саманидтер шаңырағы ұмыт қалып,
Герадтың етіппін-ау тасын қорған.

Эмир отыр ой түйіп, ой саралап,
Күміс әнмен ол жақты жүр аралап.
Жарын да сағыныпты-ау, теңселді сәт,
Ақынның жыры жанын тұр жаралап.

Сырлы ән қоймады жан ерітпеске,
Бұхардың сәулеті жүр өріп есте.
Отырған жайбарақат Эмир шықты
Сарайдан қасына ешкім ерітпестен.

Герад қалды кейінде, Герад қалды,
Герадтағы махаббат қирап қалды.
Герадта ішкен көк шарап,ақ шарапты,
Ат жалын құшып тұрып, кері ақтарды.

Шауып келе жатыр ол арғымақпен,
Арғымақпен Әмуден қарғымақ па ей?!
Ақын жыры тұтатқан сағыныштың
Отты жібін жалғамақ арғы жақпен.

Арғы жақта жайнаған сұңқар дала,
Арғы жақта мәрмәрлі Бұхар қала,
Сандуғаштар сайраған бақ ішінде,
Сағынышпен сарғайған Жұпар бала.

Көлеңдейді бәрі де елес беріп,
Қол бұлғайды Эмирді елі ескеріп.
Бізді ескермей неге сен жатып алдың? -
Дегендей Бұхар жақтан жел есті өріп.

Соңында келеді қол шаң боратып,
Шаң боратып, жүректі әнге оратып.

Неше ай болды ауылды аңсағалы,
Сағынышы келеді таң боп атып.

Толқындатып Әмуді де, шалқытып,
Рудакидің жырын көкте қалқытып,
Шырқап бара жатыр нөпір қалың қол,
Сағыныштың сазына елді балқытып

ТОҒЫСҚАН ТАҒДЫРЛАР, НЕМЕСЕ ҚАЗАҚ ПЕН КАЗАК

(Әкелі-балалы Зенченколар
өмірінен үзік сыр)

Иван Емельянович –
Шортанның казак-орысы.
Осында ата қонысы,
Танылған жастан өр ісі.

Ақылы мен ісі артық,
Бар жігіттен елдегі.
Тұратын еді іш тартып
Шаруаға, дәнге жердегі.

«Жерде байлық, дәулетің
Шашылып жатыр жиналмай.
Шаруалардың әулеті
Еңбектенсе қиналмай,

Шаш-етектен болады,
Дастарханы тоғайып.
Қорасы малға толады,
Қоңторғай қалпы оңалып.

Береке-дәулет бірлікте,
Ұжым боп істі қолға алсақ, –
Деген Иван, - тірлікті
Сөйтіп, алға қозғасақ».

Сол сөз қамшы болды ма,
Казактар шулап: Жә! – десті.
Иванға көңіл толды ма,
Соңынан оның ілесті.

Бүкіл село дүбіліп,
Қуаныста күнімен.
Келешек құмға көміліп,
Қалмайтын болды шынымен.

Білекке білек түйісіп,
Жүректер тез-ақ қауышты.
Көңілдер тәтті-ақ сүйісіп
Бірлікке бағыт ауысты.

Жеке-жеке абдырап,
Қалмас үшін әрқайда.
Көтермек бір шаңырақ –
Бәрі осыған ден қойды.

«Октябрь» деп келісті,
Колхоз атын тұрақты.
Жайнағандай село үсті
Күн нұрымен шуақты.

Күдік те бар, әрине,
Шаруа ойын меңдеген.

Әкеле ме әр үйге,
Колхоз байлық теңдеген?

Не десең де әркімге
Күнкөріс керек, тіршілік.
Көңілің күліп әр күнде,
Жолыңда тұрсын гүл шығып.

Ұрпақ өссін масайрап,
Бақытқа толып жүрегі.
Жастық шақта атойлап,
Еңбектену керегі.

Зенченко Иван толғанып,
Сөзін былай жалғасын:
Егіншілікті қолға алып,
Өсіру ләзім мал басын.

Заман да өзге, жағдай да,
Табиғат қатал қасқырдай.
Кете ме дәм де таңдайдан,
Азынатып жанды аш қырда.

Қуаныш, үрей алмасып,
Жүрегін жейді Иванның.
Әдемі ой іспен жалғасып,
Жемісін көрсе жиғанның.

Салған егін көктемде
Шықпай қалса, не етеміз?
Бір тамбаса көктен де,
Біз де қаңғып кетеміз...

Бөріктей бұлт түнеріп,
Қуды «Октябрь» аптабын.
Көшпей әрі үдеріп,
Айналды егін алқабын.

Қап-қара бұлт тұлданып,
Құйды-ау жаңбыр шелектеп.
Ал казактар қуанып,
Жауында жүр дедектеп.

Жау, жау, жаңбыр, жау, жаңбыр,
Тойынсын бір бұла жер.
Жау, жау, жаңбыр, жау, жаңбыр,
Берекеңді ала кел.

Жаңбырға мәз үлкен де,
Бала да жүр зырқырап.
Жауынға еді жер кенде,
Тойынды-ау буы бұрқырап.

«Бұлт ала, ал, жер шола»
Десе неге таң болам.
Селодан әрі айнала
Бір тамшы да тамбаған.

Сол бір ұлы жаңбырдан
Егін өсті дүрілдеп.
Шаттықтан өмір жаңғырды,
Жүрек пен көңіл күлімдеп.

Самсап шықты егін де,
Теңіз дерсің толқынды.

Беремін десе, тегінде,
Тәңірдің өзі мол қол-ды.

Сұрапыл егін – орман нақ,
Аралдай сұп-сұр далада.
Алтын астық – арман ақ,
Жинауға болса шама да.

Қандай шама, қандай күш
Сіңірі шыққан жандарда?
Дәрмені жоқ, қайнайды іш,
Ұйқысыз өтіп таңдар да.

Казактар алқап басында
Күні-түні күзетіп.
Дәулетті жинап, расында,
Алса ғой күйді түзетіп.

Бір шетінен жапырып,
Жұлып жатыр аштар да.
Құйын өтіп сапырып,
Дәнсіз қалып бастар да.

Арпалыспен осылай,
Өтті қанша күз күні,
Тұрғанда жан жасымай,
Байлықтың ұста тізгінін.

Басқарушы толғанды,
Елден бетер қазылып.
Әр қиырға ой барды,
Тоқтамы жоқ, сабылып.

Сүмбіле қыр астында,
Сыйлар екен не бізге?
О, Зенченко, састың ба?
Сен не дейсің бұл күзге?

Ел босқындап сұрапыл,
Аштық қуған адамды.
Табылар ма бір ақыл,
Бастырар алға қадамды?

Бас пен мида ой қоздап,
Қалыңдайтын секілді.
Көмек сұрап совхоздан,
Баруға Иван бекінді.

Комбайнның күшіне
Сенді, Иван құп алды.
Оның ғажап ісіне
Қайран болып, қуанды.

Қысылғанда қол ұшын
Бергенге, шіркін, не жетсін.
Қиналғанның жолы - шың,
Жеңе білсең - өжетсің.

Комбайны басқа елдің,
Басқа жұрт біз білмейтін.
Мол егінге дәу келді,
Болды село гулейтін.

Америка дегеннен
Келген десті көмекке.

Ағылшындар тегінен
Инженер жүрген безектеп.

«Қиялының» қыр төсін,
Алтын дәнге көмілтіп.
«Октябрьдің» қырқасын
Тасытты дәнге төгілтіп.

Зенченконың езуі
Құлағына жеткендей.
Жүректің, шіркін, сезуін,
Шаттықты келер көктемдей.

Кеше еді арман-ақ,
Жұлдыздай-ды көктегі.
Алтын дәнді арбалап,
Тасып жатыр ел тегіс.

Тапқырлығы Иванның,
Ел қамбасын қампайтты.
Жітілігі Иванның,
Жұрт қарынын томпайтты.

-Аупарткомсыз келісіп,
Комбайнды алғанда,
Совхозбен біз керісіп,
Жүрсін деген ой бар ма?!

Аупарткомнан күшті ме ең?
Артық па едің әлде, одан?
Ақылдаспай істесең,
Жаза аласың бюродан.

Иван үнсіз қабылдап,
Бастықтың зілін, сынды да.
Жүрегінде от қабындап,
Ұстамдықтан тынды да.

Көндім, көндім, әрине,
Айқай-шулы зәріне.
Қоқан-лоқы кәріне,
Ел үшін көндім бәріне.

Қайтеді ол сөзді қоздырып,
Керістен ешбір пайда жоқ.
Жүйкені, жанды тоздырып,
Жүретін онда жай да жоқ.

Әзер болса ергізбес,
Жақсы сөз жанға бұл мұндар.
Орденін де бергізбес,
Болашақта бұл сұмдар.

АПТАП ПЕН АШТЫҚ КЕЗГЕН ДАЛА СУРЕТІ

(1930 – 1931 ж.ж.)

Дала, дала, аңызақ.
Күн қақтаған тобылғы.
Бұта біткен тамызық,
Лап етердей қабығы.

Ирек-ирек сүрлеу із,
Өшіп, кейде табылып.
Ып-ыссы жел гүрлеуік,
Боз далада шабынып.

Күйіп кеткен қияқ шөп,
Күйіп кеткен сырлы бақ.
Аптап, аштық қияс кеп,
Тіршілікті тындырмақ.

Тынды аштықтан тіршілік,
Қойдай қазақ қырылып.
Күн қып-қызыл түршігіп,
Жүзі теріс бұрылып.

Ей, жарықтық, жарық күн,
Бар әлем, дүние тәңірі,
Қырды өлімге қанық қып,
Тастау ма еді әмірің?

Қыр қыдырған желге ұқсап,
Қазақ көшпелі ел еді.
Тоналып мал, жер құшты,
Арқада арлан желеді.

Қазақ деген момын ел,
Бар адамды дос көрген.
Қонаққа сый-бас берген,
Білдірмей бар, жоғын ол.

Жорға мінген нұр толып,
Жер иіскетпей аяққа.
Қарға адым жер мұң болып,
Тұр сүйеніп таяққа.

Кең жиһан, кең дүниеде,
Сүйеніші таяқ па?!

Бұзылды екен күй неден?
Таяныш болмай қазаққа?

Тонаудан басқа қолдау жоқ,
Қырылды, қазақ қырылды.
Бәрі бос сөз, алдау боп,
Заманға қандай ұрынды.

Қарамайды аштық тигенде,
Шетінен елді жусатып.
Топалаң дейтін күйге енді,
Бөбекті, жасты қаусатып.

Өкімет қайда кеше олар,
Төсін ашып қарсы алған,
Сталин қайда неше олар,
Бабамыз деп жар салған?!

Бәрі үнсіз, тыныштық!
Өліктер құшқан даланы-ай.
Қол созар кім бар ұлы іс қып? –
Кемсеңдеп қазақ баладай.

Тамшы да құрып кеткен бе?
Тамбайды жасы көзінен.
Ұғынарлық жоқ еш пенде,
Күбір де жыбыр сөзінен.

Төңірек түгел қуарып,
Шаң ораған даланы.
Ашыққан елдер шұбалып,
Барады бетке ап қаланы.

- Ат айдаушы, бұрылшы, -
Деді Иван; үйге жолдағы.
Ұнамайды тұрысы,
Тып-тыныш, еспей жел-дағы.

Балалар ойнап аулада
Думандап, шулап күлетін.
Құлыңдар болса байлауда,
Биелер отта жүретін.

Ал қазір мұның бірі жоқ,
Құлаққа ұрған танадай.
Бұл елдің білер сырын кеп,
Иванның көзі шарадай.

Қазақтың есігі аңқайған,
Ілгіш те, құлып та болмаған.
Еңселі үй мынау шаңқайған,
Сол дәстүрді жалғаған.

Қаттырақ тартып есікті,
Иван ашқан күйде бір
Тыныштықты бұзған есітті,
Күбірді қараңғы үйдегі.

Есік, терезе ашылып,
Бөлмеде сәуле ойнады.
Төсекте жатқан жосылып,
Адамдар нені ойлады?

Өмірді емес, әрине,
Өлімді ойлап жатқан ғой.

Шарасыздықтан зар илеп,
Сананы езген батпан ой.

Әке-шеше, ұл-қызы,
Қаз-қатар сұлап төсекте,
Сөнер, - деп қашан жұлдызым?
Күткен-ау қасірет десек те.

Бас тіккізген ажалға,
Голощекин, Сталин.
Малын тонап адамға,
Аштық берген – Сталин.

Зенченко Иван шошынды:
Қыру ғой бұл қазақты.
Есікте ол тұрып шоқынды,
-Берме, - деп, - бізге де азапты.

Шоқынды, қорқып, қалтырап,
Ұстай да алмай өз бойын.
Бірдеңе деді тамтырап,
Жеткізе де алмай өз ойын.

Үйдегілер де қозғалған,
Ыңырсиды міңгірлеп.
Уақыттан жоқ қой оза алған,
Тірлігің тұрса күңгірлеп.

-Тұрыңдар ептеп, сұламай,
Айтыңдар үйдің иесін?
Шаңырағың тұрса құламай,
Өлімге неге бас иесің?

Өзінше беріп өжеттік,
Аштарды Иван қайрады.
Жол дәмінен қажетті,
Беріп жүрек майлады.

-Қылышбаев Баймұқан,
Менің ныспым, - деді шал.-
Неше жылғы байлықтан,
Жұрдай болған мынау хал.

Бәрін айтар шама жоқ,
Үндеуге де болмайды.
Ісімізде шала көп,
Көңілім де толмайды.

Өкімет те саңырау,
Соқыр ма, әлде, білмеймін.
Құдайың да саңырау,
Құлағына зарымды ілмейді.

-Ал, Баймұқан, ертең мен
Сендерге азық жіберем.
Кеудеңді ыза өртеген,
Құм болып тұр ғой жігерің.

Ұмытылар ертең-ақ,
Аштық, қорлық, бейнетің.
Мінерсің жүйрік ерттеп ап,
Көрерсің еңбек зейнетін.

Деп Иван қақты арқадан,
Баймұқан шалды қаусаған.

Шал босап кетті, марқадар
Көрмей, сүйегі саусаған.

...Астана. Үкімет үйі осы.
Салтанатымен жарасқан.
Ел басқару ұясы-
Қаулы-қарар тарасқан.

Қызметкерді өсіріп,
Түсіретін де осы ара.
Керекті жерге көшіріп,
Бас ететін де осы ара.

Зенченко Иван қобалжып,
Қабылдау бөлме тар боп тұр.
Үйренгені тек адалдық,
Сүйенгені де ар болты.

Еңбектеніп ерінбей,
Ұжымды талай басқарып.
Еңбегі бірдей еленбей,
Шығады кейде тас жарып.

Кейістігі де, кінәсі,
Жоқ ешкімге артатын.
Халық алдында күнәсі
Тағы жоқ түбі тартатын.

Тықыршып, тұрды, отырды.
Иваннан дегбір кеткендей.
Сиынып, іштей оқынды,
Құдайға тәуіп еткендей.

Қабылдау күткен кісіге,
Ұзайды-ау минөт дәл жылдай.
Кабинеттен шыққан бір кісі
Иваннан көзін аудармай:

-Зенченко, сіз бе? – деп еді,
Менмін, - деді Иван қипақтап.
Басқадай айтпай себебін,
Зенченконы алды құшақтап.

Жауырыны қақпақтай,
Қара-сұр жігіт еңселі.
Әңгімесін айтты тақпақтай,
Зенченко жәйлі әсерлі:

-Қылышбаев мен болам,
Қара шалдың баласы.
-Шамала, - деуші еді, - әй, балам,
Жаман мен жақсы арасын.

Сіз жасаған жақсылық,
Өнеге еді ұрпаққа.
Көңіл де, ниет ақ шығып,
Тірі қаппыз бей уақта.

Тірі қаппыз сіз берген
Жылылықтың лебінен.
Тірі қаппыз сіз берген
Адалдықтың демінен.

Сіз туралы жырдай ғып
Өсиет етті жалындай.

Ұрпағына әкем сырдай ғып,
Айтатын еді жаңылмай.

Жақсылық жаса, - деп еді,
Қолыңнан келсе қиналмай.
Аштықта ол демеді,
Жүрекке қан құйғандай.

Зенченко да тебіренді
Қуаныштан күтпеген.
Көкірек-жаны күңіренді,
Жеткендей арманға діттеген.

Жақсылығың гүл жайнап,
Қарсы алса егер өзіңді.
Бақытың да нұрға аунап,
Өсірер жан-сезімді.

Сен өмірді құр бекер
Өткізбеуге бекінсең,
Бұрынғыдан мың бетер,
Қайраттанған екенсің.

Оның дұрыс. Талас жоқ.
Енді ірі бастықсың.
Өзіңменен жараспақ
Тасып жатқан астық-сел.

Өзің соның басында,
Қырдағы ел қасында.
Сарыарқаның дәулетін
Тасыта бер, расында.

Осынау сырдың тиегін,
Иванның ұлы ағытты.
-Әкем – үлгім, киелім,
Нұсқап берген бағытты.

Геннадий - Иван баласы,
Толғанып бір жөнелді,
Шалқытып туған даласы,
Сезімге тәтті бөленді.

Геннадий осы даладан,
Білім алды, күш алды.
Атадан алған, анадан
Ақылменен құрсанды.

Өнері мен білімі,
Еңбегі атын әйгілеп,
Әкеден алған ілімі,
Келгендей етті бәйгеден.

Өмірге құштар гүл-дағы
Тоң жарып шығар, тас жарып.
Негізге тартқан ұл-дағы
Талпынар елге бас болып.

Жан сауғалауды білген жоқ,
Аянбай түсті жұмысқа.
Әуейілікпен жүрген жоқ.
Танылып пысық тұрмыста.

Ұмтыла берді ерінбей,
Еңбегі сіңіп халқына.

Омырау соғып көрінбей,
Қарапайым қалпында.

Артта қалған совхозды,
Басқарды таңдап өзі алып.
Құлаққа ілмей бос сөзді,
Талпынды, шымыр кезі анық.

Шаруашылықты өрлетті,
Ел тұрмысын гүлдентіп.
Қаз тұрды үйлер өрнекті,
Құрылысты неше дүрлетіп.

Казактың ғұрпын, салтын да,
Әнін де шырқап көрі-жас.
Бәз-баяғы қалпында,
Жеткізді ұжым өнерпаз.

Ел басқарып, хор бастап,
Танытты ол казак өнерін.
Үлгіріп бәрін қалбақтап,
Көрсін, - деп жастар – көк өрім.

Өзгерді өмір, заман да,
Тарады совхоз дегенің,
Жеке меншік жаман ба,
Жақсы ма, айтар келер күн.

Зенченко шашау шығармай,
Малы да аман, мүлкі де.
Талапайға шыдар ма,
Қалмай ма ертең күлкіге.

Директор болған ептілер,
Ойларын сәтте-ақ асырды.
Малы өңештен өтті де,
Бойларын шетте жасырды.

Ал Зенченко ауылы,
Өзгермеген, қалпында.
Болмаған мұнда дауылың,
Бұзбаған мәнер, салтын да.

Жайлауында бес түлік,
Алқабында – алтын дән.
Тұрғындарда өсті үміт,
Болашаққа талпынған.

Маңдайдан тер тамшылап,
Ауырға тосып жотаны,
Жігерлерін қамшылап,
Гүлденсін деп Отаным.

Өнерге де, еңбекке,
Құлшынып село жастары,
Сарыарқа деген кеңдікте,
Биіктеп достық аспаны.

Елбасының көзіне ол
Түсіп, көңіл көп бұрған.
Ұстамды, ойлы сөзіне,
Ісі де сай кеп тұрған.

Солтүстіктің қақпасын
Ашса Елбасы аралап,

Зенченкоға ат басын
Тірер еді даралап.

-Ал, Геннадий, көрсеткін
Компания жемісін.
Қанша ақша, тер төктің,
Новоникольск ел үшін?

Риза ма халқың?
Тіршілігіне әзірге?
Азық-түлік нарқы
Төмен екен қазіргі.

Кете берер сұрақтар,
Жауабы да беріліп.
Айтылады сыр-ақпар,
Әңгімелер өріліп.

Бүгінгіні түйіндеп,
Келешекті армандап,
Думандайды, гүілдеп,
Әннен тыныс алғанда-ақ.

Күллі аймақ Елбасын,
Төбесіне көтеріп,
Билеп кетер кәрі-жас,
Табандардан от өріп.

Қазақ пенен казактың
Достығына жайраңдап.
Казак пенен қазақтың,
Бірлігін де мейрамдап!

ТЫҢДА ТУҒАН ҰЛ
(Баллада)

Мәскеуді ол артқа тастап,
Тың даланы түлетпекші.
Ақ арманы алға бастап,
Сары даланы гүл етпекші.

Ұл болар! - деп, мүмкін, бізде,
Әйелі оған жүрерде айтты.
Ойнады алау ашық жүзде,
Естігенде мынау жәйтті.

Тәуекелге белін байлап,
Қала тұрсын, - деді ол жарын.
Жол қажетін алды сайлап,
Жүрегінде лаулап жалын.

Бөлмеде осы шам жақпастан,
Соңғы рет бір отырмақшы.
Қандай адам ой бақпастан,
Өмір жүгін толтырмақшы?!

«Болашақтың» сыбысы жоқ.
Бөбек әлі келмеген-ді.
Сәби демі - тынысы боп,
Ана жанын тербеген-ді.

Құшақтасып қоштасты олар,
Міне, ол жалғыз үйден шықты.
Жан жарына қиын болар,
Қамқоршысыз, осыны ұқты.

Бұрын оны ойламаған,
Өз-өзінен ұялды тек,
Жүрерінде сөз байлаған:
Мен тың жерде қаламын, - деп

Бір кереует ұлына ертең,
Алмақшы еді ГУМ-ға барып,
Достары ғой онсыз ерте,
Палатканы құрары анық.

Түнде боран ұйтқып соқса,
Аяз шымшып, ойнағандай.
Жылы төсек - бақыт болса,
Болмайды әзір ойлаған да.

Тыңның толық бар тірлігін,
Әйеліне ол жазған да жоқ.
Жігіттердің шын бірлігін,
Жыр етуден танған да жоқ.

Тыңгерлер тек мақтайды кеп
Хатта: жайлы жер, суы деп.
Шақыруға батпайды тек,
Әзір, мұнда келсін үй, - деп.

Қарсы ап дала ақпанымен,
Келгендерді алғаш тыңға.
Күресті олар ақ қарымен,
Боранмен де түсіп сынға.

Палатканы құрғызбайды,
Үдей соққан желі қатты.

Аязы жүз бұрғызбайды,
Күртікте аунап, таңдар атты.

Ерлікке тән күндер кешіп,
Оны хатқа жазбады ешкім.
Су жоқ, ыстық жел тұр есіп,
Қиындықтар шығар ма естен?!

Мұнда тағы ыстық, аптап,
Күн күйдіріп жерді бақты.
- Үйренеміз, енді ептеп,
Бүгінгіден ертең-жақсы.

Боразда да тартылды алғаш,
Асхана да ашылды әсем,
Сәнді клуб салынды алғаш,
Гүлге оранып тұңғыш көше.

Шаштаразға алғаш рет,
Сақал-мұртын алдырды ұлан.
Саңқылдады алғаш рет,
Үй тойында сырлы жыр-ән.

Міне, нағыз алғашқылар
Сапында ол келе жатыр.
Мол дәулетті алғашқылар,
Қырдан алып келеді ақыр.

Олармен қосыла қап,
Алтын дән! - деп безілдеп жел.
Қазақстан - жасыл абат,
Деді ол, жарым, тезірек кел...

Жарты совхоз кезіп түнде,
Перзенхана маңын торып.
Тракторшы жары кімді,
Әкеледі? - жұрт жүр жорып.

Күдіктенбей қыздар парнақ,
Бір қулықты ойлап қапты.
Ұл мен қызға киім арнап,
Дәл он жылдық дайындапты.

Қыз-қалыңдық мейлі тусын,
Бір ат ұстар тусын «жаман»
Шаттығымен көңіл жусын,
Кім туса да болсын аман.

Кереуетте қалғып қана,
Жатыр үйді дулеткен «ер»,
Бөбек туған бұла дала -
Әкесі оның түлеткен жер.

Таныгты адам еңбек күшін,
Күрең егін бас алмақшы.
Ұйықта бөбек, сенің үшін,
Бар жақсылық жасалмақшы

Тыңда шамдар жарқырайды,
Әр ауылды нұрға бөлеп.
Жаңа мектеп шақырады,
Білім ал! - деп, балғын бөбек.

Аграном ба, ел өркені,
Үйкүшік пе, кім боларсың?
Өзің туған кең өлкені,
Гүлдендірер ер боларсың.

ҚЫРАН ХИКАЯСЫ

(Болған оқиға)

Тордан шығып, бостандыққа ұмтылып,
Қыран ұшты көкке қарай құлпырып.
Аң атаулы қорықты, қашып жан-жаққа,
Көкке қарап, бір жүгіріп, бір тұрып.

Көк тәңрісі аспандады, шарықтап,
Кең даланы көрейін деп анықтап.
Сорғалады, қайта өрледі аспанға,
Бір заңғарға оқтай зулап барып қап.

Жанарына сыймайтындай қыр алып.
Көлбей түсіп, ақты аунап, бұралып.
Самғай берді биіктерден биікке,
Ескен желден еліктірер сыр алып.

Бұл даланы бұрын әсте көрмеген,
Заулай берді қалпында ол өрлеген.
- Қайда менің аңшы досым әуелгі,
Кетемін бе, жолдас болып шерменен?-

Дегендей ол самғай берді алысқа,
Ең алғашқы иесі еді арыстан.
Сол жан досын соңғы иесі өлтіріп,
Ақиыққа ие болып жабысқан...

Қарқынын құс тоқтата алмай жуықта,
Самғай түсті - жоқ бөгелер тұйық та.
Заулай берді аспан көкте шарқ ұрып,
Төменде аңшы қалтырайды суықта.

Дәл осы аңшы –жан досы емес, жат адам,
Озбыр болып қалған ба екен атадан?
Құсбегіні аңда жүрген алаңсыз,
Аңдып жүріп,атып кеткен тасадан.

Құс еді бұл аты әйгілі алапқа,
Құсбегілер салған талай сарапқа.
Бір қыста елу түлкі алғаны қыранның,
Елден елге кеткені бар тарап та.

Ақиықтың құлағында қалыпты,
Мылтық үні, ажал үні хауіпті.
Жаңа иесі аң пиғылды аңшыға,
Қиястанып, тағылықпен жауықты.

Шақырса аңшы, қыран дыбыс бермеді,
Әдепкідей қанат жайып келмеді.
«Қызылға» да қарамады неше күн,
Аңшыдан да тыным-тыныш көрмеді.

Ұйықтатпады шартылдатып қамшысын,
Отырғызып ала арқанға паң құсын...
Шаршады құс, жеңілді құс бір күні
Дегендей-ақ : «Қатыгез жан шалқысын!»

Қансонарда қырмақ аңшы қыр аңын,
Таңнан жалғыз алып шықты ол қыранын.
Орманға енді қызыл түлкі хауіпсіз,
Ал бүркіт ше? Тыңдаумен жүр қыр әнін.

Болат қанат, жез құйрығы қалтылдап,
Қауырсындар суылдайды, жалтылдап.

Топшы жиып, төмендейді кейде ол,
Тыныштықты бұзып тұнған, саңқылдап.

Көз жазбайды аңшы құстан алақтап,
Қыранының соңында жүр далақтап.
Бір биікке шығып кейде тұрады ол,
Түрлі-түрлі ой кітабын парақтап.

Жан-жүйесі, жүйке тамыры құрысып,
Аңшы құсқа көрленіп тұр ұрысып.
Заңғарға оның енді қолы жетер ме?
Биікке бос қарманғанмен тырысып.

Аспан деген шырқап тұрған байтақ ән,
Құс та көкке көтерілді қайтадан.
Шуда бұлт та, күміс күн де құбылтып,
Тамылжытып, тамсандырып айтады ән.

Бақыт бар ма, бостандықтан асатын!
Жанды бар ма, кеңшіліктен қашатын!
Ақ қайыңдар ақиыққа қол соғып,
Қоштап оны құшақтарын ашатын.

Топшы жиып, шырқау көктен домалап,
Құйылды құс, тамаша етті бар алап.
Секем алып, шошып қалып аңшы да,
Орманға атын бұрды, ышқына сабалап.

Аңшы састы, жан-жүрегі суылдап,
Төбесіне қыран төніп, зуылдап.
Ат үстінен алып түсті ол аңшыны,
Ұмар-жұмар, адам мен құс шуылдап.

Адам емес, жаны жыртқыш оның да,
Құс тұяғы қарысып бас-жонында.
Қыран отыр қызыл етіп аңшының,
Аққан қанын ұйып қалған қолында.

КӨР АЗАБЫ

(Баллада)

Ауылдан алыс адырда,
Жатырмын өліп қабырда
Тыныштық басып, тұмшалап,
Бойымнан кетіп сабыр да.

Қалам жоқ қолда мұңдасар,
Жолдас жоқ мұнда сырласар.
Қызыл тіл серік, ақылшым,
Күй сандығым мұңды ашар.

Шуылдап бір кез көр іші,
Ұлыды ма, әлде, бөрісі?
Үстімде ойнап қызыл от,
Сезілді күйген жер иісі.

Тілгілеп түтін танауды,
Тұншықтым, есім мың ауды.
Мөлдіреп көзден ащы жас,
Қарашық қойды қарауды.

Алаулаған қызыл от,
Шарпылды денем, күйді ет.
Бұрылуға орын тар,
Не істерсің, құдірет?!

-Жоқ! - дедім, іштей күйініп,
Ыңғайланып, түйініп.
Күл болып кетсем,қара жер,
Бауырына алсын сүйініп.

Алысып көрем отпенен,
Жиырылды оқ-денем.
Домаланып атылдым,
Жеңеріме хақ сенем.

Ойран-асыр, қым-қуыт,
Арпалыстым от қуып.
Ойнап кетті аяқ-қол,
Тал бойымды тер жуып.

.

Көрдің шетін опырды-ай,
Ғаламат күш, опырм-ай!
Көтердім басты, зор дауыс;
Қозғалмай жат, отырмай!

Күркіреп тұрған күн бе екен?
Жыннан шыққан үн бе екен?
Түсінбедім, бұрқырап,
Сөйлеген, әлде, түрі ме екен?

Қасарып, қақпай қасымды,
Имей бір сәт басымды,
Түтінде шыдап отырмын,
Тыйылтып көзден жасымды.

Қай тілде, не деп тұр мынау?
Не істе дейді, құрғыр-ау?

Тірімде, шіркін, кездессең,
Салар едім қыл бұрау!

Айтсын деп алла акбарын,
Ұрғылап тұр-ау шоқпарын.
Былдырлайды, айқайлап,
Кім білсін, қашан тоқтарын.

Мен тәңірің, ей, шырақ,
Естімеуші ме ең, кер құлақ.
Қазақша емес, тәңірше,
Жауап бер маған сен, бірақ!

О, құдірет, тәңірім,
Орындалмайды әмірің.
Қазақ боп туғам, сол үшін,
Көрсетпек пе едің жәбірің?

Туғаннан мен қазақпын,
Елім бар, еркін, азатпын.
Кеш қапсың, тәңір, басымнан
Ертерек өткен мазақ күн

.
Көнбеймін, міне, өлсемде,
Тереңге тағы көмсеңде.
Тәңірше мүлде білмеймін,
Денемді жүзге бөлсеңде.

Табиғат берген өз түрім,
Бар қазақы өз тілім.
Сол тілде тек сөйлеймін,
Сол- қанатым,сол-пірім.

Ақырып қалды «құдакең»,
Көріне мініп тұр екен.
Көр ішінде тағы лаң,
Түсемін бе мен де кем?!

Гүрзіден оттар жалтылдап,
Беттақтайлар сартылдап,
Төбелес қызды тағы да,
Төңірек түгел қалшылдап.

Бейітімнің қасынан,
Өткен кәрі-жасыңнан,
Сұраймын, деме кешті ақын
Көр азабын басынан,

Тағылсын мейлі мың айып,
Күресте шығам тыңайып.
Ақын боп туу керек қой!-
Деді «Төңір» мұңайып.

4.02.1967 ж.

АЗАТ БАТЫР
(поэма)

-Жау қуып бара жатыр малымызды,
Батыр-ау, талапай қып барымызды.
Сұсты қол тоқтар емес, тайпауға бар,
Қылыштап, судай шашып қанымызды.

Зор дауыс жалынғандай болып шыққан,
Ауылды дүрліктірді күзекте ыққан.
Азатты аласұртты әлгі дауыс,
Секілді өңменіне қанжар сұққан.

Жарқыраған көзінен жалын шашып,
Көкірегін ызаның зілі басып,
Қылышын ала салып, көйлекшең-ақ,
Атқа қонды, көрген бе ол жаудан сасып.

Қаны тасып, кеудеде жүрек тулап,
Құлағында алапат дауыл шулап,
Атына емес, мінгендей ашуына,
Жауға шапты-қауындай басын турап.

Намыс деген кетеді ашындырып,
Әлде қайдан күш бере тасындырып.
Сертті шақта келеді адамға ол,
Алмау үшін дұшпанды басындырып.

Намыс, намыс батырды ашындырған,
Жауға тиді ол қырғидай жасыл қырдан.
Ойран салды дұшпанға өзге ерлер де,
Жаңа ғана Азат кеп басын құрған.

Атпайды енді бұл жерде қорғалап таң,
Жүрмейді енді үреймен жорғалап жан.
Шайқастан соң тыныстап тұрды батыр,
Тілімденген денеден сорғалап қан.

Тау-төбенің басында жалғыз қалып,
Сүйеніп тұр найзаға нағыз алып.
Таудың атын қойыпты Азат- тау деп,
Азатты ар, намыс деп елі танып.

ЖАЛҒЫЗ ТАУ БАУРАЙЫНДА
(Поэма)

Құлпырып Жалғыз таудың төңірегі,
Қарақат, жидек, шие төгіледі.
Өрмелеп жотасына қарағайлар,
Қайың, тал алқасына өріледі.

Сыңғырлап жөнеледі тастан құлап,
Ақ бұлақ орман ішін аққан қулап.
Нәп-нәзік саз ойнайды, күй толғайды,
Тау іші ән базары жатқан дулап.

Жалғыз тау Алатаумен таласпайды.
Көк тіреп, ақ бұлттардан әрі аспайды.
Көкшенің теріскей жақ бір сілемі,
Арқаның алқасы онсыз жараспайды.

Жалғыз тау сары далада тұрған бекем,
Ақ жүзін самалменен жуған екен.
Га-Гакку сырлы, сазды арман құсы,
Адамдар тамсануға туған мекен.

Адамдар шаттануға, қанат қағып,
Ән өрген домбырамен қабатталып.
Күмбір үн, сыңғыр әнмен самғай берген,
Тау шыңын орай ұшып, тағатты алып.

Аспанның бір бөлшегі сынып, шөккен,
Көкшіл тау жапан түзге сырын төккен.
Бұл тауды ән тауы деп атайды ел,
Аққудай ұшыратын жырын көкке.

Қыс-қыстау, жазда-жайлау бар ауылға,
Жалғыз тау-атамекен қарауылға.
Бұл елде бесіктегі бөбек те әнші,
Бір себеп әнші тау боп таралуға.

Шілденің маужыраған күні қандай,
Сайрауық сан түрлі құс сайрағандай.
Гимнін Сарыарқаның шырқап, жырлап,
Ағады Қамсақты өзен үні талмай.

Сағым қандай, жүгірген сағым қандай,
Кең далада көп керуен сабылғандай.
Қойын жайып бір қырда жатыр бала,
Бал дәуреннің базарын сағынғандай.

Қиялдайды ол,тау жақтан көзін алмай,
Батыр болып,бай болып, өзін алдай.
Қалғып кетті ол жантайып жатқан қалпы,
Бір оқиға күткендей төзім қалмай.

Тау мұнартып,бұлт басып төңіректі,
Аласартқан секілді зеңгір көкті.
Жалғыз таудан қария түсіп келіп,
Балаға қырда жатқан әмір етті:

-Қойшы бала,түрегел,бабаң келді,
Мекендеген Жалғыз тау, Жаман көлді.
Байдың қойын баққанмен бақ қонбайды,
Ән айт балам, сүйсінтер тамам елді!

Елді серпілт, мұңына тұншықпасын,
Тірілігі көңілінен бір шықпасын.

Өлі дене, өлексе жан емеспіз,
Деп жүректер жай тауып, тыншып қалсын.

Армандасын жүректер сырлы бақты,
Сұлулықты, пәктікті, жыр бұлақты.
Келешекке қарасын үмітпен ел,
Олардың шат күлкісі сыңғырап тұр.

Ән айтуға тиіссің аңыратып,
Құйқылжытып, құбылтып, жамыратып.
Әр дәуірдің болады өз әншісі,
Әйтпесе қырды аламыз қаңыратып.

Сен дәуірдің болашақ бүлбүлысың,
Сені бұлбұл демеген тіл құрысын!
Жарқырап тұр маңдайың өнерпазым,
Қанатты әннің қазақта дүлдүлісің!

-Жоқ, жоқ, ата, мен тіпті ән айтпаймын.
Әуеніммен ешкімді қуантпаймын.
Қой қайырар «шәй-шәйләп» дауысым бар,
Әншілікпен мен сізді еш жұбатпаймын.

Мұның рас, әйтеуір, қой бақпаймын.
Байға онымен бәрібір мен жақпаймын.
Жалшы болып дүниеге келіппін бе?
Күні-түні қиналып ой ақтаймын.

Еліміз боп мақтанар есімімен,
Даңқы асқан тоғайлы Есілінен.
Халқымның жүрегіне ұялаған,
Қаз дауыс, қалқыған ән, есіл үнмен.

Ақын бар бұл өңірде саңқылдаған,
Күйші бар кеудеде күй аңқылдаған.
Мені әнші, ақын десе бәрі күлер,
Ат тағар «ақымақ» деп халқым маған.

Кімсіз? - деп те мен сізден сұрағам жоқ
Қорқып сізден көзімді бұлағам жоқ.
Мейлі тәңір, сәуегей, көріпкел бол,
Алдыңызға жығылып, құлағам жоқ.
Мен сізден әншілікті сұрағам жоқ.

Күмістей сақал-шашын жалбыратып,
Шал тұрды қос иінін салбыратып.
Қабағын түйіп алды жауар бұлттай,
Дауылдап кетердей бір шаң боратып.

- Тарт мына домбыраны,тентек бала,
Манадан айтқандарың - тәлкек қана!
Өнерде әр адамның өз орны бар,
Әр мінез өнерпазда бар тек қана!

Араладым жаһанның төрт бұрышын,
Сендей бала көргем жоқ, өрт-тынысың.
Ызыңдаған ынжық ән мазамды алды,
Қаптап кетер шыбындай, тарт-құрысын!

Шал қолынан алғанын домбыраны,
Сезбей бала алдына қондырады.
Жауырыны бүлкілдеп, бойы мұздап,
Домбыраның шегін ол мол бұрады.

Жанарынан қызыл от тамшылаған,
Тұғырдағы қырандай аңсыраған
Делебесін қоздырып, сілкінгендей,
Түлеп кетті кішкентай әнші адам.

Безектемей қос шек аңырады,
Аңырады, га-галап ән ырғағы.
Ұялы аққу аспанда ойнағандай,
Шанақтан төгілді әуен, жамырады.

Бала да домбыраға қосты даусын,
Сұңқылдап аққу-әуен асты тау-шың.
Бұлт тарап, жайнады әлем жасарғандай,
Ән кернеп Арқа аспанын ашты да шын.

«Әу!» дегенде-ақ алқымы кеуіп,ісіп,
Ән-ырғақ көмекейді теуіп ұшып,
Заңғарларға жөнелді ән ұқшқыр қанат,
Жалғыз таудың жақпарын өбіп, құшып.

Құбылып бала айтқан ән өрістесін,
Тамсанып, тау да естіп ән періштесін.
Таңданды ауыл-аймақ! Қас сұлуды,
Сұлу емес деп қалай теріс десін.

- Япыр-ау, неткен әуен тамылжыған?
Көңілдің кірін жуған, дағын жуған.
Жүректің түкпірінен өрілген үн,
Сұқтантып, талайларды ол сағындырған.

Мұндай ән естімеген көптен бері,
Сауықшыл қазағымның көк пен жері.
Күтулі ел осы әуенмен келетіндей,
Келмеген жасыл қанат көктемдері.

Қып-қызыл гүлге дала тұнып қалған,
Жел сәтке ызың-күйсіз тынып талған.
Боз торғай, бөденелер даладағы,
Ауызға мықтап тұрып құлып салған.

Әніне өзі салған балқып бала,
Төгілтті басқа әуенді шалқып жаңа.
Тыз етті жауырыны...ән жоғалды,
Ұйқыдан түрекелді қорқып бала.

Қойы өріп кетіпті даланы ақтап,
Қамшы үйірді балаға бай жалақтап,
Қой іздеген малшылар сабылумен,
Қырға шауып барады құр далақтап.

Шал да жоқ,домбыра жоқ қолындағы,
Мұрша жоқ жинақтауға ойын тағы.
Бай сабады баланы...зарлап қашты ол,
Қан сорғалап жарадан жонындағы.

* * *

Үкілі Ыбырайды ел біледі,
Қазақтың бұлбұлы еді,ел гүлі еді.
Данаға әлем қолын соққан талай,
Менің де арнаған бір белгім еді.

ЗАУАЛ

(поэма)

Жұрт жоқтап қапыда өткен қайран атты,
Әр жақта ел бұлбұлы сайрап жатты.
Ішегі домбыраның сыңсып, жылап,
Әншілер «Құлагерге» байбайлатты.

Ілияс Жансүгіров.

Ел қайтты мұң арқалап Ерейменнен,
Мастанып Батыраш жүр мерейге енген.
Ер Ақан еңіреді де,жүріп кетті.
Қоштасып керейдегі кедейлермен.

Дана адам - еркетай Сырымбеттің,
Келеді жуып жасы нұрын беттің.
Сарыарқа қайғы жұтып, мұңға батты,
Сұм тағдыр қайғысына қырын кеп тым.

Бөрі де апанында бұғып қалып,
Шөп шалмай, су да ішпей бұғы қанып,
Қызғыш құс нәрестедей шырылдайды,
Күндіз-түн шаршау білмей жағы талып.

Даланы мұң жайлаған, зар жайлаған,
Төсінде алас-күлес жын ойнаған.
Желбіреп зұлымдықтың қара туы,
Шындықты шығармастай шырмаулаған.

Өктемдік, дөкірлікті Арқадағы,
Күркіреп айтумен бұлт тарқамады.
Астағы ат өлімін, Ақан мұңын,
Толассыз сызылтуда қалқа дағы...

Ат па еді, Батыраштан ажал тапқан?
Ат па еді, бар жүректі қан жылатқан?
Ат па еді,өлімімен дүниені,
Тірі өлік халге әкеліп, қансыратқан?

Құлагер дүлдүл еді қазақ үшін,
Талайлар әлі жырғып жазары шын.
Тұлпары Сарыарқаның-сары даланың,
Танытқан өлгенде де аза күшін.

Егіліп жел жылады, ел де боздап,
Тұлпардың өлімі-ақ жанды қозғап.
Жоқтаған шығар бұлай қазақ халқы,
Өткенде дүниеден не бір боздақ.

Қан тұнған жанарына жалмауыз жан,
Батыраш қарғыс алды бар қауымнан.
Ұшқан құс, жүгірген аң-бәрі кекті,
Бәрі өш, айнымайды ол қас жауынан.

Астан соң өтті талай алуан күндер,
Мұң езген зерделі елде қалған сүлдер.
Күңіреніп Ақан салған зарға батып,
Күрмеліп қалғандай бір шешен тілдер.

Батыраш Құлагердің қанын жүктеп,
Бәйгісін қан аралас алған бүктеп.
Тасынып «ерлігіне» жатты ол үйде,
Сабадан сары қымызды ішіп күптеп.

Бал қымыз маужыратып, бойын алып,
Ештеңе келтірген жоқ ойына анық.
Мысық мұрт,теке сақал Батырашты,
Тәп-тәтті ұйқы кетті қойнына алып.

ТҮС

Ышқына кісінеген жылқы дауысы,
Естілді,келді ме бір апат жаушы?
Желіні дертіп келген бие шығар,
-Қатын-ай, алдынан шық, тездеп саушы!

Батыраш қатынына әмір беріп,
Түсінде отыр үйде дырау өріп.
Бір дүбір көп дүбір боп естілді анық,
Жау шығар келген мың сан соңына еріп.

Шын састы,қорқып қалды,қалбалақтап,
Жабықтан қарады ол көзі алақтап.
Жау да емес,бие де емес,үй сыртында,
-Құлагер,ойбой!-деді ол бір қарап қап.

Көзіне көзі түсіп,бойы мұздап,
Жүзіне тасып шықты ашу сыздап.
-Япыр-ау,тірі ме еді мына доңыз,
Мен қалай өлтірмегем басын мыждап?!

Десе де қалш-қалш етіп,батырсымақ,
Батыраш естен танды,жатыр сұлап.
Құлагер басында тұр ес жиғанда ол,
Тіл бітіп,оған қойды ақыр сұрақ.

Жер тарпып,кісінеді,көзі жайнап,
-Сен неге мені соқтың ызаң қайнап?
Неңді алдым маған балта сілтегендей,
Өлтіре ала алдың ба,сорлы бейбақ?

Мен өлмен,өлтіремін сені таптап,
Еш пенде жыламайды сені жоқтап.
Сен сұрқай заманыңның бүйісісің,
Іңінен шығып жүрген болғанда аптап.

Батыраш жатты есін жинай алмай,
Жын алмай, оның жанын құдай алмай.
Құлагер тарпыды оның маңдайынан,
Залымның қылығына шыдай алмай.

Батыраш ұйқысынан шошып тұрып,
Ербеңдеп қасындағы қатынды ұрып.
-Өлтірді, өлтірді, - деп қараңғы үйде
Қашып жүр, өкіріп жүр, дымы құрып.

Батыраш соғылмаған зат қалмады,
Қираған дүние де жоқталмады.
Ас-судың ішінде жүр басып-таптап,
Арам жан адал асты арамдады.

Есікті арқандаған баспен қойып,
Далаға шықты, иығын тақтай сойып.
Қан жоса үсті-басы, алұм-жұлым,
Жынданып кетті ол қырға қара жойып.

Еңкілдеп,еңіреуге шамасы жоқ,
Қашпауға үрей қуған шарасы жоқ.
Борсаңдап, бір құлайды, бір тұрады,
Сыздайды, күйдіреді, жарасы-шоқ.

Соңынан қалмайтындай сойқан дүбір,
Алқынып,паналады ол ойпаңды бір.

Дем бітіп,талмаусырап, терге бөккен,
Батыраш күбірлейді «Әлхамды» құр.

-Ух, өлдім, - деп шұқырға ол бұға берді,
Көкейіне қорыққанда дұға енді.
Қараңғы түн қойнынан толған Ай да,
Бейшара жанға күліп шыға келді.

Жымыңдап жұлдыз біткен аспандағы,
Байғыз да мазақтаудан жасқанбады.
Бір кезде «Құлагер» деп жылқышының
Шырқаған қырда әні аспандады.

Зарлы әнде ашу, ыза қайнап, тасып,
Көмейден төгіледі қабаттасып.
Жаныңды шымырлатып, жүрек шымшып,
Қайралған кек туғандай айбат шашып.

Аспанға өрлей берді әуен қалқып,
Шырқаушы, тыңдаушы да бірдей балқып.
Боздақ ән Батырашқа жалындай боп,
Күйдірді жүрек-жанын оттай шарпып.

Қоярға жан таппады Батыраш шал,
Даттады,ой менен қыр, адыр, тас, тал.
Төгілтті ән, қой күзеткен қыз -
Ол дағы оқ боп тиіп жатыр,бас дал.

Көгерген бет-ауызы, көзі іскен,
Езуі жырым, сынып тісі түскен.
Батыраш өзіне өзі ұқсамайды,
Мақұлық айырылған пішін-түстен.

Ақанның мұң-зарлы үні құлағын жеп,
Зор дүбір соңына ерген Құлагер боп.
Еңбектей үйіне еніп Батыраш шал,
Қан қатқан сақал-мұртын жұлады кеп.

Жолы тар зұлымдықтың әрі шолақ,
Берері:қорлық,үрей-бәрі сол-ақ.
Залымды көлеңкесі қуып жүрер,
Сезбеген әуелде оны, көрі шұнақ.

ОҚЖЕТПЕС
(поэма)

Оқ жетпес,-деді ме екен,
Керме иық кесір керім.
Шыңға іліп орамалын,
Ат!-деді,есіл ерім.
Мысқыл ма,мазағы ма?
Әлде сол салмағы ма?
Өнерін ер жігіттің
Бір сынап қалмағы ма?
Тұра қап асқақ шыңда,
Қол бұлғап шақыратын,
Бақыт па...бұл орамал,
Терең бе батыратын?!
Жігіттің жанын жаулап,
Жүрегін дуалаған,
Сиқыр ма, жын ба шыңнан
Бақ құсын қуалаған.
Шіркін-ай,бір мергеннің
Жебесі дөп тиер ме?!

Орамал төмен құлап,
Қыз жаны бір күйер ме?!
О,арман, қандай едің,
Жүректе отша өретін.
Кейде бір дәмеліге,
Ұстатпай, жалт беретін.
Үмітпен үздіккендер,
Қас сұлу қалмақ қызға,
Риза жығылса да,
Жалп етіп, тайғақ мұзға.
Бота көз, оймақ ерін,
Нұлы жүз албыраған.
Қыз тұрды жұрттан оқшау-
Етекте жамыраған.
Зуылдап тауық жүнді
Жебелер кезек ұшып,
Межеге жете алмастан
Жер қауып, құзар құшып.
Әр ауыл өз батырын
Қолпаштап, мазаңданған.
Ақ сезім,ақ тілектер
Айтылып, азан-қазан.
«Аруақтап», Аманжолдап»
Қиқулап,шулаған көп.
«Ақ жол» деп ұрандаған
Қосылды дулаған топ.
Көңілге ой маржаны
Орамал тұр-ау салып.
Сықсиып үміт шамы,
Ал кейде жайнап жанып.
Бойға күш, жанға жалын
Құйғандай қанаттанып,

Кей батыр сенім құшып,
Көңілі тағат тауып.
Кезегін ала сала
Садағын шірей тартып,
Қыран көз арда азамат
Жебені зуылдатып.
Оқжетпес басын иіп,
Орамал желбең етіп,
Сынық сап ербең етіп,
Сорғалап төмен кетіп.
Суарған намыспенен
Қайратқа алмасты оқ,
Жарқ етіп қызға сойқан,
Көрінді албасты боп...
Қыз аң-таң, елде ес жоқ,
Дүрілдеп кеткен шалқып.
Қай ауыл, қай ұл екен?
Не керек, сұрау да артық.
Оқжетпес өзі куә,
Бұл жайға әбден қанық.
Жігіттің қызға намыс
Бермей-ақ қалған анық.
Мұнартып, мұнарадай
Орнатқан арда жерге,
Оқжетпес мәңгі ескерткіш
Арқада намысты ерге!

БӨРІБАЙ

(Аңыз)

Арқасын қаракердің қайыстырып,
Белін де қабырғасын майыстырып.
Көкжалды қанжығаға байлады ол,
Қақ сойыл қағып өткен жаныштырып.

Шат сезім, шалқытып ән сорғалатып,
Тебініп атын аңшы жорғалатып,
Сонардан ауыл жата оралды ол,
Айды да аспандағы қорғалатып.

Осы сәт дел-сал болып жатқанда аймақ,
Суыт кеп түсіп жатты аттан жайлап.
Аңшыны қақпа алдында тосып алды,
Келіншек қос жанары оттай жайнап.

Еркелік, наздық та бар жарасатын,
Өзінен жоқ секілді жан асатын.
Сағыныш саналарды сары тап еткен,
Қос құшақ арасынан тарасатын.

-Мен сенің орындадым тілегіңді,
(Бөріні нұсқап жігіт, іле күлді)
Ұл күтем, ұлан күтем жаным, шыным,
Солай бір қуантсаңшы жүрегімді.

Айылын босатпастан қаракердің,
Шешпестен қанжығасын қазақ ердің,
Қасқырдың іреп тастап көкірегін
Жүрегін жарына аңшы алып берді.

Қан жүрек қанжар шапқан күресінен,
Әйелдің жатты алдында шігесінен.
Ол қазір бұлқынбайды, жұлқынбайды,
Бейхабар күресіңнен, тіресіңнен.

Мұқалып көрмеген күш – қайраты да,
Өр мінез, қаһарлы тұс – айбаты да.
От жүрек – ет жүрек боп жатыр қан-қан,
Иленген саз балшықша жайратыла.

Ол қазір жерік асы жас арудың,
Аңсары ауған арудан босану мұң...
Бөрібай арлан жүрек, айыл жимас,...
Бағына туған еді осы ауылдың...

БІР ШӨКІМ ТОПЫРАҚ
(Баллада)

Бір шөкім топырақты қолыма алып,
Қараймын, қызықтаймын ойға қалып.
Тер сіңген алақанда сансыз жұлдыз.
Бергендей мөлдір аспан сыйға салып.

Түрлі ой – су жүйріктей сылаң ағып,
Басымнан өтіп жатыр бұраң қағып.
Осынау қара қошқыл топырақта,
Миллион тіршілік тұр шырақ жағып.

Япыр-ай, алып па едің шүйкедей қол,
Көтерген тіршілікті салмағы мол.
Қалайша сыйып кетті осынша өмір,
Алақан шұқырына ноқаттай сол?!

АРКАДИЙ ПАТША

(Баллада)

Патшалық еткен екен о заманда,
Аркадий Римде – ырғын обаланда.
Дұшпан елдің кетіріп есін мүлде.
Қандатып, үрейлі боп обадан да.

Аналар көздің жасын көлдетіпті,
Ертеңіне Римнің ер боп күпті.
Тауық күту патшаға бақыт екен.
Ісі болмай қайғылы елде тіпті.

Патша тастап Римді жау қамаған,
Равенноға қашып бас сауғалаған.
Соңғы мың қол аттанған қанды ұрысқа –
Үміті - қорғаушысы қаумалаған.

Қырылғанын әскердің, жеңілгенін,
Патшаға айтты хабаршы егілген үн.
-Тауықтарды құтқарып қалдыңдар ма?
Деді Аркадий: - Көрсем-ау, семіргенін.

ТЫҢГЕРДІҢ ТОЛҒАУЫ

Түтеп тұр боран, түтеп тұр көзді ашқызбай,
Түтеп тұр боран, ілгері адым басқызбай.
Түтеп тұр боран тұншықтырып, қақалтып.
Ықынасың – жан жағың аран, тас құздай,
Ықынасың, шошисың түнек-дүлейден.
Бүгінге дейін бейхабар жүрсең үрейден.
Даланың заңы – қатал заң, ешкім аямас.
Хауіптен сақта! Сапарға шықса тілейді ел.

Шаруаның түн-күн ойлайтыны қыс-қамы,
Боран мен қасқыр мал баққан елдің дұшпаны.
Мүлт кетсең болды, жаңылып есеп-шотыңнан,
Жүген-ақ ұстап, түлігің түгел ұшқаны.
Аязы шымшым, бораны беттен қаққанда,
Адасып қырда, омбылап қарға батқанда,
Сылқитып тұрып сыбайсың құлан даланы,
Ішінде бәрі – аязы, қары, ақпанда.
Естігем бұрын айтқанын қазақ жолдастың,
Онымен талай – от жалынды жол астым.
Жеңіс күнін көруді арман еткенбіз,
Туған жерге жетер сәтті болжастық.
Арманға жеттік, жеңіспен елге оралдық.
Қуаныш-шаттық, бақыт нұрына орандық.
Сәулесі күннің ойнады қайта жүздерде.
Өрт шалған дүние - өмірден қайта жаралдық.
Аттаңдық тыңға, бетке алып қазақ даласын,
Боранға сүңгіп, ДТ-лар үзіп қарасын.
Мотор мен дауыл үнінен құлақ тесіліп.
Тыныштық барын ұмытып қалып барасың.
Будкада жанған темір пештегі от лыпылдап,
Тершітті жұртты, отырған мұнда лықылдап,
Мотордың үні, боранның дауысы қосылып,
Даңғаза – шулап, даурыға күліп сықылдап.
Қорқытады бізді «үсисіңдер», - деп боранда.
Қайтыңдар кейін, не бар? – деді – сор онда!
- Далада не бар? Бейнеттен басқа түк те жоқ.
Төңірек түтек, төңірек – көрдей,
Нүкте жоқ.
Мұң тұман тұмшап алғандар енжар, тұнжырап,
Жігіт емес, әлдекім-еңдер, сылбырақ.
Асқақ ән шырқа,

Гармоншы жігіт қайдасың?
Ойна гармонь, төгілсін әуен сыңғырлап.
Басында папах, үстінде ақ тон, келте етек,
Парторг дескен, айтқаны дұрыс келсе етек,
Болашақ совхоз директоры да отыр ортада.
Картадан елге әлденелерді көрсетіп.
Қозғалысқа енді, отырған жастар ұйықтап.
Шырқады гармонь орыстың әні қалықтап.
Па, шіркін, жастық! Тосқауыл ма екен бораның?
Әуенмен қырда биледі жастар шарықтап.

* * *

Сары даланың қойнында
Талай ғасыр бөгіп қалған.
Алтын дәндер көктей алмай
Ақ сәулелер сөніпті алдан.
Аяз құшып дала жатқан.
Құйын қуып қаңбақтарын.
Көктем – жазда сағымдармен.
Кеудесінен өріпті арман.
Күтті ме әлде, күтпеді ме,
Жас жігерді жалын атқан?
Алып дала тебіренді-ау бір.
Жарты әлемді алып жатқан.
Тебіренді қуаныштан,
Дүрілдетіп аспан астын.
Түндерде де ағылды лек.
Тұс-түс жақтан шамын жаққан.
Арманшыл жастар, қиялшыл жастар лепірген,
Жаңа жер ашып, игеруге де бекінген.
Бел буып бекем, қайсарлықты елге танытып.
Аязға жүзін қарытса да емес өкінген.

Өкінбейді олар, тайсалмайды олар құйыннан.
Боранна долы, бұрқылдақ қардан құйылған.
Жоқ түгел мейлі даланы жапсын ақ түтек.
Ықпайды жастар әр қиырдан жиылған.
Ықпайды олар ақ бораннан өткендер.
Шегініс білмес, түтекке қарсы етпеңдер.
Мұз құрсанған даланың дәнін табатын
Елді нанға қарық қылар өктемдер.
Ғасырлар сырын бауырына басқан жасырып,
Жұмбағы қанша көрінбеген әлі ашылып.
Не сақтап жатыр ақ дала бүгін біз үшін.
Құпия бәрі. Шығармайды сыртқа шашылып.
Айхай дала, қазақтың байтақ даласы.
Даласы ма екен? Өмірі, тірлік, панасы.
Құдірет десе, құрметтесе несі айып?
Даласы оның аяулы ардақты анасы.
Содан да бұл ел көп салмаған қаланды.
Тұрғызбаған қорғанып жаудан қамалды.
Сәулемен ойнап, сәйгүлік мінген қазақтар.
Қамқоршы да, қорғаушы дер даланды.
Қараңғаны да, қарманғаны да даласы.
Ұзақ жол жүрсе – кеңесші, абыз, даласы.
Домбыра болып безілдеп бірде күмбірлеп.
Даласы жазған көңілдің кірбің жарасын.
Даласы қобыз ойнайды жанды қоздырып.
Толқытып жүрек, томсартып, әнді тоздырып.
Ызыңдап кейде дәл осы боран секілді
Бірде үрейді, бірде үмітті оздырып.
Даласы – арман қыландап кеткен жосылып.
Құланымен, киігіменен қосылып.
Жел мая мінген Асанқайғысы – қазағы.
«Жерұйық» іздеп көрмеген бір сәт тосылып.

Аңыратып ақын, айқайлап салған ән-жырдан.
Айырылып аспан, даласын естен тандырған,
Тентектігін де еркелігін де ұлының
Кешірген ана, ұсынып үзім тандыр нан.
Тандыр нан, айхай, таба нан күндей дөңгелек.
Қонақжай елдің дастарханында дөңгелеп.
Шашылып жатқан бауырсақтар мен тоқаштар.
Даланың сыйы қарық та болып көрген ек.
Ал осы дала армандай болған қиялдай.
Кеңістік шексіз Магиллан асқан қияндай.
Сезіндік алғаш жүрерде тыңға Мәскеуден.
Туған жерді, кіші Отанды қия алмай.
Оранған аппақ ұлпаға ауыл – аққала.
Қораның үстін сырғанақ еткен топ бала.
Қиырсыз дала төсінде аунап, асыр сап,
Еркелер бұлар еркіндік құшқан мақтана.
Күн менен қырға еркелеп өскен, тайраңдап.
Аққайың пейіл, қазақы көңіл жайраңдап,
Құшақтасып кетті, жұптасып кетті әп сәтте -ақ,
Қияннан жеткен тыңгерлерменен сайраңдап,
Кісіге жақын, бауырмал қандай бұл қазақ,
Сәлем! – деп барсаң ашылып кетер бір ғажап,
Тосады барын алдыңа сенің туыстай,
Кездескенің де осы болса да туғалы.
Бауырмал қазақ адамға аса сенгіш-ақ.
Жатырқай да білмейді әсте елге ұқсап.
Мақсатымыз бір арнадан шыққандай.
Тілек те бір – айқарылды кең құшақ.
Күйзелген ел, қажыған ел соғыстан,
Бар мүдделер қасиетті нан деп тоғысқан.
Қазақ тыңы «байлық», достық мекені.
Болғаны шын, аталғаны да Бағыстан.

Достығы жоқ, наны да жоқ тың жердің.
Деп біреулер бұл күнде оны тұл көрді.
Қателеспе, дер едім мен оларға,
Намысына тие көрме тыңгердің!
Соғыстан кейін нанға тойды ел тың жерден.
Еңбегімен, ерлігімен тыңгердің,
Тыңгер – тұлға, әсте нарқын жоймайтын,
Қырандайын биігінде тұр елдің.

АЙҚАС

(Аяулы шешем Бәтіштің басынан
өткен оқиға ізімен)

Төңірек түгел ақ түтек, төңірек түгел айқай-шу.
Айнала оппа, ақ күртік, боран мен дүлей шайқасу.
Ышқынып дауыл неше күн, ысқырып тұрды ақ орман,
Айнала түнек қараңғы, сәуле жоқ титтей ағарған.

Таусылып отын үйдегі, далаға ешкім шыға алмай,
Пішенге жету мұң болды, қиналып жұрт түк ұға алмай.
Бұл не деген сұрапыл, тесілген бе қара аспан,
Мұндай қысты кім көрген, кедейге ме ол жарасқан?

Тыста ұлыса ақ боран, ауылды бөрі жүр торып,
Қыңсылап бауыр жаза алмай, көрмеген көп күн бір тойып,
Дауылды күндер нәр татпай, көк арлан әбден ашыққан,
Қораның үлкен қақпасы, ашылуын күтіп асыққан.

Неше күн соққан бұл дауыл, осы үйдің де алған бар құтын,
Сақталған отын жағылып, кеспекте су жоқ бір жұтым.
Үйілген ағаш сыртта қап, жету де оған мұң боп тұр.
Иесі үйдің жылқыда, ал боран тыста жырлап жүр.

Ол кездегі ауырлық, Асылдың түсіп мойынына,
Білдірмей жардың жоқтығын, ұлын ап қанат –қойынына.
Ай жүзді балта қолына ап, далаға шықты қорадан.
Жынданған боран толастап, келгендей еді манадан.

Соғып тұр әлі азынап, байқатып мінез күйінген.
Шарбақты бойлай Асыл да, ағашты тапты-ау үйілген.
Жұлқылап шәлі, шаштан ап, долы жел қойын кеулейді,
Жағадан сүйреп тастамақ, қолынан бірақ келмейді.

Япыр-ау, бұл не ыр еткен, екпіні қалай күшті еді?
Шалқалап шарбақ сүйенді, шайқалып құлап түспеді.
Қараңдап өтті қасынан, біле алмай қалды не екенін,
Адам ба, әлде хайуан ба, таба алмай жүрген мекенін?

Қараңдап келіп Асылға, әлгі бәле атылды,
Сақ ете қалып сол иық, шошытты шын-ақ «батырды».
Қалтырап кетті тұла бой, дір ете қалып жүрегі,
Үрейден басқа ойда жоқ, суырып барад білегі.

Қисайған бойы шарбаққа, балталы қолын сермеді,
Асылып тұрған иыққа, қасқыр деп тіпті сенбеді.
Жібермек еді айқайлап, дыбыссыз қалған секілді,
Бөріні көріп қалтырап, бой жиып сәтте-ақ бекінді.

Ыршыды көкке секіріп, оралып түсті, бұралып,
Опыр да топыр, күртікте қимылсыз жатты ол шұбалып.
Саябыр тартып ақ боран, басыла түсті дауыл да,
Тұмшалап, оппа қар көмген, білдірді тірлік ауыл да.

Айтылып жатыр аңыздар жүректі әйел туралы,
Жүректі әйел туралы ормандар-дағы шулады.
Қаңсырап жатты көк бөрі, таң қалып тұрды қайыңдар,
Әйелді қалай кемітіп, әйелді қалай қорларсың?!

БАЯН КӨЛ, БАЯН АУЫЛ, БАЯН СҰЛУ

(Тамаша күйші, домбырашы досым Серікбай Құсайыновқа)

Сыр тыңдаймын желден де,
Кәусерлі айдын көлден де,
Қыз емшекті белден де,
Сүмбіле төккен селден де,
Шөптен де, гүлден, жерден де
Кәрі құлақ елден де.

Айтады бәрі жасырмай,
Шындықты, шектен асырмай.
Шындықты жақұт тасындай.
Көздің ыстық жасындай.

Өксіген елдің мұң-зарын,
Өксумен өткен қыздарын,
Өктемдіктің ызбарын,
Заманының ызғарын,
Ерімнің кешкен мұз-қарын.
Табанынан өткен сыздарын
Жалықпай айтып тұр маған,
Орман да әсем жырлаған,
Елік те оқтай зырлаған,
Бозторғай көкте шырлаған.
Тыңдадым ұйып, тыңдадым.
Ұнап тұр осы сыр маған.

* * *

Есілдің өрінде ойнақтап,
Өсіпті сұлу бой баптап.

- Адамдық мейір-тілектен
Жаралған, - десіп, ел мақтап.

Қарлығаш қанат – қастары,
Торғындай қара шаштары.
Ақ жүзі - аппақ сәуледей,
Сұқтанып көрген жас кәрі.

Тісі – меруерт тізілген,
Тал шыбық – белі үзілген.
Баян қыз көркі ауылдың,
Сұлуға көздер сүзілген.

Әсем ғой бұл жер ежелден,
Қырмызы гүлмен безенген.
Жап-жасыл орман шілдеде
Сұлулыққа бір кезі енген.

Көл тұнып жатыр, көл тұнып,
Інжуге құшақ толтырып,
Ырғайлы қамыс-шерулі.
Келе жатқандай қол тұрып

Базары құстың, думаны,
Айна көлдің шу маңы.
Қызық-ау аққау ойыны,
Шүрегей үйрек сумаңы.

Жасыл торқа жамылған,
Далада сағым сабылған.
Астында күннің сыңғырлап.
Бозторғай – қоңырау тағынған.

Астына мініп боз атын,
Қыз Баян қырға шығатын.
Қызықтап керім даланы,
Жарысып желден озатын.

Ата-ана келмей бетіне,
Жіберген бастан еркіне.
Сөйлеседі ол тең тұрып,
Қарамай жанның бөркіне.

Ақылды Баян, нұр Баян,
Сандуғаш Баян, жыр Баян.
Бұлбұлы елдің сайраған,
Сыр сандық еді - сыр Баян.

Жаралған жауын суынан,
Күміс көлдің буынан.
Ол жаралған, - дейді ел
Құдіретті әннің дуынан.

Ақ мәрмәрден құйылған,
Күн нұрымен жуылған.
Әңгіме Баян болады,
Тойларда жұрт жиылған.

Сұлудың ауылында аттар да.
Шабатын тойлы шақтарда.
Баянжан, шырқа, тыңдайық.
Әніңді, - дейтін қарттар да.

Шырқайтын Баян жай күліп,
Ән сазын сонау Айға іліп,

Көңілді, бірде мұңды әндер
Аралас еді қайғы, үміт.

Бұлбұлша ол сайрап далада,
- Тыңдайды қарт та, бала да
«Елімнің бағы бола көр!» -
Деген ой бар әр санада.

«Күні боп кімнің жанасың?
Жыры боп кімнің қаласың?
Көреміз бе екен өзіңді,
Жар еткен қазақ баласың?!»

Армандап жүрді жастар да,
Сұлуды ауыздан тастар ма?
Бетіне қарап тіл қатса ол,
Мәз болып қызба бастар да.

* * *

Кеше осы үйден ән шалқып,
Тыңдап еді ел балқып.
Бүгін – жылау, жабырқау,
Боздағандар көз сарқып.

Атақты бай Шойынбай,
Түрі де сұсты шойындай.
Даңқына қанық Баянды
Жар ету бар-ды ойында.

Жер таянып келгенде,
Бақыт! – деп қызық көргенде!

Обал менен ұятты,
Қуанды, сезбей шерменде.

Ата-анасын байлатып,
Күл-көмішке аунатып.
Тұтқындады ол сұлуды
Бойда қанын қайнатып.

Сұлуды атқа өңгеріп,
Сонысын сұмдар жөн көріп,
Қара күш, зорлық болмаса,
Барар ма шалға ол көніп.

Кім сұрар одан көнбесе,
Заманы соған көн! – десе.
Үстемдік шоғы көрік боп,
Көп күштілер демдесе.

Шойынбайдікі -жер мен көк,
Қара құс та ұшқан желбеңдеп.
Балаң гүл – сұлу сонікі,
Қайың да тұрған ербеңдеп.

Астында аты мойылдай,
Сақ-сақ күліп Шойынбай.
Мастанады, масайрап,
Құмарлыққа тойынбай.

Күздің түні ызбарлы,
Жел шулайды, ызғарлы.
Күңіренгендей көр дала.
Сыртына шашып ызғарды.

Орман шулап, азынап,
Күз қойған ба жазын ап?
Көкірегінде сайраған.
Алуан сырлы сазын ап?

Сазын ап кетті Баяндай,
Бір дөкірлік ой алдай!
Өнерді сүйген көп жұрттың,
Омырауы жасқа боялды-ай.

Далада дауыл шулайды,
Көлде толқын тулайды:
«Енді қайтып Баяндай,
Бұл жерде сұлу тумайды!».

Туар-ау, туар даналар,
Тұрғысынан даралар.
Өктемдіктің өртінен
Олар кімді паналар.

Пана болар ер қайда?
Қорған болар жер қайда?
Алтын ұя-ақ орда,
Түтіні түзу ел қайда?

* * *

Бұлттан шығып Ай да тұр
Лапаста көк ат ойнап құр.
Дөңбекшіп, аунап, тыншымай.
Ақ төсекте бай жатыр.

Аждаһа жатыр төсекте
Құлаған дөңбек, кесек пе?!
Кебеже, қарын бұл хайуан.
Адам боп, жүр-ау есепте?

Ару әбден ызалы,
Тулайды қаны, қызады.
- Ұйыған сүттей тірлікті
Сұм тағдыр қалай бұзады?

Тағдырын ол қарғайды,
Заманын да қарғайды.
Қарғағаннан не өнер? –
Қапа болып сарғайды.

Күмістей сақал, шашына,
Қарамай 70 жасына,
Қыз құшам дейді-ау, мен сонда,
Қалай барам қасына?!

Кез қылған шалды бағына,
Боздады ару тағы да.
Жылағанмен кім барар
Істің адал, ағына.

- Көңілім де жасарып,
Қуанам десем жас алып.
Ши ішінен шықпайсың
Неғып тұрсың, қасарып?! –
Деп Шойынбай тепсінді,
Тепсінді қызға кексінді –

Өңменіне Баянның
Қадалғандай көк сүңгі.

Өлсемде бермен еркімді,
Жұтпаған дейсің көр кімді.
Жүрмеймін деп қорлықта
Бір ойға ару бекінді.

Төсекке келді ол, қашпады,
Ашумен сырын ашпады.
Жеңіне тыққан пышақпен
Шалды жарып тастады.

Қорқырап шал бір аунап,
Өңменіне қан саулап.
Тынды, өшті шырағы!
Тұрмайды енді жан даулап.

Орындалса да тілегі,
Қалтырап кетті жүрегі.
Баян тұр қаққан қазықтай.
Ақ шүберектей іреңі.

Пышағын қолдан босатып,
Көзінен мөлт-мөлт жас атып.
Оятқандай ұйқыдан.
Әлде кім оған тас атып.
Бойы мұздап, терледі,
Өзін-өзі жерледі.

Аққан қаннан басқаны
Баян қыз еш зат көрмеді.

Ыңғайланды ол қашуға,
Шама жоқ есік ашуға.
Байланған есік тастүйін
Айналды ол шын-ақ сасуға.

Әйтеуір, ашты-ау есікті,
Бой жиып, жібін шешіпті,
Жаяу қайда барамын?...
Ат барын Баян кеш ұқты.

Құлап-сүрініп, асығып,
Атқа да жетті ол, асылып.
Жандәрмен мініп жөнелді
Қою түн алды жасырып.

* * *

Ел қайда, тәңірім, ел қайда?
Шалқыған шалқар көл қайда?
Шалқалап басқан бел қайда?
Сарғайып, жүдеп келгенде
Қарсы алып тұрар ер қайда?

Ата-ана қайда, бармысың?
Бауыр мен құрбы армысың?
Зарлатқан мен жылатқан,
Дұшпанға болсын қарғысың!

Байларды қарға туғандар,
Жас пен жүзін жуғандар.
Көргенше тепкі малдыдан
Анадан қыз боп тумаңдар!

Аспан құлап үстіне,
Апат келсін күштіге!
Боздасын мендей, боздасын
Сия алмай жердің үстіне!

Шойынбайды өлтіріп,
Ордабасын қанға толтырып.
Келгенде мені дұшпаннан
Қорғайды қандай қол тұрып?

Жылатпайын елімді,
Таптатпайын жерімді.
Жау іздесе, тапсын-ақ
Тұңғиықтан көрімді.

Кегін ап жаудан Баян қыз,
Жүйрікпен шапты алаңсыз.
«Өскен ел, әне, өскен көл,
Өтіпті ғұмыр баянсыз!»

Баян қыз көлге заулады,
Атқан оқтан аумады.
«Қош бол елім!» - деген үн.
Толқынмен бірге аунады.

Тып-тыныш толқын тулады,
Тулады, сыңсып шулады.
Баян көлдің үстіне,
Бір жұлдыз көктен зулады.

* * *

Баян көлдің басында,
Жиналған көрі жасың да,
Салтанат мұндай болған жоқ,
Керемет деген асыңда.

Көңілдер кілті ашылған,
Күлкілер күміс шашылған.
Әзіл мен қалжың түлейді,
Кешегі жұрттан басылған.

Жазғы гүлдей түрленіп,
Қыз-бозбала түрге еніп.
Жүрегінде елдің қуаныш,
Арманды өмір бір келіп.

Біріксін енді іргеміз,
Қоғамға түгел кіреміз.
Бостандықтың нұрымен.
Түнекті түнді түреміз.

Деп адамдар дуылдап,
Даланы кере шуылдап.
Өскен сезім, ұшқан бақ,
Көңіл де қалай суынбақ?!

Ауылдың атын Баян деп,
Қояйық деді тамам көп.
Жаңа тұрмыс қырдағы,
Осылай жатты аян боп.

Сәби келді өмірге,
Шексіз шаттық көңілге.

Көңілді әке Сансызбай.
Той айтты бар өңірге.

Ауыл үйдің іші де,
Келіпті үлкен кіші де.
Тост алынды бөбектің.
Тез өсуі үшін де.

Қыз-бөбектің құлдырап,
Құнтаңдауы үшін де.
Моншақтары сылдырап.
Кеселер жатты сыңғырап.

Шешесі отыр гүлім деп,
Бөбегіне күнім деп.
Сәбиге ат қояйық –
Деді Секең күлімдеп.

Ісі менен сөзі сай,
Сексенбай да сөзге бай.
Баян қыздың тарихын.
Төгілтті, қалып өзге жай:

- Түнек түнде қарманып,
Талпынған ол таңға анық.
Біздер қазір отырмыз,
Өрлігіне таң қалып.

Басын тұман торлаған,
Махаббатын қорғаған.
Баяндай болсын бұл бөбек
Осы есім, әсте зор маған.

Бөбек Баян іңгәләп,
Жатыр ма екен жыр қалап?
Ақ мамасына ұмтылды ол
Анасына бір қарап.

Күн нұрымен шағылып,
Үйлер желек жамылып.
Қоңырау үнді балалар,
Мектеп жаққа ағылып.

Күй қалықтап жөнелді,
Аспаннан қарап төменді.
Төменде ауыл, мектеп тұр,
Қайнатып өсер өнерді.

Серікбай қолға домбыра ап,
Астыңғы шегін мол бұрап.
Қол соқты шекке – асау күй.
Жөнелді желмен жол құрап.

Мектеп толы халыққа,
Қызықтан ел қалып па?
Өнерпазға қол соғып:
Тағы тарт! – деді жалықпа!

Әншіге кезек берілді,
Ән жібектей өрілді.
Балғын Баян бұлбұл боп.
Сайрап, елге көрінді.

Түлетті жанды, түлетті,
Қытықтап әуен жүректі.
Баян қыздың сіңлісі,
Елден алды ақ тілекті.

Әнші бол, Баян әнші бол,
Елде өнерге жаршы бол.
Апаң Баян аңсаған,
Бақ жұлдызын алшы сол.

Апаң Баян аңсаған,
Әннен мүсін салшы оған.
Қайран болсын бар адам.
Көкте жұлдыз самсаған.

Дала – отаны қазақтың!
Дала – наны қазақтың!
Дала – бағы қазақтың!
Дала – қаны қазақтың!

Бір жаңалық келер деп,
Дала жатқан елеңдеп.
Құрманғали шықты әне,
Трактормен көлеңдеп.

Ән төгіліп жер-көктен,
Түледі қыр еңбекпен,
Толқиды егін теңіздей –
Күткен байлық ел көптен.

Шырқаса Баян еркіндеп,
Көк күмбезі желпілдеп.

Кировецте барады ол.
Тұлым шашы желкілдеп.
Баян төккен тер қырға
Арқау болып жүр жырға.
Алтын таулар тілдесіп.
Күнмен қанып тұр сырға.

Нағыз ерлер – диқандар,
Диқандар да ду қан бар.
Дала даңқын самғатқан.
Диқандар да сұңқарлар.

Баян – диқан белгілі,
Ауыл ері, ел гүлі.
Баяндармен шығады.
Күлімдеген ел күні.

Осы кітаптың шығуына демеушілік
еткен Петропавл қалалық әкімшілікке
(әкімі В. П. Никандров),
қалалық мәслихат депутаттарына
алғысымды білдіремін.

Автор.

МАЗМҰНЫ

Егемендік құтты болсын, қазағым....5
Қуаныш....5
Тәуелсіздік алғанда....6
Өзіңмен аса береді елдің бағы....7
Астана....8
Ұлы кітап....9
Ел қуанышы....10
Ту ұстаушы....12
Қазақия....13
Аттиланың ұрпағына аманаты....14
Арғұндар-арғындар....15
Ей, туған жер....16
Отаным....17
Қасиетіңнен айналам....19
Биіктіктер отаны....19
Әлемде орны бар, бірі алыптың....23
Мен туған жер....24
Жолдыөзектің ақ таңы....25
Сарыарқам менің....26
Нөгербек - атамекенім....27
Қыс келгенде ауылға....28
Төрекелді....29
Балықтым, менің балықтым....29
Қараағаш....31
Үйіме....32
Ақ қайыңдар аралы....33
Қасиетті қыстауым....35
Ауылымның айбыны....36
Есіл бойында....38
Әупілдек....39
Қырық жылғы қалпында....40
Асау....41
"Өрнек" ауылындағы жартасты көргенде....42
Алтын ұям - Қараағаш....43
Ауылды сағынғанда...44
Өскен жер....45
Ауылды еске түсірдің....45
Дәулет әнін келеді тыңдағым да....46

Үшінші мыңжылдық.....47
Даланды жаудан қорға деп... 48
Қазақ деп жаздым атымды.....48
Даласын жаудан қорғаған батыр.....49
Жолдыөзек.....50
Аллам менің 52
Тілек.....53
Жалғыз сенсің.....54
Жалбарыну.....56
Мұхаммед пайғамбар.....57
Аузым жабылып көрген жоқ.....60
Мұңымды шағамын.....61
Қариялар.....63
Домбыра.....63
Биші ат 64
Құдалықта 65
Жілік ұру.....66
Бәйге.....68
Асауды ұстау 68
Көкпар 70
Күрес.....70
Ертегі 71
Дода 72
Күй 73
Ауылымның шалдары.....75
Қазақты қойша қырып... 77
Қасқыр тиген жылқыдай... 77
Сұсыңнан қорқушы ем... 78
Аштық 79
Қайдасың, Сібір? 81
Өртте жанған үміт 83
Салық 84
Соғыс десе, дір етеді жүрегім!.....86
"Қара қағаз!" 87
Сарғыш хат 89
Сағыныш.....91
Соғыстың қасіретін тарттық біз де.....92
Қос қарлығаш.....93
Бір үзім нан туралы баллада.....93

Қол диірмен....95
Боранда....96
Үзілмеген үміт....96
Іздеу....100
Біз көрмейік соғысты....102
Қара жол....103
Келші, аға!....104
Кә,.. кә..!....105
Жүрегімде - сағыныш....107
Сүйеніш болды інісі....108
Қара кемпір....109
Көктемде сауық кеші....111
Зікір....113
Выборг жоталары....115
Солдат қабірі....116
Он жетіде едің....117
Қаралы хабарды шешеме естірту....119
Есім қалмай, шыр еткем....122
Он бесім....123
Өгіз бағым жүруші ем....125
Жетімек....125
Интернаттың қара наны-ай!....126
Нан не деген дәм еді?!....127
Түсімде көрген өгіз....128
Мүгедекпіз бәріміз....131
Балғын шақты аңсадым....132
Интернаттың асханасында....133
Оқудан қайтқанда....134
Достарым менің....135
Сағынып келдім....136
А..П..А..!....138
Нан кезегінде....139
Пушкиногорье ормандары....141
Жеңіс күнді еске алсам....142
Мен даланың ұлымын....144
Ұқсастық....145
Мен ақынмын....146
Маңдайда бақ жұлдызым жанып туғам....146
Түсімде мен келемін шың басында....148
Не болса да болайын өздеріңмен....148

Жарқырап тұрсын аспаның..... 149
Ұмтыламын.....150
Кездесіп жүрмін бәріңмен 151
Сапарда 151
Сенімім 153
Дәнді алқапта 154
Күз тойы 155
Аңшылар 155
Қараағаштағы мектебім 157
Жалаңаяқ таң тұрды 157
Бұлт төмендепті... 158
Тың игеруші 158
Ұзап қайда барамын... 160
Ауылдастарыма 164
«Ешкейдегі» шиелер.....165
Қара қайың 166
Қара құрлар 166
Тың 167
Ауылым құрып кете ме?! 169
Аптап 169
Найзағайлар 170
Табиғат құбылысына орай 171
Жаз да өтіп барады 171
Есілім менің 172
Жаңа жауған қар 173
Қар кеткенде 174
Наурыз 175
Ұмытып кеттім өзімді 176
Көктем үні 177
Кеудемнен жаным тулап атып шығар 178
Тағы да көктем келді 179
Ауыл таңы 179
Орман әні 180
Ауылым мені қарсы алды 180
Қызылжарым қымбатым.....182
Қызылжарым 183
Қызылжардың медресесі, мешіті..... 184
Қасиетті мекенім 186
Қызылжарға жаңа жыл келді 187

Қызылжарым жаңа ғасыр көшінде..... 187
Қызылжардың қысы 189
Қызылжардың Телесіне 190
Қызылжардың базары 190
Жеріме Жармақ келген 192
Ақынның ойы 194
Үміт үзбен 194
Қойылып орман түнегі 195
Құйын 195
Зарлап кеткен бақытым 197
Мына дүние жалған ба?! 198
Ақыр заман осы ма? 198
Жүрек – теңіз 199
Ақынның арман толы жүрегімен 200
Боран 200
Тірлігіміз мәңгілік 201
Тіршілік – маздақ 206
Енді маған жарасар ..... .208
Отырамын бақсыдай жынын алған.....209
Бейіт 209
Топырақпын 210
Қырда қаулап келе жатқан көктемдей 210
Қызғаныш ..... .211
Биікке ұш 211
Досқа 213
Түн 213
Нарық 214
Қорқа-қорқа болдық қой 214
Айтамын деп турасын 214
Ей, бейшара 215
Мұсылмансың 215
Көңілім де суынған 216
Мына жұртқа не қылдым? 216
Жақсылықты аяман 216
Ол дүниеде 217
Ізі суып... 217
Аға, сіз негізі тентексіз-ау деген бір іниме 218
Соңғы қазақ мен болам ба? 219
Шығыс жырларынша 220
Жарқыратып тұрсыншы аспаныңды ..... .220

Өз ақылым өзіме жетпей жүріп... 221
Уақытпенен жарысам 221
Сақтасын тек бүлдіргіштен 222
Кешегі сорлы... 223
Әй, мол-ау, біз көрер көрешек 223
Қазаққа риза шығар... 224
Кімді күтіп... 224
Көбі жалған, көбі алдамшы екен ғой 225
Не дерсің 225
Қуана алмай жүрмін-ау... 226
Қарт жүрегі 226
Базарға бара жатқан әйел 228
Болады екен адамның серпілетін шағы бір 229
Бақыт келеді 229
Әлем кең, аспан да кең 230
Торығып қайтем... 230
Өсек 231
Жолғұт 231
Қайғыны маған сыйлаңдар 231
Жетпіс келіп қалдың ба?! 232
Қарттық 233
Мен келерде өмірге 234
Дұшпанымнан достарым көп адаммын 235
Қиял 235
Өкінбеңдер 235
Сайрандап... 236
Тау өзені 236
Қуыршақ 237
Адал сүт емгенді бер 238
Жұмбақ тас 239
Ерсі мінез 239
Кемсінушілік құрысын 240
Отарлаушының сөзі 241
Сібірлемей қалмасын дала таңы 241
Қасқа бұлақ 242
Не күтіп тұр мені алда 242
Қонайын деп жүр ме бақсылық?! 243
Мен бала ғой 244
Жақсылық 244
«Ленин туына» 244

Жырым бәйге – баладай 246
Ертеңгі күн қайдасың 246
Көріп өстім 247
Қысқы орман 248
Жұлдыздар 249
Құлшыныс 250
Жақұт 251
Бабалардың айтуынша нағыз дос 252
Тү...у... апа-ау!.. 252
Сібірім – туған мекенім 253
Әке 253
Әке өсиеті 254
Көңіл 255
Ән айтсақ... 256
Арман 256
Дүние тынысын тыңдаймын 257
Ала бергің келеді... 257
Дүние жалған осы ма? 258
Ей, сұңқар уақыт! 258
Қайда бақыт іздеген? 258
Жас қайың едім 259
Бұлт....260
Саясы-ай елдің! 261
Көңіл құсы 262
Жолаушымын... 263
Қиялшыл-ақ 264
Бұлақ 265
Мен кіммін? 266
Өлгендерді ғайбаттауды үйрендік 266
Уақыт-ай 267
Шырағданым өшпейді деп... 267
Партбилетім 268
Зоопарктегі маймыл мен ақын 269
Ашиды жаным 269
Шабыт 270
Алдым жаз 270
Бура тау 271
Ақ көңілім секілді... 272
Өрлігіңді бер, маған! 272
Келер күн 273

Жүрегім ауырғанда 273
Төбемде ойнап тұр жасын 274
Толғаныс 275
Ажалыңнан сақта 275
Ағалардың сенімі 277
Қорқыныш 277
Ақырғы сәтте 278
Қажырын шыңдап 278
Жастық-ай! 278
Достан хат 279
Әй, сор маңдай 280
Не тұр алда? 280
Соқшы боран 281
Автомобиль апатынан кейінгі ой 282
Өтеді күндер 282
Не керек маған? 283
Лепірші көңіл 283
Комарово 284
Жігіт болсаң 286
Ой бөлісем өздеріңмен... 287
Жотасын тосқан дала болып... 288
Қазақтың монологы 290
Ей, балам-ай 291
Телевизорды қарап отырып... 292
Көкейде жүрген күйім бар 293
Ақ құрымды қиялдап... 294
Түсімде 294
Шалқыған ән 295
Өзім туралы 296
Жарық дүние ризамын! 296
Мен қандаймын?! 297
Ойлар 299
Ей, министр 300
Көр 305
Бақыт 305
Ақын 305
Даукес 305
Ұятсыз 305
Ф. Т. С.-ке 306
Тіршілікте 306

Қайғы мен қуаныш 306
Тәтті тірлік 306
Көңіл күй 306
Өтірік 307
Күндеді ме... 307
Мен ақын боп тумас ем 308
Сел болып ағып келемін 309
Ордабасы 310
Еріңдер маған өжеттер 311
Биіктік 312
Тыныштық бер, тыныштық 312
Арқандап күнді... 313
Өлең боп тұрған тізіліп 313
Ақ сорпа болып... 314
Жүрекпін арман толы... 315
Өмір 316
Өз тілім 317
Арман-аққу 318
Шындық 318
Қайран болып келемін 319
Қырандар 320
Даңқын халқы көтерер... 322
Таң келеді 323
Абайға 325
Қасқа бұлақ басында 326
Шоқанның өзін таныстыруы 327
Шоқан Қашғарда 328
Шоқанның досына хаты 330
Тым шырқау оның мекені 332
Лев Толстойдың соңғы тілегі 334
Құран оқыған Пушкин 336
Шал ақынға 337
Бала Ақан 338
Ақан сері 340
Байқадам ауылында 341
Қара торғай 343
Бөгенбай батырдың тойында оқылған өлең 345
Сәбе 347
Аға туралы сыр 347
Көзсіз боп... 442

Бәйтерек 348
Мұхтар ескерткіші 349
Мағжан – жыр 351
Мағжан ақын 352
Атыңнан Мағжан деген ауыспады 352
Ақ қанатын күнге жайып... 354
Тайсалмай оққа бардың 355
О, пірім 356
Ұрпағыңның биіктейді шоқтығы 357
Мен Мағжанның көшесінде тұрамын 358
Өзіңдей қайта туса Мағжан ақын 358
Таланттыға тағдЫр өш 359
Кешірілмес зұлымдық 362
Қайран жеңгем 363
Есілге жанын жайып Қызылжардан 364
Құлеке батырдың соңғы сөзі 365
Ұлы тұлға 369
Алатаудың қыраны 370
Нар екен 371
Сағынышымыз табысқан 372
Елтінжалда 377
Өзің барда 379
Бауырым Қизатқа 379
Тұңғыш кітап 379
Ұстазым....381
Ұлылығыңа бас ұрып 382
Сағаттан келген хат 383
Ғафу ағаға 384
Сағынған-ау 385
Журналист 386
Қайсар Тәштитовтың монологы 386
Әкемнің құрдастары 387
Аға десем 388
Қызылжарлық бала деп 389
Жанының жайып тастап жапырағын 391
Кенші, ақын 393
Дес бермеген ғылымда 394
Рысбай қажы 395
Ардағым 398

Даланың шаңқанбозы 399
Диқан туралы жыр 401
Ұрпаққа үлгі 403
Алтынның сынығы... 405
Қасы биік болсын дейсің ерінің 406
Сен аман бол, қоңыр қозым 407
Жырға бөлеп алқапты 408
Жиенім Мәлікке 409
Қазақтың сарбаз жігіті 410
Мерейін елдің көтерген 411
Көңілі дария жан еді 411
Арман құшағындағы өмір 412
Ардақтым едің 415
Бауырым Еркінге 416
Мұғалима 418
Серікжанға 418
Қалқам Сейітжан 419
Шашубай ініме 419
Ағалар монологы 420
Бауырым Елтай Қайырбекұлына! 421
Қараағаштың қарлығашы....422
Ел үшін туған азамат 424
Алпысың құтты болсын, ақын інім 427
Нұрлансын шаңырағың 428
Рухын бердің елдіктің 429
Тұла бойым – тұңғышым 430
Зерешіме 432
Ақ жеңгем 432
Жайнай берсін жұлдызың 433
Шолпаныма 434
Кішкентай ұлыма 435
Сен солдаттың ұлы едің 435
Талантты ақын інім Ерікке 437
Назымбек ағаға 438
Махаббат бер бұл өмірде болмаған 439
Сұп-сұлу ғып сақтаймын 440
Құс боп ұшып келдің бе? 440
Қызғанам 441
Тәңірімбісің? 441

Сен күлші жаным! 443
Сүй, жаным! 443
Туған күніңмен 444
Тілек 444
Тұтқындайды сені әйел 445
Ақтоқаш қыз 445
Арулар кейде қарайды-ау 446
Еркежаным 446
Бозбала шақ 447
Сұлулық 448
Кірпігіңді саялаймын 448
Еріндерің дірілдеп... 450
Отына махаббаттың жанып кетем... 450
Өртеніп жаным барамын 451
Ғашықпын 451
Махаббат – гүл 451
Ерніңнен сүйейінші үлпілдеген 452
Мені ізде, жаным..... 452
Кездесу 453
Краншы қыз 453
Жанарыңды қадай бер 454
Кімсің сен? 455
Рейнмен кездесу 457
Рейн мені қарсы алды 458
Рейн өзені үстіндегі емен көпір 459
Кайзер Вильгельм бірінші 461
Петергоф 463
Петропавл қорғаны 464
Нева 465
Жазғы бақша 466
Қырым 467
Айналайын жарық күн 468
Балбал 468
Ялта түні 470
Қарлығаштың ұясы 471
Чуфут қала 472
Терең соқпақ 472
Сапун тауы 473

Кипаристер аллеясы 475
Бақшасарай 475
Құлпытас 476
Валерий Брюсовтан болашақ гундер 477
Тамыр 478
Жұмақсың далам, еркінсің 479
Отаным – Қазақстан 480
Үміт (Надежда) .... .482
Ең бір ауыр жыл еді 483
Абылайдың ақ үйі 485
Шал ақын 497
Уа, туған жер 499
Шалдың түс көруі 502
Тұғырын тастан емес, таудан салған 505
Ақ боз ат күйі....508
Ақтар өткен ауыл 518
Жыр-керуен 529
Қазақтың бруносы 536
Қария ажалы 541
Ұлан 544
Жаралы жауынгер 550
Фарабидің домбырасы 558
Рудакидің Эмирді Герадтан алып шығуы 561
Тоғысқан тағдырлар немесе қазақ пен казак 564
Аптап пен аштық кезген дала суреті 571
Тыңда туған ұл 584
Қыран хикаясы 588
Көр азабы 591
Азат батыр 594
Жалғыз тау баурайында 596
Зауал 602
Түс .... .604
Оқжетпес 607
Бөрібай 610
Бір шөкім топырақ 611
Аркадий патша 612
Тыңгердің толғауы .... .612
Айқас 617
Баян көл, Баян ауыл, Баян сұлу 619

М. Қанғожин.
Мен Мағжанның көшесінде тұрамын

Корректор: Дәмет Мырзағалиқызы.
Дизайнер: Сәуле Есләмқызы.

2007 жылы баспаға тапсырылған.
Офсеттік басылым. Көлемі 41,5 баспа табақ.
60x84.1/16. Әріп түрі Arial Cyr.
Таралымы 1000. Тапсырыс № 6647
"Полиграфия" АҚ басылды.
Петропавл қаласы,
Қазақстан Конституциясы көшесі, 11